



ЕРБОЛ ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

—•••—
ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бірінші том



Алматы
2013

ШЫҚТАСЫЛҒА ҚАЙТІП ҚАНА ҚИЯРСЫҢ

Біздің халық: «Атынның сырын білгің келсе, қырық күн жемін салып, суын беріп, өзің қолға ұста, жақыныңның сырын білгің келсе, қасына қырық күн серік қылып, жолға шық» – дейді. «Бір күн жолдас болғанға қырық күн сәлем» дейтіні тағы бар. Сол айтқандай, Ербол екеуіміздің де танысқанымызға бір-бірімізге әбден сыр мінез болатындай уақыт өтіпті.

Күні кешегідей еді-ау! Әлдекім есік қақты. «Бола ма екен?» деп, орта бойлы қағылез ақ құба жігіт кіріп келді. «Мына бір хатты сізге көрсетіп ал деп, Өзбекәлі Жәнібекұлы жіберіп еді», – деп, үстел басынан орындық алып, жайғаса берді. Мен қағазына үңілдім. Асықпай оқып шықтым. Қайта оқыдым. Қанағаттандыратын сияқты. Дегенмен, хатты дайындаған адамның өз ауызынан сөз ләмін естиін деп: «Өзіңіз қалай қарайсыз?» – дедім.

Жігіт жүзіме жалт етіп бір қарап, біраз кідіріп қалды. Міз бақпағанымды байқап, көмейіне іркілген сөзіне кірісті. Бірте-бірте батылданып, көкірегіндегі өз ойын ашық айта бастады. Үнсіз тыңдап отырмын. Сөзі жүйелі. Сөйлемдері ширақ. Мәселені егжей-тегжейіне жетіп, әбден зерделегені көрініп-ақ тұр. Қаймыжықтамайды. Күмән туғызады-ау деген жерлеріне әдейі тоқтап, асықпай бажайлайды. Не айтса да, әуелде төмен сұлаған кірпіктерін дереу көтеріп алып, көзіне тесіле қарап отырады екен. «Жарайды», – деп, әкелген қағазына қол қойып бердім. «Рахмет!» – деп қоштасып шығып кетті.

Бірде үйге Фариза Оңғарсынова келді. Әдебиет жайында сөйлесіп отырдық. Мендей емес, жазатын-сызатын жігіттермен, қыздармен майлы қасықтай араласып жүретін ол жастар жағын жақсырақ біледі. Сөз арасында қайсысының қарқыны қалай екендіктерін сөз қылды. «Ербол Шаймерденов деген жақсы жігітімізді үлкен аппаратқа шақырып, сонда қызметке кетті», – деді мақтанышпен. «Ол жігітіңді білемін! Қай шаруаңа да мық шегедей қадала кететін орнықты азамат екені көрініп тұр!», – дедім.

Содан былай Ерболды қайда көрсем де, ойыма Фаризаға сонда айтқан осы сөздер оралып, күле амандасатын едім. Расында да солай болды. Университетте де үздік оқуымен көзге түсіпті. Баспасөзде де Фаризадай азулы да айбарлы редактордың қатаң талабынан қаймықпай өте білген азаматтың тегін болмасы белгілі еді. Әйтпесе, үлкен Орталық комитеттің шамалыға көзі түсе қоймайтын, бірақ қытымыр тарих оған да айтқанын істете бастаған-ды.

Жоғарғы Кеңестің кезекті сайлауы өтетін болды. Бір орынға әлденеше кандидат таласып, сайлаушылардың тең жарымынан астамының қалауына іліккені ғана депутаттықтан дәмете алатын еді. Мен де тұңғыш рет сол сайлауда өз бағымды сынап көрдім. Үш айдан көбірек уақыт Баянауыл, Екібастұз аудандарын аралап, ақ қар, көк мұзда ауылдан ауыл тастамай жүріп, халықтан дауыс жинадым. Жолым болды.

Бір күні жаңа сайланған Жоғарғы Кеңестің төралқасының жиналысына келе жатсам, қызға баратын жігіттей сықия киінген Ербол тұр. Анадайдан омырауын ашып, қуана құшақтастық. Амандық-саулық сұрастық. Жоғарғы Кеңестің баспасөз хатшысы болып тағайындалыпты. Қолын қысып, арқасынан қақтым.

Айтсам айтқандай екен. Жаңа қызметін Ербол үйіріп әкетті. Маған ұлт саясаты, мәдениет, тілдерді дамыту Комитетінің төрағалығы тиді. Біздер қарайтын мәселелердің барлығы халықтың айрықша бақылауында. Үйде, түзде, көшеде – ұдайы көптің назарындасың. Жоғарғы Кеңестің баспасөз қызметімен де біте қайнасып кеткенбіз. Ерболмен ағалы-інілі жандардай емін-еркін араласып алғанымыз да сол жылдар еді.

Ол қоғамдық жұмысты жан-тәнімен беріліп істейтін. Баспасөз қызметінің бітпейтін де қоймайтын өз міндеттері аз болғандай, мемлекеттік рәміздер комиссиясына байланысты шаруаларды да қоса атқарды. Жабық бәйге жарияланып, түскен материалдарды кабинетіне жинақтап отырды. Бара қалсаң, неше қилы елтаңбалар мен мемлекеттік тулардан көз тұнады. Сұрай қалсаң, қайсысының қай елдікі екені, кім деген суретші жасаған жоба екенін түп-тұқиянына дейін тәптіштеп айта жөнеледі. Нағыз геральдика мен символиканы жатқызып өргізетін білгір маман болып алды.

Біздің Қазақстанның суретшілері де барын салып бақты. Елтаңбаның да, мемлекеттік тулардың да әлденеше эскиздері жа-

салды. Іріктеу комиссиясы да қатты жұмыс істеді. Қайта-қайта сұрыпталды. Тіпті бәйге мерзімі ұзартылып, жаңа ұсыныстар жиналды. Бұл жұмысқа тек комиссия ғана емес, бүкіл қоғам белсене араласты. Түскен жобаларды біресе ардагерлерге, біресе әдебиет пен өнер адамдарына, біресе баспасөз қызметкерлеріне көрсетіп, бәрінің пікірлерін біліп, Ербол да мұрнынан шаншылды. Бірақ, аса қызығып, шабыттанып істеді.

Жаңа шаруаның бүге-шігесіне дейін зерттеді. Соның нәтижесі болу керек, әуелі шағын хабарламадан басталған рәміз тану бірте-бірте қомақты тұтас альбомдарға айналды. Сөйтіп, ел тануымызға жаңа бір сала болып, тың тарау қосылды. Бұл төңіректегі асқар таудай қиын шаруаның бәрі жас қаламгер Ербол Шаймерденовтің мойнына жүктелді. Ербол әлденеше рет бастырып шығарған буклеттер, альбомдар, әр форматтағы кітаптар бүгін де мектеп сыныптарынан бастап, барлық деңгейде оқытылады.

Қолға алған қай шаруасын да жас мемлекетті, жаңа ұлтты қалыптастыратын асқаралы іске айналдыру кез келген азаматтың қолынан келе бермейді. Ол біздің бір қарағанда көп ішінен көзге түсе қоймайтын қарапайым, аспай-саспай аса жайбарақат жүретін аласа бойлы ақ құба жігіттің қолынан әбден келді.

Ол нағыз байқатпай жүріп ел мүддесіне еңбек ете білетін шын бейнетқорлық мінезін танытты. Ол мінезі жас тәуелсіздігіміздің тәй-тәй басқан алғашқы жылдарында әбден көрінді. Тұңғыш Президентіміздің алғашқы баспасөз хатшыларының бірі еді. Жоғарғы Кеңестің баспасөз қызметінің басшысы, жауапты хатшысы болып, жаңа саяси институттың жаңа қоғамдық санаға әбден сіңісіп кетуіне сіңірген еңбегі де елден ерекше-тұғын.

Уақыт бір орнында тұра бермейді. Өмірдегі өзгерістер болып жатады. Мен төраға болып, жұмысқа кіріскен күні алдыма көшкұлаш тізім әкелінді. Қарап отырсам, қаздай тізілген жүздеген адамның бәрін де білемін, бәрін де танимын. Бәрінің де көздері жәудіреп, көз алдыма тұра қалды. Біреуіне қол тигізсем, екіншісі туралы артық-ауыс сөз шықпай қалмайды. Көздің жауын алатындай әп-әдемі жауһар тізім көз апара семіп, селдіреп жүре беретіндей. Дереву Елбасына телефон шалдым. «Алдымда аппараттың тізімі жатыр. Бірнеше жүз адам бар екен. Көбімен өткен шақырылымда депутат болған жылдарымда қоян-қолтық бірге істегенмін. Талайы Сіз төраға болған кезден бері жұмыс жасап келеді екен.

Ешқайсысымен жүз шайысып көрген жоқпын. Тәжірибе десеңіз, тәжірибелері бар. Жаңа үрдіске бәріміз бірге көшеміз. Бұларды «әрі тұр, бері тұрға» салуға қимай отырмын. Бәрін де сол қалыптарында қалдырғанды жөн көріп отырмын», – дедім. Елбасы да мұнымды мақұл көрді. Қатты қуанып кеттім. Алғашқы шақыртқаным Ербол болды. «Ал, тұңғыш баспасөз конференциясын қашан өткіземіз?», – дедім. Ол да жүзіндегі лып ете қалған қуанышын жасыра алмай: «Өткіземіз, Әбеке. Комитеттер сайланғасын өткізейік», – деп, жалма-жан қасыма келіп, қолымды алды.

Арпалысы мен қарбаласы көп ауыр кезең артта қалды. Ойлап отырсам, ащысы да, тұщысы да мол екен. Елдің ертеңі үшін қайырлы болған айтулы жылдардағы қандай тауқыметтің де жас Парламент баспасөз тобын айналып өте алмасы қақ. Оған Ербол да шыдай білді. Көппен көрген ұлы той. Бәрін де өз иығымен көтеріп алды.

Ол кезде ешкім өзіне құрмет, сый-сияпат іздеген жоқ еді. «Бұла тәуелсіздігіміздің болашағы қалай болады? Осы тәй-тәй басқан қалпымызбен қалтаң-құлтаң жүре бермей, бір күні іргелі елдермен тереземіз теңеліп, біздер де қатарға қосылып кете алармыз ба екен?», – деген уәйім күндіз күлкімізден, түнде ұйқымыздан айырып, іштей мүжіді. Ел болып, қолға алып жатқан ең басты шаруамызға титтей де болса пайдамыз тиер ме екен деп тіледік.

Сондай жолда бірге жүрген үлкенді-кішілі жандарды жанымызға жақын тұттық. Ербол екеумізді де бір-бірімізге тілеулес еткен осы ниет еді. Ел жолындағы еңбектің майлық-сулығы болмайды ғой. Не істесең де, жұрт көңілінен шыға алғаны – сүйініш, олай ете алмағаны – өкініш. Күндердің күнінде көп сүйсінетін көрікті нәтижеге жете алсақ, жарайды. Одан басқаны армандамайтынбыз. Ербол да тұзы ауыр адам екен. Аударма-төңкермесі көп, өтпелі кезеңде сүйінген де, күйінген де кездері аз болмады. Бірақ, қайда жүрсе де, ел қызметіне жарай білді. Ел мүддесіне еңбек етті.

Олай болуы заңды да еді. Халықтың қақ ортасынан шықты. Қаршадайынан қалың бұқараның арасында өсті. Маңдай терімен табылған адал нанның ашы да, тұщы да дәмін татты. Университетті бітірген бойда туған елге оралды. Солтүстік Қазақстан облыстық «Қызыл ту» газетінде жұмыс істеді. «Лениншіл жастың» Солтүстік облыстардағы өз тілшісі болды. Біраз тәжірибе жинаған соң «Социалистік Қазақстанның» Целиноград облысындағы тілшілігі-

не ауысты. Дихан еңбегінің қыр-сырын жақсы білді. Ол жазған мақалалар сыршылдығымен, шыншылдығымен, іске жаны ашитын айрықша құлықтылығымен көзге түсті. Республиканың бас газеті орталық аппаратқа шақырды. Әуелі бөлім меңгерушісі болып, сосын редактордың орынбасарлығына көтерілді. Содан Орталық комитеттің жауапты қызметкерлігіне жоғарлатылды.

Ол қайта құрылудың қызып тұрған кезі еді. Жұрт көп мәселелерге жаңаша қарай бастаған. Ол да көзқарастарының сонылығымен танылды. Жаңа сайланған Жоғарғы Кеңестің, халық таңдаған Тұңғыш Президенттің баспасөз қызметі сияқты аса жауапты лауазымдарға дейін көтерілуі де сондықтан еді. Ұзақ жылдар тіл комитетін басқарып, мемлекеттік тіліміздің мұңын мұндап, жоғын жоқтап, өмірден өтіп кеткенше жас тәуелсіздігіміздің орнығуы мен кемелге келуі жолындағы идеологиялық күрестің қақ ортасында жүрді. Сол қызметтердің бәрінде де азаматтық тұрлаулылығын таныта білді.

Мен Ерболды Қазақстанның қай өлкесінде де болып жатқан қызу жиындардың ортасында жолықтырдым. Бәрінде де оның айтар сөзінің мәні біреу еді. Елдіктің, бірліктің мүддесі еді. Тіліміз бен мәдениетіміздің көсегесінің көгере түскені еді.

Бірде оның туған өлкесіне бардық. Сәбит Мұқановтың жүз жылдығы дүркіреп өтіп жатты. Табиғаттың балбырап тұрған кезі. Бәйге көріп отырмыз. «Әне, бір трактор тұрған тұмсықты байқап отырсыз ба? Сол менің ауылыма баратын жолдың бойында тұр. Осы арадан шамамен жиырма бес-отыз шақырымдай жер болар», – деді Ербол әлденеге көзі боталап. «Апырай, кәдімгі Елтіңжал ма?! Сәбең мен Ғабеннің ауылы бір-бірінен алыс емес дейтін еді. Рас екен-ау!» – деп, мен де таңдандым.

Бәйгенің қызығымен отырып, білмей қаппын. Қасымдағы Ербол мен келіншегі Күләштің орындары бос тұр. «Бұлар қайда кеткен?» – деп ойладым. Сол тұста аттар мәреге жетіп қалған екен. Жұрт дуылдасып кетті. Менің де есіл-дертім сол жаққа ауды. Біреу иығымнан түртеді. Қарасам –Ербол. «Барып, ауылымның адамдарымен сөйлестім. Біздің жақтың батпағы әлі сорықпапты. Әне тұрған солар мініп келе жатқан трактор екен. Осы араға жете алмай, жолда үйелеп қалыпты. Әйтпесе, бәйге біткесін Елтіңжалға соға кетеміз бе деп едім», – дейді. Қасындағы Күләш та жаутандап тұр. «Оқасы жоқ. Май аяғында жердің әлі батпақ екенін көріп ке-

лемін. Оның үстіне қайтатын уақыт та болып қалды. Жер сорыққан соң Елтіңжалға да барармыз», – деп інімнің бетінен сүйдім.

«Жүректегі жазуларын» оқығанда есіме сол түсті. Ербол Шаймерденов – қойын дәптері қолынан түспеген, үндемей жырға жүгініп жүретін ақынтұғын. Ақын болғанда да, жұртқа ақыл айтатын құрғақ уағызшы емес, өзімен-өзі сырласатын лирик еді. Боратып көп жазбайды. Жүрек жібіп, көз елжіреп кетердей уақыттарда ғана ойындағысын қойын дәптеріне түсіріп қояды. Содан жазғандары біріге-біріге келіп, жинақ құралады. Кейде жүректі қысып, сығымдалып тұрған жойқын сезімнің ақтарылып кететін тұстары да болады. Ондай сәттерге өмірдің өзі итермелейді.

Тоқсаныншы жылдар еді. Әйгілі Абай тойы өтіп жатқан. Қарауылтөбенің баурайы шұбарытқан ығы-жығы халық. Ат дүбірінен құлақ тұнады. Қара нөпірді соңына тастап, оқшау озып келе жатқан сәйгүлік мәреге аз қалғанда мұрттай ұшты. Домалап жерге түскен бала жалма-жан тұра салып, жүгіріп қасына барды. Жануардың жаны шыққалы жатыр екен. Дереу басындағы жүгенді сыпырып алып, мәреге дейін қалған жерді бәйгегер бала жаяу жүгіріп өтті. Еңкілдеп жылап бара жатты. Жұрттың бәрі төбелеріне мұздай су құйылғандай түршігіп кетті. Осы бір көруге ауыр көрініс әліге дейін дүйім жұрттың көз алдында тұр. Сол тойда мен де болғам. Ербол да болыпты. «Бәйге» дейтін тал бойынды талықсытар талма жырды туғызыпты.

Ал «Думат» та менің көз алдыма Сәбең мерекесіндегі әлгі бір көріністі әкеледі. Онда да ақын өзі туған өлке жайында арғы-бергісін түгел қопарып, сыр толғайды. Қайда көз салсаң да, қалың өскен «Қызқарағай» сыңғырай сыңсып, қызара бөртіп піскен көп жидек көзапара нуға сүңгіп жоғалады. Өрідегі Толыбай, берідегі Қожаберген, күні кешегі Мағжан, Сәбең, Ғабендер көзінді қойып, жүрегіңмен тылсымнан тіл қатысады. «Ән-Ғұмырында» мен болмаған Естай тойына барып, мен көрген көзге де, көңілге де ыстық өлке мен әйгілі әнші туралы бәріміз білетін де, білмейтін де жәйттерден шежіре шертіпті. Лирикалық өлеңдері жүрек кәусарынан күй төгіп, тамаша мөлдір сезімдерге шомылдырады.

Бәрін оқып отырып, өмірдің әлі біз қанықпаған сырлары мен қырларының көп екендігіне көзің жете түседі. Соларды көре білген, сезе білген, түйсіне білген ғазиз жандарға үнсіз сүйсінесің.

Шығармалары. Бірінші том

Әттең олар көп болса ғой, барлары мынау жалпақ жердің бетінде бізбен бірге күліп-ойнап ұзағырақ жүре тұрса ғой деп армандайсың. Солардың бірі, бірі болғанда да бірегейі шіркін Ербол Шаймерденов еді-ау деп ойлайсың. Бәрімізге де бас салғысы келіп, қапияда торып тұрған қаскөй қомағайлықтың қолына тым ерте түсті-ау, алды-артымен қоштаса да алмай, тым асығыс аттанды-ау деп қиналасың.

Жаныңдағы жақсы адамдар келмес сапарға аттанған сайын дүниенің аса ұлан-ғайыр, тіршіліктің тым келте екенін ұғынғанның үстіне ұғына түсесің.

*Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ,
Қазақстанның Еңбек Ері.*

РУХАНИ ЕСКЕРТКІШ

Елге бірнеше өлең жинағымен, көптеген саяси-публицистикалық мақалаларымен, әдемі эсселерімен, мемлекетіміздің рәміздері туралы кітаптарымен танымал болған Ербол Шаймерденұлының жаңадан шыққан тағы бір еңбегін оқып отырып, небір асыл ойлар мен даналық сөздерге қанықтым, бұрын-соңды жасаған ойшылдармен, атақты қайраткерлермен, асыл сөздің зергер-ұсталарымен, ақындармен, жазушылармен кездескендей, солармен сырласқандай күй кештім. Бұл еңбектің атауы – «Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан – бүгінге дейін)». Жиырма бес ғасырдың жауһар сөзін қамтыған кітаптың мазмұны, мәтіні мен қамтыған уақытының тарихи ұзақтығы адамды сонау бір ескі замандарға жетелеп апарып, ойға шомдырады екен, сөйтіп адам баласының алғашқы саналық кезеңіне сүнгітіп, ойдың пайда болуы мен сөздің құдіретті құралға айналған үдерісін шолуға апарды екен...

Адам баласы өзін табиғаттан бөліп алып, алдымен өзін қоршаған ортаны, маңайында тұрған нәрселерді және өзі күнде көріп жүрген жан-жануарларды, содан соң аспанды, аспандағы жұлдыздарды, Ай мен Күнді танып-білу барысында неше алуан миф шығарған. Бұл кезеңде мифологиялық ойлау қалыптасқан болатын. Қоғам дамып, онымен бірге адам санасы жетілген заманда әлемді, күллі болмысты танып-білу реалдық ойлау арқылы жүзеге асқан. Адамзат өз дамуының кезекті бір сатысында өмірді, құбылысты танып-білу жолында көркемдік ойлауға жүгінген. Міне, осы шақтан бастап сөз көркем әдебиетке, өнерге айналып, тіршілікті, өмір шындығын, ойды өрнектеп, көркем түрде қайта жаңғыртып, әр алуан шығармалар пайда болған. Көркем ой мен сөздің даму барысында әдебиеттің өзі сала-салаға бөлініп, әртүрлі жанрлар пайда болған. Сондай жанрлардың бірі – афоризм.

Афоризм – өте көне жанр. Ол барлық елдің фольклорында, әдебиетінде өзіндік орны бар кестелі сөз, ұшқыр да даналық ойдың көркем көрінісі. Қай халықта болса да афоризм ең алдымен фольклорда пайда болған деп есептеледі. Әлбетте, ұтқыр да ойлы сөзді әу баста біреу айтады, ол сөз ел арасына тарап, алғашқы авторы ұмытылады (Тіл де, фольклор да солай ғой). Бірте-бірте уақыт өткен сайын ол сөз қырланады, сырланады, сөйтіп

тұрақты тіркеске айналады да халық мүлкі болып өмір сүреді. Оны адамдар белгілі бір сәтте, ситуацияда, кейде астарлы, кейде тура мағынада қолданып, керегіне жаратып, ұтымды да әдемі ой айтады. Мұндай сөздер халықтық мақал-мәтелге, кейде нақыл сөзге, тіпті өлеңге айналып кетіп жатады, сондықтан оларда көркемдік пен қолданбалық сипат қатар көрінуі мүмкін. Демек, ондай афоризмдер әдемі әдіптеліп айтылса да нақты бір жағдайға қатысты қолданылып, тура мағынаға да ие болады. Мысалы, «Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң» деген өлең жолы афоризмге айналып, бір жағынан, нақты бір жағдайды, малдың жай-күйін сипаттап тұрса, екінші жағынан, жалпы денсаулығы сыр берген, нашарлаған, шамасы кеткен, әлсіреген адамға да қатысты айтылатыны тағы да бар. Бұл тәрізді афоризмдер халық өлеңінде көптеп кездеседі. Олар жалқылық арқылы жалпылықты сипаттайды, кейде керісінше, жалпылықты еске түсіріп, нақтыны, жалқылықты жұмбақтап айтып, үлкен қорытынды түйіндейді. Сонымен қатар екі афоризм қатар келіп, бір-бірін жалғастырады, бірақ белгілі дәрежеде бинарлық оппозиция түрінде болып келуі ықтимал. «Оралыңның барында ойна да күл» дегенде «әйтпесе бұлай болады» деген ой қылаң беріп тұрады. Осы афоризм халық өлеңінде жиі және әртүрлі вариантпен айтылады. Мысалы, «Атыңнан айналайын, ақ Пайғамбар, Алладан үкім келсе, жақ байланар. Барында оралыңның ойна да күл, Қара жер өлгеннен соң тақтайланар» деген сияқты шумақтар халық поэзиясында да, ақындар өлеңінде де жиі ұшырасады. Жалпы, фольклорлық афоризмдер өте ұзақ жолдан өтіп, біздің дәуірге әбден сұрыпталып, шебердің қолынан шыққан гауһардай қырланып, жарқырап жеткен. Сол себепті олар өте жинақы, төрт аяғынан тік тұрған, әдемі кестеленген, көркем өрнектелген түрде жетіп отыр. Мұндай афоризмдерге Ербол өз кітабының бір бөлімін арнапты.

Ербол Шаймерденұлының кітабында, негізінен, авторлық афоризмдер қамтылған. Шындығын айтқанда, қазақ әдебиеттануында авторлық афоризмге арналған елеулі бір еңбек жоқ. Ербол бұл салада тұңғыш түрен салып, авторлық афоризмді – әдебиеттің бір жанры ретінде танып, оған анықтама берген, афористиканың тарихына қысқаша шолу жасап, әлемдік және қазақ афористикасын бірлікте қараған. Авторлық афоризмнің бастауын Заратуштра, Конфуцийлердің шығармаларынан іздеген. Ал, қазақ афоризмдері «сақ-скиф дәуіріндегі ойшылдар сөзінен, көне түркі жазбала-

рынан бастау алады», – деп есептейді. Осы тезисін ол кітаптың құрылымымен және мазмұнымен дәлелдейді, яғни ол ежелгі Элладада ғұмыр кешкен скифтік қайраткерлерден бастап, қазіргі заманның атақты ақын-жазушылары мен өнер өкілдерінің, мемлекет қайраткерлерінің афористік ой-пікірлерін, құмнан алтын іздегендей, көптеген кітаптардан теріп алып, дәуір-дәуірге бөлген, авторлар бойынша жүйелеп, кітапты тарихи-логикалық мағынада құрастырған. Кітаптың осылай құрылуы әр заманның қоғамы мен адамы, адамдардың ойы мен әрекеті, ара-қатынасы туралы, сондай-ақ қай заманда қандай құндылыққа мән берілгені, адамдар нені аңсап, нені құрметтегені жөнінде, басқаша айтқанда нені идеал тұтқаны және қаншалықты шынайылық болғаны жайында түсінік алуға мүмкіндік береді. Айталық, скиф-сақ дәуіріндегі қоғамда көшпелі өмір салты болғаны, ел киіз үйде тұрғаны, керуендеп көшетіні туралы мағлұмат алуға болады. Сонымен қатар сайын далада еркін өмір сүріп үйренген көшпелі елдің баласына элладалықтардың кейбір салт-дәстүрлері ерсі көрінгенін де байқау қиын емес. Анақарыс (Анахарсис) сөзіне көңіл бөлейік: «Көк аспанда күн күймесі қалай еркін қозғалса, сайын далада скиф керуендері де солай еркін көшіп-қонады», «Түндігінен күн нұры тура түскен киіз үйге тастан немесе саз балшық пен ағаштан қаланған қапас кепелер қайдан жетсін!», «Еркін адам дегеніміз - өз қалауымен, өз заңдарымен еркін өмір сүретін адам», «Элладада ақылдылар сөйлеумен, ақымақтар – іспен айналысатынына таң қалдым», «Элладада хас шеберлер сайысына ештеңеден хабары жоқ қарабайырлар төрелік ете беретінін көріп таң қалдым».

Ал, Токсары (Токсарид) былай дейді: «Скифтер үшін достыққа адал адамдарға құрмет көрсетуден асқан абырой жоқ»; «Дүниеде достық заңынан артық заң жоқ»; «Достық туралы көп сөзден достық пейілді бір іс артық»; «Элиндіктердің достығы, скифтердің достығына қарағанда, баланың ойынындай екен»; «Досқа адалдық – рухқа адалдықпен бірдей»; «Көзінді ойып берсең де, дос көңілін қалдырма», т.т.

Келтірілген мысалдардан көретініміз: скифтер үшін ең маңызды құндылық – достық пен адалдық, ал бұл екеуі адамшылықтың ең басты критеріі. Осыдан екі жарым мың жыл бұрын айтылған ой қазіргі қазақта сақталған: «Дос болып, қас болғаннан сақта, құдай»; «Дүниеде достан шыққан дұшпан жаман»; «Ақымақ достан ақылды дұшпан артық»; «Екі дос бірін-бірі алдамайды» т.т.

Егер скифтерден жеткен афоризмдерде тыныштық өмір жағдаяттары, достық, адалдық сияқты құндылықтарға деген құрмет көрінсе, көне түркілер заманындағы афоризмдерден ерлік пен елдік, жаугершілік пен бейбітшілік мәселелері қоғам үшін, ел үшін аса маңызды болғаны байқалады, қарапайым жұрттың, қалың елдің тағдырына алаңдаушылық пен биліктегі қағандардың іс-әрекеті мен адами қасиеттері қандай болуы керек деген ой-тұжырымдар айтылып, сол дәуірдегі болмыстан, тіршіліктен ақпарат береді. Мысалы, ерлік пен елдік жайлы «Бөрідей батыр ердің дұшпаны қойдай қырылар», «қаруы бар қалың колды қақыратар», «ері жоқ елдің күні қараң», «тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп», «жауынды жеңу – бір басқа, жауықпас ету – бір басқа», елді билеуші мен халық туралы «Халқына бегі, бегіне халқы сенген ел ұзақ жасайды», «билеушісі біліксіз елдің жұрты жалтақ келеді», «халқын асырау қағанға парыз», «халқын жұтатпаған қаған бақытты», «қағанынан айырылған ел – ғаріп, иесінен айырылған жер – ғаріп» сияқты афористік сөздер көне түркі өміріндегі ең өзекті проблемалар мен құндылықтарды айқын көрсетіп тұрғаны даусыз.

Байқап отырсақ, атамзаманда айтылған афористік сөздер қай дәуірде болса да өзінің маңыздылығын, құндылығын жоғалтпаған, олар ежелгі уақытта да, орта ғасырларда да, кейінгі жаңа заманда да қолданылған және қолданылып келеді. Мұның себебі олардың тек ұшқырлығында, я болмаса ұтқырлығында ғана емес. Мәселе ол сөздердің өмірмен тікелей байланыстылығында, нақтылығында және мағыналылығында, сол себепті олар әр дәуірде қолданылады әрі өзі тектес, мазмұндас жаңа афоризмдерді тудырады, яғни ұқсас тіршілік пен ұқсас өмірлік жағдай жалпы көркем өнерде, әдебиетте ұқсас ойларды, сюжеттер мен сарындарды, идеяларды өмірге әкеледі. Бұл жағдайды афоризмнен де аңғару қиын емес. Мәселен, сонау скиф-сақ пен түркілер заманында айтылған афоризмдермен мәндес сөздерді қазақ ойшылдары айтқан мысалдар көп, бірақ бұдан қазақ данышпандары бұрынғыны қайталап қана қойған деген пікір тумауға тиіс. Әр уақытта өмір сүрген қазақ қайраткерлері өз заманы мен қоғамының ыңғайына қарай және болмыстың, тіршіліктің ерекшелігіне байланысты адамның адам болып қалуына арналған ақыл-ой айтқан, ондай сөздер келе-келе жалпы жұртқа тарап, афористік сипатқа ие болған. Мәселен, Жүсіп Баласағұн айтқан афоризмдер сәл-пәл өзгертілген түрде бүгінгі қазақ арасында қолданыста. «Көп күлген бір жылар», «қайғы бас-

са, атқа жайдақ мінерсің» (қазақта: «ер басына күн туса, етікпенен су кешер, ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер»), «тең – теңімен», «жақсыдан – шарапат», «аққа – қара тез жұғар», «асығыс түбі – өкініш», «кірісіне қарай шығысы», «ажалсыз ерге өлім жок», т.б. Осы сияқты Махмұд Қашқаридан жеткен сөздер де бар: «адам аласы ішінде», «бес саусақ бірдей емес», «ағашты ұзын кескейсің – қысқартуға оңай, темірді қысқа кескейсің – ұзартуың оңай», «тау мен тау қауышпас, адам мен адам қауышар», «астың дәмін тұз келтірер, көштің сәнін қыз келтірер», «бидайдың арқасында бидайық су ішер», «екі қошқардың басы бір қазанда қайнамас», «тобылғы тас жарады, тас бас жарады», «ер шекіспей, бекіспес», «жылқы – кісінескенше, адам – сөйлескенше», т.т.

Осылар тәрізді нақылға айналған афоризмдер Қожа Ахмет Иассауиде де, кейінгі дәуірлерде жасаған ақын-жырауларда да мол. Орта ғасырды айтпағанның өзінде жаңа заман ойшылдары тудырған афоризмдер, бір жағынан, бұрынғылармен үндес, сарындас болып жатса, екінші жағынан, өзіндік мазмұнға, өрнектерге, соны ойлар мен әсем кестелерге толы. Әсіресе, Қазақ хандығы тұсындағы бишешендер мен жыраулар поэзиясында афоризмнің небір тамаша үлгілері бар. Ербол Шаймерденұлы оларды жинақтап, «Төлбастау», «Құнарлы көмбе» деген екі бөлімшеге топтаған екен. Ал, он тоғызыншы ғасырда айтылған афоризмдердің авторлары – атақты классик ақындарымыз. Олардың тақырыбы әр алуан: имандылық, адамгершілік, білім, дін, адалдық, тәрбие... Ақындардың афоризмдері көбінесе олардың шығармашылығымен сабақтас, өлеңдерінде көтерілген проблемалар мұнда да көрініс табады. Сол кезеңдегі қоғам мен адам үшін ең маңызды құндылықтардың көркем әдебиет пен афоризмде қатар жүруі табиғи, олар бірін-бірі толықтырып, айтылып отырған ойды аша түседі, бірі – поэзия түрінде, екіншісі – қысқа да ұшқыр сөз түрінде. Мұның көрнекі айғағы – Абай шығармашылығы.

Атап айтатын нәрсе: кітаптың тағы бір ұтымды жағы – көп уақыт «ұмытылып» келген Алаш ардақтыларының афористік сөздерін қамтуы. Бұрын өткен ғасырларда өмір сүрген ақындарымыздың афоризмдерінен аз болса да хабарымыз болған-ды, ал Кеңес өкіметі кезінде тыйым салынған ақын-жазушыларымыздың шығармашылығын енді-енді ғана біле бастағанымыз белгілі, бірақ олардың афоризмдері туралы мардымды ештеңе білмегеніміз жасырын емес. Осы тұрғыдан қарағанда кітаптың бір бөлігі – жаңалық деу

керек. Мысалға Мәшһүр Жүсіптің, Шәкәрімнің, Әлиханның, Ахмет пен Міржақыптың, Мұстафа мен Мағжанның, Жүсіпбектің жазып қалдырған афористік сөздерін айтсақ та жеткілікті деп ойлаймыз. Бұлармен қатар мемлекет басшыларының да афоризмге айналған ойлары топталып берілгенін айту ләзім. Дінмұхамед Қонаев пен Нұрсұлтан Назарбаевтың сөздерінен адамға қажетті қасиеттер туралы, халықтың, мемлекеттің, қоғамның тағдыры, үлкен саясат пен мәдениет жайында айтылған мағыналы да маңызды, қызықты да қисынды тұжырымдар мен идеялар өте көп, әрі тағылымды. Бұл жағдай кітапқа ерекше бір қызығушылық пен сонылық дарытып тұр.

Оқырман үшін тағы бір қызықты нәрсе – өзіміздің ортамызда жүрген ақын-жазушыларымыздың афоризмге айналған сөздері. Бұл қатарда М.Әлімбаев, Ш.Мұртаза, О.Сүлейменов, М.Жолдасбеков, Ә.Кекілбаев секілді елге танымал қаламгерлер бар. Былай қарағанда «Ой, осы заманда қандай афоризм шығады?», «Өзімізбен қатар жүрген азаматтар қайбір мәнді афоризм айта қойсын?» – деп те ойлауға болады. Олай емес екен! Аталған қаламгерлер өз дәуірінің шындығы мен халқының, ұлтының тағдыры мен тарихы, келешегі туралы толғана да қинала жазған небір ұтымды сөздері бар екеніне риза боласың. «Жер күтпеген ерден түңіл, ер күтпеген елден түңіл», «Жемқорлық – індет, аластау - міндет» (М.Әлімбаев), «Заң дегеніміз - ноқта», «Демократия – жүгенсіздік емес, бостандық – жүйесіздік емес», «Отанды, ұлтты, әдебиетті, оның болашағын сүю үшін көп айқайдың керегі жоқ», «Рухы мен намысы сөнген ел - өлген ел», «Ұлтсыздық – отансыздықтың белгісі» (Ш.Мұртаза) деген сияқты сөздер оқырманын бейжай қалдырмасы анық, өйткені олар қазіргі қоғамдық дамудың проблемаларынан туындап, көпшілікті ойға, дұрыс шешімді табуға шақырады. Жиырма бірінші ғасырда туған бұл афоризмдер жеке бір автордікі болғанымен елдің көкейінде жүрген мәселелерді тақырып етіп, тіршіліктің әрқилы саласына арналған: мұнда Қазақстанның тәуелсіздігі, оны баянды ету, ұлттық рух, ұлттық мәдениет, тіл мен әдебиет, өнер, тарих пен саясат, ұлтаралық қатынас пен халықаралық жағдай, Желтоқсан көтерілісі...

Осы қазіргі заманда туындап жатқан афоризмдердің бұрынғылардан айырмашылығы тек мазмұнда ғана емес. Олардың басты айырмашылығы – айтылып отырған проблемаларының өткірлігі, актуалдығы, заманауилығы. Тағы бір айырмашылығы – бұрынғыдай

қысқа формада ғана айтылмайтындығы. Басқаша айтқанда, ұзақ сөйлем түрінде болып келеді, себебі ойды толық етіп, логикалық жүйесін бұзбай, тиянақтап бітіру мақсат етілген. Сондықтан кейбір тұстарда келтірілген ондай авторлық афоризмдер – әдеткі түсініктегі афоризмге ұқсамайтын сияқты болып көрінуі мүмкін. Бұл жерде Ербол Шаймерденұлының өзіндік позициясы бар екенін ескеру қажет. Ол былай деп жазады:

«Жалпы, осыған дейінгі қазақ афоризміне қатысты деген ғылыми пікірлерді қарастырғанда, екі жағдаятты ескерген жөн. Бірінші – афористика арнайы талдау объектісіне айнала қоймағандығы... Оның бір себебі жанрлық жіктеудің көмескілігінде жатса керек. Екінші бір жаңсақ көзқарас – афоризмге тек халық ауыз әдебиетінің бір түрі ретінде қарау». Міне, осы түсінікке сәйкес Ербол өз кітабына авторлық афоризмдерді енгізген, сөйтіп, афоризмнің бұл түріндегі прозалық формада айтылған сөйлем мен тіркестерді осы жанрға жатқызған. Осы тұрғыдан келіп, Ербол «қоғамда айрықша орны танымал тұлғалардың сөйлеген сөздерінен» алған ой орамдарын саяси афоризм деп атаған. Өзінің бұл принципін Ербол Шаймерденұлы афоризмге берген мынадай анықтамасымен негіздейді.

«Қорытып айтар болсақ, – деп жазады ол, – адамзат өркениеті мен мәдениетіндегі рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін, шағын философиялық ой, тәжірибелік түйін, логикалық қисын, әлеуметтік-саяси, моральдық-этикалық және эстетикалық көзқарас, авторлық тұжырым түріндегі қысқа әрі көркем әдеби туынды».

Бұл анықтаманы біреу қабылдар, біреу қабылдамас. Алайда, бір нәрсе анық: Ербол Шаймерденұлы өз еңбегінде афоризмнің статусын көтерген, оның аясын кеңейткен, қызметін айқындаған, түрлерін нақтылап жіктеген, сөйтіп афоризмге кешенді анықтама берген. Еңбек осынысымен де қымбат, оның ғұмыры ұзақ болары күмәнсіз. Демек, Ербол өзіне ескірмейтін, өшпейтін рухани ескерткіш орнатып кеткен екен. Әумин, солай болғай!

*Сейіт ҚАСҚАБАСОВ,
ҚР ҰҒА академигі.*

ҚАЗАҚ АФОРИЗМДЕРІ

(Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін)

47958

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

ДАНАЛЫҚ ДАРАҒЫ

Әлемдік өркениетті адамзат баласының өмір сүру тәжірибесі сәуленген ерекше қолтанба десе де болады. Оның болмысы бөлек, өзегі ортақ екі қанаты бар: бірі – материалдық екіншісі – рухани мәдениет.

Ой – рухани мәдениет мәйегі. Ол материалдық мәдениет жасаудың негізгі құралдарының бірі ретінде қандай маңызды болса, өз қисыны, өз шарттары бар және өз мақсат-мұраттарына сәйкес жаратылып, дамитын төлтума болмыс ретінде де сондай құнды.

Афоризм – ойдың материалдық көрінісі. Бір үзік ой, оқыс пікір, оқшау сөз! Ол шағын көлемге кең мағына сыйғызып, ой айтудың ең тиімді әрі әсерлі тәсілі. Бұл ретте оның өзегі – философия, яғни ғылым да, болмысы – көркем әдебиет. Ал адам жанын баурап, жүрегін жаулап алатын сиқыры – өнермен, эстетика табиғатымен туыстас, бауырластығынан.

Афоризм (aphorismos) деген сөз көне грек тілінде шағын үзінді, «бүтіннің бөлшегі», «үзік», «фрагмент», «қысқаша анықтама» деген ұғымды береді. Бұл термин орыс тілінде XVIII ғасырдан бастап ғылыми айналысқа түскен. Бес жыл түзілген «Ресей Академиясының сөздігі, еркін тәртіппен орналастырылған» («Словарь Академии Российской, производным порядком расположенный», Спб., 1789 – 1794) атты жинақтың 1789 жылы жарық көрген бірінші томының 63-ші бетінде «афорисм» деп алынған.

Бұл терминді қазақ ғалымдарының арасында тұңғыш қолданған Ш.Уәлиханов болса керек. Ол: «Қазақтардың ұшан-теңіз өлең-жырлары... әлдебір дәуірлерде ақылды бабалары шығарған мәтелдері мен афоризмдері бар» деп жазады. Бұл жерде әйгілі ғалым терминнің мағыналық, құрылымдық хәм ұғымдық ерекшеліктерін дөп баса отырып, екі мәселеге ерекше маңыз беретіндігін аңғару қиын емес. Біріншісі – афоризмнің белгілі бір авторға телінулі және ақыл-кеңес сипатында болатындығы (бұл ой «ақылды бабалары шығарған» деген сөздерден анық аңғарылады), екіншісі – оның мақал-мәтелдердің бір түрі емес, солармен қатар қолданыстағы жеке жанр екендігі («мәтелдері мен афоризмдері» деген орамға ой жүгіртіп көріңіз). Өз заманының жан-жақты терең

интеллектуал тұлғасы болған Мәшһүр Жүсіп Көпеев бұл терминді «ұшқыр ой» деген мағынада қабылдаған. Ал афоризм жанрында қазақ әдебиетінде бірінші болып әдеби-философиялық күнделік жазған академик-жазушы Ғ.Мүсірепов: «Қазақ кейбір тіршілік заңдарын афоризмдер түрінде жазып, есте қалдырған», – деп есептеген. Бұл жерде афоризмнің мазмұндық-мағыналық мәнін тереңдете түсу және оның жанрлық мәртебесін (статусын) жоғары қою (қазақы қолданыстағы барлық, ішінде мақал-мәтелдер де бар, қысқа жанр үлгілерінің ортақ атауы ретінде қарау) байқалады.

Афоризм алғаш дүние құбылыстары жөнінде жинақталған білімдерін түйіндеп, пікір білдірудің бір түрі ретінде дүниеге келген. Гиппократтың «Афоризмдері» (б.з.д. III – IVғғ.) – соның бір мысалы. Ол әйгілі: «Өмір – қысқа, өнер – мәңгілік» деген нақылмен ашылады. Сол сияқты ортағасырлық афоризмдердегі негізгі бағыт та – медицина мен жаратылыстануға қатысты шағын кеңестер беру, рецептер ұсыну, ойға ой қосу. Жалпы, афоризмдер бастауын сонау Заратуштра, Конфуций сияқты данышпандар мұрасынан іздеген жөн.

Қазақ афоризмдерінің асыл арнасы да сақ-скиф дәуіріндегі ойшылдар сөздерінен, көне түркі жазбаларынан бастау алады. Жиырма бес ғасыр сөзін кестелеген осы антологияның беташарына айналған Анақарыс (Анахарсис) пен Тоқсары шығармашылығы соның бір жарқын дәлелі дерлік. Анақарыс: «Тән – жанның, жан – жаратқанның аманаты», «Жақсылық та – тілден, жамандық та – тілден», «Сый – жеңгендікі, сөз – тергендікі», «Көк аспанда күн күймесі қалай еркін қозғалса, сайын далада скиф керуендері де солай емін-еркін көшіп-қонады» деп термелесе, Тоқсары: «Қызыл сөзге салыну – қызған отқа қарылу», «Достық туралы көп сөзден, дос пейілді бір іс артық», «Ерлік жасағанның атасын сұрап алаламас болар», «Скифтер үшін достыққа адал адамдарға құрмет көрсетуден асқан абырой жоқ», «Құдалық та – достықтың дәнекері», «Өліге құрмет – тіріге сауап», «Қызғанышта көз көп: біреуі – күдік», «Эллиндіктердің достығы, скифтердің достығына қарағанда, баланың ойынындай екен», – деп тәмсілдейді. Сөз саптасынан да, сөз бен ой төркінінен де далалық мәдениеттің, далалық ойлау жүйесінің лебі аңқып тұр ғой. Алаш ақыл-ой үрдісінде айшықты сөзбен астарлы ой айтудың алғашқы үлгілері осылар болса керек деуге толық негіз бар деп ойлаймыз.

Ал түркі Тоныкөк: «Жершіл жігіт жол табар», «Аяқтан шалма, қапыда қалма», «Пәтуасыз ер – елге сор», «Ердің жеңілгені – елдің жеңілгені», «Қаған парызы – халқының қарнын тойғызып, мерейін өсіріп отыру», «Жауынды басындырма, халқынды ашындырма», – деп ақылға шақырса, Білге: «Бак болмайды басқа бак, есін барда елің тап», «Зират көрсең, зиярат ет», «Дарақылық үмітіңді үзіп, қанатыңды қияды», «Әсіре даңқ пен асыра байлық ұятсыздық пен бұзақылық құшағында тұншықтырады», «Түркіні бұзар – тәтті сөз», «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ», – деп терең ойларға жетелейді. Күлтегін болса: «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп», «Күшке күш қосылса – құп, елге ел қосылса – құт», «Бек ұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың күң болмағай», «Басиесіз ел тозар», «Жауынды жеңу – бір басқа, жауықпас ету – бір басқа», «Көлгірдің күні қараң», «Білмегенге – ермеген», «Елін сүйген ер бақытты», «Халқын жұтатпаған қаған бақытты», – деп сүйектен өтіп, жүрекке жетер жалынды сөздермен елдіктің туын жоғары ұстауға шақырады.

Жалпы, қазақ афоризміне қатысты тарихи дәуірлеу мәселесі осыған дейін арнайы зерттеу объектісіне айналмағаны байқалады. Біз антологияның бірінші бөлімінде («Ой-қазына») авторларды орналастырудың алты кезеңге бөлінген жүйесін ұстандық. Оларды шартты түрде сақ-скиф дәуіріне орайлас – «Бағзы мәдениет бұлақтары (Арғы қазақ арналарынан) (б.з.д. Vғ. – б.з. VIIғ.)», түркілік дінгек кезеңге сәйкестендіріп – «Ортақ қазына» (VIII – XIVғғ.), ал қазақы табиғатына тетелес – «Төлбастау» (XV – XVIғғ.) деп айдарладық. Кейінгі тараулар «Құнарлы көмбе (XVII – XVIIIғғ.)», «Өнердің алтын ғасыры» (XIXғ.) және «Жаңа дәуір – жаңа арна (XXғ.)» деп аталды. Бұл бөлімдердің бәрінде белгілі бір авторлардың афоризмдері топтастырылған.

Антологияның екінші бөліміне («Ақылнама») халық ауыз әдебиетінің әртүрлі жанрларында жасалған шығармалардан теріп алынған афоризм үлгілері жинақталды. Олардың арасында мақал-мәтел («Ақылнама»), қара өлең («Тіл – бұлбұл, көңіл – бақша, ой – тас қорған»), эпос («Дүние – бізге аманат»), жылнама («Ұяттан тәңіріден қорыққандай қорық»), шешендік сөздер мен би сөздері («Көкірек таза болмаса, көз тазасы не керек»), жыр («Бір сынаған жаманды, енді қайтып сынама»), айтыс («Жігіт жаман болмайды жақсыға ерген»), ән мәтіндері («Кеудесі жақсылардың – алтын

сандық») үлгілері бар. Афоризмнің ғылыми негізі – оның өзегінде қысқа әрі нұсқалық (лаконизм), логикалық қисындылық, ой қорыту тереңдігі, қандай да болсын бір қазыққа байланып қалмайтын абстрактілігі сияқты басты белгілерін айқындап берген фактор.

Бұл бесіктен ол ғылыми анықтама мен ғылыми пікірге тән ғылыми заңдылыққа бағыну, белгілі бір қисынды логикалық шегіне жеткізіп, толық таратып – талдау, дамыту қасиеттерін ала алмады. Бірақ бұл кемшілігі емес, ерекшелігіне айналды.

Афоризм – ой тамызығы. Адамға ой салады, оның таным көкжиегін кеңейтеді. Ойланбай, көзсіз қабылдауға, алдымен зерделеп алмай, пайдалануға арналмаған. Тұйықталған өлі шеңбер емес, перспективасы бар өміршең ашық жүйе болғандықтан, қашан да ақиқатты танудың объективті логикалық кеңістігі сақталып отырады.

Осы орайда қазақ афоризмдерінің жасалу жолдарының өз ерекшеліктері мен заңдылықтары бар екеніне назар аудару керек. Сол сияқты олардың мағыналық тұрғыдағы құрылымы (структурасы) да жеке талдауды қажет ететін құбылысқа жатады. Әдетте, бір парасы қоғамдағы қарым-қатынастардың әртүрлі саласы бойынша жинақталған ұрпақтар тәжірибесіне орай (жақсылық пен жамандық, кісілік пен кісәпірлік, адамгершілік пен жауыздық туралы, т.б.) үлгі-насихат айтуға бағытталса, енді бір парасы сан алуан тіршілік тіндерін шешуге қатысты ақыл-кеңеске негізделеді. Ал үшінші бір парасының ерекшелігі – дүниеәуи құбылыстар, өмір мен өлім, табиғат пен тіршілік, уақыт пен кеңістік, тоқырау мен даму туралы терең ойларға, философиялық түйіндерге құрылғандығында. Мысалы, Анақарыстың «Ақыл атасы – ақиқат», Махмұт Қашқаридің «Тәрбие басы – тіл», Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Әлемге толса көкірек – ашылар көзі сананың», Жанак Сағындықұлының «Халық – қазына, хан – қақпа, батыр – қорған», Абай Құнанбаевтың «Жас қартаяды, жоқ туады, туған өледі», «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», Шоқан Уәлихановтың «Адам – таңғажайып құбылыс», Дулат Бабатайұлының «Иман – жанның сапасы», Міржақып Дулатовтың «Ақиқат жеңер жалғанды», Ғабит Мүсіреповтің «Көркем сөз – жанның сәулесі», Асқар Сүлейменовтің «Ажал келмейді, ажалға барасын», «Өмір – тән, өнер – жан: тән тұншыққанда, жан шыңғырады» деген афоризмдері осы топқа жатады. Олардың қай-қайсы да орыстың ұлы ойшылы Лев Толстойдың «Афоризм

философиялық ойларды жеткізудің ең тамаша тәсілдерінің бірі десе де болады» деген сөзінің дәлеліндей.

Қазақ афоризмдеріне қазақ философиясының төл табиғатын ашар, тақырыбы мен тәсілін танып-білуге жол көрсетер терең ғылыми-көркем жүйе ретінде қараған жөн. Бұл ретте біз жинақтап, ұсынып отырған антология белгілі бір дәрежеде алғашқы хрестоматия рөлін атқара алады деп үміттенеміз.

Афоризм – абсолютті шындық, дайын рецепт немесе әлдебір нұсқаулық емес. Оны оқу кезінде автор мен оқырман арасында творчестволық сипаттағы байланыс орнайды. Яғни объекті субъектіге сөзсіз тәуелді емес, шындықты танып, өз шешімін өзі қабылдауға ерікті. Бұл – оны көркем әдебиетке, өнерге бауырластырар белгілер.

Афоризм – әдеби жанр. Оның эсерлілігі әртүрлі стильдік және әдеби-көркемдік құралдарды тиімді пайдалануға тікелей байланысты. Лексикалық, синтаксистік, метафоралық түрлендіру тәсілдерін (антитеза, гипербола, параллелизм, т.б.), шешендік өнер әдістерін шебер қолдану афоризмнің поэтикалық калоритін, көркемдік құнарын арттырады. Афористік шығарманың бойында автордың жеке дүниетанымының, творчестволық қолтаңбасының іздері сайрап жатады.

Қорытып айтар болсақ, афоризм – адамзат өркениеті мен мәдениетіндегі рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін, шағын философиялық ой, тәжірибелік түйін, логикалық қисын, әлеуметтік-саяси, моральдік-этикалық және эстетикалық көзқарас, авторлық тұжырым түріндегі қысқа әрі көркем әдеби туынды. Көркем кестеленген нақыл сөз. Оның басты шарттары – өмірлік құбылыстар мен адамдардың іс-қимылына, мінезіне деген көзқарастағы анықтық, ой шындығына адалдық, пікір жинақтап қорыту мен түйін жасаудағы логикалық жүйелілік және ойды жеткізудегі дәлдік пен қысқалық. Афористік шығармада әр ой өзінше өзгеше өрнектеліп, бөлек бітімге ие болады.

Афоризм әдеби жанрлардың ішінде мақал-мәтелге етене жақын. Ат құйрығын кесіп, ажырасар жері – алғашқысында субъективтіліктің басымдығы, тарихи және өмірбаяндық астарлардың қалыңдығы. Мақал-мәтелге жалпылық тән болса, афоризмге жалқылық пен нақтылық жақынырақ.

Зерттеушілердің бірқатары (М.Н.Эпштейн, т.б.) афористиканы сөз өнерінің дербес бір түріне жатқызып жүр. (Салыстырып

көрініз: Абай сөз өнерін: өлең сөз (поэзия), қара сөз (проза) және ғақлия сөз (афористика) деп салалайды.) Ол – өмір тәжірибесін барынша ықшам (түр) әрі өте жинақы (мағына) кескіндеу құралы. Бұл жүйеде, әдетте, образдан гөрі ойға көбірек салмақ салынады, суреттеуден гөрі салғастыруға, өрнектеуден гөрі ойласуға басымырақ көңіл бөлінеді. Логикалық силлогизм мен ғылыми тезистердегі талдау тазалығы мен дәлел жүйелілігінен гөрі, ақиқатын ойша дәлелдеп емес, бастан өткізу арқылы ғана танып-білуге болатын бірегей рухани тәжірибеге сүйенеді. Түрлі жағдаяттық (ситуативтік) және ыңғайластық (контекстуальдік) тежеулерден ада, өз алдына дербес әрі орнықты, оның үстіне әлдебір эмпирикалық немесе көңіл күй ауандарынан жоғары мән-мағына салтанат құруға тиіс.

Афористиканың жанрлық жіктелуі ұғымдық және терминдік тұрғыдан әрі жан-жақты терең зерттеліп, ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, реттеле қойған жоқ. Бұл оның негізгі жанры – афоризмге де (қазақ тілінде бірқатар авторлар бұл жанрдың «нақыл» баламасын ғылыми айналымға енгізуге бағдар ұстағанымен, ол орныға қойды деу қиын) қатысты.

«Қолданбалық» мәніне көбірек назар аударылатын өсиетнамалық (дидактикалық) афористикалық шығармалар өсиет (заповедь), кеңес (совет), нақыл (назидание) деп айдарланып жүр. Сол сияқты афористиканы қанатты сөз (сентенция) және гном (екеуінің де авторы белгісіз болып келеді), апофтегма (белгілі бір адамға теліп айтылған сөз), хрия және максима (автордың шығармаларынан теріп алынған немесе жеке айтылған авторлық көзқарас) деген жанрлары да бар.

Тілтану мен стилистика салаларында терминге айналған «қанатты сөз» тіркесі алғаш рет Гомердің «Иллиадасы» мен «Одиссеясында» пайдаланылған деп есептеледі. Қанатты құстай тез жеткен, аса жылдам тараған сөз деген ұғымды білдірген. XIX ғасырда осындай тақырыптармен неміс ғалымы Георг Бюхман («Geflügelte Worte», 1864 жыл) мен орыс беллетрист-этнографы С.В.Максимов («Крылатые слова», 1891 жыл) өз халықтары афоризмдерінің осы түрін жеке жинақ етіп шығарды. Мұндай тақырыпты қазақ ғалымдары да пайдаланып жүр. Мысалы, 1977 жылы Н.Төреқұлов «Қанатты сөздер» деген жинақ, ал 1987 жылы Ә.Құрысжанов «Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер (V-VII ғасырлар жазба ес-

керткіштері материалдары бойынша құрастырылған жинақ)» атты кітап шығарды.

Афоризмнің бұл түріне, әдетте, тілге әдеби қайнарлар арқылы енген қысқа цитаталар, көркем ой орамдары, тарихи тұлғалардың сөздері, ерекше бір ұғымдардың атауына айналған аңыз-әпсаналар мен көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімдері (Мысалы, Алдаркөсе, Қожанасыр, Шықбермес Шығайбай, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Қыз Жібек пен Төлеген, Геркулес, Тартюф, Хлестаков, Судыр Ахмет, т.б.), тарихи тұлғалардың қысқа да нұсқа бейнетенеулері (Мысалы, «Еңсегей бойлы ер Есім» (Есім хан), Асанқайғы (Асан Сәбитұлы), «Қаз дауысты Қазыбек» (Қазыбек би), Серіз сері (Мұхаммед-Қанафия Баһрамұлы Шақшақов), «Дарабоз» (Қабанбай батыр), «Күй атасы» (Құрманғазы), «Елбасы» (Нұрсұлтан Назарбаев), «Орыс әдебиетінің жарық күні» (Пушкин), «Қазақ вальсінің королі» (Шәмші Қалдаяқов), «Орыс авиациясының әкесі» (Жуковский), т.б.) тәрізді терең қатпарлы тіркестер жатады. Бірақ оны кең мағынада – тек әдеби көздерден емес, жалпы қолданыстағы көркем ой образдарының (оның ішінде халық мақал-мәтелдері де бар) ортақ атауы ретінде – қолдану да біршама жиі кездеседі. Бұл қазақ әдебиеттануына да тән.

Афористика жанрындағы туындылардың тағы бір түрі – пародиялық афористика. Оған орыс әдебиетіндегі көпке кең танымал Козьма Прутков сөздерін жатқызуға болады. Бұл жанрда «беделді» толғам тавтология немесе алогизм әдістерін қолдану арқылы жасалады.

Афористиканың өміршеңдігі оның танымдық ерекшеліктеріне байланысты. Ол, белгілі бір рәміз, символ немесе нышандық белгі тәрізді, әлдебір уақыт желісіне көгенделіп қалмайтын еркіндігімен құнды. Афористика – өткен ұрпақтардың өмір тәжірибесін, мәдени және өркениеттік ой-қазынасын жоғалтып алмай, жаңғыртып, келер ұрпақ кәдесіне жаратуға мүмкіндік беретін бірден-бір тиімді тәсіл, ақыл-ой диалектикасының алтын көпірлерінің бірі.

Орта ғасырларда ерекше дамыған және көп аударылған афористік әдебиет ертедегі дәуірдің ой қазынасын, өмір даналығын үкілеп ұсынып, өзіне кең өріс ашты. Бұл кездейсоқ емес еді. Адамзат дамуының жаңа бір жұлдызды сәті тың ойлар мен идеяларға тегеуірінді тірек, жаңа рухани болмыс үшін мөлдір бастау мен берік баспалдаққа зәрулік танытты.

Осындай ынталылық XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында да жаппай сұраныс ретінде жоғары деңгейге көтеріліп отыр. Бұл дамудың қазіргі кезеңіндегі информациялық технологиялар рөлінің артуының барлық өмірлік құбылыстарға, оның ішінде ойлау жүйесіне де, жаңа өзгерістер, құндылықтар мен қажеттіліктер әкелуіне байланысты болса керек. Адамзат тәжірибесінің жүйеленген, информациялық тұрғыдан қабылдап, өңдеуге жеңіл әрі қолайлы көркем қазынасының жаңа ұрпақтар ықыласына ие болуы – көне сөз өнері өміршеңдігінің тағы бір жарқын белгісі.

Афористикалық сөз өнерінің негізгі жанрына жататын афоризмнің классикалық үлгілерін Б.Грасиан, М.Аврелий, Ф.Де Ларошфуко, М.Монтень, Л. де Вовенарг, Ж. де Лабрюйер, Ф.Ницше, Абай, Г.Лихтенберг, Л.Толстой, А.Шопенгауэр, Б.Паскаль, В.Ключевский және басқа ойшыл жазушылар шығармасынан кездестіруге болады. Бұл ретте Шығыс философиясы мен әдебиетіндегі ежелгі дәуірлерден бастау алатын тамаша мектептің орны бөлек.

Қазақ топырағында афоризм жанрында алғаш шығарма қалдырған қазір белгілі есімдердің бірі – Асанқайғы Сәбитұлы (XV ғасыр). Одан кейінгі ақындар мен жыраулар поэзиясында да афоризм түріндегі толғамдар молынан ұшырасады. Әсіресе, би-шешендер сөздерінің табиғатында бұл жанрдың қасиеттері көбірек кездеседі. Сондықтан да болар, өткен ғасырдың орта тұсында «Ауыз әдебиетінде нақыл сөздер – мақал-мәтелдерге жақын тұратын афоризмдер көп болады. Бұларды нақыл сөздер немесе шешендік сөздер дейді» («Қазақ ССР тарихы», Алматы, 1957 жыл, 226-бет) деген жартыкеш жаңсақ пікір ғылыми анықтама ретінде қарастырылды.

Жалпы, осыған дейінгі қазақ афоризміне қатысты деген ғылыми пікірлерді қарастырғанда, екі жағдаятты ескерген жөн. Бірінші – афористика арнайы талдау объектісіне айнала қоймағандығы. Ол туралы кейбір қисындар, негізінен, мақал-мәтелге, би-шешендер сөздеріне, нақылға қатысты зерттеулер жүргізген авторлардың (Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, А.Васильев, Ә.Диваев, М.Көпеев, Ы.Алтынсарин, С.Сейфуллин, А.Байтұрсынов, Е.Ысмаилов, М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Т.Кәкішев, С.Зиманов, М.Әлімбаев, Ә.Мәметова, Н.Төреқұлов, Ә.Құрысжанов, Б.Адамбаев, С.Негимов т.б.) ой орамдарында кездеседі. Оның негізгі себебі жанрлық жіктеудің көмескілігінде жатса керек. Екінші бір

жаңсақ көзқарас – афоризмге тек халық ауыз әдебиетінің бір түрі ретінде қарау.

Афористика жанрында туындылар қалдырған жазба ақын-жазушылар арасында Абай шығармашылығының шоқтығы айрықша биік. Ол – афоризмнің классикалық талаптарын терең білген, меңгерген және сол үлгідегі ой жауһарларын жасап, қалдырған әлемдік ақыл-ой алыптары деңгейіндегі ғұлама ойшыл. Шәкәрім афоризмдерінен де сондай тереңдік пен тектілік сезіледі.

Жиырмамыншы ғасырдағы афоризм авторлары арасында С.Торайғыров, Ғ.Мүсірепов пен Б.Момышұлының орны бөлек. Олардың өресі жоғары, өрісі кең, көркем кестеленген қанатты ойлары ел ішінде кең танымал. «Мүсіреповты мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек» деген қанатты сөз авторы – академик З.Қабдолов творчествосына да ұтымды өрілген ұшқыр ойлар тән. Қанатты сөзге ерекше ден қойып, оның теориясы мен тәжірибесін бірдей өз творчествосының объектісіне айналдырған ойлы шебер – М.Әлімбаев. Афористік ойлау машығы Қ.Мырзалиев, Ә.Кекілбаев, А.Сүлейменов творчествосының да ерекшеліктері қатарына жатады. Сонымен бірге, афоризмнің кейбір түрлерін (мысалы, саяси афоризмдер) қоғамда айырықша орны бар танымал тұлғалардың сөйлеген сөздерінен де кездестіруге болады.

Афористика – даналық дарағы. Көрікті ой, көркем сөз. Ұшқыр ойды көркем образға айналдыру өнері. Даналықтың бір құпиясы осы өнерде жатса керек. Даналық дарағының асыл дәнегінен нәр алып, астарлы да ажарлы ой бұлағының әбілхаят нұрынан құмар қандыру қашан да жаныңды байытып, жігеріңді жанады. Өмірге деген көзқарасыңды қалыптастыруға көмектеседі. Күрмеуі көп тіршілік құпияларын танып-білуіңе көмектеседі. Беріден салғанда – ата-бабанның, әріден алғанда – адамзат баласының жер бетінде өмір сүру тәжірибесінің қыр-сырларын көңіл көзіңнің алдынан өткізеді. Тарих төріндегі талай марқасқа бабалардың ғана емес, заманы бір талай заңғарлардың ойына ортақтастырады. Әлдебір сәттерде, әлдебір себептермен қиналып, жабырқаған кездерінде жан серігіңе, рухани демеушіңе айналады. Сонысымен қымбат!

Ербол Шаймерденұлы



БІРІНШІ БӨЛІМ

ОЙ – ҚАЗЫНА

**БАҒЗЫ МӘДЕНИЕТ БҰЛАҚТАРЫ
(АРҒЫ ҚАЗАҚ АРНАЛАРЫНАН)
(Б.з.д. V–VIIIғғ.)**

АНАҚАРЫС (АНАХАРСИС)

АҚЫЛ АТАСЫ – АҚИҚАТ

1. Көк аспанда күн күймесі қалай еркін қозғалса, сайын далада скиф керуендері де солай еркін көшіп-қонады.

2. Түндігінен күн нұры тура түскен киіз үйге тастан немесе саз балшық пен ағаштан қаланған қапас кепелер қайдан жетсін!

3. Еркін адам дегеніміз – өз қалауымен, өз заңдарымен өмір сүретін адам.

4. Тіршілік гүлзарында бойыңды балқытар ләззат сыйлайтын да, бақыттан бас айналдырар асқақтық зәрін төгетін де, жан түршіктірер жаманатқа жаралған да «өсімдіктер» кездеседі.

5. Тән – жанның, жан – жаратқанның аманаты.

6. Жақсылық та – тілден, жамандық та – тілден.

7. Теңізге шыққандар ажалдан өздері мінген кемеңіз қалыңдығындай ғана қашықтықта жүреді.

8. Ең қауіпсіз кеме – жағада тұрған кеме.

9. Сый – жеңгендікі, сөз – тергендікі.

10. Ақымақтардың арасында ақылды болу да ақымақтық.

11. Шарап ішуден жарыссаң да, шашаңа шаң жұқтырмас жүйрік атанғанға не жетсін, шіркін!

12. Ашуланған адам алдымен өз басына жамандық тілеп алады.

13. Тәтті тағам емес, денсаулыққа пайдалы тағам тәтті.

14. Элладада ақылдылар – сөйлеумен, ақымақтар – іспен айналысатынына таң қалдым.

15. Элладада хас шеберлер сайысына ештеңеден хабары жоқ қарабайырлар төрелік ете беретінін көріп таң қалдым.

16. Бақытты шаңырақ дегеніміз – жалтылдаған сәнді сарай емес, жан жарыңның, жақын-жораларың мен сүйкімді балаларыңның сыңғырлаған күлкісі, ырысы мен ынтымағы.

Шығармалары. Бірінші том

17. Әр елдің өз машығы бар: садақ тарту – скифтердің, сыбызғы тарту – эллиндіктердің сүйікті ісі.
18. Жолы болғыштардан күш асыру қиынның қиыны.
19. Ымды түсінбеген дымды түсінбейді: Эзопқа берген жауабым – Диоклға жасаған ишарам.
20. Жалған сөз – желге ұшқан сөз.
21. Теңіздің дәмі тамшысынан білінеді.
22. Даланың заңдары тек достық пен бауырластыққа негізделген.
23. Ақыл атасы – ақиқат.
24. – Скифтер де құдайға құлшылық ете ме?
– Иә, біз де жасағанға құлшылық етеміз. Тек біз онымен адамша сөйлесеміз. Эллиндіктер сияқты сүйек пен қарағай үні адам тілінен ұғынықты деп есептемейміз.
25. Ең жақсы өкімет – ең жақсы азаматтар билік құрған өкімет.
26. Дүниеде уақыттан жасы үлкен ешкім де, ештеңе де жоқ.
27. Бөліп-жарылуды білмейтін жалғыз тұтас нәрсе – ажал.
28. Заң дегеніміз – өрмекшінің торы: әлсіздер тұтылып, әлділер құтылып кете береді.
29. Жақсы жасалған құмырсқаның илеуі мен құстың ұясы да жайлы мекен, жақсы тұраққа жатады.
30. Маскүнемдікке салынып кетпес үшін ұсқынсыз ішкіш бейнесін ұдайы көз алдында ұстаған жөн.
31. – Тірілер көп пе, әлде өлілер көп пе?
– Бұл сұрақтың жауабы: теңізде кемеде жүзіп келе жатқандарды қай жағына қосуыңызға байланысты.
32. Абыройды жақсы алатын, жамандық жолда қалатын, қалғаны тең жаратылатын жүйеге негізделген мемлекеттік басқару тәртібіне не жетсін, шіркін!
33. Үй дегеніміз – балташылар мен тас қалаушылардың еңбегінің ғана емес, үй ішінде тұрып жатқан адамдардың өзара қарым-қатынасының да жемісі.
34. Келген қонаққа достық көңіл, қонақжайлық пейіл таныту – үй иесінің борышы.
35. Әлемде күннің нұрынан асқан ғажайып еш нәрсе жоқ.
36. Бұл дүниедегі алыптың алыбы – дүниенің өзі.

ТОҚСАРЫ (ТОКСАРИД)

ҚИЫНДЫҚТА ҚОЛ ҰШЫН БЕРГЕННЕН АСҚАН БЕРІК ДОСТЫҚ ЖОҚ

1. Достық туралы көп сөзден достық пейілді бір іс артық.
2. Адамдарды қаны ғана емес, жақсы істері де туыстырады.
3. Рух өлмейді, рух көшеді.
4. Ерлігі бар елге жағар.
5. Өліге құрмет – тіріге сауап.
6. Даңқты адамдардың рухына бас иіп, тағзым ету соларға ұқсасам екен деген тілекті оятады.
7. Ерлік жасағанның атасын сұрап алаламас болар.
8. Скифтер үшін достыққа адал адамдарға құрмет көрсетуден асқан абырой жоқ.
9. Адамдардың көпшілігі жел оңынан тұрып, тымықта жүзіп келе жатқанда – қасындағыларды «қызық-қуанышты тең бөліспедіндер» деп кінәлауға шебер келеді, ал сәл дауыл тұрса болды – оларды қашан көргенін ұмытып, жансауғалауға көшеді.
10. Қиындықта қол бергеннен асқан берік достық жоқ.
11. Досын сатқан қосын сатқанмен бірдей.
12. Сөз сайыста жеңілген де – бір, тілі кесілген де – бір.
13. Қызыл сөзге салыну – қызған отқа қарылу.
14. Құдалық та – достықтың дәнекері.
15. Босанарын біліп тұрып, байлауға түскен батылдыққа жатпайды.
16. Эллиндіктердің достығы, скифтердің достығына қарағанда, баланың ойынындай екен.
17. Кемешінің өнері кеме жағада тұрғанда емес, теңізде дауыл ұрғанда танылады.
18. Дос көп болмайды.
19. Айызың қанар сөзден, айызың қанар іс артық.
20. Дүниеде достық заңынан асқан заң жоқ.
21. Досқа адалдық – рухқа адалдықпен бірдей.
22. Қанмен бекітілген достықты жаннан безген жаман бұзады.
23. Ен даланың еркін самал желімен, көшпелі елдің қанжар жүзді кегімен ант етемін!
24. Көзінді ойып берсең де, дос көңілін қалдырма.

Шығармалары. Бірінші том

25. Байлықтан артық достық бар, достықтан артық байлық жоқ.
26. Қызғанышта көз көп: біреуі – күдік.
27. Арсыздыққа бәс тіккеннен – ақ ажалға бас тіккен артық.
28. Өмір – самал, ажал – амал.
29. Құлақ сарсытқан көп сөз.
30. Табын-табын малыңмен емес, қатар-қатар қосыңмен емес, ақ-адал досыңмен мақтан.
31. Досыңның арына тигені, өзіңнің арыңа тигені.
32. Сейсенге сенсең, маған сен.
33. Абақ: «Бала – белде: өлгеннің орны толар, бірақ жақсы боларын кім білген. Гиндандай сенімді дос опат болса – орны қалай толар».
34. Бақ болмайды басқа бақ, есің барда елің тап.

ТОНЫКӨК (ТОҢ-ҰҚЫҚ)

ЖҰҚАНЫ ТАПТАУ ОҢАЙ, ЖІҢІШКЕНІ ҮЗУ ОҢАЙ

1. Ақыл иесі – сөз иесі.
2. Жеріңді жат баспағай.
3. Жұқаны таптау оңай, жіңішкені үзу оңай.
4. Қағаны батыр, ақылгөйі кемеңгер елдің бағы жанады.
5. Жершіл жігіт жол табар.
6. Ер жігіт жолын сүңгімен ашады.
7. Қол қосылса, күш асар.
8. Аяқтан шалма, қапыда қалма.
9. Жан беріп, жан алысар жорықта, жауым көп деп қорықпа.
10. Жауың басынса, жолың жабылар.
11. Жауынды басындырма, халқыңды ашындырма!
12. Күші толып, кемеліне келмесе ел,
Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмес ер.
13. Қағансыз ел кіріптар.
14. Біріккен батыр жау алар.
15. Пәтуасыз ер елге сор.
16. Бүлдіруші бар жерде мұң да бар.
17. Жауға қарсы шаппаған, аяғына жығылар.
18. Ел қамын жеген ер – басшы.

19. Ердiң жеңiлгенi – елдiң жеңiлгенi.
20. Жеңiлiстiң өзiнен де ұяты жаман.
21. Қаған парызы – халқын тойдырып, мерейiн өсiрiп отыру.
22. Түнде ұйқы көрмедiм, күндiз күлкi көрмедiм; қызыл қаным төгiлдi, қара терiм сөгiлдi; күшiмдi сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрi елiм үшiн!

БІЛГЕ (МЕРГЕН)

ЕЛ БОЛЫП БІРІГУДЕН АСҚАН БАҚЫТ ЖОҚ

1. Біз көктен жаралған, көктің ұлы – түркі жұрты боламыз!
2. Түркіні бұзар – тәтті сөз.
3. Дарақылық үмітінді үзіп, қанатыңды қияды.
4. Әсіре даңқ пен асыра байлық ұятсыздық пен бұзақылық күшағында түншықтырады.
5. Төзімі тозғандар ең шуақты күндерін шарапқа айырбастайды.
6. Түркі жұртының тоқмейілсуден асқан дұшпаны жоқ.
7. Дүниеқоңыздық пен тойымсыздық есінді алып, еркіннен айырады.
8. Зират көрсең, зиярат ет.
9. Егер ел басшысы тоңмойын һәм сатқын болмаса – елдiң бағы.
10. Жауыңнан бұрын қимылда, жерiңе жамандық келмейдi.
11. Нағыз ер «дүние, мал» деп дiрiлдемес болар.

КҮЛТЕГІН

ТАТУ ЕЛГЕ ТЫНЫШТЫҚ ПЕН ТОҚШЫЛЫҚ НӘСІП

1. Тағдыр – тәңірі ісі.
2. Адам баласының бәрі де өлгелі жаралған.
3. Көтерген де – тәңірі, ел берген де – тәңірі.
4. Жер-су иесіз болмауы керек.
5. Қаған ел құрар.
6. Түркі халқы жойылмасын, ел болсын!

Шығармалары. Бірінші том

7. Кедейді бай, азды көп қылмақ парыз.
8. Қағаны кекшіл елдің халқы бүлікшіл келеді.
9. Отша жайпап, бөріше бұру.
10. Көзде – жас, көңілде – шер.
11. Іші ассыз, сырты тонсыз.
12. Ел ұстап, заң жасаған.
13. Тізесі барлар бүгілер, басы барлар жүгінер.
14. Бек ұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың күң болмағай!
15. Ері жоқ елдің күні қараң.
16. Қаның судай ақты, сүйегің таудай жатты.
17. Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.
18. Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанының алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі менен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады.
19. Қағанынан айырылған ел – ғаріп, иесінен айырылған жер – ғаріп.
20. Күшке күш қосылса – құп, елге ел қосылса – құт.
21. Бөрідей батыл ердің дұшпаны қойдай қырылар.
22. Ағасын танымаған іні азар, атасын танымаған ұл азар.
23. Қаруы бар қалың қолды қақыратар,
Найзасы бар қызыл қаныңды шашыратар.
24. Көктен тәңірі баспаса, жер айырылып жатпаса, кім қорлар қалың түркі елін?!
25. Найза бойлар науша қар.
26. Қайғы: көрер көзім көрместей, білгір ақылым білместей болды.
27. Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда – екеуінің арасында адам баласы жаралған; адам баласы үстіне – Бумын қаған мен Істемі қаған отырған; отырып, түркі халқының ел-жұртын қалыптастырған, иелік еткен.
28. Халқына бегі, бегіне халқы сенген ел ұзақ жасайды.
29. Інің ағаңдай болмас, ағаң атаңдай болмас.
30. Билеушісі біліксіз елдің жұрты жалтақ келеді.
31. Түркінің қасиетті жер-суының қарғысына қалма!
32. Жаратқан жар болса, жеңістің жолы ашылады.
33. Бас иесіз ел тозар.
34. Зердесіз қаған ел билесе – сол жаман, Әлсіз қаған ел билесе – сол жаман.
35. Білмегенге – ермеген.

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

36. Жауыңды жеңу – бір басқа, жауықпас ету – бір басқа.
37. Айбарлы қағанның аты да жау қашырады.
38. Халқын жұтатпаған қаған бақытты.
39. Халқын асырау қағанға парыз.
40. Қаған үшін еліне қарулы жау келтірмегеннен асқан мерей жоқ.
41. Қағанын сатқан халықты тәңірі де жаратпайды.
42. Көлгірдің күні қараң.
43. Түзу жолдан шыққанға темір қамыт тұр әзір.
44. Кетіскеннен кектескен жаман.
45. Шағыстырған да – бір, шабыстырған да – бір.
46. Жау да – бір, жыртқыш та – бір.
47. Елі сүйген ер бақытты.

ОРТАҚ ҚАЗЫНА
(VIII – XIV ғ.ғ.)

ҚОРҚЫТ

КӨП ҚОРҚЫТАДЫ, ТЕРЕҢ БАТЫРАДЫ

1. Адам баласы керуен сияқты: тоқтады, көшті де кетті.
2. Шыққан жан қайтып енбейді, өлгендер қайтып келмейді.
3. Ажал жетпей өлмек жоқ.
4. Алыс жолды көзбен көр, көкейге түй.
5. Ат шабады, ер шаттанады.
6. Қанша тасып-тулағанмен, өзен теңізді толтыра алмайды.
7. Қанша қалың жауғанмен,
Қар көктемде қалмайды.
Гүл жайнаған шалғын да,
Қара күзге қалмайды.
8. Құстың қонар жерін су білер,
Малдың барар жерін ну білер.
9. Топырақ тау болмайды.
10. Айтар сөзді ойлап айт.
11. Отыз тістен шыққан сөз – отыз сан ордаға жайылар.
12. Ат аяғы ақсауық,
Ақын тілі қақсауық.
13. Ескі киімнің биті ащы,
Жетім баланың тілі ащы.
14. Көк шүйгінін киік білер.
15. Жайылымның жақсысын жылқы менен құлан білер.
16. Сүрлеу сырын түйе білер.
17. Іннің аузын түлкі білер.
18. Керуеннің түнгі жүрісін торғай білер.
19. Ердің батқанын ат білер.
20. Ауыр жүктің михнатын тұғыр емес, тұлпар білер.
21. Саз орайын бөкен білер.
22. Қапелімде бас ауырғанын ми білер.
23. Ер жомартын, кісі ақылын жырау білер.

24. Бас аман болса, бөрік табылады.
25. Ауырған жерін ауру біледі.
26. Дәулетті ұл – ошақтың қоры,
Дәулетсіз ұл – атаның соры.
27. Ұлдың күні күн емес, атадан мал қалмаса,
Ата малы пұл емес, баста ақыл болмаса.
28. Қанша байлық жисаң да, бұйырғаннан артық кие алмайсың.
29. Тебегеннің таңын сүзеген айырады.
30. Ат арытпай жол бітпейді.
31. Пасыққа дәулет бітпес.
32. Ат жемейтін ащы шөптің шыққанынан шықпағаны игі,
Адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі.
33. Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың туғанынан
тумағаны игі.
34. Жалған сөздің болғанынан болмағаны игі.
35. Сауыттың қасиеті – қылышпен ұрғанда, аттың қасиеті – жау-
дан алып шыққанда көрінер.
36. Шіріген мақтадан мата шықпайды, ежелгі дұшпаннан дос
шықпайды.
37. Көп қорқытады, терең батырады.
38. Жалғыз жігіт қол болмас.
39. Бос ыдыстың түбі мықты болмас.
40. Қыз анадан үйренбей өнеге алмас.
Ұл атадан үйренбей сапар шекпес.
41. Әдепті сөйлеп, тыныш отыр.
42. Ұл ақылды хош көрмес, ата үлгісін көрмесе,
Қыз жарылқап ас бермес, ана үлгісін көрмесе.
43. Ұл – атаның сыры, екі көзінің нұры.
44. Сүйеуі бар құл болмас, күйеу бала ұл болмас.
45. Түбі жат бала туғандай болмас: ішер, жер, киер де кетер,
бірақ «көрдім» демес.
46. Ананың хақы – құдайдың хақы.
47. Тәкаппарлықты тәңірі сүймес.
48. Дүние-мал шашылмай, «мырза» деген атақ жоқ.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

АДАМ МАҚСАТЫНА ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ ЖЕТЕДІ

1. Ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты.
2. Ақиқат адалдықпен ағзалас.
3. Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.
4. Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәрте ел алдаса да өзінді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Кезде дағы әзәзілдер азғырған.
5. Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.
6. Мінез-құлық міні рухани кеселге жатады.
7. Өзгенің пікірін иемденіп кету – надандық һәм ниеті арам адамға лайық іс.
8. Бейқамдық сәтсіздікке бастайды.
9. Жүргендер көп достық атын малданып,
Қалмағайсың сен де бірде алданып.
10. Өз бойында жоқ қасиеттерге құмар кісі көлгір келеді.
11. Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу.
12. Білім қуған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жатады.
13. Шын білім – ақиқат, анық білім.
14. Ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұтырлы ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды.
15. Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек.
16. Мінез – жанның айнасы.
17. Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты.
18. Мінез бен ақыл жарасса, адамгершілік ұтады.
19. Сұлу саз жан сергітеді.
20. Тән ауырса, жан да ауырады.

21. Шын беріліп қызықтаған нәрсе ғана жүрекке жетеді.
22. Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың аражігін ашуына көмектесетін күш.
23. Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту.
24. Адамның тоқымашы не атбегі болып тумайтыны тәрізді, қайырымдылық пен қайырымсыздық та жаратылыстан бойға бітпейді.
25. Адамның тәндік жаратылысының дамуының негізгі көрсеткіші – денінің саулығы.
26. Ізгі және қажетті шаруа атқарған адамның бәсі де жоғары болуы керек.
27. Адам кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді.
28. Өз ісіннің білгірі һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге ұмтылу керек.
29. Қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да, игілігін көріп, рақатына бөленуді мақсат тұтқан жөн.
30. Әсіре көп не кем еңбек ету күшке күш қоспайды, қайта қалжырата түседі.
31. Адамның жақсы әрекеттер жасауға да, жаман әрекеттер жасауға да туа бітті мүмкіндігі мен қабілет-қарымы жетеді.
32. Дұрыс әрекет мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталады.
33. Ең тамаша әрекет – бақытқа қол жеткізетін еркіндік.
34. Талпыныс тәжі – табандылық.
35. Өнер біткеннің бәрі бір адамның құшағына сыймайды.
36. Поэтикалық шығармалардың қай-қайсысы да бір нәрсені қиялмен жақсы бейнелеп шығуға ғана арналады.
37. Өнердің теориясын меңгеру дегеніміз – өнерге қатысты мәселелерді ақыл арқылы ұғыну және талғам қабілетін игеру.
38. Бақыт, қуаныш және ләззат сезімдері асқан сұлу, ең әсем және аса көркем дүниелерді қолмен ұстағандай айқын және кемел дүниелер ретінде танып-білу арқылы ғана пайда болып, толық болмысқа ие болады.
39. Музыка – рухтың, құмарлық пен ынтызарлықтың, әр алуан көңіл күйдің ісі.
40. Музыканың негізгі міндеті – адамның эстетикалық қажетін өтеу.

Шығармалары. Бірінші том

41. Адамға тән бір жақсы қасиет өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, одан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу.

42. Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек.

Өйткені, аса қаталдық шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкіртті селқос қарайтын болады.

43. Ғаламда әр адамның өз орны бар.

44. Ғақлия көзбен қарасаң,

Дүние – ғажап, сен – есік.

Жаһлы көзбен қарасаң,

Дүние – қоқыс, сен – меншік.

45. Даналар талай нысан тапқанымен,

Тапқан жоқ тектің тегін әлі бірі.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН

ЖАҚСЫ ІС КӨП ЖАСАЙДЫ

1. Күншілдік – көп болып емдейтін дерт.

2. Күншіл адам мұңшыл.

3. Қызғаныш қайда болса, ұрыс-керіс те сонда.

4. Опасызға бір түйір нан тістетпе,

Күншілге де сеніп ісің істетпе.

5. Мас адамда ақыл болмайды.

6. Шараптан мың пәле түсер ізіңе,

Зинақорлық түкіртеді жүзіңе.

7. Шарап ішпе, жүр пәледен қашықта,

Байка, атанба зинақор да, пасық та.

Сақ бол, шарап, зинақорлық күйгізер,

Олар тонын кедейліктің кигізер.

8. Ішпе шарап, әйел қуып арыма,

Дақ түсірер бұлар бектің арына.

9. Шарап деген білім мен ақылға жау,

Шараптың шатағы сол ұрыс пен дау.

10. Ішке шарап барса, сөзді шашынан сүйреп шығарады.

11. Аңсаған істің айыбы білінбейді.

12. Көк езу – жаман пиғыл, нәмәрт кісі,
Адамның қадірлісі – жомарт кісі.
13. Тәтгінің сұрауы қатты.
14. Жарамсақтың жолы жіңішке.
15. Ұрының қасында ұры жүреді.
16. Көп күлген бір жылар.
17. Бәлекорды байытпа, тәкаппарды өсірме.
18. Қиянаттан алыс жүр.
19. Жамандық алтын басыңды аяққа сүйрейді.
20. Бар пәле нәпсіқұмарлықта.
21. Көз – жіті, құлақ – сак, көңіл – кең болуы керек.
22. Көз қайда түссе, көңіл де сонда.
23. Көз көрмей, көңіл тоймайды.
24. Кісі көңілі – түпсіз тұңғиық.
25. Көңілшек кісілер тез табысады.
26. Ақкөңілділік – адам ойының тазалығының белгісі.
27. Тілектің шегі болмайды.
28. Қайғы басса, ағаш атқа жайдақ мінерсің.
29. Тарыққан – қуанар, қамыққан – уанар.
30. Сағыныш түбі – сүйініш.
31. Қайғыру бар, сәтті бар,
Ащымен бірге тәтті бар.
32. Дүниеде тек бір құдай ғана мұңсыз.
33. Болса да қол қысқа, шағынба болмысқа.
34. Уайым жоқ – сөзің тегін кетпесе, өкініш жоқ – күнің босқа өтпесе.
35. Сордың соңы – бақ.
36. Жылуы жоқ жүрек те – бір, қуыс кеуде де – бір.
37. Рақат іздесең – бейнетінен қорықпа,
Қуаныш іздесең – қайғысынан қашпа.
38. Махаббатты көзден танып, көзбен көреді.
39. Қоштасу – жүрекке салмақ.
40. Кісіліктің үлгісі – мейірбандық.
41. Тегің мен түбінді ұмытпағайсың!
42. Атаның орны балаға қалады.
43. Ұл туса – әкеге тартар.
44. Ата өлсе – бала аман.
45. Ұлың менен қызың – жарқыраған екі көзің.

Шығармалары. Бірінші том

46. Қатты тәртіп көрсе бала бүгінде,
Өнерімен қуантады түбінде.
47. Кейін өзің қалмау үшін табаға,
Жөнге салып, ие болғын балаға.
48. Өнер-білім берем десең басынан, бер оқуға балаларды жа-
сынан.
49. Сұлу әйел алған – өмір бойы қарауыл боп өтеді,
Бай әйел алған – өмір бойы құл болып өтеді.
50. Кісі алдындағы асқа қол созбас болар.
51. Аз жақсылық жасағанға да көп рахмет айту парыз.
52. Жақсы мінез адамға азық та, киім де тауып береді.
53. Үлкен келгенде, кіші аяғын аямас болар.
54. Ыстық асты үрлеп ішпе.
55. Сәлем – сауап.
56. Құрсақта біткен мінез қара жерге бірге енеді, сүтпен біткен
мінезді өлгенше өзгерте алмайсың.
57. Күшті кісі – құт қонар тұғыр.
58. Үш тағанның бірі қисайса, қалғандары құлайды.
59. Дос табу оңай, сақтауы қиын,
Жауласу оңай, тоқтауы қиын.
60. Көңіліне қарай – дос таңда, күшіңе қарай – жүк таңда.
61. Тең – теңімен.
62. Қолдаушың көп болса, мақтауға сөз табылар.
63. Дос достың кемшілігін кешіре білер.
64. Үй сатып алсаң – көршіңе қара, жер сатып алсаң – суына қара.
65. Сыйлағанды – сыйла, илегенді – иле.
66. Ақыл-кеңес бергенге қызметінді аяма.
67. Ағайынмен – сыйлас, үлкен мен кішіге – күле қара.
68. Өз ісінді өзің атқар, өзгеге салмақ салмағын.
69. Дүниеге жаям десең атынды,
Жолаушыға қызмет қыл татымды.
70. Халық бүлінсе, саясат түзейді.
71. Халық тарықса, үкімет жұтайды.
72. Кең пейіл кісінде қулық болмайды.
73. Диканның дәмі адал.
74. Қара халық – қорғаншақ.
75. Жай халықсыз болмайды іс те, ештеме,
Жайлап сөйлес, жөнсіз билеп-төстеме.

76. Ханның ақысы болса, қараның хақысы бар.
77. Басшысы қадірлі болса, қарамағындағылары мәзірлі болады.
78. Ханмен қоңсы отырма, таситын судың бойына қонба, қамалға таяп барма!
 79. Қылыш қан төксе, иесі ел билейді.
 80. Хан да – біреудің ұлы, құдайдың құлы.
 81. Ханның әділетсіздігі – бар пәленің басы.
 82. Уәзір мұрындықты теріс тартса, кең дүниен тарылар.
 83. Бек қайда барса, құлы сонда.
 84. Бек деген – от: жақын жүрме – күйесің.
 85. Бек қызыққа құмар болса, қалған елдің күні қараң.
 86. Сараң бек ел билей алмайды.
 87. Елшісі епсіз патшаның бағы жанбас.
 88. Қажыға барам десең – мал жи,
Қазы болам десең – ар қи.
 89. Ел билеу үшін ақыл, жүрек, ой керек.
 90. Қылыш ел шауып, қазына құрайды,
Қалам қазына тауып, қайыр сұрайды.
 91. Кісенді кісі қаша алмас, айдаған жаққа жүреді.
 92. Күле сөйлесең, күллі тілегің орындалар.
 93. Сайтан сүйгенді құдай сүймейді.
 94. Жамандық жасасаң, жауабы өкініш болар.
 95. Жақсы іс көп жасайды.
 96. Түзу қисықпен жараспас,
Ез игіге қараспас.
 97. Сұрау – оңай, жауап беру – қиын.
 98. Жақсыдан – шарапат.
 99. Өз пайдаңды ойлама, ел пайдасын ойла: өз пайдаң соның ішінде.
 100. Жаман мінез жау қылмағанды қылар.
 101. Ізгілердің ісі игі.
 102. Жақсының нұры таусылмайды,
Жаманның мұңы таусылмайды.
 103. Жаманға жуыспа.
 104. Балдың да уы бар.
 105. Жақсы жақсы тілек тілейді, жаман күнде қарғап-сілейді.
 106. Жазасын тартпайтын жамандық жоқ.
 107. Әділ сөз ащы көрінер.

Шығармалары. Бірінші том

108. Әділ заң – тірегің.
109. Әділдік жолын өзің аш.
110. Әділдік әкімдіктен де күшті.
111. Ғайбат істің өлшемі – өкініш.
112. Жақсылардың ісін өсекшілер бұзады.
113. Аққа қара тез жұғар.
114. Сенім қазына – байлықтан да артық.
115. Ала жіпті аттама, жазықсыз қан төкпе!
116. Бос жүрме, босқа жүгірме!
117. Айласын асырған арыстан да алар.
118. Кісіні ісінен таны.
119. Бір істі екі кісіге тапсырмас болар.
120. Кемеге мінген теңізге шығады.
121. Не істесең де ықтиярыңмен істе.
122. Асығыс түбі – өкініш.
123. Асыққан кешігер.
124. Тілі мен нәпсісін тыя білген, қасиетті бойына жия білер.
125. Шүкіршілік қылғанға шыр бітер.
126. Ұстамды бол, сабыр ет!
127. Шыдамдының айы оңынан туар.
128. Сабыр етсең ісің оңға асады, шүкір қылсаң жамандық та қашады.
129. Ұстамсыз бәлеге ұрынар.
130. Әр нәрсенің шегі бар.
131. Біреуге алтын-күміс бер,
Біреуге атақ-біліс бер,
Біреуге тек жұмыс бер.
132. Кірісіне қарай шығысы.
133. Құт кірген қақпаны жұрт қаумалар.
134. Бағы ашылған адам бәріне ұнайды.
135. Өмір – күшті, өлім – одан да күшті.
136. Тағдырың бүгін – мұнда, ертең – анда айдайды.
137. Барлық адамның тағдыры бір жерде түйіседі: құл да өледі, қожайын да өледі.
138. Бұ дүние көлеңкедей ойнайды: қусаң – қашар, қашсаң – сенен қалмайды.
139. Өткен өмірді қайтара алмайсың.
140. Екі күндік өмір ғой бұл мұнартқан,

Оны қуып несіне адам құмартқан?!

141. Бұл дүниеде екі-ақ есік бар: бірі – өмірге қарай ашылады, екіншісі – өлімге қарай ала қашады. Бірінші есікке енген адам екінші есікке де енеді.

142. Жатқан – тұрар, көтерілген – отырар,

Жарық – сөнер, жүрген кісі – тоқтар.

143. Бұл өмірді беріпті ғой азапқа, қызық қуып, бос өткізіп азайтпа!

144. Бұ жалған бергенін алар, жиғаныңды шашар.

145. Адам өмірі қылдан нәзік.

146. Дүние – сарай, адам – керуен.

147. Өлім – ғибрат.

148. Өлім келсе, өкінбей-ақ бара бер,

Зарлағанмен естімейді қара жер.

149. Кісі – өлер, сөз – қалар.

150. Тірі адам табылар.

151. Алпыс жаста өмірдің дәмі кетеді.

152. Өмірдің гүлі – жігіттік шақ.

153. Балалық өтті дегенше, жігіттік жетті десеңші.

154. Жаның шықса да, жақсы үмітіңді жоғалтпа.

155. Өлшеп берген талқан да тауысылады.

156. Тоқ та кетер дүниеден, аш та кетер.

157. Ажалсыз ерге өлім жоқ.

158. Жасық жас өкінішпен өседі,

Қайратты қарт тыныш өмір кешеді.

159. Тіл – елшінің қылышы.

160. Сөз – ойдың суреті.

161. Алтын-күміс жиған адам емес, сөз жиған адам бай.

162. Сөздің де уы бар.

163. Тіл қылыштан да өткір.

164. Тамақ – тәнге, сөз – жанға.

165. Ақылды аз сөйлер.

166. Тіл мен сөз – көңілдің айнасы.

167. Қыңыр сөз күйдіргі.

168. Ақыл мен білімнің тілмәші – тіл.

169. Тіл – арыстан күзететін босаға.

170. Әдемі сөйлеген кісінің ісі де әйбат.

171. Тура жолға ғалым бастар.

172. Тіл сырласар, өсек сыбырласар.

Шығармалары. Бірінші том

173. “Надандық” деген ауруды тәуіп емдей алмайды.
174. Білімдінің аты өсер, білімсіздің аты өшер.
175. Біліксізге төр де төмен көрінер.
176. Білік бағасын білікті білер.
177. Жұрт екіге бөлінер: түсінгені – тірі, түсінбегені – өлік.
178. Біліктінің ісі байыпты.
179. Танымы зор тамұқтан да құтылар.
180. Адамды білім сақтайды.
181. Білім мен ізгілік қана мұратқа жеткізеді.
182. Көңіл – терең теңіз, білім – тереңінде жатқан інжу-маржан.
183. Қылыш елді күзейді, қалам елді түзейді.
184. Қанша ұлы болсаң да, “бәрін білемге” малданбағайсың.
185. Дананың сөзі – наданның көзі.
186. Ашу қысса, аузыңды жап.
187. Қадірі асқан қартаймас.
188. Жай адамға бай адамның жүгін артпас болар.
189. Тақ пен бақ бір емес.
190. Бақыттының да басы айналар кез келер,
Мінезі айнып, құлқы сонда өзгерер.

МАХМҮД ҚАШҚАРИ

ТӘРБИЕ БАСЫ – ТІЛ

1. Ат қасқасы ай болмас.
2. Су татырмасқа сүт бер.
3. Қолыңа күміс қонса, алтын өзі келер.
4. Көсеу ұзын болса, қол күймес.
5. Қарыз кешіксе, қадам бітер.
6. Жүйрік тазыны түлкі сүймес.
7. Ит қаппас деме, ат теппес деме.
8. Түйе сілкінсе, есекке жүк табылар.
9. Қара бұлтты жел ашар, хан есігін сел ашар.
10. Түтінді түрткілегеннің өзі ыстанар.
11. Мысықтың мәулені мияулап туар.
12. Тілменен түйген, тіспенен шешілмес.
13. «От» дегенге ауыз күймейді.
14. Өгіздің сирағы болғанша, бұзаудың басы болған жақсы.

15. Ауыз жесе, көз ойылар.
16. Аңшы қанша айла білсе, аю сонша соқпақ біледі.
17. Ауылда лақ туса, жайлауда оты өнер.
18. Арқадағы жауыр ұлға қалар.
19. Аш не жемес, тоқ не демес.
20. Адам аласы ішінде.
21. Белгі жолдан тайдырмас.
22. Әдептің басы – тіл.
23. Іңген ыңыранса, бота боздар.
24. Бес саусақ бірдей емес.
25. Арпасыз ат қыр аспас.
26. Жалқауға бұлт көлеңкесі де жоқ.
27. Ер жігітті қорлама!
28. Екі бура сүйкенсе, ортасында сона өлер.
29. Ұятсызбен ұстаспа!
30. Кеңескен іс оңалар.
31. Қос қылыш қынапқа сыймас.
32. Күл үрлегеннен, шок үрлеген жақсы.
33. Бар – бақыр, жоқ – алтын.
34. Құдықтағы суға иттің тұмсығы жетпейді.
35. «Қаш-қаштан» хабар келсе, қасындағыны да көрмей қаларсың.
36. Көпірді су алар, су алмаса, сел алар.
37. Құрғақ қасық ауызға жақпас, бос сөз құлаққа жақпас.
38. Аш – албырт, тоқ – бейғам.
39. Тесік суда білінер.
40. Бақыттың белгісі – білім.
41. Үйірлі құлан айғырсыз болмас.
42. Өлетін тышқан мысықтың таңын қасыр.
43. Жер бастырығы – тау, ел бастырығы – бек.
44. Ақылды сөз алтын табакқа жеткізер.
45. Қызбен алыспа, қысырақпен жарыспа.
46. Есек айтар: «Бас аман болса, теңізден де су ішерміз», – деп.
47. Астық бастыру теңізшінің ісі емес.
48. Болатын өгіз бұзауынан белгілі.
49. Ағашты ұзын кескейсің – қысқартуға оңай,
Темірді қысқа кескейсің – ұзартуға оңай.
50. Зорлық есіктен сығаласа, әдеп түндіктен қашар.
51. Атаның ұлы атасына тартып туар.

52. Екпейінше – өнбес, талпынбайынша – жетпес.
53. Тау мен тау қауышпас, адам мен адам қауышар.
54. Бала су төгер, үлкеннің жамбасы сынар.
55. Көрпеден артық көсілген аяқ үсір.
56. Арыстан күркіресе, аттың аяғы тұсалар.
57. Қадірсізден құт қашар.
58. Заман қартайтқанға, бояу айыпты емес.
59. Әкесі ащы алма жесе, баласының тісі сырқырар.
60. Жасауы мол келіннің күйеуі жуас келеді.
61. Іс – ыңғайына, саудагер – пайдасына.
62. Астын дәмін тұз келтірер, көштің сәнін қыз келтірер.
63. Жақұты барға жасын түспейді.
64. Жібек жамау – жібекке, жүн жамау – жүнге.
65. Қанды қанмен жумас болар.
66. Дозақтың есігін пара ашар.
67. Күндестердің күлі де күндес.
68. Бидайдың арқасында бидайық су ішер.
69. Адамның қадірі тірлігінде.
70. Екі қошқардың басы бір қазанда қайнамас.
71. Жалғыз қаздың үні шықпас.
72. Кәрі өгіз балтадан қорықпас.
73. Күйдірсе де күн жақсы.
74. Далада бөрі ұлыса, үйдегі иттің бүйірі солқылдар.
75. Көзден кетсе, көңілден де кетеді.
76. Сүзеген сиырға тәңірі мүйіз бермес.
77. Жақсы адамның сүйегі қурағанмен, аты қалар.
78. Жаны кедей адамның құлқыны бір тоймайды.
79. Ауыр күн де өтеді, оған сабыр-шыдам қыл.
80. Қарт адамға көрсетпегін ірге, күш,
Қиындыққа халықпенен бірге түс!
81. Тобылғы тас жарады, тас бас жарады.
82. Түріне қарама, қасиетіне қара.
83. Тозған қорамсақтан тұқыл оқ шығады.
84. Алып жауда көрінер, байсалды дауда көрінер.
85. Ер шекіспей, бекіспес.
86. Сараң санға қосылмас.
87. Жағасындағыны жалаған алақандағысынан айырылады.
88. Алушы – арыстан, сатушы – тышқан.

89. Төлерде төредей бол.
90. Тәкаппар таксірет тарттырады.
91. Ашу қысса, ақылың ғайып болады.
92. От түтінсіз болмас, жігіт мінсіз болмас.
93. Құлақ естісе, көңіл сезер, көз көрсе, жүрек сезер.
94. Көп сүйінсең, қатты өкінерсің де.
95. Қара күн туғанша қара суға түспе.
96. Жоғалтқанды жоқтама, жоққа өкінбе.
97. Атаның тоны балаға жараса, бала атасын танымас.
98. Еркекқұмар әйел ерге жарымас.
99. Қылымсығанда қызыл киеді,
Жарамсақтанғанда жасыл киеді.
100. Ел қалар, әдет қалмас.
101. Пышақ қанша өткір болғанымен, өз сабын өзі жона алмайды.
102. Бұру шықса, ру шығады.
103. Ет тырнақтан ажырамас.
104. «Ағайын» десе, шақ қарадық,
«Қайын» десе, жалт қарадық.
105. Ұран көтерілсе – ру жиылар,
Жау келсе – жамиғат жиылар.
106. Өңіне қарама, өтеріне қара.
107. Жылқы – кісінескенше, адам – сөйлескенше.
108. Айтар сөзге тұшынғаның – нөқтаға басты ұсынғаның.
109. Тәрбие басы – тіл.
110. Үлкенмен керіспес болар.
111. Дос адам маңайыңды жұмақ етер.
112. Қосшыңды қорға!

ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ

ҚАМ КӨНІЛДІҢ ҚАЙҒЫСЫНА ДАУА БОЛ

1. Кекірейген кердеңдерден қаш.
2. Қам көңілдің қайғысына дауа бол,
Жолда шаршап-шалдыққанға сая бол.
3. Ғаріптерге көңіл бөл.
4. Құран ұстап оңдырмас жалған ғалым.

5. Әмәнда сауап жаса.
6. Тасжүрекке құдай назар салмайды.
7. Жан пидасыз құр «һу-һу» бәрі жалған.
8. Өзі, сөзі тазаны қолдайды Жаппар-Аллам.
9. Халқына қызмет ет, ізгілерге ізет ет,
Жаны жақсы жайсандарға құрмет ет.
10. Алла дегенге жын-шайтан жоламайды.
11. Әуейілік, пендешілік бір жат іс.
12. Тәуба қылмай, сауда қылғаннан сақтағай.
13. Не болса да, сабыр қыл.
14. Шарифаттың шарты иман.
15. Күнәдан қорық!
16. Нәпсің тынса, пейілін кеңір.
17. Күнәм көп, қорқам ойлап сергелдеңін.
18. Қайғы-уайым әр нәрседе абай болуға үйретеді.
19. Шын мүсәпірге тақ пен бақтың өзі зындан.
20. Құштарлықтың сыры алуан.
21. Ғашық патша да, ғашық пақыр да жауласа алмас.
22. Ғашықтық, құштарлық дертіне дауа болмас.
23. Пасық сөзден тұла бойға шаншылар мұң.
24. Сүйсең, хақты сүй!
25. Нәпсі көп жүгіртіп, хақты ұмыттырады.
26. Кімді көрсем, қызмет қылып, құлы болдым.
27. Білгіш болсаң өзіңе, ғашық болсаң өзіңе.
28. Сөз де надандардың көңіліне жол таба алмайды.
29. Көзі жанып тұрмағанның ғашық болдым дегені бекер.
30. Нағыз махаббат қысқа ғұмырыңды ұзартады.
31. Құштарлықтың ләззатына шомылумен бірге бейнетіне де төзу керек.
32. Нәпсінді тыйғың келсе, қорлыққа да көнуге тура келеді.
33. Ниетсіз, құлықсыз, құштарлықсыз, қиналыссыз сөздің салмағы жоқ.
34. Көңілің тойсын қанағатқа.
35. Жақсыларға қызмет көрсетіп, жақсы атан.
36. Ит дүниені қызықтама.
37. Бейнеттен қашпа.
38. Қызмет еленбей қалмайды.
39. Ғашық емес құштарына жан бермеген,
Дикан емес кетпен шауып нан бермеген.

40. Ғашықтардан жөн сұрап әуре болма.
41. Тақуа болма, тентек болма, ғашық бол!
42. Алланың ақ жолынан өзге жолда қайран жоқ.
43. Ғашық болсаң, таза бол.
44. Кісі малын қымқырып, ары азғандар оңбайды.
45. Іші қулыққа толының, көкірегінде ары жоқтың жүрегі діріл-демейді.
46. Нағыз тәліп (шәкірт) кісінің іші толы дүрлерге.
47. Жаман тәліп зікіршіл боп төс қағар, көздерінен жас тамбас.
48. Құр мақтанға құмартып, тұрғызба биік күмбездер.
49. Дүние фәни өткінші.
50. Имансыздар өздерін өлмейтіндей көреді.
51. Имансыздың көңіл көнегі ешқашан толмайды.
52. Аштан өлер болсаң да, нәмартқа міндет артпағын.
53. Тәубесі жоқтың көңілі арам.
54. Өз көркіңді өзің малдана берме.
55. Алланы айтып тәубе қыл, Алланы ойла.
56. Жаны сергектің – тәні сергек.
57. Менменнің барар жері – тамұқ.
58. Тәкаппар тозақта күйеді.
59. Бетпақ болма!
60. Нәпсіге ерме!
61. Нәпсіге ерген қор болады.
62. Тәубесі бардың, нұры бар.
63. Өткендердің ғибрат ісін ал ойға.
64. Жақсыдан ғибрат ала бергеннің ісі оңға басады.
65. Ғашықтық оты жан мен тәнді бірдей өртейді.
66. Құштарлықсыз жаратқанды да тани алмайсың.
67. Ғашықтық – ұлық базар.
68. Ғашықтыққа көз жасың ғана куә.
69. Жеңіп кетпей жеңілтек құр құмарлық,
Аллаға аусын ғашықтың ырқы барлық.
70. Шынайы ынтызарлық – ғашықтың бақыты.
71. Мен айтпадым, Алла өзі уәде берген:
«Құтқарам, – деп, – азаптан келсе пендем».
72. Құштарлықсыз хақ тағаланың жүзін көре алмайсың.
73. Құштарлық дария түбіндегі гауһар тәрізді.
74. Кердеңдік – пиғылы бұзылған пасықтың ісі.

75. Пейіл бұзылған кезде ораза, намаз, тазалық ұмыт қалады.
76. Бай малына мәз.
77. Менмен бай құдайға да ауыз салады.
78. Дүниеқоңыздың ішіне шайтан кіреді.
79. Ақ көңіліңмен Алла дегенінді тәңірі біледі.
80. Не көрсен де – тәңірі ісі.
81. Ғайбат айтып әркімдерді тілдеу – надандық.
82. Арың сақта, болсаң да малға кедей.
83. Жан жылуын өшірме.
84. Мұратқа жолын тапқан жетеді.
85. «Уа, дариға!» арманмен өтер өмір.
86. Білінбесін мінезіңнің кілтіңі.
87. Жамандық ойлама.
88. Қиын да болса, түзу жолмен жүр.
89. Бос үмітке алданба.
90. Ғашықтық жол – ауыр жол.
91. Өзім болдым демегейсің.
92. Ұстазыңа бар ықылас-ниетіңмен қызмет қыл.
93. Ұстазына қызмет қылмаған – надан.
94. Ойдағың оңай орындала бермейді.
95. Өтірікшінің орны тозақ.
96. Жалған сөйлеген имансыз қалады.
97. Дабыра-даңғазалыққа әуес-үйір болма.
98. Ғашықпын деп көп ішінде кеуде қақпа.
99. Шын ғашықтық – ұлы іс.
100. Құр қалғанды Алла да құп көрмейді.
101. Арам жеген әкімдер, параға құныққандар өкініш отына өртенеді.
102. Таңдап тәтті жегендер де, атлас-қамқа кигендер де, алтын таққа мінгендер де бір күн жермен-жексен болады.
103. Көңілі көзсіз кәззаптардан сақтасын.
104. Бар ықылымнан таппадым таза жанды.
105. Білімнен бейхабарлар Алланы да білмейді.
106. Дінсіз жанда иман жоқ.
107. Бұл заманның бос кеуде шайқылары,
Жиырма беске жетпей-ақ сарқылады.
108. Парықсыздар өздері жақсы-жаманның не екенін білмей жатып, мәнсіз біреулерді жер-көкке сыйғызбай мақтайды.

109. Жарым ақыл жарлылар өзгелерді иландыру үшін әулиелердің терме-нақылдарын теріс пайдаланады.
110. Сайқалдығы сайтаннан да асатын жүзіқаралар кездеседі.
111. Мұндарлардың маңына жоламағайсың.
112. Дүррі гауһар сөздерінді тыңдарлық –
Шын ғалымға жаның дағы құрбандық.
113. Алланы таныған, өзін де табады.
114. Құдайдан қорыққан, ынсапшыл келеді.
115. Жамандыққа жақсылықпен жауап бер:
бұл пайғамбарымыздың өнегесі.
116. Жетім, пақыр, ғаріпті жебей жүргейсің:
бұл пайғамбарымыздың өнегесі.
117. Өтірікшілерді жек көр: бұл – пайғамбарымыздың өнегесі.
118. Адал жанды пенделерге сен: бұл – пайғамбарымыздың өнегесі.
119. Сөзіне беріктерге пайғамбар да сенген.
120. Заман азар уағында патша айналар залымға.
121. Тарихатты білмегендер адалдық жолымен жүре алмайды.
122. Бәле келсе, сабыр ет: бәрі – тәңірінің ісі.
123. Мал-мүлік жидым деп мәз болма, жан кеткенде кетеді.
124. Ата-анаң, бауырлар, қайда кетті, ойланшы,
Төртаяқты ағаш ат саған да бір күн жетеді.
125. Кісі ақысын жеме!
126. О дүниеге ешкім де саған жолдас боп ермейді.
127. Ғашықтың күйіп-жануы – қалауы дейді құдайдың.
128. Ғашық бол, қалтқысыз адал ашық бол.
129. Пенденің кемел жасы – қырық.
130. Алла сөзі: жетпіс, сексен, тоқсан жасқа жетсе пендем,
күнәларын кешуге уәде берем.
131. Арамзамен сырлас болма,
Олай етсең, баспайды ісің оңға,
Бастан-аяқ батумен пәле-сорға.
132. Ғалымдарға кітап керек,
Софыларға михраб керек,
Мәжнүндерге Ләйлі керек.
133. Ғапылдарға дүние керек,
Ақылдыға білім керек,
Шешендерге мінбе керек.

Шығармалары. Бірінші том

134. Дүниеге күл болма!
135. Мейірімі жоқ менмендерге қаспын мен.
136. Ақ ниетімен ақ адал дәмін ұсынғандарға ақ пейілді бол.
137. Махаббат дәмін татпаған, жар сүйіп, қызығын көрмеген, үйін ойлап дүние таппаған, ойсыз-қамсыз шайтандыққа бой алдырғаннан иман қашады.
138. Өзәзілдің арбауына көнбе.
139. Тапқаның болса, ғаріп-пақыр, жетім-жесірлермен бөліс.
140. Нәпсіқұмар нас пиғылды жеңген тәңірі жолына түседі.
141. Қолыңнан келсе, кеудеңде шырақ жандыр.
142. Кітап аш та, мәнін ұқ.
143. Әділ сөйлеп, адал жүр.
144. Аяқ-қолыңды жерге түсірмей мақтағандарға қуанба.
145. Шын мүбәрәк жанның бағы жанар.
146. Бір Алладан басқа жәрдемші жоқ.
147. Жасырсың ұйқы қашса, бейнет басса.
148. Ойсыз, мұңсыз уақыт зая.
149. Тағаттылар табар рақат.
150. Тағат жаннатқа да жол табады.
151. Көңіл құсы қияндарға қонады.
152. Күнә – дерт.
153. Нәпсісі үшін нәпака іздеп, ой мен қырда итіндеген итке ұқсағаннан өлген жақсы.
154. Жарандармен қоян-қолтық араласпасаң, жылуын да сезбейсің.
155. Қайғы-уайым қиналтар талай жанды,
Үйретер әр нәрседе абайлауды.
156. Мінажатқа шын құлықсыз тұра салма.
157. Ғажап қой ішпек-жемек рақат үшін.
158. Ұрыншақтың дауы көп,
Жамандардың жауы көп.
159. Көпке топырақтай төселіп қызмет қыл!
160. Қысыр сөзге жолама.
161. Безбүйректің сенің іштегі дертінде еш жұмысы болмайды.
162. Ынсапсыздарда ұят-аят деген болмайды.
163. Сырты – сұлу, іші – арам.
164. Тәні тәрбиелінің жаны жаннатта болады.
165. Ақырзаман адамдары үйлерін өрнектеуге,
күйкі тірлікті күйттеуге әуес келер.

166. Тәубесі жоқ, көңілі арам пасықтарға
тар лақатта қатты азап қасіреті бар.
167. Күнә қылсаң, тәубеңе кел.
168. Ғашықтық – дүниедегі ең қиын түйін.
169. Жан – жара, көңіл – нала.
170. Дау – арам.
171. Ынтасыздың күні қараң.
172. Тойымсыздық – теріс нәпсі.
173. Мінәжат сырын қиналған білер.
174. Тарихат тапқан тазарар.
175. Ақиқат алауы да өртей алады.
176. Алланы таны, құдайдан қорық, ынсапты таңда.
177. Асылдарды әрқашан жадында ұста.
178. Мадақтар болсаң, шын асылды мадақта!

ҚҰТЫП

ТАСЫҒАН ҚАЗАН ТӨГІЛЕР

1. Дөңгелек нәрседен жүзік соғу оңай.
2. Сақпанды ата білмеген өз басына тигізеді.
3. Құдықты көздеуі бар жерден қаз.
4. Темірді жайлап иер болар.
5. Бұлт шықса, бағбан бақшасын ойлайды.
6. Оқ нысанаға ғана атылады.
7. Пеш ысыса, нан күйер.
8. Қазан көп қайнаса, ас бұзылады.
9. Аңғарғыш аңшы ауын алыстан тастайды.
10. Дем алу үшін алдымен еңбек ету керек.
11. Қабырғаның да құлағы бар.
12. Гауһар жоғалмасын десең, сенімсізге сеніп тапсырма.
13. Төзімді тілегіне жетеді.
14. Шатысқан істің шешімі – шыдам.
15. Ақырын жүрген алысқа барады.
16. Асығыстық – ақылдының ісі емес.
17. Үйдің іргесі берік болсын десең, қабырғасын асықпай қала.
18. Кілеміңе қарай көсіл.

19. Ішер судың да шамасы бар: артық – зиян.
20. Шам маймен жанады: көп май құйсаң өшіп қалады.
21. Алақанмен күннің көзін жаба алмайсың.
22. Бақыт бір жерде тұрмайды.
23. Малы көптің қайғысы да көп.
24. Арпа берген кісіге есек үйір.
25. Тұзы аз дәмнің татымы болмас.
26. Тәуіптен ауруыңды жасырмағайсың.
27. Көп ауру көр аузынан қайтады.
28. Ойлы адамға нақыл сөз ұнайды.
29. Ойлай білген ер көзсіз батырдан көп артық.
30. Ауру түннен қорқады.
31. Ақыл – білімге бастар жол.
32. Құдай берейін десе, ақылдының да, ақымақтың да тілегін береді.
33. Біреудің бойынан кемшілік іздеме, өнер ізде.
34. Біліктіні білгені үшін сыйлайды.
35. Су өзінің өрт сөндіре алатынын білмейді.
36. Жеміс пісіп жетілгенше ғана өседі.
37. Талай бөрінің түбіне түлкі жеткен.
38. Шопан «құтқарып алайын» деп тартқыласа, қасқыр «қауып қалайын» деп тартқылайды.
39. Қысылған жерде қоян да арыстанның ісін істейді.
40. Кірпіге қулық жараспайды.
41. Шаян ініне тышқан сыймас.
42. Ұшқан құсты қуып жете алмайсың.
43. Көгершін үйренген жеріне қонады.
44. Ұшудан қалған лашынның қарға төбесін теседі.
45. Гүлді көргенде бұлбұлдың өзі-ақ сайрай жөнелер.
46. Қанша асықсаң да, мезгілі жетпей іс бітпейді.
47. Кәріге жігітшілік жараспайды.
48. Қайғы да өтеді, қуаныш та өтеді, дәурен де өтеді: тек өкініш қана қалады.
49. Дүние тауқыметінен екі-ақ адам құтылар: біреуі – әлі тумаған адам, екіншісі өлген адам.
50. Бұ дүние де мыстан кемпірдей қу: тәттімен алдайды.
51. Дүние кейде бал сыйлайды, кейде ара боп шағады.
52. Кісі үшін кісі өлмес.

53. Тасыған қазан төгілер.
54. Өшетін жарық өлеусіреп тұрады.
55. Дән себілмей, астық өнбейді, дария буланбай, шық түспейді.
56. Сараңнан бір тілім нан сұрағанша, аштан өлген жақсы.
57. Жомарттық жоқ атаққа жол ашады.
58. Қайғылының көзінше қарқылдап күлме.
59. Қайғы да мәңгі тұрмайды.
60. Кісі өз қолын өзі кесе алмайды.
61. Күннің бәрі жаз емес, көңілдің бәрі мәз емес.
62. Келісіп істесе, көп іс бітеді.
63. Атып әкелген аң сыйлыққа жарамайды.
64. Елдің қарғысынан сақтан!
65. Сен – бас болсаң, қызметші халқың – аяғың болады.
66. Елді раймен алса – түзелер, қылышпен алса – бұзылар.
67. Елдің бай болуы патшаның ниетіне байланысты.
68. Қарашасы азбас хан болмас.
69. «Хан сарайынан қашықтау жүрген жөн» деп айтады жұрт.
70. Кісі жұртына күшпен келіп қонған оңбайды.
71. Күш жұмсама, қорлық іздеме.
72. Пиғылы жатпен қатар отырма.
73. Қасыңның қасына да сыр ашпа.
74. Ізгілік тілесең, ізгі бол.
75. Құрма ағашын жаратқан құдай тікен де жаратқан.
76. Қуаныш барда қайғы бар, құрма бар жерде тікен бар.
77. Қазына қасында жылан бар, бал бар жерде ара бар.
78. Кесек атқанға тас ат.
79. Қара жүрек қайғының не екенін білмейді.

АХМЕТ ИГҮНЕКИ

ЗАМАН ЕМЕС, АДАМ РЕНЖІТЕДІ

1. Бөрік киер бас керек.
2. Адамнан адамның нарқы басқа.
3. Кісінің текті, таза қылығы нұр.
4. Бүгін барың ертең жоқ.
5. Тасып-толған төгілер.

6. Көп сөйлеген сөз арзан.
7. Қайырсыз адам – жеміссіз ағаш.
8. Изетті ер ел бастар.
9. Жақсы мінез – жомарттық.
10. Жомарт ер білім жолын жете білер,
Мал беріп, атақ алып өте білер.
Жарылқап кем-кетікті білімменен,
Жақсы атпен дүниеден өте білер.
11. Сараң – малдың құлы.
12. Дүниенің малын жиса да, сараң тоймайды.
13. Берместің қолы бермеске бекем келер.
14. Сараңның жиған малы арам.
15. Дүниеқоңыздық – емделмейтін дерт.
16. Жамандықтың жолын жомарттық қияды.
17. Ел сүйерге жол ашық, жақсыларға қол ашық.
18. Жарайтын киім таба алсаң, жалаңашқа жап.
19. Жомарт бол! Жомарттық сені сүйкімді етеді.
20. Кеуде керіп, халықты тілдемес болар.
21. Тәкаппардың тонын киме!
22. Кішіпейілдің абыройы асар, тәкаппардың құты қашар.
23. Дәрежең өскен сайын ұстамды болғайсың.
24. Тәкаппарлық – қай тілде де қасиетсіз сөз.
25. Өз ашуын өзі баса білген адам – күшті адам.
26. Жазықтының күнәсін кешкен сауап.
27. Білместі «білемін» деу айып.
28. Жақсыға жақсы жарасар.
29. Жақсы достың жасар жақсылығы да көп болар.
30. Қасірет соңы – қуаныш.
31. Қуаныш – бірлеп, реніш – ондап келер.
32. Көрсетсе мейірбандық бейімделіп,
Шапағат сыйла сен де пейілденіп.
33. Мың досты көп демегейсің,
Бір дұшпанды аз демегейсің.
34. Жақсы жолдас – бауырың.
35. Сүйеуі бардың сөзі де басым.
36. Өзіңе сіңбеген сыр өзгеге де сіңбейді.
37. Жапа қылғанға опа қыл.
38. Заман емес, адам ренжітеді.

39. Ұлық болсаң, жеңілтек болма.
40. Ойлап сөйле!
41. Жарылқа кем-кетікті, жәрдемге ұмтыл,
Азат бас сондай жанға болады құл.
42. Дүние бірде – бал, бірде – у ұсынар.
43. Тікен егіп, жүзім күтпес болар.
44. Берекесіз дау мен күлкіден безгейсің.
45. Жамандық жасасаң да, жақсылық жасасаң да жауапсыз
қалмайды.
46. Айла жүріс ажалға айдар.
47. Айла ойлама, адал іс жаса.
48. Жаман мінез жанға опа бермес.
49. Әділдіксіз қайыр жоқ.
50. Шындық – шипа, өтірік – дерт.
51. Шын сөз – бал, жалған сөз – жуа.
52. Іші – арам, сырты – дос.
53. Ел тәуірі болып алды ішкендер,
«Маскүнем бол!» осы күні ішкен де ер.
Таза жүрген жол таба алмай торығып,
Өсіп жүр ғой арам жолға түскендер.
54. Қона білген, көше де білер.
55. Жолсызға түскен қалаған жерімен жүреді.
56. Өзің өкінер сөз айтып, өзің өкінер іс жасама.
57. Сабыр ет, қуаныш күт, бәле келсе,
Күте тұр, қайғы, реніш ала келсе.
58. Жақсылықтан үміт етсең, сабыр ет.
59. Сабыр – сауап.
60. Толық нәрсе азаяр, түгел нәрсе кемір.
61. Бақытта баян жоқ : ұшқан құс тәрізді.
62. Талапсыздың қайғысы да аз.
63. Құламас қамал жоқ.
64. Бақыт көктемгі бұлт сияқты: көрген түстей, ұшқан құстай
өтеді де шығады.
65. Майсыз жілікке қол созбайды.
66. Кедейлік кемдік емес.
67. Бай болу, кедей болу тағдыр ісі.
68. Теңіз «аз-көп» демей, төсіне тамғанның бәрін жұта береді.
69. Білімдар жөнді біліп «бекін» дейді,
Ақылмен іс істеген өкінбейді.

Шығармалары. Бірінші том

- Білмеген талай жұмыс істей жүріп,
Амал жоқ түбінде сол опық жейді.
70. Біліксіз білмей де сөйлей береді.
71. Өнерлінің өкініші көп,
Өнерсіздің өкініші жоқ.
72. Бұ дүние өнерліге өгей-ді,
Қамсыз адам өнері жоқ көбейді.
Өнер дәулет әкелмейді кісіге,
Сол-ақ қиын, сонда кімдер жебейді.
73. Жарлының жалғыз байлығы – білім.
74. Бақыттың жолын білім ашар.
75. Кедейдің кертiп жер малы – білім.
76. Білімді кісі керекті сөзді ғана айтады.
77. Білімсізге білікті сөз де парықсыз көрінеді.
78. Ессізге жуыма – кетер күй-есiң,
Отқа жуыма – күйесiң.
79. Біліксізге бәрі жөн.
80. Қараңғының басына хақтың сөзі кірмейді.
81. Наданға үгіт айтудың қажеті жоқ: ол бәрібір ұқпайды.
82. Ғалымды надан жер етер.
83. Білікті – баға жетпес алтын, біліксіз – кара бақыр.
84. Білімдіге білімсіз тең бола алмас.
85. Білікті біліп айтар.
86. Біліксіз адам майы жоқ жілік сияқты бос қуыс болады.
87. Әдептің басы – байқап сөйлеу.
88. Тіліңді тый, тісің сынбайды.
89. Есепті сөз – ер сөзінің асылы.
90. Оқ жарасы жазылар, тіл жарасы жазылмас.
91. Тіл біреуді көтереді, біреудің түбіне жетеді.
92. Шыншылдықпен өмір сүр.
93. Тіл мен жақтың көркі сөз.
94. Сөзі сұйықтардан сақтанғайсың.
95. Асыл сөз – аз, қалжың сөз – көп.
96. Ағысты мөлдір бұлақ ортаймайды,
Сөздері білімдардың қартаймайды.
97. Ойлы сөз – ұтқыр, ойсыз сөз – жұтқыр.
98. Қазасы жеткен елік тұзаққа өзі барып түседі.
99. Жыланның сырты – сұлу, іші – у.

100. Бал қайда болса, ара сонда.
101. Шадыман шақ шапқан желдей тез өтер.
102. Жас адам қартаяды, жаңа нәрсе ескіреді.
103. Үміт соңы – ажал.
104. Адам істерінің астарында ажал бұғып жатады.
105. Қанша ел болды халқы жатқан сыйыспай,
Бәрі кетті, жері қалды қуыстай.
106. Көрге жалғыз кіресің.
107. Өмір тәтті бүгін қолың жеткенде,
Удай ащы ертең тастап кеткенде.

САИФ САРАЙИ

ТАЙЫП БАРА ЖАТҚАНҒА ТАЯНЫШ БОЛ

1. Бақыттың шалғайынан басып, күшпен ұстап тұра алмайсың.
2. Бағы тайған балықшының қармағына телегей теңізде де түк ілінбейді.
3. Пайда да бір – аққан су да бір.
4. Табысы жоқтың танысы жоқ.
5. Құр ниетпен бек атана алмайсың.
6. Қиындық көрмей, байлық келмейді.
7. Мүсәпірдің ақысын жеме: тозақта күйерсің.
8. Артық ішкен ас зиян.
9. Адам ішіп-жеу үшін ғана өмір сүрмейді.
10. Саулығымды сақтаймын десең, аз же, бірақ уақытылы же.
11. Аяғы сынған кісіге серуен не сән.
12. Жанжалдың шоғы қызарса, ақылдың суын сеп.
13. Біліктінің орны төр.
14. Ақылды көптің көңілін аулар, күншіл жоқты даулар.
15. Темір шеге – тасқа кірмейді, ақыл – надан басқа кірмейді.
16. Ақымақты мақтасаң, қуанар.
17. Ісмер қайда жүрсе де, ақша табады.
18. Білмеген нәрсеңді сұрап алуды ар көрме.
19. Білім – ердің дәулеті.
20. Біліп істеген мақсатына тез жетеді.

21. Наданның әдеті: жолдасынан сәл қала бастаса, сыртынан қанжар сұғуға әзір тұрады.
22. Надандар білімді адамды көре алмайды.
23. Еңбегі жоқ ғалым балы жоқ ара тәрізді.
24. Патшалар ғалымдардың кеңесіне мұқтаж, ғалымдар патшалардың кеңесіне мұқтаж емес.
25. Қате сөйлеп, кейін өкінгеннен гөрі тек тұрған жақсы.
26. Айтқаныңды қайталама: алуаны да бір-ақ рет жейді.
27. Меккеге кетіп бара жатқан сорлының жолында кездескен бұтаның көлеңкесі де сұлтанның шатырындай көрінер.
28. Күшін бізге жеткенмен, құдайға жетпейді.
29. Түйнектен ағаш өседі, түйір дәннен камба толады.
30. Көрем десең табиғаттай зергерді,
Сапар шегіп аралап көр жер-жерді.
31. Аққан су тоқтамайды.
32. Ағаш біткенді жүкті қылатын – жер.
33. Дарақ жел бар жерде көгереді.
34. Күн шыққанда шамның қажеті шамалы.
35. Адамға шабатын арыстаннан жүк таситын есек артық.
36. Жанынан безген мысық жолбарыстың көзін шығарады.
37. Қу тамақтың қамы болмаса, құс тұзаққа түспес еді.
38. Сорлы есектің құны жоқ, жүк көтерер күші қымбат.
39. Кәрілік келсе, жігіттіктен қол үз: өзен кері ақпайды.
40. Адам бір оқтық.
41. Қорынып өмір сүргенше, қу кедей болып өлген артық.
42. Әркім өзінің білетін ісімен айналысқаны жөн.
43. Үш нәрсе баянсыз: бірі – саудаға түспеген мал (дүние), екіншісі – таласқа түспеген ғылым, үшіншісі – саясаты жоқ патша.
44. Көңіл берме көңіл бермес кісіге.
45. Өзіңнен қорқатын адамнан сақтан.
46. Жүріп кетсең – жетерсің, тұрып қалсаң – тынарсың.
47. Табыс – ағын су, рахат – диірмен.
48. Бейнет көрмегенге зейнет те жоқ.
49. Тырнағанмен темір таты кетпейді.
50. Жай жатқан жыланның құйрығын баспа.
51. Сапты аяқпен ас беріп, сабынан қарауыл қарама.
52. Кісінің түсіне емес, ісіне қара.
53. Пайдасыз шындықтан пайдалы өтірік артық.

54. Кек тұтқаннан кешірген жақсы.
55. Алдында тұрсаң жуас қойдай: сені «дос» деп біледі,
Артында тұрсаң аш бөрідей терінді тіледі.
56. Туралық – хақтың мейірі.
57. Мәуесі көп ағашқа тас та көп тиеді.
58. Келісті кісіге киілген киім де жараса береді.
59. Жамандық қылғанға жақсылықпен жауап бер.
60. Отты сөндіріп, қозасын қалдырма,
Жыланды өлтіріп, баласын қалдырма.
61. Әдепсіз келінге әдемі киім жараспайды.
62. Ізгі оймен ашқан есікті қатты жаппа.
63. Жұрт қашардай қатты болма,
64. Жұрт таптардай жуас болма.
65. Құлынды көп жәбірлей берме: қожасына бұғау салынып,
құлы бостандық алатын да күн туады.
66. Жол қиындығын жүрген білер.
67. Ізгілік пен әділдік өлмейді.
68. Жаманмен жолдас болма.
69. Тайып бара жатқанға таяныш бол.
70. Көзеге не құйсаң, соны ішесің,
Көшеге не ексең, соны орасың.
71. Алтын бар жерде тас та бар.
72. Амалы тауысылған дұшпан шын достыққа көшеді.
73. Арызданып бек болмас.
74. Әкімі залым болса, ел азады.
75. Бағбан жүзімнің дәмін білмес.
76. Қиын күнде қол ұшын берген нағыз дос,
Жайшылықта доспын деген жай сөз.
77. Сыналмаған кісіге үлкен жұмыс тапсырған опық жейді.
78. Дос зынданда жатқанда керек,
Дастарқан үстінде дұшпан да дос.
79. Жаман әйел – жақсы еркектің соры.
80. Жүрек кімді қаласа – сол сұлу.
81. Кісінің көңіліне қара.
82. Азға қанағат қылғанды ел сыйлайды.
83. Жомарт қолдар қуатты қолдардан да күшті.
84. Қашарға жол таппаған қылышқа жармасады.

85. Ер адам кек сақтамайды.
86. Оқтың өзін алып тастағанмен, орны қалады.
87. Қадіріңді кетірме: ол – сенің таптырмас байлығың.
88. Жас бұтақ қалауыңа қарай иіледі,
Иір ағаш тезге салмай көнбейді.
89. Инжудің құнын іздеген біледі.
90. Артында жақсы аты қалған адам өлмейді.
91. Ағаш көркі – жеміс, адам көркі – жақсы іс.

МАЙҚЫ

ХАН ӘДІЛ БОЛСА, ХАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТЫ БОЛАДЫ

1. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
2. Бірлік түбі – береке.
3. Би екеу болса, дау төртеу болады.
4. Естіге айтқан ақыл сөз – шыңға тіккен тумен тең,
Ессізге айтқан ақыл сөз – құмға сіңген сумен тең.
5. Жаман әйел ер қадірін білмес.
6. Хан әділ болса, халық ұнтымақты болады.
7. Хан – халықтың қазығы.
8. Уәзіріне сырын алдырған хан – қақпанға түскен аң.
9. Қыран қартайса, жағалтайға жаутандар.
10. Таста тамыр жоқ, ханда бауыр жоқ.
11. Дау арашасыз болмас, хан қарашасыз болмас.
12. Сараң үйге кісің түспесін,
Парақор биге ісің түспесін.
13. Хан қасында ақылды би болса, қара жерден кеме жүргізеді.
14. Тұлпардан тұлпар туар.
15. Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады.
16. Мылжыңнан езбе туады,
Қыдырмадан кезбе туады.
17. Жетесіз жігіт ел қадірін білмес,
Некесіз әйел ер қадірін білмес.

ЖИРЕНШЕ

ӨТІРІК ПЕН ШЫННЫҢ АРАСЫ ТӨРТ-АҚ ЕЛІ

1. Атты мен жаяудың сәлемі жараспас.
2. Басқа пәле – тілден.
3. Қайран менің өз үйім – кең сарайдай боз үйім.
4. Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі: көзбен көрген – шын, құлақпен естіген – өтірік.
 6. Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы.
 7. «Тесік тамақ» – тесік тау.
 8. Қадірлі болғысы келген кісіге үш серік керек: бақ, дәулет, ырыс.
 9. Қыз алған қандай? – «Өзің білесің» дер.
Жеңге алған қандай? – «Өзім білемін» дер.
Жесір алған қандай? – «Балам біледі» дер.
 10. – Сақалы – ақ, шашы – қара адам көрдім.
– Үйде – егілген, түзде – тебінген, әйелі – шайпау, аты – шабан бір бейбақ болар.
 11. Күндіз – екеу, түнде – төртеу.
 12. Ажал деген – атқан оқ, бір алланың қақпаны.
 13. Өлсең де, жақсымен қатар жатқайсың.
 14. Табағының басқасы болмаса, бәрі бір тамақ.
 15. – Дүниеде не жетім?
– Жаңбыр жаумаған жер жетім,
Ата қонысынан ауған ел жетім,
Жарынан айырылған ер жетім.
 16. – Бұл жалған дүниеде кімнің төрт құбыласы тең саналады?
– Түзу мылтық, алғыр қыран, жүйрік аты бар, мінез-құлқы жайлы жары бар ердің төрт құбыласы тең болады.
 17. Жауы үйде, досы түзде жанның қапасы ауыр болар.
 18. Өзің білмес ісінді – білгендерден сұрап ал,
Өліп жатсан наданнан қабіріңді жырақ сал.
 19. Әкесі өлген – асқар тауы құлағанмен бірдей,
Шешесі өлген – ағар бұлағы суалғанмен бірдей,
Ағасы өлген – оң қанаты қайырылғанмен бірдей,
Інісі өлген – сол қанаты қайырылғанмен бірдей,
Апа – қарындасы өлген – өрісі тарылғанмен бірдей.

Шығармалары. Бірінші том

20. Он бес жас – құйын қуған желмен тең,
Жиырма жас – дауыл ұрған көлмен тең,
Отыз жас – ағып жатқан селмен тең,
Қырық бес – аю аспас белмен тең,
Жетпіс бесте – өр көңілің жермен тең,
Сексенде – селкілдеген шал боларсың,
Тоқсанда – сексенге де зар боларсың,
Жүзге келсең – дүние қызығынан күдерінді ұз,
Өлмей тірі жүргенге мәз боларсың.

21. Төрт нәрседе үміт бар: жас – өсемін деп үмітті, жалғыз –
көбейемін деп үмітті, жарлы – байимын деп үмітті, ауру – жазыла-
мын деп үмітті.

Көктемі мен жазы кетіп, жапырағы қуарған ағаштай ұрты со-
лып суалған кәрілікте ғана үміт жоқ.

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ
ТӨЛБАСТАУ
(XV – XVI ғ. ғ.)

АСАН ҚАЙҒЫ (АСАН СӘБИТҰЛЫ)

БАҚЫТ ҚОНҒАН ЕРЛЕРДІҢ ӘРБІР ІСІ ОҢ БОЛАР

1. Арғымаққа міндім деп артқы топтан адаспа.
2. – Бұ заманда не ғаріп?
– Ақ қалалы боз ғаріп, жақсыларға айтпаған асыл шырын сөз ғаріп.
3. Әділдіктің белгісі – біле тұра бұрмаса,
Ақылдының белгісі – өткен істі кумаса.
4. Есенінде-тірінде бір болыңыз бәріңіз.
5. Атадан алтау тудым деп, асқынып жауап айтпаңыз,
Атамның малы көп-ті деп, атты басқа тартпаңыз.
6. Білгеннің қандай пайдасы, білместі жолға салмаса.
7. Ердің құны сөз емес есебін тапқан сабазға,
Мойның бұрып сөз айтпас көңілі қалған аразға.
8. Еділ бол да, Жайық бол – ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе, жаныңды аяп тұрыспа.
9. Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер?!
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтіп күн көрер?!
10. Көлде жүрген қоңыр қаз қыр қадірін не білсін,
Қырда жүрген дуадақ су қадірін не білсін,
Көшіп-қонып көрмеген жер қадірін не білсін.
Көшсе, қона білмеген, қонса, көше білмеген,
Айтса ақылға көнбеген, бұрса оңға жүрмеген
Санасы жоқ жамандар ел қадірін не білсін.
11. Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады,
Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас жел толқытса шығады,
Ой түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады.
12. Ойыл деген – ойың-ды, отын тапсаң – тойың-ды.
13. Ашу – дұшпан: артынан түсіп кетсең қайтесің түбі бір
терең қуысқа.

14. Қилы-қилы заман болмай ма, суда жүрген ақ шортан қарағай басын шалмай ма?!
15. – Әй, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Жайылып жатқан жерің бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып қызып терлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай,
Елеуреп неге сөйлейсің.
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп...
Мұны неге білмейсің?
16. Ақың болса біреуде, айыбын тап та ала бер: ерегісіп ұрыспа – сенікі жөн болса да, атың шықпас дұрысқа.
17. Көлдің суын жамандап, Еділ қайдан табарсың,
Әкімінді жамандап, әділ қайдан табарсың,
Жасығыңды жамандап, асыл қайдан табарсың.
18. Мінезі жаман адамға енді қайтып жуыспа,
Тәуір көрер адаммен жалған намыс қуыспа.
19. Арғымағың жамандап, тұлпар қайдан табарсың,
Тұйғыныңды жамандап, сұңқар қайдан табарсың.
20. Адам әзиз айтар деп, көңіліңді салмағын,
Нәпсі алдаушы дұшпанның өсиетін алмағын.
21. Есті көрсең кем деме – «бәрі тұйғын» табылмас,
Жамандағанға жат болмас бірге туған қарындас.
22. Бақыт қонған ерлердің әрбір ісі оң болар,
Дәулеті күнге артылып, не қылса да мол болар.
23. Күнінде өзім болдым деп, кең пейілге таласпа,
Артық үшін айтысып, достарыңмен санаспа.
24. Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз іс бастама,
Жеңемін деп біреуді өтірік сөз қостама.
25. Қадірін жеңге білмесе, бой жеткенмен қыз ғаріп,
Замандасы қалмаған қария болар шын ғаріп.
26. Ата жұрты бұқара өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да, қайратты туған ер ғаріп.
27. Надандықтың белгісі – тілін алмау білгеннің.
28. Шамаңша шалқып жүре бер, қабірге әзір қоймаса,
Артында қалар атақ жоқ, тіріде даңқың болмаса.

БӘЙДІБЕК ҚАРАШАҰЛЫ

ТӨРДЕ ОТЫРЫП ТЕРІС СӨЙЛЕГЕННЕН БЕЗ

1. Аяққа кісен салуға болар, қолға кісен салуға болар, тілге кісен салуға болмас.
2. Тірлік басқа болса да, тілек бір,
Бармақ басқа болса да, білек бір.
3. Өткелді саяз деме, таяғыңды салып бойлат,
Ісінді мақұл деме, ағайынға салып ойлант.
4. Малыңды жақсы баққаның – асып абырой тапқаның,
Малыңды жаман баққаның – келген бақты қаққаның.
5. Кендірмен байлама, жыңғылмен айдама, кендірмен байласан,
жыңғылмен айдасаң, мал өсер деп ойлама.
6. Қасқыр мен ұры мінездес – екеуі де түнді андиды,
Бұлбұл мен гүл мінездес – екеуі де күнді андиды.
7. Жылқышы жылқысын баққанын айтар,
Қойшы қойына өріс тапқанын айтар.
8. Аңшы қақпанын қаққанын айтар,
Саудагер базарда тапқанын айтар.
9. Төрде отырып, теріс сөйлегеннен без,
Есікте отырып, керіс сөйлегеннен без.
10. Алыс жолға шығар болсан, алдымен жолдасыңды сайла,
Жауға қарсы шабар болсан, алдымен қолбасыңды сайла.
11. Керуен басы білікті болса, түйесі азбайды,
Қолбасы білікті болса, сарбазы азбайды.

ҚАЗТУҒАН СҮЙІНІШҰЛЫ

АРҒЫМАҚТЫҢ БАЛАСЫ АРЫҒАН САЙЫН ТЫҢ ЖОРТАР...

1. Азамат ердің баласы жабыққанын білдірмес – жамандар мазақ қылар деп.
2. Арғымақтың баласы арыған сайын тың жортар – арқадан қосым ауар деп.
3. Буыршынның бұта шайнар азуы, бидайықтың көл шаймаған жалбызы.

Шығармалары. Бірінші том

4. Ойласа – ойдың көсемі,
Сөйлесе – қызыл тілдің шешені,
Ұстаса – қашағанның ұзын құрығы,
Қиып алған жас орманның сырығы.

5. Бұлт басқан айды ашқан, мұнар басқан күнді ашқан.

6. Ақ дария толқын күшейтер – құйрығын күн шалмаған
балығым арқамда ойран салар деп.

7. Жабағылы жас тайлақ жардай атан болған жер, жатып қалған
бір тоқты жайылып мың қой болған жер.

8. Атамыз біздің Сүйініш күйеу болып барған жұрт, анамыз
біздің Бозтуған келіншек болып түскен жұрт.

9. Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған.

10. Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы бақтырмас.

11. Арайна, билер, арайна!

12. Еділді алса – елді алар,
Енді алмаған нең қалар?!

13. Атам қазақ «ә» деген!

14. Айдаса – қойдың көсемі,
Сөйлесе – тілдің шешені.

15. Дулығалы қара нар.

16. Қашағанның ұзын құрығы,
Ақ Орданың тіреу сырығы!

17. Кіндігімді кескен жер,
Кірімді ақтап жуған жер.

18. Мен заманнан қорқып барамын:
Кейінгі өскен жас бала
Күндердің күні болғанда
Кімдерге кіріптар болар деп,
Обалы маған қалар деп!

19. Батпауығы білектей,
Ботташағы жүректей.
Балдырғаны соқтыдай,
Боз сазаны тоқтыдай!

20. Жапырағы жасыл пүліш қамқадай,
Бұтағы бұрама күміс алқадай!

ШАЛГИИЗ ТІЛЕНШЕҰЛЫ

АҚЫЛСЫЗ ДОСТАН АҚЫЛДЫ ДҮШПАН АРТЫҚ

1. Жаманнан туған жақсы бар – адам айтса нанғысыз,
Жақсыдан туған жаман бар – бір аяқ асқа алғысыз.
2. Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді.
3. Жақсының жақсылығы сол болар – жаманменен қосылып сөйлемекке ар етер, жаманның жамандығы сол болар – сөйлесе бетін қара етер.
4. Жез қарғылы құба арлан қорашыл төбет болған күн.
5. Тең атаның ұлы едің: дәрежеңді артық етсе тәңірі етті.
6. Тұсында болған мәртті қорлама, табылмайды керекте.
7. Бар күшінді сынамай, балуандармен күреспе.
8. Жоғары қарап оқ атпа, жақын түсер қасына.
9. Жақсы да келер бұл көпке, жаман да келер бұл көпке.
10. Саған дұшпан – маған жау.
11. Шағырмақ бұлт жай тастар,
Әділ жігіт ел бастар.
12. Шешен жігіт жол бастар,
Батыр жігіт қол бастар.
13. Айдын сулар, аймақ көл тасыса – дөңбек келтірер,
Көп өтірік, жаман сөз – басыңа бәле келтірер.
14. Жаманға белінді шешіп иланба, илантып тұрып өлтірер.
15. Күлелік те, ойналық, киелік те, ішелік.
Мынау жалған дүние, кімдерден кейін қалмаған?!
16. Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса, қаумалаған көп жаман сол жақсыны көре алмас.
17. Теңеу: ертеңнен салса – кешке озған, ылдидан салса – төске озған.
18. Алға сап жауап бермеңіз, арғы түбін ойламай.
19. Теңеу: боз үстінде от жағып, бұзбай бұлан пісірген мен иемнің бөрлі ала тасы едім, жау көрген күн – жүрегінің басы едім, көз үстінде қасы едім.
20. Жүк тиесең – кетерсің, ниет етсең – жетерсің.
21. Асқардан биік тау болмас – басына балапан ұшып қона алмас,
Бүркіттен қыран құс болмас – бауыры жайылмай бөрі алмас.
22. Жүйрікпін деп жалданба,
Жолығарсың арланға.
23. Еріккенде қызыл тілін тыймаған бір пәлеге жолығар.

Шығармалары. Бірінші том

24. Жағаңа дұшпан қолы тимеске, артыңда туысканның көбі игі.
25. Арғымақ атқа көп міндім – садаға кетсін буданнан,
Азаматқа көп ердім – садаға кетсін туғаннан.
26. Жайыңды білмес қарындас – өзі дұшпан, өзі қас.
27. Атаның ұлы жақсыға малыңды бер де, басың қос: бір күні
болар керегі.
28. Күле кіріп, күңіреніп шыққан достан сақтасын.
29. Есендікте саулықта малыңды бер де батыр жи, басыңа қиын-
қыстау іс түссе, дұшпанның қолы жете алмас.
30. Жалаңаш барып жауға ти, тәңірі өзі біледі ажалымыз
қайдан-дүр!
31. Жаманға сырынды қосып сөз айтпа.
32. Жаманның жалаңдаған тілі жау.
33. Бір жақсымен дос болсаң – азбас-тозбас мүлкі етер,
Бір жаманмен дос болсаң – бар ғаламға күлкі етер.
34. Жаман туған бар болса, жақсы жолдас зар болса – жазаны
сонда көрерсің.
35. Түлкідей құйрық тастаған жаман тағылық жетер басыңа-ай.
36. Тәңірі өзі бермесе, «мен-мен»-сіп жүрген ер жігіт кісіден
тартып ала алмас.
37. Алдынан қашқан кетпеген,
Артынан қуған жетпеген.
38. Көн садақты, күн бетті,
Жараған бура келбетті.
39. Қарт бурадай қабақты.
40. Тумай аты жазылған,
Шаппай ізі қазылған.
41. Жауды көрсе жайнаған,
Жай тасындай қайнаған.
42. Тебінгісін терге шіріткен,
Терлігін майдай іріткен.
43. Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,
Дұшпанын сары інгендей еңіреткен.
44. Құралай көрсе, көзге атқан,
Құланды көрсе, белге атқан.
Оң келгенін оңға атқан,
Сол келгенін солға атқан.
Оңқай атса құлатқан,
Солақай атса сұлатқан.

45. Мың жабыға – бір тұлпар,
Мың үйрекке – бір сұңқар.
46. Қоныстың бәрін жоғалтқан,
Ноғайлы қазақ, надан жұрт,
Бірлігінің сенің кемдігі.
47. Мың қарғаға – бір кесек.
48. Әттен, бір қапы дүние-ай!

ДОСПАМБЕТ

ДҮНИЕНІҢ БАСЫ – САЙРАН, ТҮБІ – ОЙРАН

1. Жара – қатты, жан – тәтті.
2. Жұпарын қардай боратып аруды құшқан өкінбес.
3. Қоғалы көлдер, қом сулар – қонысқа қонған өкінбес,
Арыстандай екі бұтын алшайтып арғымақ мінген өкінбес.
4. Кетбұғыдай билерден кеңес сұрар күн қайда?!
5. Еңсесі биік ақ орда –
Еміне кірер күн қайда.
Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда.
Күдеріден бау тағып
Кіреуке киер күн қайда.
Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда.
Толғамалы ақ балта
Толғап ұстар күн қайда.
Алты құлаш ақ найза
Ұмсынып шаншар күн қайда.
Садақ толы сәйгез оқ
Масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп
Созып тартар күн қайда?!
6. Теңеу: атқан оғын оздырған, дұшпанның тобын тоздырған.
7. Теңеу: хандар шыққан төбедей,
қабырғадан бүтін шыққан сүбедей,
аударылмас қара кемедей,
қандыауызға сырлап салған жебедей.

8. Дүниенің басы – сайран, түбі – ойран.
9. Хан ұлы – төре, би ұлы – шора.

ЖИЕМБЕТ БӨРІТОҒАШҰЛЫ

МҰНЫҢ, ХАНЫМ, ЖӨН ЕМЕС!

1. Еңсегей бойлы ер Есім,
Есім, сені есірткен,
Есіл де менің кеңесім!
2. Істетпеске қоймас тіл.
3. Ертеңгі күнің болғанда,
Елің кеңес құрғанда,
«Жиёмбет қайда?» дегенде,
Не деп жауап бересің?!
4. Менімен, ханым, ойнаспа:
Ерлігімді сұрасаң –
Жолбарыс пен аюдай!
Өрлігімді сұрасаң –
Жылқыдағы асау тайыңдай!
Зорлығымды сұрасаң –
Бекіре мен жайындай!
5. Тілеуберді құлың мен емес,
Мұның, ханым, жөн емес!
6. Тал шарбаққа мал қамап,
Тас қалаға жан сақтап.
7. Мұныға, ханым, шыдаман:
Арқаға қарай көшермін,
Алашыма ұран десермін,
Ат құйрығын кесермін!
Ат сауырын берермін,
Алыста дәурен сүрермін!
Қарамасаң, ханым, қарама,
Сенсіз де күнімді көрермін!
8. Қыналы бозға мінген ер.

ҚҰНАРЛЫ КӨМБЕ
(XVII-XVIII ғ.ғ.)

ӘЙТЕКЕ (АЙТЫҚ) БАЙБЕКҰЛЫ

**ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН – ЖАҚСЫЛАРДЫҢ БЕЛ-
ГІСІ**

1. Тексіздің тегі – құл.
2. Ашу бар жерде ақыл тұрмайды.
3. Кісімен бірге туыспау керек,
Туысқан соң, артық сөз қуыспау керек.
4. Сөз қуған пәлеге жолығады.
5. Інінің реті – тас қару,
Ағаның жөні – басқару.
6. Арыстан артына қарап ақырмас болар.
7. Ашу деген – ағын су, алдын ашсаң, арқырар.
Ақыл деген – дария, алдын жапсаң, тоқырар.
8. Нағыз тұлпар дауысын қоңыраудай сыңғырлатып, үзілдіріп,
әсерлі қайырып кісінейді.
9. Ағаң келсе, ардақтап атын байлағандай, қонағың келсе,
құрметтеп, көңілін жайлағандай тындырымды ісің болғанға не
жетсін.
10. Керіскен көп бопсалар, артында қызыл шок қалар.
11. Іні – ағаның тынысы.
12. Суалмайтын суат жоқ, тартылмайтын бұлақ жоқ, қурамайтын
құрақ жоқ.
13. Бай болсаң – халқыңа пайдаң тисін,
Батыр болсаң – жауыңа найзаң тисін.
14. Алты атасын арқалап жүргенді кім көріпті, жеті атасын же-
телеп жүргенді кім көріпті.
15. Заманың түлкі болса, бүркіт боп шал.
16. Қара қылды қақ жарған – жақсылардың белгісі.

ҚОЖАБЕРГЕН ТОЛЫБАЙҰЛЫ

ҚОЛДАЙ ЖҮР БІР-БІРІНДІ ҚИЫНДЫҚТА

1. Қамданған қалың елде күш болады,
Қамсыз елге хас дұшпан тұс болады.
2. Өткен күн, ойлағанмен, қайта оралмас,
Бақ құсы кетсе ұшып, қайта қонбас.
3. Пенденің бала деген жүрегі ғой,
Аз күндік тірліктегі тірегі ғой.
4. Баба тілі асыл-дүр.
5. Аты жоққа аттылар жәрдемдессін –
Құдайым сондай істі хош көреді.
6. Үйде де, түзде дағы бірақ өлім,
Дұшпаннан алып өлгей елдің кегін!
7. Қай заман мына заман бағы жаман,
Болар ма баяғыдай тағы заман?!
8. Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда шілдеде шаң борайды,
Қар жауған қаңтардағы қыстан жаман.
9. Бұл келген зауал болды бастарыңа,
Токтарың қайырыла жүр аштарыңа.
Қолдай жүр бір-біріңді қиындықта,
Тізе қос, етек жиып ес барында.
10. Заман – түлкі, адам – қыран.
11. Ер азса да, ел азбасын.
12. Ер азбай, ел азса – айдын көліңнің суалғаны,
Ел азбай, ер азса – жапырағыңның қуарғаны.
13. Ел қорғау – ерге міндет.
14. Ер – елге қорған.
15. Әуелден сөзім – шырын, тілім – тәтті.
16. Баба тілін қастерлеу – азамат ерге парыз іс.
17. Тілдің де киесі бар.
18. Көңілі пенде шіркін басқа-басқа.
19. Сұм дүние опасы жоқ жалған екен.
20. Бұғалық түспес асаумын,
Зорлығыңа көнбейтін.

- Ерте жанған шырақпын,
Онайлықпен сөнбейтін.
21. Атадан он тусаң да – бір жалғыздық.
 22. Адамға шыдамдылық ес береді.
 23. Санама бірінді артық, бірін кемге,
Бірінді-бірін сүйе сүрінгенде.
 24. Жігіт деп артық туған соны айтамыз,
Тар жерде қайырылысса жан жолдасқа.
 25. Мұсылмандық үлгісі – тарихат пен ақиқат.
 26. Жастарға жақпайды ақыл айтқан тура.
 27. Болашақтан түңілме!
 28. Болғанда сөйлеу – арзан, ұғу – қымбат.
 29. Сөйлей біл, шешен болсаң, сөзді бұлдап,
Айта біл хақ маржанын әркез сырлап.
Сырты – сұлу, мағынасы – терең келсе,
Тыңдайды ондай сөзді ел де құндап.

ТӨЛЕ ӘЛБЕКҰЛЫ

БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ – ТІРЛІК БАР

1. Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі,
Өзіне келер ұятты өзі біліп тұрса игі.
2. Тұзаққа түскен бұлбұлдан еркін жүрген торғай артық.
3. Ер кетер – жер жетер.
4. Қыз тілімен түйілген түйінді, жігіт тісімен шеше алмас.
5. Нәрестенің бесігі – кең дүниенің есігі.
6. Арғымақ баптап не керек, жабы қуып жеткен соң,
Ағайын-туған не керек, аңдысып күні өткен соң,
Бес күн дәурен өтеді, ажал қуып жеткен соң.
7. Маңдайы – тайқыдан, көкірегі – қайқыдан, еріні – түріктен,
аузы – бүріктен, көзі – көктен, сылтауы – көптен сақтасын.
8. Аларды біліп, бермегеннен без,
Ел-жұрты соңына ермегеннен без,
Үйіне қонақ қонбағаннан без,
Көптің айтқанына көнбегеннен без.

9. Алмасың болса – мойным бар,
Асылың болса – қойным бар.
10. Бата – басқа, қына – тасқа, ақыл – жасқа.
11. Өзегің талса – өзен жағала,
Басыңа іс түссе – көпті сағала.
12. Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа әділ бол!
13. Жаманды қанша мақтасаң да, жайды білер ер болмас.
14. Батыр деген – бір барак ит: екі долы қатынның бірі табады,
Би деген – бір бұлақ: қатынның ілуде бірі табады.
15. Ұқпасқа айтқан сөз жетім,
Көрмеске берген бөз жетім.
16. Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек,
Бірлікті ойлау үшін тірлік керек.
Ағайынға ала көз бола қалсаң,
Аузыңдағы несібеңді біреу жемек.
17. Бейбіт елде сән бөлек,
Бүлінген елде ән бөлек.
18. Тұсау – ат сақтайды, ат – ер сақтайды, ер – жер сақтайды.
19. Әйелің жақсы болса – мейманыңның тұрағы, Балаң жақсы
болса – жан-тәніңнің шырағы.
20. Ердің бақыты – әйел.
21. Зордың түбі – қор.
22. Ғұмыр – біреу, кезек – екеу.

ҚАЗЫБЕК КЕЛДІБЕКҰЛЫ (ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК)

АШУ – ДҰШПАН, АҚЫЛ – ДОС

1. Ел – ебелек емес, ер – кебенек емес.
2. Ерікті ұл көрікті.
3. Жасына қарай отырып, жағына қарай сөйлер болар.
4. Балаң жаман болса – көрінгеннің мазағы,
Атың жаман болса – шыбын жанның азабы.
5. Тілекті білек жеңбес, жүрекке әмір жүрмес.
6. Атадан жақсы ұл туса, елінің зоры болады,
Атадан жаман ұл туса, адам біткеннің қоры болады.

7. Ауруын жасырған ажалсыз өледі,
Қиянаттан қорыққан амалсыз көнеді.
8. Бір бала бар – атасына жете туады,
Бір бала бар – атасынан өте туады,
Бір бала бар – көтінен кері кете туады.
9. Ағасы бардың – жағасы бар, інісі бардың – тынысы бар.
10. Ашу – дұшпан, ақыл – дос.
11. Арға – мінажат.
12. Барға – қанағат, жоққа – салауат.
13. Ханын қарадай өлтірген, қарашасын қынадай қырар.
14. Өлген тірілмейді, өшкен жанбайды.
15. Байлық – мұрат емес, жоқтық – ұят емес.
16. Аға төреші бола алмайды – алдында қаймығары жоқ,
Іні төреші бола алмайды – артында қайырылары жоқ.
17. Жарлының жалғыз тоны – жанат емей немене,
Аузындағы отыз тіс – болат емей немене,
Астындағы жарау ат – қанат емей немене?!
18. Іштен шыққан жау жаман, жоқтан шыққан дау жаман.
19. Ұят қымбат, ар қымбат, жаның сүйген жар қымбат.
20. Жазылмаған дерт қиын, орындалмаған серт қиын.
Жұрт айтқанды тыңдамай, өзің түскен өрт қиын.
21. Тату болса, ағайын жақын, адал болса, дос жақын.
22. Ерден ердің несі артық – ептестірген сөзі артық,
Жерден жердің несі артық – бір-екі уыс шөбі артық,
Малдан малдың несі артық – бір-екі асым еті артық,
Серттен тайған жігіттен – аштан өлген аюдың өті артық.
23. Өркенің өссін десең, кекшіл болма – кесапаты тиер,
Өзгеге қиянат жасар өршіл болма – қанатың күйер.
Басына іс түскен пендеге күлме – қайғысы көшер,
Жанашыры жоққа жәрдемші бол – абыройың өсер.
Бүгін сағы сынды деп жақсыларды басынба,
Қиын-қыстау күн туса, сол табылар қасыңнан.
24. Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман.
25. Біз – қазақ деген қырда қой баққан елміз,
Жүйрік жаратып, қымызға бие байлатқан елміз.
Дәм-тұзды ақтай білген,
Достықты сақтай білген,

Шығармалары. Бірінші том

Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз!
Төрімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Туырлыққа ту іліп,
Қыннан қылыш суырып,
Көк найзаның ұшына күдері үкі таққан елміз!
Дұшпанға еш бас ұрмаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз!
Асқақтаған хан болса,
Сөз ұқпайтын паң болса,
Қанға – қан, жанға – жан алатынымызды жасырмаған елміз!
Атадан ұл туғанда, құл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туғанда, күң боламын деп тумайды.
Ұл менен қызды қаматып,
Намысқа шаппай түн қатып,
Көз жұмып кекке текке отыра алмайтын елміз!
Сен – қалмақ болсаң, біз – қазақ,
Қарпысқалы келгенбіз!
Сен – шок болсаң, біз – жалын,
Шарпысқалы келгенбіз!
Сен – темір болсаң, біз – көмір,
Еріткелі келгенбіз!
Екі еліктің баласын теліткелі келгенбіз!
Қазақ-қалмақ баласы табысқалы келгенбіз,
Жаңа үйреткен жас тұлпар шабысқалы келгенбіз.
Ұғынысар кез болса,
Сертке лайық сөз болса,
Тұтқыр сары желімдей жабысқалы келгенбіз!
Сен – қабылан болсаң, біз – арыстан,
Алысқалы келгенбіз!
Қызыл сөзді көк семсер қағысқалы келгенбіз.
Айтқаныма көнбесең,
Тілегімді бермесең,
Тұрысатын жеріңді айт, шабысты да көргенбіз!

БҰҚАР ҚАЛҚАМАНҰЛЫ

АЙЫРА АЛМАЙ ЖАТ ӨЛСІН

1. Әсіре пысық залымның тіліне еруге жазбасын.
2. Ардақталған аяулың күндердің күнінде басқаға олжа болмағай.
3. Төрең тақтан таймасын.
4. Тоқсандағы қарт бабаң топқа жаяу бармағай.
5. Анаң аңырап қалмағай.
6. Құрсағы құшақ байлардан дәулет кетпес деменіз,
Қу таяқты кедейге дәулет бітпес деменіз,
Жалғыз көпке теңеліп, кегін бір алмас деменіз.
7. Алла деген зар болмас, ақтың жолы тар болмас.
8. Пейілі кең кемімес, пейілі тар кеңімес.
9. Шын жаратқан ұл болсаң, құдай тағалам өзі берер нәсіпті.
10. Ұрғашының жақсысының боз жорғадай бұлғаңы,
Ұрғашының жаманының өсек болар құрғаны.
11. Қызда қылық болмаса, құр шырайдан не пайда.
12. Іштегі сыр Аллаға мағлұм: сырттағы құлақ амал емей немене.
13. Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар.
Есіл көзден нұр тайса, бір көруге зар болар.
14. Қайырсыз итке мал бітсе, аңқаң құрып келгенде саумал бер-
мес ішерге.
15. Үй артында төбешік, ерттеулі тұрған ат болар.
Қариясы кімнің бар болса, жазулы тұрған хат болар.
16. Аздың ісі бітпейді.
17. Ежелгі дұшпан ел болмас, етектен кескен жең болмас.
18. Іштен қыңыр туғанды тезге салсаң түзелмес.
19. Өзіңнен тумай ұл болмас, сатып алмай құл болмас.
20. Екі жақсы дос болмас, сірне үстінде хаты бар,
Ежелгі дұшпан ел болмас, көңілінде кір, даты бар.
21. Абысынның аразы ағайын сәнін кетіретер,
Ағайынның аразы елдің сәнін кетіретер.
22. Жар басына қонбаңыз – дауыл соқса үй кетер,
Жатқа тізгін бермеңіз – жаламенен бас кетер.
23. Ит жүгіртіп, құс салсаң – киген тоның түлкі етер,
Жаманменен дос болсаң – көрінгенге күлкі етер.

24. Дін мұсылман болмаса, тіл мұсылман не пайда?
25. Рулының – оғы қалса, табылар, жалғыздың – тартатұғын жағы қалса, табылмас.
26. Әкелі бала – жаужүрек, әкесіз бала – сужүрек.
27. Әкесі бар баланың жебесі тастан өтеді.
28. Арту-арту бел келсе – атан тартар бүгіліп,
Алыстан қара көрінсе – арғымақ шабар тігіліп.
Алыстан жанжал сөз келсе – азулы сөйлер жүгініп.
29. Жаулық жолын сүймеңіз: мынау жалған сұм дүние өтпей қалмас деменіз.
30. Өлетұғын тай үшін, қалатұғын сай үшін, қылмаңдар жан-жал, ерегіс.
31. Мал жинасаң қойдан жи – майы кетпес шарадан.
Ит жинасаң сырттан жи – мал бермейді қорадан.
32. Аталыдан би қойсаң – адаспас жол мен жорадан,
Атасыздан би қойсаң – босамас аузы парадан.
33. Отының болсын жантақтан,
Қатының болсын қалмақтан,
Қосының болсын қазақтан.
34. Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз, жат жанынан түңілісін: айнала алмай ат өлсін, айыра алмай жат өлсін.
35. Жал-құйрығы қаба деп, жабыдан айғыр салмаңыз,
Қалың малы арзан деп, жаманнан қатын алмаңыз.
Жабыдан айғыр салсаңыз, жауға мінер ат тумас,
Жаман қатын алсаңыз, топқа кірер ұл тумас.
36. Таудан аққан тас бұлақ тасыса құяр теңізге,
Қанша малы көп болсын, бай қуанар егізге.
37. Жаманнан жақсы туса да, жақсыдан жаман туса да – тартпай қоймас негізге.
38. Асқар таудың өлгені – басын мұнар шалғаны,
Көктегі бұлттың өлгені – аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен күннің өлгені – еңкейіп барып батқаны,
Айдын шалқар өлгені – мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені – қар астында қалғаны,
Өлмегенде не өлмейді – ғалымның хаты өлмейді.
39. Найзасының ұшы алтын.
40. Өлемді түгел көрсе де, алтын үйге кірсе де,
Ай нұрын ұстап мінсе де – қызыққа тоймас адамзат.

41. Әлемді түгел білсе де, қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күн қырындап, қисынсыз күйге түссе де – өмірге
тоймас адамзат!
42. Жақындап ажал тұрса да, жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңіл қарайып, қарауытып көзі тұрса да – үмітін
жоймас адамзат!
43. Қорғанды шаһар қадірін – қазақ білмес, сарт білер,
44. Ер жігіттің қадірін – ағайын білмес, жат білер.
45. Ауылда адам бар болса – ауыл ада болмайды,
Ел иесі бар болса – елі ала болмайды.
46. Үлгісіз сөз болмайды, матасыз бөз болмайды.
47. Ақсақалға жарасар тілеуқорлық тобасы,
Бәйбішеге жарасар қолдағы қара сабасы.
Келіншекке жарасар емшектегі баласы.
Қыз он беске келгенде шашынан көп жаласы,
Бұл жалғанның жаманы – ағайынның аласы.
48. Арғымақтың жалы жоқ – жабылар жалымен теңесер,
Жақсылардың малы жоқ – жамандар малымен теңесер.
49. Ханға жауап айтпасам – ханның көңілі қайтады,
Қандыра жауап айтпасам – халқым не деп айтады.
50. Жақсы әйел ұл туса, патшадан болмас кемдігі.
51. Жетпіс деген жел екен.
52. Жетпіс бес жасқа келгенде, жылуы болмас қойныңның,
Қаруы болмас сойылдың – өлмесен де жойылдың.
53. Сексен бес жасқа келгенде, екі қара көзді алар,
Ауыздағы сөзді алар, бойындағы әлді алар,
Бетіндегі нұрды алар, етіндегі шырды алар,
Аузындағы тісті алар, қолындағы істі алар –
Өлмегенде нең қалар?!
54. Тоқсан бес деген торы екен, дүйім жанның қоры екен,
Қарайын десең, екі жағың ор екен,
Найза бойы жар екен, түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең көл екен, ел қонбайтын шөл екен –
Келмейтұғын неме екен!
55. Алладан hükim келмей, өлмек жоқ.
56. Құлшылық етсең құдайға, түзелер сонда ісіңіз.

57. Тірнектеп жүріп іс қылған жарлыны жарлы деменіз.
Жарлы байға тең келіп, жайлауға көшпес деменіз.
58. Жалғызды жалғыз деменіз, жалғыз да көпке теңеліп,
Бір майданда жолығып, кегін бір алмас деменіз.
59. Мінген атың арыса, қатарға ену күн болар,
Қара көзден нұр тайса, қарға адым жер мұң болар.
60. Өлең – сөздің данасы, шындықтың анасы.
61. Шын жолында сөйлесең, басыңа келер пәлесі.
62. Қалмаса қайнар азайып, аққан дария суалмас.
63. Өзіңе еркіндік бермесе, азат бастан не пайда.
64. Алатаудан асыңыз, ашуыңызды басыңыз.
65. Жаңғызға зорлық қылмаңыз, жағасынан алмаңыз.
66. Қара бура арыса, майы қалың бесті артық,
Баласы жоқ қатыннан лақтаған ешкі артық.
67. Арғымағын жоғалтып, тай жүгірткен заман-ай.
68. Ерге дәулет бітпесе, шүлдірлеген қызыл тілден не пайда?!
69. Байдың малын көтерме: тайып кетсе табаның, шашыңды
берсең жетер ме?!
70. Сыпайы сырын білдірмес.
71. Өтірікті шын қылған – ол адамның қызыл көзді пәлесі.
72. Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас.
73. Ақтың үйі – ақ мешіт.
74. Ажал жетпей, жан шықпас.
75. Қарттарыңды сыйлай біл: күндердің күні болғанда кімдердің
белі бүгілмес.
76. Хандар киген қамқа тон – шүберек болар тозған соң,
Жігіт жақсы бола алмас – алғаны жаман болған соң.
77. Айтқан сөзге тұрмаған – жаман емей немене,
сұрағанды бермеген – сараң емей немене,
кісі ақысын көп жеген – арам емей немене,
сыртындағы қулығың – амал емей немене,
сусағанда берген су – шекер емей немене,
ынжық ерге біткен мал – бекер емей немене?!

АҚТАМБЕРДІ САРЫҰЛЫ

ӘДІЛДІККЕ ЖАН ҚҰРБАН

1. Түйе мойнын тұз кесер, жігіт мойнын қыз кесер.
2. Атадан алтау туғанның,
Жүрегінің бастауы – алтын менен бу болар.
Атадан жалғыз туғанның,
Жүрегінің бастауы – сары да жалқын су болар.
3. Әкесі сорлы қор болар.
4. Арудан асқан жар бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма,
Қымыздан асқан дәм бар ма!
5. Қыздың көркі – құлпыда, жігіттің көркі – жылқыда.
6. Сырым – құрыш, жүзім – болат.
7. Балпаң да балпаң кім баспас – басарға балтыр шыдамас,
Батырмын деп кім шаппас – шабарға жүрек шыдамас.
8. Жалтара шапсаң жау қашпас.
9. Жауыңды аяма, жылағанды уат, жығылғанды тұрғыз.
10. Әділдікке – жан құрбан.
11. Мал-басы өскен адамның алды-арты ду болар,
Көкірегі өскен адамның жүрген жері шу болар.
12. Кәрі ақсайды ақылдан, ер ақсайды жақыннан.
13. Жеңіме жамау түскенін, кедейлік – сенен көремін,
Жағама қолдың тигенін, жалғыздық – сенен көремін.
14. Бұлаңдап жүрген жігіттің көкейін бірде жоқ тесер.
15. Ақбөкен келіп жығылар – алдын қазып орласа,
Жігіттің бағы ашылмас – маңдайы ашық болмаса.
16. Ата менен анасын күткен жанға Мекке мен Мәдина – үйдің іші.
17. Еділ – Жайық екі өзен талсыз болар деймісің,
Жағалай жатқан қалың ел малсыз болар деймісің.
18. Орнын тапса ер жігіт – елсіз болар дейсің бе.
Орда тігіп орнатса – төрсіз болар дейсің бе.
19. Бақыт қонған басына – басқалармен тең өсер,
Бақ қонбаған басына – жақсылардан кем өсер.
20. Қару алсаң мылтық ал: қарның ашса – тамағың, жаяу жүрсең – таяғың.

21. Күмбір-күмбір кісінетіп күрең де мінер ме екенбіз,
күрек тісін ақситып сұлу да сүйер ме екенбіз;
күдеріден бау тағып, кіреуке киер ме екенбіз,
жағасы алтын, жеңі жез, шығыршығы торғай көз –
сауыт киер ме екенбіз; қоңыраулы найза қолға алып,
жалаулы найза жанға алып, жау қашыраар ма екенбіз;
тобылғы сапты қамшы алып, тұмар мойын ат мініп,
қоныс қарар ма екенбіз; ел жазылып жайлауда
жақсылар кеңес құрғанда, мұртымыз көкке шаншылып,
бұрын да сөйлер ме екенбіз.
22. Қайырлы болса бай адам – дария шалқар көлмен тең,
Қайырсыз болса жаман бай – ел қонбаған шөлмен тең.
23. Мінезді болса алғаның – күнде сонар қызбен тең,
Жаман болса алғаның – астыңнан өткен сызбен тең.
24. Сары аязда қатпайды қайнардың аққан тұнығы,
Қап түбінде жатпайды болаттың асыл сынығы,
Халқы тозып кем болмас, әділ болса ұлығы.
25. Құдық қазсаң көзден қаз – көл суалса суалмас,
Білімдіге бағынса – халық жүдеп-қуармас.
26. Әр нәрсені ойлаймын, сөз басқарар уақыт жоқ.
27. Өнер алды – бірлік, қылған жақсы тірлік.
28. Талапты ерге нұр жауар.
29. Талпынбай көңіл жана ма, еңбегің кетпес далаға.
30. Татулық деген – береке.

ҮМБЕТЕЙ ТІЛЕУҰЛЫ

СЫРТ ТАЗАСЫ НЕ КЕРЕК

1. Елге лайық ер болар.
2. Панасыз таудың несі тау.
3. Кетеген болса – түйең жау, тебеген болса – биең жау,
Ұрысқақ болса – ұлың жау, тырысқақ болса – келінің жау.
4. Үйіндегі ұлың жаман болса – есіктегі құлмен тең,
Қойнындағы қатының жаман болса – қаңтардағы мұзбен тең.
5. Кей сорлының қатыны күндіз ауру, түнде сау.

6. Ұл он беске келгенше қолындағы қобызың,
Ұл он бестен асқан соң, тіл алмаса, доңызың.
7. Жылға сай батпақ болса, өте алмассың,
Жастан шыққан жүйрікке жете алмассың.
Мейманға отың басы болса суық,
Еліңе жақсы жігіт атанбассың.
8. Сырт тазасы не керек, тазарт әуел ішінді.
9. Бай болмаған бай болса – жайламаған сай қоймас,
Хан болмаған хан болса – жалмамаған тай қоймас.
10. Баласын мақтар қоштаған, әйелін жақтар қостаған.
Алыстағы дұшпаннан, аңдып жүрген дос жаман.
11. Кісіні көрсен, есікке, жүгіре шық, кешікпе.
Қарсы алмасаң мейманды, кесір болар нәсіпке.

БАЙДАЛЫ БЕКШЕҰЛЫ

ҚАЙРАТ ДЕГЕН ҚЫРАН БАР ҚАЙҒЫҒА ТІЗГІН БЕР- МЕЙТІН

1. Ағадағы мал – аспандағы мал, інідегі мал – індегі мал,
баладағы мал – даладағы мал.
2. Сұраған адам – қайыршы, ұрлаған адам – қарақшы.
3. Айтпаса естімейтіндер, ашпаса көрмейтіндер бар.
4. Молданың айтқанының бәрі шарият емес,
Бұрынғылардың айтқанының бәрі қағидат емес.
5. Ағасы бардың, жақсы болса, жағасы бар,
Жаман болса, інісіне жабар жаласы бар.
Інісі бардың, жақсы болса, тынысы бар,
Жаман болса, ағасына берер жұмысы бар.
Баласы бардың, жақсы болса, панасы бар,
Жаман болса, құдайдың берген пәлесі бар.
6. Жоқтау айтқанға тоқтау айт: қайғысын қозғама, қайратын
қолда.
7. Қайрат деген қыран бар – қайғыға тізгін бермейтін,
Қайғы деген жылан бар – өзекті шағып өртейтін.
8. Кей молда аузын ашса, көмейінен көр көрінеді.

9. Өмір тұрғанда, өлімді сөйлегеннен без,
Төріңде отырып, көрге сүйрегеннен без.
10. Оңай олжа тауып үйренген адам арсыз келеді.
11. Арсыздықтың адамды жеңетін жері де болады.
12. Сөздің өзі – бала: тербетсе оянады, тербетпесе оянбайды.
13. Білімді мен білімсіздің арасынан алыс жоқ, тәттіде жаннан
тәтті жоқ, жақында ажалдан жақын жоқ.
14. Қарағай бойы қар жауса, жұтамайды сауысқан,
Қанша араз болса да, шыдамайды туысқан.
Оңандықтың белгісі – өзі ұрсысып-табысқан,
Оңбағандық белгісі – өткен істі қуысқан.
15. Біріншіден не жаман – арамнан жиған қоң жаман,
Екіншіден не жаман – ерегіскен ер жаман.
Үшіншіден не жаман – үлгісіз пішкен тон жаман,
Төртіншіден не жаман – төресі тексіз ел жаман.
Бесіншіден не жаман – бесіктегі жас бала жетім қалса сол
жаман,
Алтыншыдан не жаман – алты қанат ақ орда иесіз қалса сол
жаман.
Жетіншіден не жаман – желегі басынан түспеген,
жаңа түскен келіншек жесір қалса сол жаман,
Сегізіншіден не жаман – сергелдең болған көп жаман,
Тоғызыншыдан не жаман – тоңқая масақ термеген,
өз күнін өзі көрмеген тоқсанға келген шал жаман.
Оныншыдан не жаман – ұзындығы он табан,
көлденеңі бес табан қазулы тұрған көр жаман.
Он біріншіден не жаман – бәрін айт та бірін айт, бәрінен де
жоқ жаман.
16. Аймен аталас емеспіз, күнмен баталас емеспіз, бұлтпен
туысқанымыз жоқ, сол күнгі жауған жауынға жақындап,
жуысқанымыз жоқ. Құдайға шақпағынды шақ дегеніміз жоқ,
білгенді байлап жақ дегеніміз жоқ, құрығын сүйрей алмай жүрген
бәленшені биіктен көздеп ат дегеніміз жоқ.

СЫРЫМ ДАТҰЛЫ

ХАЛЫҚ ЖЕТІМ БОЛМАЙДЫ – БАСШЫ БОЛСА ДАНАСЫ

1. Жол анасы – тұяқ, сөз анасы – құлак, су анасы – бұлак.
2. Дау мұраты – біту, қыз мұраты – кету, жол мұраты – жету.
3. Инабат – ер азығы, инабатты ер – ел қазығы.
4. Ат шабысына қарай шабады, ер намысына қарай шабады.
5. Мен ағайынды екеумін: біреуі өзім, екіншісі – халқым.
6. Үгітгі – ұққанға, ақылды – жұққанға айт.
7. Дау шешімі: құлакқа – құлак, тұяққа – тұяқ.
8. Дәурені озса – жасы жеткені болар, қамқа тоны тозса – күтімі кеткені болар.
9. – Батыр, бұрылып сәлем бергің келмейді. Тасып жүрсің-ау?
– Хан, тасып жүргенім жоқ,
қазақ баласының басын қоса алмай сасып жүрмін.
10. Суатпын деп мақтанба: су жаманы – суат,
басынан сокпақ кетпейді; Қазықпын деп мақтанба:
мүлік жаманы – қазық, басынан тоқпақ кетпейді.
11. – Дүниеде не тәтті?
– Аста – тұз тәтті, адамда – дос тәтті.
12. Дау шешімі: тірі малдың өзі қайтсын, өлісінің құны қайтсын.
13. Қарадан хан болсам – халқым қалаған болар,
Айырдан нар болсам – атам жараған болар,
Жоқтан бар болсам – құдайым қараған болар.
14. Ата тұрып ұл сөйлесе – ер жеткені болар,
Ана тұрып қыз сөйлесе – бой жеткені болар.
15. Торы – тоқсан тоғыз, төбелі – біреу.
16. Халық – көл, хан – құс.
17. Даланың оты – олжа, суы – нұрлық,
Біреудің малы мен ақысын жеу – ұрлық.
18. Әркімнің мінген аты өзіне тұлпар,
Әркімнің сүйген жары өзіне сұңқар.
19. Табалдырықтан биік тау жоқ,
Жаман ағайыннан асқан жау жоқ.
20. Ағаңнан айырылсаң – қанатыңның қайырылғаны,
Өкеңнен айырылсаң – асқар тауыңның шағылғаны,

Шығармалары. Бірінші том

- Сүйген жарыңнан айырылсаң – жапырағыңның қуарғаны,
Анаңнан айырылсаң – ағып жатқан бұлағыңның суалғаны.
21. Ешкісі семіз, қойы арық – мал сорлысы,
Топырағы сортаң, суы ащы – жер сорлысы,
Әйелі семіз, ері арық – ел сорлысы.
 22. Сауда мұраты – ұту.
 23. Азамат жетім болмайды – халықтан болса панасы,
Халық жетім болмайды – басшы болса данасы.
 24. Біреудің түйе жаятын кісісі жоқ,
Біреудің намаздан басқа ісі жоқ.
 25. «Қайда кеттінің ауылы» деген де ауыл болады.
 26. Бір аяқ сусын екі кісінің құны: су табылмаса шөлдеген өледі,
ұяттан – тауып бермеген өледі.
 27. Отындық ағаштан оқтық мүсін шығады.
 28. Кәрінің үш түрі болады: біріншісі – қадірлі қария, екіншісі
– қазымыр қарт, үшіншісі – қадірі жоқ қыдырма шал.
 29. Опасыз жалған – дауасыз дерт.
 30. Орындалмаған арман – табылмас жоқ.
 31. Таудан биік көңіл бар,
Теңізден терең ғылым бар,
Оттан бетер – қайғы-зар.
 32. Жеңілмейтін жау жоқ, шешілмейтін дау жоқ.
 33. Көз жұмбайсыз дария кешпек жоқ.
 34. Ел жеңілмес ері бар.
 35. Бөлінгенді бөрі алар.
 36. Барын аямаған мал алар, малын аямаған дау алар, жанын
аямаған жау алар.

ТОҚСАН ЖАБАЙҰЛЫ

ХАС ЖАҚСЫНЫҢ БЕЛГІСІ – ҚАЙҒЫСЫН ЖАТҚА БІЛГІЗБЕС

1. Біреуден алған – аманат, берсең жақсы саналап.
Жанжал қусаң – бақ кетер, басыңа қонар жаманат.
2. Ақ сұңқар көлден қу ілер, қанатын суға тигізбес.
Хас жақсының белгісі – қайғысын жатқа білгізбес.

3. Жақсы болса туғаның – күнде қызық-базарың,
Жаман болса туғаның – күнде өлім-ажалың.
4. Тоз болып иілгеннен, шарт етіп сынған артық,
5. Ажалсыз ешкім болмайды, ажалдан ешкім қалмайды.
6. Сүріншек жылқы жол таппас,
Еріншек жігіт мал таппас.
7. Ер жігітке бақ қонса – дұшпаны да жағалар,
Басынан бір күн бақ тайса – жабылып бәрі табалар.
8. Аяқтан тұлпар ақсаса – мәстекке құнын бағалар,
Жаман болса туғаның – жүрекке қайғы жамалар.
Алтын да жағаң қисайса, алдымен жаман сол туыс,
Дұшпаныңа қосылып, күліңді келіп сабалар.
9. Өткел өтсең бұрын өт, арты болар көк тайғақ.
Жауға шапсаң көппен шап, дұшпаныңа ол да айбат.
10. Қарауылдың жаманы – алдырған соң өкінер,
Балуанның жаманы – шалдырған соң өкінер.
11. Пышағыңды мұқалтпа, не кеспесті біліпсің?!
Бейтанысқа сыр айтпа, не деспесті біліпсің?!
12. Қараға ханмен салыспау парыз,
Ханға қараны тең ұстау парыз.
13. Біреудің біреу бағын көп көреді,
Біреуді біреу алдап жеп келеді.
Біреуге бес күндік бақыт қонса,
Мен «жаратқан тәңіріңмін» деп келеді.

ШАЛ ҚҰЛЕКЕҰЛЫ

ПАЙДАҢДЫ ЖАҚСЫ БОЛСАҢ КӨПКЕ ТИГІЗ

1. Жақсыны – алыс, жаманды – жақын көрме.
2. Екі арыстан қосылса дәуді өлтірер,
Ажал келсе ауру түгіл сауды өлтірер,
Қаныпезер бұзақы жігіт болса,
Тыныш жатқан еліне дау келтірер.
3. Жақсы атансаң, басқаның хақын жеме.
4. Алдау мен өтірік – сұмның ісі.
5. Қалған көңіл – қатқан мұз.
6. Аққа құлпы жоқ.

7. Байды құдай атқаны – дәулетіне мас болар,
Ханды құдай атқаны – қарашасымен қас болар,
Кәріні құдай атқаны – аңдығаны ас болар.
8. Ата-ананы, мейманды құрметтесең –
Меккедей нұрға толар үйдің іші.
9. Қарт жақсы жас жақсысын күндемеген.
10. Адам әуелі бастан қартаяды.
11. Көңілі өсіп, мейманасы асқан адам кәрілікті мойындамайды.
12. Дүние – ұшып өткен құс, жақсылық – көрген түс.
13. Айдынды жақсы аймен тең, жомарт жігіт баймен тең.
14. Шешен жігіт дүрмен тең, иманды көңіл нұрмен тең.
Іс бітірмес надандар – жүз болса да, бірмен тең.
15. Қайғы ойлаған жігіттің кең дүниесі тармен тең.
16. Арықтаған кісіні ас көтерген,
Жабырқаған көңілді ат көтерген.
17. Жақсыдан сыр жасырма.
18. Жаманның бір белгісі – жиын-тойға барғанда тамағына
өкпе етер.
19. Нәпсі – бөрі, иман – қозы.
20. Базар нарқын сарт білер, боларыңды бақ білер.
21. Елінде жақсы жігіттің алыста даңқы зор болар.
22. Ағайын-туған кімде жоқ, сыйласпасаң – жатша жоқ.
23. Қамқа тонның тозғанын көп жасаған қарт білер,
Ағайынның озғанын жақын емес, жат білер.
24. Бақ көшсе ақылыңа қарамайды.
25. Жаман әйел алғанның жауы үйінде,
Жақсы әйел алғанның тойы үйінде.
26. Жаман достан жақсы дұшпан артық.
27. Пайдаңды жақсы болсаң тигіз көпке,
Жатырқап еш адамды шетке теппе.
28. Әйел алсаң, қарап ал ақылдысын,
Сол болар басқалардан жақын кісің.
Ағайынға, туысқа қайырылса,
Дүниеде нағыз сол ғой мақұл кісің.
Ерге – аю, балаға – қасқыр болса,
Ондай қатын алғанның күні құрсын.
29. Жаман өзін зорға балар.
30. «Дос» оғы – ғапыл.
31. Мың теңгелік қайғыдан бір теңгелік пайда жоқ.

32. Ашу – дұшпан, нәпсі – жау.
33. Өткен іске өкінген өмір зая.
34. Жақсының жүрген жері той.
35. Әзіл арты – зіл.
36. Адамға нағыз дәулет – перзент пен мал, жүйрік ат, түзу мылтық, сұлу әйел.
37. Қазаққа пайда мынау: малын бақсын,
Отқа жайып, суарып, бағып-қақсын.
Алдынан – мал, үстінен – үйі кетсе,
Кеуек қардың үстінде қалай жатсын.
38. Жастық өтер, кәрілік жетер.
39. Бардан жарлы болғандар болар арлы.
40. Аққу – көлдің көркі, ер жігіт – елдің көркі.
41. Ашуланшақ келеді жарлы кісі.
42. Ағайының көп болсын, бірлігі оның бек болсын,
Жамандық жер кез болса – бір-біріне сеп болсын.
43. Елу – ердің жасы,
Жетпіс – оттың басы,
Сексен – шоқтың қасы.
44. Жер түрлі желкілдеген бозыменен,
Қой түрлі бауырындағы қозыменен.
45. Ер азса, ел азар.
46. Әзілден мерт болады артық қазған.
47. Қуаныш пен қайғы қос.
48. Дүние – шолақ, жан – қонақ.
49. Өзі – жас, құлағы – кәрі.
50. Қайтпағанда меселің, қар үстінде от жанар.
Баласы жаман әкені, түйе үстінде ит қабар.
51. Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі.
52. Анасын көр де, қызын ал, аяғын көр де, асын іш.
53. Жеңілсе дұшпан, достық қыл.
54. Пұт болдым деп мақтанба, одан да асқан батпан бар.
55. Кәрілік – күлге аунаған кәрі бура.
56. Қатын шайпау болғаны – болмағаны,
Келін шайпау болғаны – оңбағаны.
57. Жігіт – күш, қыз – көрік.
58. Елу – ердің жасы екен, алпыс – бір сұмдықтың басы екен.
59. Адамға талай жерді көрген артық,
Танысып әркімдерді білген артық.

- Мысырға патша болып тұрсаң дағы,
Болмайды туып-өскен жерден артық.
60. Пайдасы жоққа жалынсаң – семіз бір жемқор малмен тең.
Жақсы қатын алсаңыз – Алладан жауған нұрмен тең.
61. Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса,
Жақсы сол – істер ісін тамамдаса.
62. Дүние деген осы – ешкімнің емес досы.
63. Байлауы жоқ шешеннен үндемеген есті артық,
Бәйге алмаған жүйріктен белі жуан бесті артық.
64. Алғанын құдай бермейді, өлген қайтып келмейді
65. Ағайын жат болады алыс болса,
Жат та жақын болады таныс болса.
Дұшпан түгіл достарың табалайды,
Аяғың бір нәрседен шалыс болса.
66. Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей,
Жарамайды қатты болу тікенектей.
Білімің болса дағы ұшан-теңіз,
Пайда жоқ өз халқыңа қызмет етпей.
67. Кедейлік ер жігітке намыс емес,
Жоқ болсаң, досың дағы таныс емес.
68. Ат – жетім: өрен жүйрік шабылмаған,
Құс – жетім: саятшысы табылмаған,
Әйел – жетім: өзінің теңін тауып қосылмаған.
69. Кәрі өлсе – дауылыңның тынғаны,
Жас өлсе – бәйтерегіңнің сынғаны.
70. Жас сыны: қырықта – қынаптағы қылыштаймын,
елуде – әр қиынға жұмыстаймын,
алпысымда – ашқарақ бөрідеймін,
жетпісте – шала илеген терідеймін, жетпістен асып,
сексенге келгенімде – к... кері кеткен перідеймін,
тоқсанға келгенімде – торғайдаймын: атқа мініп,
малымды зорға айдаймын, кемпір мен шалдан
билік кеткеннен соң, отырып от басында ойбайлаймын.
Тоқсан бесте – мен өзім тор болғанмын,
мүләйім отқа салған бор болғанмын, кәрілік әбден
езіп болғаннан соң – баланың баласына қор болғанмын.
71. Жігіт сыны: бір жігіт бар – құр жан, бір жігіт бар – тірі жан,
бір жігіт бар – жігіт жан. Құр жан дейтін жігіт – кеудесінде
жаны бар, еш нәрсені бітірмейді. Тірі жан дейтін – бар

тапқанын киім мен асқа салар, қызыл белбеу, шоңқима етік, үкі тағып, әркімді бір сықақ қылар. Жігіт жан дейтін жігіт – сегіз қырлы, бір сырлы болар.

72. Әйел сыны: қарауыл қара дейтін бір қатын болады – таңертең тұрады, түндікті оңынан ашады, кетіп бара жатқанға көз салып, өтіп бара жатқанды адал алады. Екінші әйел – қыналы бармақ дейтін – аз нәрсені көптей қылады, киіміне кір жұқпайды, асына қылшық тұрмайды, дүниесінің бәрі таза болады, ерінің бары-жоғын білгізбейді. «Ер – егіз, еңбексіз – жалғыз» деген. Осы талайлы елдің қолына түседі. Үшіншісі – ашып атар, жатып ішер... бастама етік көрпілдек, сиыр жапасы сырылдақ. Сормандай ерге жолығады.
73. Бақ-дәулет, мал бітерде: ырыс қонар, ынтымағы ағайынның дұрыс болар, бала пайдакүнем болар, жалшы жауынгер болар, қыз қылықты болар, келін епті болар, көп көрініп жау қашырар, көптеп – көмектеп қонақ аттандырар. Адамы қырлы болар, малы түрлі болар, иті үреген келер, тіркеген малы жүреген келер.
74. Бақ-дәулет, мал көшерде: ырыс кашар, біреуі біреуіне пәле жасар. Бала пайдасыз болар, жалшысы жалқау болар, қыз қылықсыз болар, келін керенау болар, қатыны салақ болар, ат мінсе – жалақ келер, адамы қырсыз келер, малы түрсіз келер. Иті үрмес, тіркеген малы жүрмес.
75. Шайдың көркі – қант пен май, бауырсақ та,
Кейінгіге жақпаймыз не қылсақ та.
76. Өткен менен кеткенді көп жасаған қарт білер,
Жолдың алыс-жуығын белі жуан ат білер.
77. Жаманға дәулет бітсе – әуе айналар,
Жақсыға дәулет бітсе – бақ айналар.
78. Сиырдай мұз жалаған мейірің қанбас,
Жаманға жазатайым ісің түссе.
79. Қорқақ емей немене – қашқан кісі,
Батыр емей немене – шанышқан кісі.
80. Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің,
Ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің.
81. Дәулетіңнің қадірін мал кеткенде білерсің,
Маңайдағы дұшпанды түн жеткенде білерсің.
82. Қона берсең – жерің тозар, шаба берсең – елің тозар.
83. Қатын алма алпыстан асқаннан соң,
Күш-қуатың бойыңнан қашқаннан соң.

- Жас тоқал жатысымен еміренсе,
Тер шығар маңдайыңнан сасқаннан соң.
84. Пәлеге – сабыр, қазаға – тәубе.
85. Кәрілік қалдырады ұятқа.
86. Ақыл мидан қайнап шыққаны дұрыс.
87. Надандар ойламайды алыс-жұлыс:
Күш – қапы, білім – таяз, іс – жаңылыс.
88. «Лә иллаһи илалла» иманыңыз,
Иманымен бұйырсын жиғаныңыз.
89. Құдайға құлшылық қыл, Аллаға жақ,
Қабірге бірге түспес мал менен бақ.
Тәңірі алдына барғанда бәрі бірдей,
Патша болып мінсең де алтыннан тақ.

ЖАНАҚ САҒЫНДЫҚҰЛЫ

ХАЛЫҚ – ҚАЗЫНА, ХАН – ҚАҚПА, БАТЫР – ҚОРҒАН

1. Ат – биеден, алып – анадан.
2. Ер – аттан мұқалады, ат – тағадан,
Ел – ағадан азады, тон – жағадан.
3. Қарашасын қарақтамаған хан оңбас.
4. Арам табақтан адал ас өтпейді.
5. Ер туса – елге тыныс.
6. Ауруды қуантпайды алтын төсек.
7. Хан – қайраң, қараша – тас.
8. Бақыты зордың бақталасы да мол.
9. Халық – дария, хан – балық.
10. Хан сыртынан жұдырық.
11. Аттың сыны: ескек желіс, емен бел.
12. Хан – астың дәмі болғанда, ханым – тұзы.
13. Адамның жан жолдасы – сүйген жары.
14. Қайғы – теңіз, көз жасы – сел.
15. Халық – қазына, хан – қақпа, батыр – қорған.
16. Шешен – шеңбер болғанда, би – таразы.
17. Тоқты менен ешкінің қаны бірдей,
Жақсы менен жаманның жаны бірдей.

БӨЛТІРІК ӘЛМЕНҰЛЫ

ЖАҚСЫ ДЕГЕН КІСІНІҢ АЛДЫ-АРТЫ НҰР БОЛАР

1. Елдің бірлігі – бидің білігі.
2. Жер бөтенсімейді, ел бөтенсиді.
3. Ел сәні – атаға қарап өскен ұл, анаға қарап өскен қыз.
4. Жердің құты күйінде болады,
Ердің құты үйінде болады,
Елдің құты биінде болады.
5. Жақсы деген кісінің алды-арты жарық болар,
Жақсы деген ісіңнің бас-аяғы анық болар.
Жаман деген кісінің алды-арты жау болар,
Жаман деген ісіңнің бас-аяғы дау болар.
6. Жақсыны жасқама, жаманды қостама.
7. Айтылмай қалған сөзден айтылып қалған сөз дұрыс.
8. Сөйлемес жерді білсең, Сөйлемес жерде сөйлемей қалуды
білсең – бәрінен де сол дұрыс!
9. Жер – байлық.
10. Жердің сәні – мыңғырған мал, ағылған аң, аққан су мен
жайқалған ну.
11. Күншілдік деген бар – содан сақтан,
Кекшілдік деген бар – содан сақтан.
Астамшылық деген бар – одан алыс бол,
Ынсапсыздық деген бар – одан қалыс бол.
Бәлеқорлық деген бар – содан таза жүр,
Қараулық деген бар – одан оза жүр.
12. – Жақсымен жолдас болған қандай болады?
– Ел аңсаған тілектей болады,
Қыз ұстаған жібектей болады.
Жадыраған жаздай болады,
Мамырлаған қаздай болады.
Отаудағы оттай болады,
Ошақтағы шоқтай болады.
Шуағы асыл шырақтай болады,
Тұяғы алтын пырақтай болады.

НАР ЖОЛЫНДА ЖҮК ҚАЛМАС

1. Жалқаулықтан кісі өлмейді,
Кісі өлмегенмен, ісі өнбейді.
2. Жаманның жетегіне ерме.
3. Жаман жолдас – кісенің.
4. Нар жолында жүк қалмас.
5. Сұңқардан қыран құс болмас, соқтасы қайтпай аң алмас.
6. Қаймығу білмес қайран ер – ажалға өзі барып соғылар.
7. Айдын да айдын, айдын көл – асарлап төксең суалмас,
Қабырғасы қатқан кәрі боз – қажыған күні су алмас.
8. Дүниеде дертті кісі ойнап-күлмес,
Ел білер қадірінді, сұлтан білмес.
9. Жетпейді соңғы жолдас әуелгіге.
10. Толған ел – толықсыған көл.
11. Арғымақ атта сын болмас – қалған қамыс құлақсыз,
Азаматта сын болмас – арты болса тұяқсыз.
12. Хан тілін халқы алғанмен, әйелі алмас.
13. Жігіттік – өнер.
14. Жаман қашар жау көрсе.
15. Ер жолынан адасса, тең құрбының ішінде қасқая күліп жүре
алмас.
16. Арғымақ атта сын болмас,
Қиған қамыс құлақсыз.
Айдын көлде сын болмас,
Жағасы болса құрақсыз.
Жеті суда сын болмас,
Аяғы болса бұлақсыз.
Азаматта сын болмас,
Арты болса тұяқсыз.

**ӨНЕРДІҢ АЛТЫН ҒАСЫРЫ
(XIX ғ.)**

САҚҚҰЛАҚ БАПАНҰЛЫ

ТАРАЗЫСЫ ШЕШЕННІҢ – ТЫҢДАУШЫСЫ

1. Батыр жауда керек, шешен дауда керек.
Өз ісіне бармаса, өр мінезі қалмаса,
Батырдың басы жолда қалар,
Шешеннің басы қорда қалар.
2. Жалғыз түйе – түйе болмас,
Екі бие – бие болмас.
Өз малын аз деген,
Кісі малын көздеген,
Аз малына ие болмас.
3. Биік болса – тасар-ды,
Кішік болса – құрт-құмырсқа басар-ды,
Орта болса – өмір бойы жасар-ды!
4. Дүниеде үш қодаң бар: төренің төңірегіндегі – қодаң,
күйеудің жолдасы – қодаң, керуеннің қосшысы – қодаң.
5. Бала жаман болса – шешесінен көреді,
Дау теріс шықса – төрешіден көреді,
Ақ сауыттан оқ өтсе – жебешіден көреді.
6. Жылқының арқасы – жел, қымызы – желік.
7. Батыр жігіт жау шаншар қан шығармай,
Шешен жігіт дау шешер жан шығармай.
Таразысы шешеннің – тыңдаушысы,
Одан да өтер артынан шаң шығармай.
8. Ел бастайтын жігіттің үш белгісі болады: олар – тыңдай білу,
сынай білу, сыйлай білу.
9. Қалжыңнан мылжың туады, мылжыңнан алжу туады.
10. Ғылым шала ақылдыны бүтін ақылды қылады,
Бүтін ақылдыны дана қылады.
Жылқы бүтін ақылдыны шала ақылды қылады,
Шала ақылдыны бала қылады.

11. Қыз күнінде балаң бала-ақ,
Әйел болған соң – алақ-жалақ.
Қыз күнінде қыздардың бәрі жақсы,
Жаман әйел жүр осы қайдан тарап?!
12. Жақсы болса күйеуі – әйелдің алтын тағы да.
Жаман болса күйеуі – әйелдің темір торы да.
13. Атақты ер – ел сыны, екі баспау – ер сыны.
14. Халқынан шошынған хан оңбас.
15. Түзу жолға бастаған, ғалым емей немене?!
Теріс жолға бастаған, залым емей немене?!
16. Жақсы әйел алсаңыз, сөзі бейне шекер-ді.
Жаман әйел алсаңыз, тілі удан бетер-ді.
17. – Кісі жолдан адасса, кімнен жөн сұрайды?
– Көнеден сұрайды.
– Көне адасса, кімнен сұрайды?
– Көне адасса, көргендіден сұрайды.
– Көргенді адасса, кімнен сұрайды?
– Көргенді адасса, көптен сұрайды.
– Көп адасса, кімнен сұрайды?
– Көп адасса, көп оқығаннан сұрайды.
– Көп оқыған адасса, кімнен сұрайды?
– Көп оқыған көзі шықпай неге адассын.

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ

ИМАН – ЖАННЫҢ САПАСЫ

1. Ата-ананың ақылы қазылған қара жолмен тең,
Ағайының көп болса ұлы шерік қолмен тең.
2. Жақсылардың ақылы гауһар шырақ шаммен тең,
Жақсының көрген жарығы анық атқан таңмен тең.
3. Кей жаманның тілі бар – ащылығы умен тең,
Айтқан сөзі ақымақтың адам ішпес сумен тең.
4. Жамандар сөйлей білмейді, жөніне тыныш жүрмейді.
5. Екі жаман кез болса құтырған иттей таласар.
6. Білгенін түзу кім етсе – қара басы бимен тең.
7. Бір үйде өскен балалар бірлік қылса азар ма?!

8. Жаман болса ұлығы, аш-арығы оңалмас.
9. Мал – дүниенің опасы, иман – жанның сапасы.
10. Бұл заманның «жақсысы»: бірін-бірі көре алмас, жұртына пайда бере алмас.
11. Көп жаманның ішінде бір жақсысы болмаса – серкесі жоқ қоймен тең, жақсы ішінде бір жаман – өлі жүнді таймен тең.
12. Талқаныңды жеп қойса, туысқаның жатпен тең.
13. Жақсыдан алған ақылың қызыл алтын бұл болар,
Ұяты жоқ адамға өтірік сөзің шын болар.
14. Көкірегінде қонақ жоқ адамды әуре демей не дейміз.
15. Орнын білмес жаманға есік те болса төрмен тең,
Жақсының жары сұм болса, қазып қойған көрмен тең.
16. Баяны жоқ дүниені бір күндік демей не дейміз.
17. Рас жаман – өзіннен өзгені қор көрген адам.
18. Имансызға пейіш бос, имандының көңілі хош.
19. Уәдесінде тұрмаса – жақсыға өлім сол болар.
20. Сыйласпаған ағайын жатыңменен пара-пар.
21. Жақсысы кеткен ауылға мейман келіп қона алмас.
22. Кей жақсының мінезі Еділ менен Жайықтай,
Жақсылар топта сөйлейді дарияда жүзген қайықтай.
23. Парақор болған төрелер қуаңнан шыққан жұтпен тең,
Шежіре қуған адамның көкірегі сызған хатпен тең.
24. Жаттан рақым не күтсін бастан жаны кеткен ер,
Шуылдаған қарғадай көшбасшысы өткен ел.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ

БАТЫР БОЛМАҚ ОЙДАН-ДЫ

1. Еменнің түбі – сары бал, еріскен көңіл – бәрі бал.
2. Ат – жігіттің майданы.
3. Аз сөйлер де, көп тыңдар хас асылдың баласы.
4. Азамат, сені сақтадым, бір күніме керек деп.
5. Жаманменен дос болсаң – сыртыңнан жүрер өсектеп.
6. Қылыш – жанның дәрмені, өлім – хақтың пәрмені.
7. Кәрісі кімнің жоқ болса, жасы болар дуана.
8. Қарада да қара бар – хан ұлына бергісіз!

Шығармалары. Бірінші том

9. Күндіз күліп тайрандап, түнде түзге шықпас ерлер бар.

10. Асылдан болат ұл туса, жауырынынан өтін алса да,
жамандарға жалынбас.

11. Туған ұлдан не пайда, қолына найза алмаса, атаның жолын
қумаса.

12. Алаштың байлығынан не пайда, қайыры оның болмаса.

13. Арғымақтың баласы аз оттар да, көп жусар,
Асыл ердің баласы аз ұйықтар да, көп жортар.

14. Батыр болмақ – ойдан-ды.

15. Халық қозғалса, хан тағында тұра алмас.

16. Жауда қалса жолдасы, мақтанады несіне ер?!

17. Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға,
Хас үлектен туған кәтепті,
Қара нар керек біздің бұл іске!

18. Жапанға біткен бәйтерек – жайқалмағы желден-ді,
Хан-төренің кешігіп, кідірмегі елден-ді.

19. Құс ілген кудың ұятта ісі болмайды.

20. Ханнан қырық туғанша, қарадан біреу тусайшы, атаның ке-
гін қусайшы!

21. Ақсүйектің баласын қара ұлына теңгеріп, қоңыраулы найза
өңгеріп, жесірлерге жер бердім, жетімдерге жем бердім – сол ер-
ліктен не көрдім?!

22. Ермін деген жігітті кеңшілікте сынама.

23. Көшпелі дәулет кімде жоқ – бірде бар да, бірде жоқ.

24. Таудай болған таланттың назары қайтқан күн болар.

25. Ер дұшпаны көп болар.

26. Көл – дария болып шалқымас.

27. Келмейтұғын нәрсеге жаныңды қинап жылама.

28. Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,
Еменге иір бұтақ бітсейші – қыранға тұғыр қыларға!

29. Халық үшін қан төгем деп,
Қараны ханға теңеп берем деп,
Ол мақсатқа жете алмай,
Дегенімді ете алмай,
Қор болдық-ау, шырақ-ай!

30. Қарадай отын жармадым тас қазанды асарға,
Өлең айтып толғадым көкірегімді басарға.

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ

ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫ

ЖАЛҒЫЗДЫҢ ІСІ ОҢАЛМАС, КӨПТІҢ ІСІ ЖОҒАЛМАС

1. Сұлу қызға бой керек, ақындарға той керек.
2. Өліп жатқан сұңқардың жүніне қарға қона алмас.
3. Ханның көркі – ел.
4. Жұрт теңгеріп тұруға әділ төре-хан керек.
5. Көмексіз болса ер жігіт, жалғыз теңдік таба алмас.
6. Жалғыздың ісі оңалмас, көптің ісі жоғалмас.
7. Асыл сойдың баласы тартысқан жерде сөз табар,
Азып туған жаманды түйе үстінде ит қабар.
8. Ай – ортақ, қайырлы болса – бай ортақ.
9. Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса –
түртпектеп оны көре алмас.
Басқа қиын іс түссе – ел қыдырып таба алмас.
10. Жақсы болса іні – ортақ.

МҰХАММЕД-ҚАНАФИЯ БАҒРАМУҰЛЫ (СЕГІЗ СЕРІ)

АШЫЛАР ЖҮРЕК ҚҰЛПЫ СЫР ШЕРТКЕН СОҢ

1. Жұқпайды жаққан күйе ісі аққа.
2. Жолдан адассаң – үйге қайтарсың,
Сөзден адассаң – неңді айтарсың?!
3. Білмегеніңді кісіден сұра, үлкен білмесе, кішіден сұра.
4. Бір сынаған жаманды екі қайта сынама.
5. Алғашында, дүние, айдын шалқар көлдейсің.
Өтерінде, дүние, ұйтқып соққан желдейсің.
6. Ашылар жүрек құлпы сыр шерткен соң.
7. Жаманға оқ өтсе де, сөз өтпейді.
8. Жақсымен дос бол – қадірінді біледі,
Жарыңменен дос бол – шаңырағына береке кіреді.
9. Ойлап тұрсам, дүние, бұлт жамылған биіксің.
Жеткізбейтін, дүние, қырда ойнаған киіксің.
10. Тозған ескі қайықтан, жасалған жаңа сал артық,
Көргенсіз өскен жігіттен, көгенде өскен мал артық.

11. Иілгіш тал болғаннан, сынған артық,
Басыңа пәле келсе, тынғаны артық.
Мінгенше жамандармен алтын таққа,
Жақсымен бірге түскен зындан артық.
12. От алмаған мылтықтан ағаш артық,
Танымайтын туыстан алаш артық.
13. Жолдас болма масылға, жұғыса біл асылға.
14. Бұзба таза қалпыңды, риза қыл халқыңды.
15. Шын жақсыда кек болмас.
16. Бал-шекерден не пайда, жүрекке тиіп, жақпаса.
Үлгілі сөзден не пайда, ұқтырар құлақ таппаса.
17. Хас жүйріктен не пайда, тұлпардай тулап шаппаса.
Хас шешеннен не пайда, халқына кеңес айтпаса.
18. Батыр жігіт сол болар – жаудан қорқып қашпаса.
Нағыз жақсы сол болар – игі іске елін бастаса.
19. Қаһарман жігіт сол болар,
Қамалдан тізгін тартпаса.
Мерейлі жігіт сол болар,
Міндетін елге артпаса.
20. Тегі жақсының белгісі – туысы үшін қамығу.
Тасбауырдың белгісі – ағайынмен жауығу.
21. Сабырсыз кісі сол болар – істің артын тоспаса.
Әзәзіл сайтан сол болар – елдің басын қоспаса.
22. Қазанатқа жал пайда, күнкөріске мал пайда.
Ержүрек есіл ерлерге – ел қорғаған сол пайда!
23. Қызуың шыдатпайды-ау, қайран жастық!
24. Өлген соң арыстаннан тышқан артық,
Арам достан аңқылдақ дұшпан артық.
Қолына кей жаманның түссе алтын,
Бағасын қоя алмайды мыстан артық.
25. Ай жарығы таң болмас, шаққан шақпақ шам болмас.
Таңдап сүймей жар болмас, жоқ жасанып бар болмас.
26. Ер жігіт екі сөйлесе, жұрт алдында өлгені.
Аяқсыз қалса шаруасы, тірідей өзін көмгені.
27. Басыңа іс түскенде, өсек жаман,
Жаланы көбейтеді өңкей надан.
28. Аптапта аласа тау қарсыз болмақ,
Өнерсіз, жалқау жігіт малсыз болмақ.

29. Жігіттің, талаптанса, өнері артар.
30. Өз шаруасын атқарған, өз үйінде құл болмас.
Қазымыр әке-шешеге, өз перзенті ұл болмас.
31. Хақ мұсылман белгісі – харамнан дәм татпаса.
Әділ бидің белгісі – параға басын шатпаса.
32. Жүзің бар он төртінші айдай көркем.
33. Артында шапқан аттың шаң қалады,
Аңшының іздегені аң болады.
Дидарын дүниенің көрмегендер,
Тамсанып жоқ нәрсеге таң болады.
34. Арғымақ ұстап не керек, артынан жабы жеткен соң.
Ағайын-туған не керек, аңдысып күні өткен соң.
35. Ағалық жастарға айтар өсиетім,
Тірлікте осы болсын қасиетің:
Дау-жанжал, барымта-ұрлық кәсіп емес,
Өнер мен білімге аусын бар ниетің.
36. Бір Алла жерде де емес, көкте де емес,
Алланың қайда екенін пенде білмес.
Жүректен орын алған ол бір бейне,
Кетпейтін көз алдыңнан болып елес.
37. Қояндай бес деген жас орда ойнаған,
Сүймеуіне елдің ерек еш қоймаған.
Гауһардай түрлі түсті жалт-жұлт еткен,
Қарасаң дидарына көз тоймаған.
38. Жігітке қырық деген қылыш екен,
Тоқталар тәуба қылып бір іс екен.
Қырыққа жасың кәміл толғаннан соң,
Тоқталған сабыр қылып дұрыс екен.
39. Бір жас бар тоқсан деген балақандай,
Тарылып кең дүние алақандай,
Белден – қуат, тізеден – дәрмен кетіп,
Боларсың жаңа туған балапандай.
40. Жаксы әйел дәулетіңе жөн келтірер,
Әйелің жаман болса – күнде өлтірер.
41. Дүниенің жолдастығы бекер екен,
Баянсыз дәурен бастан өтеді екен.
Дәм-тұзы тірліктегі таусылған соң,
Жалғаннан пенде тұрмай кетеді екен.

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ

КӨП – ЖАЛҒЫЗДЫҢ САЯСЫ

1. Жалқаулық пен жалғыздық – жалғанның жаман тарлығы,
Түнде тәтті ұйқы жоқ – қайғының асқан жарлығы.
2. Көп ішінде аз болсаң – әрнеме түсер ойыңа,
Көп ішінде жоқ болсаң – мін тағылар мойныңа.
3. Ауыл малы бұралқы ақылы жоқ жаманға.
4. Қайын болмас қабанда, тойым болмас жаманда.
5. Жолдас болсаң жақсымен – жолың жетер Қырымға,
Топқа кірсең, әркіммен – таласарсың орынға.
6. Нар – түйенің маясы, көп – жалғыздың саясы,
Тайып кетсе аяғың, дұшпанның қанар табасы.
7. Ісің түссе жаманға, қолы кетпес жағаннан.
8. Зекетсіз мал айдама.
9. Өлімге де мал керек, батырға да жан керек.
10. Паракорлар қызығар бір қалаштық тиынға.
11. Қайыры жоқ ас сақтап, дәмді харам шайнама.
12. Сабыр қылсаң жетерсің, құдайдың болса берері.
13. Жылқының құты – айғыр-ды, бұқаның құты – бура ғой.
14. Әділ деп соны айтыңыз, тураны қисық бұрмаса.
15. Қасақана бітер мал қайырымы жоқ наданға.
16. Жақсыны жаман көре алмас.
17. Бұйрықсыздың бәрі харам.
18. Құдайдан қорыққан мұсылман қарауыл қояр сөзіне.
19. Ер басына күн туса, бұта түбі үй болар.
20. Дүние-малын сүйгендер мінбей, кимей кетеді.
21. Байлықтың алды – иман.
22. Ақыл дария білгенге.
23. Жан жоламас жатқанға.
24. Жақсымен қастаспағайсың, жаманмен достаспағайсың.
25. Жүргенге жөргем ілігер.
26. Төрден орын тимейді, патша болса да, малы азға.
27. Оңбасқа бола өшікпе.
28. Байға мал, патшаға тақ не керек?!
29. Мінеді асыл адам алтын таққа,
Иман бермей қоймайды көңілі аққа.

30. Өлгеніңше тою жоқ, түңілмей, ырза болу жоқ.
31. Заманақыр белгісі: бірге туған бауырың тату болып жарытпас.
32. Жабағы жүнін сатқаны – байды құдай атқаны.
33. Өзі қылған өкінбес.
34. Жігітті кердең өсірер атақ пен малдың демі екен.

СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ

ЖАМАННЫҢ КӨКІРЕГІ – КӨР, КӨЗІ – СОҚЫР

1. Дүниеде қандай жақсы болсаң да, тіленсең, қадірің кетер.
2. Ақымақ жігіт белгісі – аз күнгі баққа алқынар.
3. Дүние – ескі сарай-ды,
Жолаушы жүрген азамат,
Көркіне оның қарайды.
4. Жаман жігіт белгісі – алғаны мен бергенін сырттан жүріп санайды.
5. Жаман жолдас белгісі – көкқұтандай кекиіп шекесінен қарайды.
6. Жақсы болса жұбайың, қабағына қарайды.
7. Ер жігіт ел-жұртының панасындай,
Жақсы әйел әммә жұрттың анасындай.
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай.
8. Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады.
9. Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
Миуалы алма-өріктің ағашындай.
10. Жаманның көкірегі – көр, көзі – соқыр.
11. Әркім құмар жақсымен таласуға.
12. Кетпендер өне бойы дүние қуып.
13. Тозған қазды топтанған қарға алар.
14. Біз – қайық, бұл дүние – түпсіз теңіз.
15. Бұл фәни ұзақ болса жүз жыл болар,
Байқасаң тоқтауы жоқ бұл бір сонар.
Сонаршы кешке дейін түлкі қуған,
Күн батып, шаршаған соң, ақыр қонар.
16. Қолдағыға қанағат-шүкір қылмасаң,
Болады бар да – арманда, жоқ та – арманда.

17. Қыз сипаты:

Бота көз, оймақ ауыз, қиғаш қасты,
Ақ маңдай, жазық қабақ, сүмбіл шашты.
Сағым бет, тісі меруерт, күміс кірпік,
Шырын сөз алуан шекер балдан тәтті.

18. Қарғадан қарға туар қарқылдаған,
Жаманнан жақсы туар жарқылдаған.
Дегендер «мен жақсымын» толып жатыр,
Пайдасы өз басынан артылмаған.

19. Бұл дүние біз үшін бір ақсақ елік,
Барады кейде аяңдап, кейде желіп.
Артынан қуып жүрген біз бір мерген,
Қаламыз кейде адасып, кейде көріп.

20. Дүние әлі-ақ өтер қимағанмен,
Сыйласқын өз басыңды сыйлағанмен.
Жалғанның ақырында баяны жоқ,
Қазына қызыл-жасыл жинағанмен.

БІРЖАН САЛ ҚОЖАҒҰЛҰЛЫ

ЖІГІТТІК – БОЙҒА ТАҚҚАН БІР ГАУҒАРТАС

1. Жігітке сайран етіп жүрген артық,
Жігіттік бір кеткен соң, келмес қайтып.
2. Ауылын сұлу қыздың жігіт мақтар.
3. Жігіттік – бойға таққан бір гауһартас.
4. Шешеннің сөз шығады таңдайынан,
Жұмақтың бізге мекен қандайынан.
Бар болып байлар кімді асырайды,
Әркімнің жазған Алла маңдайына.
5. Жігітке жарамайды ызақорлық.
6. Күлмейін, ойнамайын десем дағы,
Барады өтіп дәурен бір қарамай.
7. Қара су есік алды лайланды,
Бай қылмақ, кедей қылмақ құдайдан-ды.
Қамзолдай келте пішкен дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды.

8. Жігітке кедейшілік – ол сергелден,
Болмаса жалғыз атың, өлгенмен тең.
9. Әр жерде сабырлы ерді тәңірім сақтар.
10. Алты қырдың астында ән шырқасам,
Дауысым отарбадан кейін емес.
11. Ер жігіт дүниені көргені артық,
Дүниеде не бар-жоғын сезгені артық.
Түскендей аспан жерге іс болса да,
Бел байлап, тәуекел деп төзгені артық.
12. Қол берген қиын жерде жолдас артық,
Бас тартқан жолдасынан болмас артық.
13. Ах, дүние! Өтерінді біліп едім...
14. Сөйлеп қал, қызыл тілім, өлмей тұрып,
Өмірің біразырақ бар ма-ай, жоқ па?
15. Дегенде біз қартайдық, біз қартайдық,
Белгісі қартайғанның серттен тайдық.
Кәнекей, соныменен шыққан мүйіз,
Қасына сұлулардың көп жантайдық.

МАЙЛЫҚОЖА СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫ

ӘЛЕМГЕ ТОЛСА КӨКІРЕГІҢ – АШЫЛАР КӨЗІ САНАНЫҢ

1. Сабыр – ақылдың серігі.
2. Бақ пенен дәулет тең келсе, адамның толар кемелі.
3. Жақсының жолы – жарық күн.
4. Өңкей жаман қосылса – шығарады егесті,
Мәмілемен іс бітер, бас қосып қалса көп есті.
5. Жұрттың ісі дегенде жақсы қалмас тартынып.
6. Жаман қызметін асырып сөйлейді,
Жақсы қызметін жасырып сөйлейді.
7. Өтірік-өсек андыған – есерліктің белгісі.
8. Бағың барда, жігіттер, тоқталып, сірә, іркілме,
Жұрт қарасын қызығып, бәрекелді деп шіркінге.
9. Орынсыз жерде күлу – ақылсыздықтың белгісі.
10. Көпті көрген ер жігіт көсем болар төселіп.
11. Әлемге толса көкірек – ашылар көзі сананың.

12. Елге келген жұмысқа жақсы жүрер қайысып, жаман жүрер майысып.
13. Ерінбегеннің еңбегі жанар.
14. Дәулет те біреуден көшіп, біреуге қона береді.
15. Тіл – өткір найза.
16. Сыртқа біткен қайыңнан сазға біткен тал жақсы,
Тоя жеген жасықтан бір асаған май жақсы.
17. Қожа менен молдаға «бер» дегеннен, «жоқ» жақсы,
Адамдықты ойласақ, мал мен бақтан ар жақсы.
18. Басында батпан міні көп – кісі айыбын тергеген,
Дәулет бітсе жаманға, сәлем берер жеңменен.
19. Ақын – елдің тұлпары, кетпейтін басы кермеден.
20. Көңіл мейман дүниеге.
21. Әдебі жоқ жігіттен насихат айтар шал жақсы.
22. Ақ тұйғын келіп ілігер – алдын жайып торласа,
Арғымақ ат жығылар – алдын қазып орласа.
23. Андысқан мына дүниеде біреуге-біреу табашы.
24. Жігіттің бағы қайтады ағайын-жұрты алдаса.
25. Бұлбұлдан шешен бір құс жоқ – бармақтай-ақ қарасы,
Оқтан жылдам ажал жоқ – тырнақтай-ақ жарасы.
26. Түйе – көштің көркі, жылқы – жетекші, қой – береке.
27. Атына батса алтын ер,
Атып ұр да, отқа жақ.
Ынтымақ үлгі іздесең,
Қариясы басшы топқа бақ.
28. Хас жүйрікке жолықсаң, жолда қалмас жай таңдап.
Қазанаттың осалы – жабы болар қиқаңдап.
29. Бақ қонады ұл таңдап, қонақ қонар үй таңдап.
Болымы жоқ бозбала, бейнеттен қашар бұлтаңдап.
30. Жаман әйел көп ұйықтар.
31. Жаман болса әйелің, арманда өтер өмірін: артылғандай есекке.
32. Жақсы әйел – жігіттің кесектен соққан кентіндей,
Сары майға былғаған алуа, шекер, жентіндей.
33. Жаман жігіт жер боп тұрып, сөйлеуін қоймас шалықтап.
34. Алғаның жаман жолықса:
Үйіңнің іші шаң болар, ісінің бәрі қам болар.
Сол әлімен тұрмайды, киім таңдап паң болар.
Өңгіме-жанжал қоздырар, өзгеден өзін оздырар.

Жиынға киер жібекті – тезек теріп тоздырар.

«Қай жеріңнен тойдым?» деп,

«Не көрсетіп қойдың?» деп, тағы өзіңді жазғырар.

35. Жаман әйел жігіттің тайдырады табанын,

Тар қылады заманын.

Жақсы әйел жігіттің жақсы қылар жаманын,

Ұшқыр қылар шабанын.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

АДАМ – ТАҢҒАЖАЙЫП ҚҰБЫЛЫС

1. Қазақ даласында не көп – бірі көне, бірі жана жапырлай орналасқан зираттар, обалар мен төбешіктер көп. Қазақтың тұрмыс-тіршілігінің бұл тілсіз ескерткіштері тарихи тұрғыдан гөрі, жағрафиялық тұрғыдан алғанда қымбатырақ.

2. Қазаққа басқа геометриялық пішіндерден гөрі шаршы (квадрат) көбірек ұнаса керек. Өйткені, ол үшін – зат неғұрлым ауқымды болса, соғұрлым маңыздырақ көрінеді. Сондықтан да, әдетте, атақты һәм бай қазақтардың қабірінің үстіне осындай ескерткіштер тұрғызылады.

3. Қазақ жырын еуропалық рапсодияға ұқсатуға болады.

4. Азамат – кәмелетке жасы толған, үйлі-баранды, өзіне-өзі қожа және туған-туысқандарына күні түсе қоймайтын, жеке ша-руа-жайы бар адам.

5. Мен, тегі, жанымның қалауы бойынша, ex professo, романист болуым керек. Егер тахитум – жеке адам қабілетінің ең жоғары өлшемі кіршіксіз таза көзқарас, өзгеше өрнектеу машығы, сол сияқты қоғамдық өмірді және жеке адамдар өмірін бар бояуымен, бар қызық-шыжығымен табиғи түрде һәм шынайы көрсете білу болса, өз ойымша, менің еңбектерім бұл талаптарға толық сай және ең бір қатал сындарға да төтеп бере алатын деңгейде тәрізді.

6. Әйел табиғатының өзі осындай: тыйым салынған тамырдың дәмін татып, әбден құмарынан шыққанша қинала беруге жаратылған.

7. Алғырлық пен сабырлылық – түркілердің табиғи қасиеттері.

8. Еуропада осы күнге дейін көшпелі тайпаларды қаскүнем ордалар мен тәртіпсіз жабайылар түріндегі құбыжық етіп көрсетуге

құмар кері көзқарастар басым орын алып отыр. Ал енді осы «жабайыларыңыздың» («варварлар») басым көпшілігінің ауызша һәм жазбаша төл әдебиеті, аңыз-эпсаналары бар.

9. Поэзияға, әсіресе, импровизацияға құштарлық – барлық көшпелі халықтарға тән қасиет.

10. Қазақтар поэзияға қабілеттілігі жөнінен бүкіл түркі тілдес халықтар (татарлар) арасында бірінші орын алады десе де болады. Олар туралы белгілі ориенталист Сенковскийдің арабтар жайлы айтқан: «Бедуин – табиғатынан өлеңші боп туады, басым көпшілігі ақын халық» деген сөзін қайталаса, еш артықтық етпейді.

11. Қазақтардың ескі аңыздары мен наным-сенімдерінің қалай қаз-қалпында сақталғаны таңғаларлық. Және бір кереметі – ең даланың қай түкпіріне барсаңыз да олардың, әсіресе, өлеңмен жазылған сағалардың, бір-бірінен ешбір аумайтындығы: салыстырып көрсеңіз – бір қолжазбаның тізіміндей төгіліп шығады. Білімсіз саналатын көшпелі ордалардың ауыз әдебиетінің қайнар көздеріне тән таңғаларлық дәлме-дәлдік – ешбір күдік келтіруге болмайтын факт.

12. Өзін-өзі сақтау түйсігі – мақтан етуге тұрарлық сезім.

13. Өткенің туралы ойлағаның – бүгініңнің қамын жегенің.

14. Киіз үйдің маңдайшасында жалау ілініп тұрған болса, сіз оны осы шаңырақтың бір адамы опат болған екен деп түсінгеніңіз жөн. Жалаудың түсі қызыл болса, өлген адам жас, қара болса – орта жастардағы, ақ болса – қарт адам деген сөз.

15. Жоктаудың ортақ сипаты – Тәңіріге жалбарыну.

16. Біздің бір аңғарғанымыз – амандық-саулық сұрасу сипаты қай халықтың болсын мінез-құлқын айтарлықтай дәл білдіретіндігі. Жалқау да керенау түрік жұрты бір-бірімен – «Жаныңыз жай тапты ма, әпендім?» деп амандық-саулық сұрасады. Ал әзілкештігі мен тапқырлығы барша Азияға белгілі парсылар болса: «Сіздің хош иісті әлеміңіз қандай халде, бауырым?» деген жанама сауал қояды. Адамдар өмір сүру үшін тамақтанып, тамақтану үшін өмір сүретін Қытайда күн мен түннің кез келген сәтінде колданылатын «Қарныңыз тоқ па?» деген сәлемдесу салты бар. Қазақтардың амандасуы да қызық: «Мал-жан аман ба?» десіп, қауқылдасып жатады.

17. Жаныңды жай тапқызар шын «алтын жалқаулық» дегеннің не екенін тек нағыз далалықтар ғана біледі. Далалықтар ғана қайғы-мұңсыз, ертеңі жайлы ештеңе ойламай еркін өмір сүре алады.

18. Тек нағыз көшпелілер ғана еш алаңсыз бақытты күй кеше алады. Өйткені, олар жан тыныштығының қадірін жақсы біледі.

19. Тау – шеркес тектілерді шындап шығаруы заңды. Шеркеш шіркін дүниеге шыр етіп түскен сәтінен бастап-ақ табиғатпен текетіреске түседі. Оның өмірдегі әр қадамы – нар тәуекел. Жан-жағы толған – қабағына мұз қатқан қатыгез шындар, ал оның төменінде – әлде бір арыны басылмас алып Терек буырқанып-бұрқанып, өкіріп-шулап, зәренді ұшырар зұлмат тас төбелерді допша тулатып, аударып-төңкеріп жатқаны. Таудағы аң мен құстың жыртқыштығынан асқан тағылық тағы жоқ. Шарболат шеркестің нағыз ұстаздары, міне, осылар! Ол осылардан өнеге алады!

20. Еңбекқорлық, ұлттық мақтаньш, принциптілік, сайып келгенде, осы қасиеттердің бәрі де халықтың тұрмыс-салты мен ұлттық мінезінен шығады.

21. Қытайда ақыл-ойдың тұрағы асқазан саналады: яғни, қарның неғұрлым қампиған болса, ақылың да соғұрлым молырақ болғаны.

22. Этнография үшін ұлттық жазу жәдігерлерін оқып-үйренудің ерекше маңыздылығын ғалымдар баяғыда-ақ байқаған. Мұндай бағалы ескерткіштерде халықтың тұрмыс-салты мен мінез-құлқы айрықша айқын көрініс табады.

23. Көнені қастерлеу сезімі мен аңыз-эпсаналар байлығы – Солтүстік және Орта Азия көшпелілерінің өзгеше қазыналары қатарына жатады. Олар әдет-ғұрыптық және генеалогиялық аңыздар ретінде көпті көрген көнекөз қариялар жадында сақталып, эпос түрінде – өздері бір өзгеше сословие өкілдеріне жататын өлеңшілер арқылы ұрпақтан ұрпаққа тарайды.

24. Орта Азияның ежелгі халықтарының эпсаналарына тән белгілердің бірі – олардың аң-құстан немесе жануардан таралғандықтары туралы аңыздың жиі кездесетіндігі.

25. Адам баласы табиғат аясында және ұдайы табиғат ықпалын сезіну жағдайында өмір сүреді, нақты іс-қимылдар жасайды. Бұл тұрғыдан келгенде, шаманизм көзқарасы – солшыл материализмге саяды. Екінші жағынан, өлгеннен кейін адамның өзі тәңір текті құпияға айналады, бұл – солшыл спиритуализмдік көзқарас.

26. «Табыну – таң қалу!» («Поклонение – есть удивление!») дейді Карлейль. Біздің ойымызша, оның язычествоның шығу тегі туралы пікірі шаманизм табиғатын толық түсіндіріп бере алады. Табиғат пен адам, өмір мен өлім араларындағы қарым-қатынас

қашан да шексіз танданыс тудырып келеді әрі ең бір ұлы құпия күйінде қалып отыр.

27. Табиғат пен адам! Айтыңызшы, табиғат пен адамнан асқан қандай керемет пен құпия болуы мүмкін?! Шаманизм – көктің, табиғат пен өлгендер рухының культі – өлім мен өмір сырын, сол сияқты адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас құпиясын танып білуге деген қажеттіліктен туған.

28. Адам – таңғажайып құбылыс! Оның жан дүниесі, ақыл-ойы, жан-жақты талант-қабілеті – құдіреттілік табиғатының, мүлдем беймәлім әрі ешқашан да танып-білу мүмкін емес мәңгілік құпияның нақты көрінісі осы емес пе?!

29. Аспанның тәңір тектілігі туралы және оның адамға қатысты құдірет-күші жайлы шаманистік көзқарас қандай ұғымдарға негізделген? Өлгеннен кейін адамның өзі тәңір текті құпияға айналады, ал аспанның құдіреті тек тірі адамға ғана жүреді. Сондықтан да христиандық тұрғыдағы күнә идеясы да болуы мүмкін емес. Жер бетіндегі береке-байлық пен керемет біткен, жақсылық пен жамандық, бақыт пен бақытсыздықтың бәрі – тәңірден, жасалған күнә үшін, әрине, шаманизм ұғымындағы, тиесілі тәңірлік жаза да көп күттірмейді.

30. Шаманизм табиғатты пір тұтады. Аспанға, күн мен айға адамның өзі-өзінің үстінен қарайтын билік құдіретін теліп-танады, бірақ бұл құпия күш оған бұл дүниеде ғана – туғаннан өлгенге дейін ғана ықпал ете алады.

31. Сыртқы дүние күн, ай, жұлдыз, жер – алғашқы тәңірлік құдіреттер, міне, осылар. Әрине, жалпыны құдірет тұтудан жекені құдірет тұту келіп шығады, мысалы, тауларды, өзендер мен белдерді, т. б.

32. Шаман – бойында ерекше қасиет, айрықша білім бар адам. Ол өзгелерден дара тұр: әрі ақын, әрі сазгер, әрі көреген, оның үстіне дәрігер.

33. Шамандық дүниетанымдағы халықтар отқа табынуды, Банзаров дұрыс аңғарғандай, парсылардан үйренген.

34. Қазақтардың отқа деген көзқарасы ерекше: оны тек от-әулие деп қана атайды. Ал «әулие» деген сөз әдетте мұсылман дінінің пайғамбарларына қолданылады. Отты өзгеше кастерлегендіктен де, қазақтар оны, моңғолдар сияқты, анаға теңеп «от-ана» деп атайды. Ұлттық наным-сенімдерге орай, оттың жамандықты аластайтын құдірет-күші бар деп есептеледі.

35. «Тәңір жарылқасын!» және «Көк соққыр!» деген тіркестер – шамандық көзқарас көріністері. Ал «жарылқау» сөзі «жарлық» (ерік білдіру) және моңғолдың «дзаяга» (көк тәңірінің еркі, тағдыр) ұғымдарымен тікелей байланысты.

36. «Кемпірқосақ» – кемпірдің қосағы. Қосақ дегеніміз – жер бетін бойлай орналастырылған екі қапталында қатар-қатар тізілген қозы байлағыш ілгешектері бар желі. «Кемпірқосақ», «кемпір», әдетте, жаңбырдан кейін сауып дағдыланған түрлі-түсті қойлар «қосағы».

37. Әзірше мұсылманшылық біздің қанымыз бен жанымызға ене қойған жоқ. Оның келешекте халықты бөліп-жарар қаупі бар.

38. Әдетте халықтың, әсіресе, білімі аз және жартылай жабайы халықтың пікіріне жатқызылатын пікірлердің бәрі бірдей халықтың шын мұқтажын білдіре бермейді. Ал қоғамда теріс көрсеткіші деп қана қараған жөн. Өйткені, атакты және бай адамдардың мүдделері, тіпті, өркениеттілігі жоғары қоғамдардың өзінде, көп ретте бұқара халықтың, көпшіліктің мүдделерімен ұштаспай, қарама-қайшы түсіп жатады.

39. Жабайылығы басым, дамып толыспаған адам өз сезімін өзі билей алмайтын жас бала тәрізді. Бала сияқты, оған да өз түйсіктерін өзінің іс-қимылдарымен ұштастыру өте қиын.

40. Халықтық реформалардан асқан шексіз маңызы бар қоғамдық мәселе жоқ.

41. Джон Стюарт Мильдікі өте дұрыс, әлдебір сословияға жаңа құқықтар берерден бұрын, алдымен осы сословия адамдарының ақыл-ес, адамгершілік және саяси сапасын айқындайтын нақты ғылыми зерттеулер жүргізілуі керек.

42. Дәрігер науқастың ауруының белгілерін ғана емес, негізгі себептерін білгенде ғана, емге оның жазылып шығатындығына кәміл сеніммен кіріседі.

43. Бізде қоғамдық қажеттіліктерді білмейтіндіктен және гуманистік теорияларға тым берілгендік салдарынан дәл осы сәтте мүлдем керексіз жаңалықтар мен реформалар кіргізу өте жиі кездеседі.

44. Адамға тән барлық құштарлықтар мен себеп-салдарлардың астарында физикалық және элеуметтік шарттардың жиынтық әсері жатыр.

45. Реформалар дұрыс болғанда ғана, яғни қоғамдық организмнің сау-саламат дамуына мүмкіндік беретін прогресс заңдарына сүйенгенде ғана, сәтті болады.

46. Күшпен таңылған, сол сияқты өмірмен байланысы шамалы бос теорияларға негізделген немесе басқа халықтың тәжірибесінен көзсіз көшіріп алынған реформалардың ешқайсысы да осыған шейін адамзатқа зор қайғы-қасіреттер әкелгеннен басқа ештеңеге жарап жарытқан емес.

47. Реформа мәселесі қашан да ерекше сақтықты және айрықша терең пайымдауды қажет етеді. Өйткені, ол халықтың «болу-болмауына» қатысты жайларға әсер етуі мүмкін.

48. Ресей империясының құрамына кіретін шет жерлік тайпалар арасында, саны жағынан да, байлығы бойынша да, және шын-нын айтсақ, ертеңге деген үміті жөнінен де бірінші орын біздерге, қазақтарға, тиесілі. Біз бірегей ұлан-асыр, кең байтақ өлкені жеке жайлап жатырмыз, ал өзге кірме жұрттардың бәрі орыстардың арасында шашырап кеткен.

49. Қазақ халқы – ең бір бейбіт халықтардың бірі.

50. Біздің халқымыздың шығыстық үлгілерден гөрі, үнді-герман эпосына жақындау бай ауыз әдебиеті бар.

51. Бату татарларының ұрпақтары ретінде, біздің орыстармен, тіпті, қан араластық туыстығымыз да бар.

52. Қазақтар өз дауларын әдетте сырттан шақырылған билерге, мүлдем бейтаныс адамдарға шешкізгенді ұнатады.

53. Қазақ арасында би атану халықтың сайлауы немесе халыққа билік жүргізуші үкімет тарапынан бекіту тәрізді ешқандай ресми рәсімдерге негізделмеген. Мұндай абыройлы атаққа ие болуға тек сот салт-жоралғылары саласында жан-жақты терең білімі және аса жарқын шешендік өнері бар қазақтар ғана құқылы.

54. Қазақ аңыздарындағы Абылай хан образы айрықша поэтикалық ореолға ие. «Абылай заманы» – қазақтың рыцарлық дәуірі деп саналады.

55. Тіл – қай халықтың болсын басты белгісі.

56. Қазақты түрік пен моңғолдың қоспасы десе де болады: бірінің тілінде сөйлесе, екіншісінің бет-пішінін алып жүр.

57. Қазақ даласында моңғол шапқыншылығына дейін өмір сүрген халықтар түрік тектес болған.

58. Қазақ ордаларының тілінде ешбір айырмашылық жоқ.

59. Қазақ тілінің арғы атасы – көне түркі тілі.

60. Қазақтардың ұлттық әуендерінің табиғатынан, сөз жоқ, ұлан-ғайыр ұлы даланың, желмен жарысқан жүйрік һәм сұлу тұлпарлардың, таңғажайып көркем әйелдердің әсері сезіледі.

61. Қазақ поэзиясы соны, жалықтырмайды және отырықшы халықтарға тән сан алуан жасанды тәртіп-ережелерден мүлдем ада.

62. Қай халықтың да поэзиясы сол халықтың өмір салтымен тікелей байланысты.

63. Өлеңдер, эпсаналар, мақалдар мен мәтелдер далалық тіршілікті қазақ халқының өмірін жырдай ғып жарқыратып көрсету мақсатымен арнайы жазылған кез келген кітаптан артық ғажап етіп көрсете алады.

64. Қазақтар – жақсылықтың қадірін білетін халық.

65. Бокль айтқандай, білім беру ісі жалпы адамзаттық сипатта болуға тиіс. Ал ұлттық сипат ортаның және оқу жүргізілетін тілдің әсерімен пайда болады.

66. Қазақтардың ұшан-теңіз өлең-жырлары (мен бұл терминді ортағасырлық Еуропа қолданған мағынасында, «Ролланда туралы жыр» тәрізді қабылдаймын), әлдебір дәуірлерде ақылды бабалары шығарған мәтелдері мен афоризмдері бар.

ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ

СӨЗ – ҚҰЛАҚТЫҢ ҚҰРЫШЫ

1. Әділ айтсам – Аллам дос, әзіл айтсам – шайтан хош.

2. Көрмеген – күмән.

3. Аш кісінің ары жоқ.

4. Есігі – көше, төрі – базар.

5. Бай баласы тіленші.

6. Жетпіс беске келгенде:

Құртады екен әліңді,
Сорып алады екен қаныңды,
Кім көріпті мұндай залымды?!

7. Бұл өмірдің жұмағы – жігіттік шақ.

8. Пілдің тірі бәсі де – мың ділдә,
Өлсе, тері бәсі де – мың ділдә.

Шығармалары. Бірінші том

9. Мың қарғаға – бір кесек.
10. Бүкіл тоғай өртенер бір зәредей жасыннан.
11. Ит аулақта доңыз шығар төбеге.
12. Ақ көңілдің белгісі – расын сөйлеп, ыржиган.
Пітнә көңіл белгісі – құпия сөйлеп, құнжиган.
13. Өпірем болу не керек, бақ-базарың ауған соң.
Бәсеке-құлық не керек, бастан билік тайған соң.
14. Беттің әрі кеткен соң,
Қырмызы киіп не керек.
Бұл өмірдің мысалы:
Кешегі көрген бүгін жоқ,
Ұшып кеткен көбелек.
15. – Кім жетім?
– Құлдықта жүрген ер жетім, ел қонбаған жер жетім.
Хакімі әділ болмаса, бұқара байтақ ел жетім.
Бағы тайған би жетім, қатынсыз қалған үй жетім.
Қырға шықса – белім деп, ойға түссе – тізем деп,
Келін менен балаға, қонақ болған уақытта,
Басынан билік кеткен соң, кемпір менен шал жетім.
16. Шытылмасын қабағың, толы болсын табағың!
17. Ақыл ойлап, пікір ет, құдайыңа шүкір ет!
18. Қытымыр деген – қызыл ит.
19. Алла айдаса, не сөз бар!
20. Жақсы болса – ұл болар, жаман болса – құл болар.
21. Абайсыз өскен алшаңым, тәксіз өскен тарпаңым!
22. Ұйқы – жанның тынышы, сөз – құлақтың құрышы.
23. Алтыннан құйған асықтай, күмістен құйған қасықтай.
24. Той – халықтың қазынасы.
25. Атымтай Жомарт салған жол, бақыт пен дәулет қонған жол!
26. Айтыс деген – тамаша, шығарған қазақ баласы.
27. Кей пендеде іні жоқ, інісіз жанның күні жоқ.
28. Ақыл деген – қой болса, ашу деген – көк бөрі.
29. Айы біткен айда өлер, күні біткен күнде өлер.
30. Жақсының сөзі – майсадай, жаманның сөзі – найзадай.

БАЗАР ОҢДАСУҰЛЫ

ӘР ЗАМАННЫҢ ӨЗІНЕ ЛАЙЫҚ СӨЗІ БАР

1. Ақылды әйел ерінің атын шығарады.
2. Алла ісінде арман жоқ, табылған сөзде жалған жоқ.
3. Жақсы мен жаманның арасы – жер мен көктей.
4. Өмірде адам не көрмес: көтергенмен кеудесін, жақсыға жаман тең келмес.
5. Тереңдігі теңіздей, қайраты қара өгіздей.
6. Жетімнің камын ойласаң жесірдің көңілі жұбанар,
Өнбейтін даудың ізінен өспейтін жігіт куалар.
7. Аздырар ма халқынды, ішіңнен шыққан ер болса.
Намысыңды бермейді ол, екіталай жер болса.
8. Кей жаманның сөзі бар ызғары қатты ащы удай,
Кей жақсының сөзі бар лебі кәусар бал судай.
9. Қу қанжыға жүйріктен қаба жалды берік артық,
Жылуы жоқ тымақтан баса киген бөрік артық.
10. Жаман болса алғаның, мақтасы қалың көрпе артық,
Қараға жауап бергеннен, аққа берген серт артық.
11. Айдан зәру нәрсе жоқ – түнде бар да, күндіз жоқ,
Күннен зәру нәрсе жоқ – күндіз бар да, түнде жоқ.
12. Бейнет те көшпелі.
13. Ділмар боп жүр бұл күнде,
Дым білместің талайы.
Жоқтықтан қолы байланып,
Кенеске басы кірмей жүр,
Жігіттің ығай-сығайы.
14. Әр кәлләда – бір сауал.
15. Әр заманның өзіне лайық сөзі бар.
16. Тіріде жанға тыным жоқ,
Қызыл тілде буын жоқ.
17. Ұмсынған жерге жетпесе,
Қайтады ердің райы.
Мінер ат, киер киімге,
Мұқтаж болған жігіттің,
Шықпайды ешбір шырайы.

18. Ханның бағы таярда –
Дұшпаны сырттан көбейіп,
Жаны ашыр досы аз қалар;
Бидің бағы таярда –
Үлгілі сөзден айырылып,
Әркімнің мінін қазбалар;
Байдың бағы таярда –
Танабын құдай тарылтып,
Қасынан қоңсы қозғалар.

МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ

МЕН ҚАУІП ЕТКЕННЕН АЙТАМЫН

1. Заманға қарай сөз керек.
2. Халықтың адасқанын бастамасаң,
Біліктен не пайда бар кеудең толған.
3. Жігіттің елге тиген пайдасын айт!
4. Тұлпар мініп, ту алған.
5. Еділді тартып алғаны – етекке қолды салғаны,
Жайықты тартып алғаны – жағаға қолды салғаны,
Ойылды тартып алғаны – ойындағысы болғаны.
6. Еділдің бойы – қанды қиян,
Жайықтың бойы – майлы қиян,
Маңғыстау бойы – шанды қиян.
7. Ердің соңы – Исатай!
8. Қараша, Құбан – қанды су,
Ақтөбе, Бозан – ланды су,
Үш өзен, Самар – жанды су!
9. Пенденің қылған ісі Аллаға аян.
10. Еділде тұрып ырғаса,
Жайыққа оғын жоғалтқан.
Жайықта тұрып ырғаса,
Еділде оғын жоғалтқан.
11. Адамның азған белгісі – екі кісі дауласса,
Тату бол деп айтпайды.
12. Қайыр кетті қазаннан, қуат кетті азаннан.

13. Дұшпан – тазы, біз – түлкі.
14. Бір пәледен – мың пәле.
15. Замана, қауіп етем қорланғаннан!
16. Алланың құлы болсаң, бізге күлме,
Біреу бай, біреу жарлы қылған құдай.

АҚАН СЕРІ ҚОРАМСАҰЛЫ

ДҮНИЕ АДАСТЫРАР ҚУҒАННАН СОҢ

1. Дүние жеткізбейді ойласаң да,
Жақсы артық әзілдесіп ойнасаң да.
2. Жай жату – тек бүгінгі жанның қамы.
3. Адамға сырттан ғайбат жарамайды.
4. Ақ қаудың астығы жоқ шайнағанмен,
Құр тілдің пайдасы жоқ сайрағанмен.
Көнбейді жаман адам ынтымаққа,
Жүрмейді шошқа жөнге айдағанмен.
5. Алтынды орағанмен жез болмайды,
Жібекті жуғанменен бөз болмайды.
Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,
Жаманның көкейінде көз болмайды.
6. Шірімес алтын жерде жатқанымен,
Оқ өтпес ажалсызға атқанымен.
7. Жалқауға – сөз, жаманға таяқ өтпес.
8. Ердің көркі – дәулет.
9. Жақсыға бітсе дәулет бақ айналар,
Жаманға бітсе дәулет әуе айналар.
Басына ер жігіттің іс түскенде,
Арасы қас пен достың абайланар.
10. Жігіттің көз тоқтаттық қандайына:
Шешеннің тәңір берген таңдайына.
Батырдың қайрат берген жүрегіне,
Малдының ырыс берген маңдайына.
11. Мәстектен тұлпар артық, шаппаса да,
Тексізден текті тумас, мақтаса да.

Шығармалары. Бірінші том

12. Жабыға салма тоқым жалы бар деп,
Жаманға басынды име малы бар деп.
13. Сауысқан шықылықтап сұңқар болмас,
Мәстекті мақтағанмен тұлпар болмас.
14. Су шықпас қазғанменен тау басынан,
Қазактың дау кетпейді сау басынан.
Жолдасы сыр айтысқан жау боп шықса,
Ер жігіт жаңылады тәубесінен.
15. Шын тұлпар дүбір шықса шыдамайды,
Тас қылып төрт аяғын байласаң да.
Жатпайды болат пышақ қын түбінде,
Өтпейді жасық темір, қайрасаң да.
16. Дүние адастырар қуғаннан соң,
Шырмайды қол-аяғын бұғаннан соң.
Дүние – аз күншілік фәни жалған,
Басыңнан қайғы кетпес туғаннан соң.
17. Қаршыға әлсіз болса қаз алмайды,
Ер жігіт малсыз құлаш жаза алмайды.
Бұл дүние – жұртты алдайтын бейне базар,
Әр адам өз әлінше базарлайды.
18. Би болмас белін жуан бұғанменен,
Тазармас заты жаман жуғанменен.
19. Пасықтың пиғылы лас.
20. Ит үрер жақсыға да, жаманға да.
21. Әркімнің өзіне лайық қалыбы бар.
22. Ер пайдасы тиеді сасқан жерде,
Ез жаңылып етегін басқан жерде.
23. Жамандар көре алмаған қылады өсек,
Лайық заманында асқан ерді.
24. Жігітті шешенсінген дауда сына,
Есерді батырсынған жауда сына.
25. Кімнің жақын, кімнің алыс екені басына іс түскенде ашылады.
26. Хас сұңқар тұғырында тоғыз түлер.
27. Ерке ит ауыз жалайды.
28. Қызарған бет табылар, қызынған ниет табылмас.
29. Жаманды мың көргенмен, ішің сүймес.
30. Қор болып қара құсқа қағылғанша, тұғырда тоят тілеп өлген жақсы.

31. Жүрек сұлтан нәпсіге.
32. Астан – жілік, тойдан – ілік.
33. Сыпайы сырттан мақтар.
34. Жақсы жолдас сыр шашпас.
35. Адамға мал мен мансап жолдас емес.
36. Жылпос майдай жағылар.
37. Бұл заманның тамыры – құдандасы –
 Әуелі арбау менен ойлар сұмдық.
 Құдайдың бұйырмаған нәрсесіне.
 Кіріптар боп жүреді адам мұңлық.
38. Токтау – сабыр лайық нәпсі тыйып.
39. Кісі өлтірген, батырлық, ұрлық-қарлық – кітапта мұның
 бәрін дейді бұзық.
40. Нәпсі – дария.
41. Мылтық – оқудан соңғы өнер.
42. Пенденің жетпес көзі келесіге,
 Ібілістің кірмеу керек егесіне.
 Көңілді ықыласпен хаққа қойдым,
 Міну шарт тәуекелдің кемесіне.
43. Бұл дүние – баяны жоқ бір кең сарай.
44. Жақсы әйелдің сипаты:
 Ақ жүзді әйел алсаң бойы сұңғақ,
 Қасыңа шақырғанда келсе зулап.
 Дауысы «әу» дегенде әрең шығып,
 Кеудесі еңкейгенде етсе бұлғақ.
 Қара қас, жазық маңдай, қара көзді,
 Дауысы жіп-жіңішке, жұмсақ сөзді.
 Мінезі майдай еріткен қорғасындай,
 Келсе де ерте-кешті бір мінезді.
 Жүзінің ақ аралас, қызыл беті,
 Жаман сөз сөйлемейді, адал жіпті.
 Болған да тісі аппақ, пісте мұрын,
 Ауызы қалжың сөзге болса епті.
 Жат қылық, шайпау мінез еш болмайды,
 Шақ етіп дауысы шықпас баланы ұрған.
 Ерте-кеш бір ауылдан ері келсе,
 Тап-таза үйдің іші сыпырылған.
 Жігітке адал жүріп болар серік,

Қуанар ғазиз құрбы жүзін көріп.
Білгізбей бар болса да, жоқ болса да,
Ол бір марал тұрғаны қасын керіп.

45. Жаман әйелдің сипаты:

Болмайды сұлу кылықты жаман қатын,
Білмейді оқытсаң да сөздің салтын.
Ілмелеп, салған жерден кекесіндеп,
Қылады ұрыс-жанжал сөздің артын.
Кетеді таң атқан соң өсек бағып,
Қонаққа тамақ бер деп ептеп айтса,
Жүреді теріс қарап жылмың қағып.
Кісіге күле сөйлеп, келмес жанап,
Былшылдар ел көзінше байын талап.
Таусылды қант пен мейіз, ет пен шай деп,
Қонағын қыстай келген бәрін санап.
Сыпырмас үйдің ішін, киіз қағып,
Еш уақыт шаруа қылмас отын жағып.
Тазалық үй ішінде болмаған соң,
Бойыңда қадір-баға қалар нағып.
Орамал жерде жатыр кірі батпан,
Салдырап аяқ-табақ қирап жатқан.
Сүтін ішіп, шелегін ит жаласа,
«Кет!» деп еш айтпайды құдай атқан.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

АДАМЗАТТЫҢ БӘРІН СҮЙ БАУЫРЫМ ДЕП

1. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады.
2. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық.
3. Егер жаманшылықты көп қылған болсаң,
балаңның оқыған Құраны сені неге жеткізеді?
4. Баланың мал табары болады, мал шашары болады.
5. Өзің мал таба алмасаң, балаң мал тапсын.

6. Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме?!
7. Иман – парыз.
8. Иман сақтауға – қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек.
9. Есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді.
10. Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма? Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек – бұлар жүрек ісі. Асықтық та – жүрек ісі.
11. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды.
12. Адам ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылық жоқтығынан азады.
13. Құдайшылық – жүректе. Қалпыңды таза сақта!
14. Мырзаларды мақтайын десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп.
15. Болыс пен биді құрметтейін десең, құдай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ.
16. Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсы іске мықты кісі елде жоқ.
17. Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Қулық, сұмдық, арамдық амалға елдің бәрі есті.
18. Жаманмен салысып жақсы болмайсың.
19. Көпке қорлық жүрмейді.
20. Құдайдан – қорық, пендеден – ұял: балаң бала болсын десең оқыт, мал аяма!
21. Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді.
22. Надан ел – қуанбас нәрсеге қуанады, ұялмас нәрседен ұялады.
23. Ауруды жаратқан құдай, бірақ ауыртқан құдай емес.
24. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпен өмір өткізгенше – малды не жерден сұрау керек, не маңдай терден сұрау керек.
25. Періште алтынды не қылсын.
26. Шала мейір – шала байқайды.
27. Тура жолдағыны шатастырушы жүз кісі – қисық жолдағыны түзеткен бір кісіден садаға кетсін.

28. Өзің құрметтемеген нәрсеге – бөтеннен қайтіп құрмет күтесің.
29. Ғылымды, ақылды сақтайтуғын мінез деген сауыт болады.
30. Көрсеқызарлықпен, жеңілтектікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады.
31. Мал – жұтайды, өнер – жұтамайды.
32. Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады.
33. Кісіге білеріне қарай болыстық қыл: татымсызға қылған болыстықтың өзі адамды бұзады.
34. Атасының баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың.
35. Ер артық сұраса да, азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де, разы болмас.
36. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң – Алланың сүйген құлының бірі боласың.
37. Адам баласын заман өсіреді.
38. Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам – адам мінезін түзеуге болмайды деген кісінің тілін кесер едім.
39. Дүниеде жалғыз қалған адам өлген адаммен тең: қапашылықтың бәрі соның басында.
40. Үміт үзу – қайратсыздық.
41. Дүниеде еш нәрсе де баянды емес: жамандық та өтеді.
42. Ашулы адамның сөзі аз болса – ыза қуаты артында болғаны.
43. Биік мансап – биік жартас: ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады.
44. Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел.
45. Тоқ тіленші – адам сайтаны.
46. Жаман дос – көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың.
47. Алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер: кезектесіп өлінер, баяғыдай көрінер.
48. Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас.
49. Қайғысыздан – сақ бол, қайғылыға – жақ бол.
50. Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл, шәкіртсіз ғалым – тұл.

51. Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің.
52. Қиянатшылар: жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман.
53. Ғылым – Алланың бір сипаты.
54. Мал, мақтан, ғиззат-құрмет өзі іздеп тапса, адамды бұзбайды һәм берік болады.
55. Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды.
56. Нысап пен ұят әділеттен шығады.
57. Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді.
58. Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім – ғалым.
59. Өзімшілдік – адамды бұзатын пиғыл.
60. Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: олар – надандық, еріншектік, залымдық.
61. Жылуы жоқ бойының, жылмиғаны неткені.
62. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі содан шығады.
63. Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен: ел басы, топ басыларына тоқтай білетіндігі мен намысқойлығы.
64. Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: біріншісі – зор билік, екіншісі – есепсіз байлық.
65. Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егерде бірі жетілсе, бағанағы досына бітімі жоқ дұшпаны сол болатұғыны қалай?
66. Тоқал өр келеді, кедей кер келеді.
67. Ақыл – жан қуаты.
68. Пайда менен залалды ақыл айырады.
69. Адам баласының ең жаманы – талапсыз.
70. Қайратсыз, қорқақ кісі мақтаншақ келеді.
71. Жинақылықтың түбі кеніш.
72. Уайым-қайғының ішіне кіріп алып, шығар есігін таба алмай қамалып қалу – антұрғандық.
73. Адам баласы жылап туады, кейіп өледі.
74. Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп адам саумақ өнерсіз иттің ісі.
75. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп еңбек кылсаң, қара жер де құр тастамайды.

Шығармалары. Бірінші том

76. Бірлік малға сатылса – антұрғандықтың басы осы.
77. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды да.
78. Көкіректе сәуле болмаса, көңілде сенім болмайды.
79. Өмірдің алды – үміт, арты – өкініш.
80. Тілде – сүйек, ерінде жиек жоқ.
81. Ақылмен ойлап білген сөз, бойға жұқпас, сырғанар.
Бінталы жүрек сезген сөз, бар тамырды қуалар.
82. Ой кірсе, ерік кетеді.
83. Ақыл, сезім болмаса, тіршіліктің несі сән.
84. Жүректе қайрат болмаса, ұйықтаған ойды кім түртпек.
85. Әйел адам – гүлмен тең.
86. Егер менің ішімді жарып көрсен, жылауынды ұмытып, шошыр едің.
87. Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты – бүтін, іші – түтін.
88. Ағайынға іс түскен – ол бір үлкен қарғыс қой.
Аларың сонда ең күштеп – «Бишара» мен «байғұс» қой.
89. Қолдан келмес іске ұмтыл, азат басың болсын құл.
90. Қайғысыздың бәрі асау.
91. Адамды сүй, Алланың хикметін сүй.
92. Адамзат – бүгін адам, ертең – топырақ.
93. Өлейін деп өлмейді өлерлік жан.
94. Көптің аузын күзетіп күн көре алмайсың.
95. Мақтан қума, керек қу.
96. Әркімді заман сүйремей, заманды қай жан билемек.
Заманға жаман күйлемек, замана оны илемек.
97. Имансыздың сыртын қанша жусаң да, іші оңбайды.
98. Пайда, мақтан, әуесқой шайтан ісі.
99. Распенен таласпа.
100. Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас.
101. Қартаң тартқан адамнан от азаймақ, от азайса, әр істің бәрі тайғақ.
102. Ақсақалды ауыл азбас.
103. Сұлу аттың көркі жал, адамзаттың көркі мал.
Өмір сүрген кісіге, дәулет – қызық, бала – бал.
104. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.
105. Малға достың – мұңы жоқ малдан басқа.

106. Екі көңіл арасы жылшылық жер.
 107. Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар.
 108. Әннің де естісі бар, есері бар.
 109. Өмірдің алды – ыстық, арты – суық.
 110. Қаракет қыл, пайдасы көпке тисін.
 111. Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
 Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
 Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
 Еңбегің мен ақылың екі жақтап.
 112. Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
 Қызық келсе қызықпа, оңғаққа ерме.
 113. Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
 Қазысы оның арым мен бір-ақ құдай.
 114. Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
 Өлсең де өлмегенмен боласың тең.
 115. Өлең – сөздің патшасы.
 116. Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
 Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.
 117. Адамның алды жөн, арты – сокпақ.
 118. Жастықта көкірек зор, уайым жоқ.
 119. Жастықта бір күлгенің бір қаралық.
 120. Кімді сүйсең де, шын көңілмен сүй.
 121. Бір жерде бірге жүрсен басың қосып,
 Біріннің бірің сөйле сөзің тосып.
 122. Кей құрбы бүгін тату, ертең қату, тілеуі, жақындығы – бәрі сату.
 123. Жаман тату өзіңе ор қазады.
 124. Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба.
 125. Өсек, өтірік, мақтаншак,
 Еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпаның, білсеңіз.
 Талап, еңбек, терең ой,
 Қанағат, рақым ойлап қой – бес асыл іс, көнсеңіз.
 126. Татулықтан артық жолдас жоқ.
 127. Туғанда дүние есігін ашады өлең,
 Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
 128. Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді,
 Сөзді ұғар көкірегі болса көзді.
 129. Қайтып келер есікті, қатты серіппе, жарқын-ау!

Шығармалары. Бірінші том

130. Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге, көкірегінде болсын көз.
131. Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз.
132. Көп айтса көнді, жұрт айтса болды – әдеті надан адамның.
133. Кекшіл болма, көпшіл бол.
134. Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең, істің бәрі бос.
135. Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын.
136. Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел.
137. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласын елден бөлек.
138. Ғашықтық құмарлықпен – ол екі жол.
139. Шын жүрек – бір жүрек.
140. Асыл адам айнымас.
141. Өзгеге, көңілім, тоясың, өлеңді қайтіп қоярсың.
142. Кейбіреулер сөзді жүрегімен тындамайды, құлағымен қармайды.
143. Махаббат – өмір көркі.
144. Махаббатсыз – дүние бос, хайуанға оны қосыңдар.
145. Қайғысыз пенде болмайды.
146. Дұшпаныңа әділ бол.
147. Асығыс түбі – өкініш.
148. Құйрығы – шаян, беті – адам, байқамай сенбе құрбыға.
149. Ақылсыз би болмас, сәулесіз үй болмас.
150. Көрік – тәңір дәулеті.
151. Сұлуды сүйемектік – пайғамбар сүннеті.
152. Қайғы шығар ілімнен, ыза шығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң, зар шығады тілімнен.
153. Ақыл бітпес дәулетке, дәулет бітпес келбетке.
154. Итше індет тілемей, жат үйінде, өлсең де аш.
155. Түзде – мырзаң, үйде – сырдаң.
156. Өмір – аққан су.
157. Жетім қозы тасбауыр, түңілер де отығар.
158. Өткен өмір – көрген түс.
159. Бір қайғыны ойласаң, жүз қайғыны қозғайды.
160. Күлкінің ерні – кезермес.
161. Кез келсе қайғы қат-қабат, қаңғыртпай қоймас адамды.
162. Ішінде кімнің оты бар, қар жауса да, сөнер ме.
163. Момыннан жаман қорқақ жоқ.

164. Тұрлаусыздың қолынан түк келмейді.
165. Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де, ішпен біл.
166. Әсемпаз болма әр неге, өнерпаз болсаң, арқалан.
 Сен де бір кірпіш, дүниеге, кетігін тап та, бар қалан.
167. Қайрат пен ақыл жол табар, қашқанға да, қуғанға.
168. Майданға түспей, бәйге алма.
169. Өзінде бармен көзге ұрып, артылам деме өзгеден.
 Күндестігін қоздырып, азапқа қалма езбеден.
170. Ақырын жүріп, анық бас, енбегің кетпес далаға.
171. Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын.
172. Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас.
173. Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секіл-
 ді тез суалар.
174. Өмір жолы – тар соқпақ.
175. Күшік асырап, ит еттім, ол балтырымды қанатты.
 Біреуге мылтық үйреттім, ол мерген болды, мені атты.
176. Қайран тіл, қайран сөз – наданға қадірсіз.
177. Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да,
 Оған да үкі, тұмар тағылса да.
178. Тағдыр көрмей қоймайды бұққанменен.
179. Мен боламын демендер, аяқты алшаң басқанға.
180. Бұл өмірдің қызығы махаббатпен.
181. Ол өз сөзінен басқа сөзді ұқпайды.
182. Бас-басына би болған өңкей қиқым,
 Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын.
183. Ағайынның көңілі жоқ нәрседен қалады.
184. Күндестік шырық бұзады.
185. «Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар.
186. Көңілсіз құлақ ойға олақ.
187. Мақсат – алыс, өмір – шак.
188. Екі кеме құйрығын, ұста, жетсін бұйрығың.
189. Зерек ақыл – суық мұз.
190. Күн – күйеу, жер – қалыңдық.
191. Кейбіреу құр тілмен мал жиғысы келеді.
192. Жүрекке да айна керек.
193. Жүректің көзі ашылса, хақтықтың түсер сәулесі.
 Іштегі кірді қашырса, адамның хикмет кеудесі.
194. Малқұмар көңіл – соқыр көңіл.

Шығармалары. Бірінші том

195. Алладан өлім тілеме.
196. Жан мен тән малда да болады.
197. Күн артынан күн туар, бір күн дамыл еткізбес.
Ой артынан ой куар, желге мінсең жеткізбес.
198. Жүрегім менің – қырық жамау, қиянатшыл дүниеден.
Қайтіп аман қалсын сау, қайтқаннан соң әрнеден.
299. Бір көрмеге тәп-тәтті, қазаны мен қалбаңы.
Дөң айналмай ант атты, бүксіп, бықсып ар жағы.
200. Төңкеріліп құбылған жұрт бір сағым,
Шынға шыдап қоса алмас ынтымағын.
201. Батырдан барымташы туады.
202. Мақтау – жел сөз.
203. Тәңірінің күні жарқырап, ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз.
204. Махаббат кетті, дос кетті – жете алмайсың, тоқтайсың.
205. Жаралы жүрекке де дауа бар.
206. Ескірген үміт қураған жапырақ тәрізді.
207. Қолдағыңды қорғап бақ.
208. Кейде сөз де буылады.
209. Жүректен қызық кеткенде, тәннен қызу кетеді.
210. Жақсы сөз жалын мен оттан жаралады.
211. Қулық пен құбылудан жалығудың өзі жақсылық.
212. Қайғылы көңілге қай-қайдағы үйір.
213. Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға бәрі анық.
214. Қансонар қызығын құс салған біледі.
215. Әркім өз жоғын іздейді.
216. Өткен күннің бәрі ұмыт.
217. Қылт етпенің кешуі жоқ.
218. Мұңдасқан көңілде кір қалмайды.
219. Өзі жат елде қайыршылық құрып жүріп, елін бай деп мақтайтындар – құдай қарғағандар.
220. Кейбіреулерге қанша мал бітсе де, байлық бітпейді.
221. Жапырақ та өзді-өзі сыбырласады.
222. Түзелмес түзу сөзге сенбейді.
223. Ұйқылы-ояу ұқпай жатып жалығады.
224. Жақсы жаны еріп тындайды.
225. Пайдасыз тақыл – байлаусыз ақыл.
226. Атадан баланың ойы өзге.

227. Өсек тасып құмардан шығатындар болады.
228. Малыңды – жауға, басыңды дауға қор қылма.
229. Кейде тән ауырмаса да, жан ауырады.
230. Бауырыңа тартқан, сырынды айтқан сырласың да сырт ай-
налар.
231. Құмарлық – нәпсі құлы.
232. Жүректі қозғайтын – жастықтың оты.
233. Асау жүрек бейнет іздеп алқынар.
234. Тәңірім – шебер.
235. Күн жоқта жұлдыз бен ай кісімсиді.
236. Надан адамның көзі болғанымен, ойы болмайды.
237. Тәңірі атқанды тәңірі атқан мақтайды.
238. Өлім барда, қорлық жоқ.
239. Кейбіреу қулығын да бұлдайды.
240. Өмір – алдамшы, қызығыңды білдірмей ұрлайды.
241. Құтылмас құл жол таппас.
242. Бір тәңірде жалған жоқ.
243. Уақыты жеткенде талайдың гүлі курайды.
244. Қайғы – саңырау.
245. Жас күнде кімді көрсең – бәрі дос.
246. Құлық та – бір дерт.
247. Пейілі кедей байдан сақта.
248. Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар.
249. Жастарға жабылмайтын жала жоқ.
250. Мал өмірді жалғамайды.
251. Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл.
252. Ән – көңілдің көлеңкесі.
253. Жақсы әнді ой көзімен тындау керек.
254. Мұң мен зарды қыранша қиырға қараған женеді.
255. Әділеттілік, арлылық пен махаббат – қабірден әрі өткендегі
үш жолдасың осылар.
256. Ақыл – жүректің суаты.
257. Қай қызығы татиды қу өмірдің
Татуды – араз, жақынды жат қыларға.
258. Бір жанды екі күйдірмек әділетке жатпайды.
259. Құлағын сатқан оңдырмас та, оңбас та.
260. Өзі – үлкен, қылығы – бала-шаға.
261. Ойынға ойсыз құмар.

Шығармалары. Бірінші том

262. Алланың өзі де – рас, сөзі де – рас.
263. Көріп көріктіні, таңдап тектіні ал.
264. Сүйсінбесең, сүйме.
265. Күйлі-күйсіз бәйгеге көп шапқан көңіл қажиды.
266. Ішсем, жесем, ұйықтасам – тән құмары,
Білсем, көрсем, үйренсем – жан құмары.
267. Қыркын мінсең қыр астырмайтын «қырт мақтан» деген бір мақтан бар.
268. Бақастық күншілдікті зорайтып, адамшылықты азайтады.
269. Қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінде жамандаудан аманы жоқ.
270. Арсыз болмай, атақ жоқ.
271. Ермен шығар ит қылып, бидай шашқан егінге.
272. Адасқан күшік секілді, ұлып жұртқа қайтқан ой.
273. Қайғы шығып иыққа, камалтпасын тұйыққа.
274. Ішім өлген, сыртым – сау.
275. Көрсеқызар, күнде асық – дуаналық.
276. Бұзылар жан ойламас бет көрем деп.
277. Арын сатқан антұрғанның айтқан сөзі құрсын.
278. Арыңды сатып тапқан мал харам.
279. Жас қартаяды, жоқ туады, туған өледі.
280. Өнерсіз өлермен келеді.
281. Шөлмек мың күн емес, бір күн сынады.
282. Адамзатқа тірлік дәулет.
283. Адалды арамға сатқанды құдай құп көрмейді.
284. Қазіргінің есебі: сәлем – борыш, сөз – қулық.
285. Ат арыр, тон тозар, қадір кетер.
286. Қиыны бұл дүниенің қолы тарлық.
287. Жақсы дос білген сырын сыртқа жаймас.
288. Жеңсікқойлық тез тозар.
289. Жақсы әйел ері ұялар іс қылмайды.
290. Адамға ақыл керек, іс керек, мінез керек.
291. Жар төсегі алтын тақтан кем емес.
292. Төбетке өлекшіннің бәрі бір бәс.
293. Өзі зордың ығы зор.
294. Жақынның сөзі тәтті деп, жақыныңа бұрып іс қылма.
295. Ынсапсыз істің ақ-қарасына қарамайды.
296. Пайда ойлама, ар ойла.
297. Өнерсіз қорлықпен шіриді.

298. Жаныңа жаққанның соңынан еруге жалқауланба.
399. Бір сөз үшін жау болып, бір күн үшін дос болып,
Жүз құбылған салт шықты.
300. Өсекші ел тыныш болса азады.
301. Досыңмын деп жүріп, дұшпандығын оздырар жамандар
болады.
302. Әркімде бар ғой туысқан, қайсысы жауды қуысқан.
303. Кей жаманның мінезі: күн жауғанда – қойнында, күн
ашықта – мойнында.
304. Ішкен – мас, жеген – тоқ.
305. «Қусың» десе қуанатындар да кездеседі.
306. Қаза көрген жүрек жаралы.
307. Сүйінерлік адамды сүй, қызмет қыл.
308. От жақпаған үй сұрқай.
309. Берермегенге бесеу көп, аларманға алтау аз.
310. Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап.
Өлсідің сөзін салғыртсып, шала ұғамын қырындап.
311. Іс арамы жеңілер, асауға нөқта табылар.
312. Білгеннің жолы бос.
313. Жақсының жолы ашық.
314. Серт бұзғанның орны шок.
315. Алда көрген артта жоқ.
316. Жақсылық – ұмыт, жаңылыс – кек.
317. Жау қожандап бұртиып, дос құбылып әуре егер.
318. Жығылмауға желгеннен аяң жақсы.
319. Тірі адамның ісі үміт.
320. Сен асыққан екен деп, Алла әмірін өзгертпес.
321. Өмір, дүние дегенің, ағып жатқан су екен.
Жақсы-жаман көргенің, ойлай берсең, у екен.
322. Сенісерге жан таба алмай, сенделеді ит жүрек.
323. Жауға – мылтық, досқа – ынтық.
324. Құмар тозар, дүние озар.
325. Арсыз сөз қыдыртып, жұрт құтыртуға құмар.
326. Дұрысы: аққа тартқан, жөнге қайтқан.
327. Сыпыра батыр, пәле шақыр: арты – тақыр.
328. Айтты – көндім, алды – бердім, енді өкіндім, өзіме аз.
329. Арлану – ақылдының ісі.
330. Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас.
331. Асағысы келген ұрттағанға аз жұбанады.

332. Құмарсыз құр мүлгу тойдырмайды.
333. Пенде өлмейді арманнан.
334. Хақ сөзді бала айтса да, тоқтамақ керек.
335. Досқа – жаз, жауға – аяз.
336. Ақылды деп, арлы деп, ақпейіл деп,
Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп.
337. Бала болатын бала бар.
338. Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек.
339. Нәпсінің қу мінезін тіл де үйренеді.
340. Орақ келер, орылар мезгіл жетер.
341. Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар.
342. Мен – көмірмін қалған өрттен.
343. Ұлыққа қошеметшіл де – бір, құл да – бір.
344. Пейіл кетті, ант атты.
345. Алтын артқан жаман есек те «Жаппарқұл мырза» атанар.
346. Есебі жоқ ант ішпе.
347. Наданнан ақкөз аспаған.
348. Бір қылығың жағып, күнде жақсы болмайсың.
349. Желіккенге жолама.
350. Парықсызға бәрі бір: мейлі қамқа, мейлі бөз.
351. Бала – ата-ананың көз қуанышы.
352. Аз ақшаға малданып, өнбес іске жалданба.
353. Кердең мойын кесілер, кеселді түйін шешілер.
354. О да құдай пендесі,
Түспей кетер деймісің,
Тәңірінің құрған тезіне!
355. Алла асыраған пендесі аш болмайды.
356. Тіл өнері дертпен тең.
357. Кез болсаң қайғы я зарға, құрсатса тілді ұмтылтып.
Алып шықпа базарға, асаудайын бұлқынттып.
358. Жүйрік уақыт шаршатпай қоймас ақыры.
359. Жалғыздық – бір тәңірінің сыбағасы.
360. Сынық қанат көбелек – ол да өмір іздемек.
361. Жұрт – бала: еш нәрсесін тартып алма.
362. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ,
сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық
– бұл нәрселердің де өз өлшемі бар.
363. Ой кеселдері: уайымсыздық, салғырттық, ойыншы-
күлкішілдік, қайғыға салыну, құмарға берілу.

364. Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт себеп бар: бірінші – көкірегі байлаулы беріктік, екінші – ғибратлану, тұшынып, ынтамен ұғу, үшінші – бірнеше қайтара ойланып, көңілге бекіту, төртінші – ойдың кеселді нәрселерден қашық болуы керек.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

ЕЛДІҢ СЕРТІ – ЕРДІҢ СЕРТІ

1. Кәрілік екі көзді қызартады,
Сүйектің етін сылып, ұзартады.
Еңкейсең етпетіңнен түсіргендей,
Батпандай тізе тұсқа тұз артады.
2. Жабы жүйрік болар ма байлағанмен,
Жасық болат болар ма қайрағанмен.
3. Ерден бағы жанбаған әйел ғаріп.
4. Ойхой, дүние – серуен, адам – бір көшкен керуен.
5. Ақын ғаріп емес пе, байды өтірік мақтаса.
Заман ғаріп емес пе, әділеттен аттаса.
6. Елдің серті – ердің серті.
7. Серт адамды байлайды, ер жігіт серттен таймайды.
8. Артықша туған азамат, халыққа үлкен бел болар.
9. Ел үшін туған ерлердің, алды-арты дария кең болар.
10. Жігерлі болса, ер болар.
11. Жаманға ұйқы жолдас, тамыр тамақ,
Болмайды көңілінде басқа талап.
Күн кешіркөк болады өз ойынша,
Әйтеуір қызыл тілмен алдап-арбап.

ШӘҢГЕРЕЙ БӨКЕЕВ

ЖҮРЕККЕ ДЕРТТЕР ТОЛЫП ЖАЗДЫМ ҚАҒАЗ

1. Ілгері басар әр қадам Аллаға аян.
2. Жол тосқан жолбарысқа қазалы құлан жолығар.
3. Бақа жаны баз кешер, «құлағында құланның ойнаймын» деп ойлаудан.

4. Жалған да жарық дүние! Бізден де бір күн қаларсың!
5. «Кімсің?» деп біреу сұраса,
Өзің болып «мен» дегін.
«Мен» деген кетсе дүниеден,
Өзің болып «менмін» деп,
Жауап берер қай адам?!
«Менмін» деген – сол менмін,
Жалпылама, алаш, әр заман.
Қиямет-мақшар таң туса,
Өзім қайта «мен» болып,
Мен болармын қайтадан.
Қайтадан жаным – қайта адам...
6. Әуелінде «бар» болып, ақырында «жоқ» болмақ – шарифатқа қилап заң.
7. Қыз сипаты: мойыл көз, тоқ жүз.
8. Жүрекке дерттер толып, жаздым қағаз.
9. Тұқымы қорашылдың жүдә болмай, қалмайды майлы сүйек қар астында.
10. Теңеу: ақ көңіл балалық.
11. Өлгенді қадір етсек, қанға рауа.
12. Шайтанға шаршап тұрған ат бергенің –
«Тамұққа жақынымды жақ» дегенің.
Жыланды жолда жатқан кетсең соқпай –
«Тап болған бір ғаріпті шақ» дегенің.
13. Теңеу: қоңыздай күңіренген қайран тіл.
14. Ақыл, ажар ажалға не қылады?
15. Алланың аманатын Алла алады.
16. Аңсыраған алғыр тұйғын абайсыз ауға шырмалады.
17. Не қажет Ніл суына өткел салып?!
18. Жігіттің болса алған жақсы жары:
Сен болсаң бір Аллаға еткен зары.
Баладай риясыз еркелеген,
Сен болсаң тағы да сол ынтызары.
Құлқына құмарланып құшқаныңда,
Шайқалып тұрса алтын сырғалары.
Кәмшаты барқыт төбе қырын киген,
Қадалса империял хәм динары.
Ақылы жамалына болса лайық,
Жігіттің сол емес пе жан құмары.

19. Теңеу: күнім – базар, түнім – той.
20. Құйрық атып құлия, түлкідей қашқан жылмия.
Қараңды үзіп барасың, бізден де, қайран дүния.
Көп жылдар қудым артыңнан, лашындай сызып жер қия.
Бірде шығып шарыққа, бірде тарттым тұңғия.
21. Шад-шадыман күндерім,
Демедім бастан өтер ғой.
Дәурен өтіп, жас жетіп,
Замандас құрбы адамдар,
Азайып келіп ол бітті.
Көрген түстей бәрі де,
Көзімнен болды зым-зия.
22. Ағаш едің құрма өскен, ұршық болдың шуда ескен.
Бір қалыпта тұрмақ жоқ, шығармалық мұны естен.

МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ

ЖАН – СӘУЛЕ, ЖҮРЕК – АЙНА

1. Бұрынғыны айтпай, бүгінгі сөз ойға түспейді.
2. Сөз сөзден туады, сөйлемесе, неден туады?!
3. Дене – бір қараңғы үй, жан – сол үйді жарық қылып тұрған сәуле.
4. Жан – сәуле, жүрек – айна.
5. Жүрегі айна болуға жараған жан өз бойындағы ерік ықтиярын өзі билейді. Жүрегі айна болуға жарамаған жанды қан билейді. Қан бұза бастайды. Бұзықтық табылған адамды «Қаны бұзылған шіркін ғой» дейтіні сондықтан.
6. Бір дем – әрі, бір дем – бері.
7. Жан деген – қолға түспейтұғын, еккенмен бітпейтұғын, құғанмен жетпейтұғын, кісі өзі жасап ала алмайтұғын бір зор күшті қуат.
8. Күн жоқ болса, көлеңке қайда?!
9. Сөйлей берсе, сөз таусыла ма, сарт барда бөз таусыла ма?!
10. Далада жаққан оттай шалқи берме!
11. Құлынды – бастан, баланы – жастан.
12. Біз араб тілін білмейміз, сарт тілін білмейміз, қазақ тілінің өзін жете білмейміз. Егер жете білсек, әулиелік қазақ тілінде тұр.

13. Денсаулықтың қадірін ауырып төсек тартқан біледі,
Жан тыныштықтың қадірін толғатып, бала тапқан біледі.
Тіршіліктің қадірін өліп көрде жатқан біледі.
Сары атанның қадірін ел қыдырған сарт біледі,
Сеңсең тонның қадірін сексенге келген қарт біледі,
Кімнің жақсы-жаманын Жаратушы ием Хақ біледі.
14. Кең тозбайды, кеңескен азбайды.
15. Оқушы өз пікірін оқиды.
16. Білмеген айып емес, білсем деп ізденбеген айып.
17. Аспан толған жұлдыздан, жарқырап туған ай артық.
Жабы туған жылқыдан, қошқар туған қой артық.
18. Ақынның несін мақтайын, алқалы топты жармаған.
Жігіттің несін мақтайын, алыс жолға бармаған.
Жаманның несін мақтайын, адамдық атын қорлаған.
19. Жақсы іске жігіттіктің жұмса күшін!
20. Өнер біл, екпінді бол, жаныңды сал,
Өткір тіл, ұғымды бол, ұмтылып қал!
21. Туралық – іс өлшеуі, ой мөлшері.
22. Жалғанның ақылдыға ісі қырын,
Бар қылмас бірі болса, тағы бірін.
23. Суы жоқ жердің шөбі арам, перзентсіз ердің малы арам,
еңбексіз елдің дәмі арам.
24. Жаман да болса ағамыз, жақсыны қайдан табамыз.
Ауру емес, сау емес, мінезді қалай бағамыз.
25. Аты-тоны сай кісі, жиын-тойға барысар.
Ұлы-қызы сай кісі, құдалыққа барысар.
26. Бір баласы бардың – шығар-шықпас жаны бар.
Екі баласы бардың – өкпе-бауыр, жалы бар.
Үш баласы бардың – Бұхарада бұты бар, Хорасанда қолы бар.
27. Ауру елегенге түстеніп, қорғаштағанға қонады.
28. Бітісі жаман қамысты, су ішінде өрт алар.
Жесі жаман ауышты, ажалдан бұрын дерт алар.
29. Ағайынның азары болса да, безері болмайды.
30. Қаз тойғанына семірмейді, орғанына семіреді.
31. Жақсылардың көзі – жүз, құлағы – мың болады.
32. Өзің – өлтірмес, жат – жарылқамас.
33. Істің ағы білмейді, ердің бағы біледі.
34. Әділ биде ата жоқ.
35. Алғыс түбі – ақ май, қарғыс түбі – қара қан.

36. Қатыны билеген ер оңбайды, қарасы билеген ел оңбайды.
37. Желдетпей тұман ашылмас, желпінбей жүйрік басылмас.
38. Батырлық – досқа пайда, жанға қас,
Мырзалық – қонаққа пайда, малға қас.
Өткір пышақ – қолға пайда, қанға қас,
Өтірік сөз – дауға пайда, иманға қас.
39. Әркімдікі – өзіне, ай көрінер көзіне.
40. Пайданы басыңа қыл, басыңнан асса – досыңа қыл.
41. Білген білгенін істер, білмеген бармағын тістер.
42. Дұшпан үш түрлі болады: біреуі – өз дұшпаның, біреуі – досыңның дұшпаны, біреуі – сенің дұшпаныңның достары.
43. Дос үш түрлі болады: біреуі – өз досың, біреуі – досыңның досы, біреуі – сенің дұшпаныңның дұшпаны.
44. Мұңайма, жігіт, мұңайма, мұң тарқатар Құдай бар.
45. Тауда болар тарғыл тас, тарықса көзден шығар жас.
Тар қолтықтан оқ тисе, суырып тастар қарындас.
Ағайынды қор тұтқан, өзінің басын зор тұтқан,
Жапанда қалар жалғыз бас.
46. Адам өзін көркем мінезге үйретуі керек.
47. Ғылым – аспандағы күн сияқты жарығы зор дүр.
48. Әркім білген ғылымымен ғұмыр қылғаны жөн.
49. Өзі төрде болғанмен, сөзі төрде болмайтындар бар.
50. – Мінезді не бұзады? – Ашуланшақтық, күншілдік, көзсіздік, тәкаппарлық, өршілдік, нәпсіқұмарлық, кінәмшілдік, кекшілдік.
51. Ғылым-білімнің бірінші пайдасы – мінез түзету.
52. Жақсылық та, жамандық та адамның өз бойынан табылады.
53. Ақыл деген – бір нұр.
54. Ақымақтықтан жалқаулық жаман.
55. Кедейшілік үш ағайынды болады дейді: үлкені – кесірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы.
56. Надандардың жүрегі – ет жүрек.
57. Көңіл – бір кеннің дариясы, сөз – содан шыққан жауһар.
58. Тіл – бір өткір пышақ, болат қанжар.
59. Бұл дүние – бір қараңғылықтай нәрсе. Оны жанды қылатұғын – әбілхаят суындай сөз.
60. Дерт жіберген құдірет болмашы бір нәрседен дауасын да өзі жібереді.
61. «Басы – бұлбұл, аяғы – дүлдүл» болса да, жұрт қолына алып көтермей, адам дәнемеге жарамайды.

62. Дүние малы дүниеде қалады.

63. Малым – қорада, құлағым – далада, ойым – Аллада.

64. Адамның адамшылығы – рухында.

65. Екі тумай адам болмас.

66. Адамда үш түрлі тамыр болады: қызыл тамыр, кара тамыр, ақ тамыр. Қызыл тамыр – таза қан жүрер жол, кара тамыр – бұзылған кара қан жүрер жол, ақ тамыр – адам денесінің телеграмм – телефонының шыбығы.

67. Алла тағала ғалам жаратты, оның ішінде адам жаратты.

68. Бір адам турашыл болса, ақ сөйлеуші болса, оның жанында сұқтанып, қас қылушы да даяр тұрады.

69. Тура сөз иелері өз ұлтында тұрып күн кеше алмайды.

70. Кімде-кімнің бойында дүние махаббаты болса, онда ғылым-білім де бар деп ойла.

71. Ғылым-білім үйренуге әркімнің өз ыждағат-ықтияры себеп болады. Надан болуға да әркімнің өз ыждағатсыздығы мен ықтиярсыздығы себеп болады.

72. Ақыл – қуат.

73. Бұрынғылардың: «Байдың малы ардақты, кедейдің баласы ардақты» деген бір сөзі бар. Мәнісі: бай болатын кісі өзін де аямайды, баласын да аямайды. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, ұйқы-күлкі көрмей, күн қатып, түн қатып, мал қамын қылуға ыждағатты болады. Ал кедей болса – малдың қамында жұмысы жоқ, есіл-дерті баласының суыққа тонбағанын, қарны аш болмауын, ұйқысы бұзылмауын мақсат көреді. Ақырында бала мұқтаждықта, қорлықта қалады.

74. Кесірлік деген пәле бар: кедей болар кісінің желкесіне қонады. Сөйтеді де, ішетұғын асынан, түсетұғын олжасынан қағады да отырады.

75. Жалқауға атар таң, шығар күн деген болмайды.

76. Адам не тапса да, өз пиғылынан, өз ісінен табады. Құдай ешкімді зорлықпен кедей қылмайды, ешкімді зорлықпен жаман қылмайды, ешкімді зорлықпен надан қылмайды.

77. Кісі сол – кәсіп, әрекет қылсын, өзінен басқаға да пайдасы тисін. Пайдасы өз басынан аспайтындарды кісі деме.

78. Адам бойында үш асыл бар: бірі – көз, бірі – тіл, бірі – көңіл (сезім).

79. Көз қалай бастаса, көңіл солай бұрылады.

80. Тіл – көңілдің тілмәші: көңіл не бұйрық түсірсе де, тілмен түсіреді.

81. Көздің қақпасы – қабақ, тілдің қақпасы – тіс пен жақ.
82. Білмек – парыз, істемек – парыз, мөлшер – парыз, иланбак – парыз, ықылас – парыз.
83. Адам ойына келген сөздің арамын алып тастап, адалын сөйлеуге ұмтылуға тиіс. Сөйлеген сөздің қан-жыны аралас болса, тыңдаушының мейірі қанбайды. Егер қан-жынынан айырып, сүттей тазасын теріп сөйлесе, оған тыңдаушының да құлақ құрышы қанады.
84. Құдай жаратқан нәрсе – табиғат дүниесі, адам жасаған нәрсе – өнер дүниесі. Тіршілік ету характерінде жасалған өнер – тірнек, сәулет, сән-салтанат үшін жасалған өнер – өрнек.
85. Адам атасы – Арсалаң (өтірік бөспебайлықты білдіретін қанатты сөз).
86. Үш залым деген болады: олар – зорлық, ұрлық, өтірік!
87. Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол,
Табылар іздегенге бір қызыл гүл.
Ет үшін бір-екі елі торға түскен,
Тіл алсаң, болмай-ақ қой қаршыға сол.
88. Жалғанның тозақ пенен пейіші бар.
89. Замана түрленді, жақсылар кірленді, ызасы у жерлік!
90. Бар болса жарыққа шықсын,
Шын болса аныққа шықсын!
Құй бар болсын, құй жоқ болсын,
Сөйленген сөз әшкере боп, халыққа шықсын!
91. Нәпсіңнің семіруін іздеме, арық болуың ізде.
92. «Құдай кешер!» дегенмен іс бітпейді.
93. Бірі – тірі, бірі – өлі «ал» мен «бердің»!
94. Бас қосып, қадірлессен жақсылармен,
Тарқайды біраз құмар, көңіл шері.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

АҚЫЛ ДЕГЕН – ӨЛШЕУСІЗ БІР ЖАРЫҚ НҰР

1. Дүние қу – бір ағын су.
2. Көңілі жұмсақ адамның күрмеуін тағдыр шешеді.
3. Жүрегім дертті, сөзім у.
4. Өмірдің басы – бала, ортасы – адам.
5. Ындыны таза иманды.

6. Мақтан күйлеп, арамнан мал жиғанның орны тозақ болады.
7. Қайғылының ішінде жанар жалын.
8. Менің биім – өзімнің ақ жүрегім.
9. Табиғат керексіз ештеңе жаратпаған.
10. Жанның да әлдісі бар, әлсізі бар.
11. Ызақор қабаған төбет тәрізді.
12. Көрсеқызар да – бір, маймыл да – бір.
13. Ашумен қылған іс – іс болып жаратпайды.
14. Бойды ашуға билетпе.
15. Ашусыз адам болмайды.
16. Еріншек, ашу, құмарлық – жамандықтың басы осы.
17. Еріншектен салақтық туады.
18. Еріншектің қақпаны – көрінбей көзге жатқаны.
19. Дене – жанның сауыты.
20. Жан құмары – іс істемек, білім алмақ.
21. Қазаққа сыншылық керек.
22. Дүниені түзетуші де, һәм бұзушы да бір ғылым.
23. Естілердің қадірін білер болса, надан надан болмас еді ғой.
24. Ақы алып, ғылым үйретпек шарифатқа жат.
25. Біреудің айыбын ашпа.
26. Кісі бағын бағым деме.
27. Күннен қарыз алып, ай болғанның несі сән.
28. Түн болма, күн бол.
29. Жер сықылды пайдалы бол.
30. Қисынсызға нанба.
31. Өткен іске уайым жеп, емі жоқ бос қайғыға қалмағайсың.
32. Алдампаз, рақымсыздық кімге пайда бермек.
33. Талап деген бір жүгірген тұлпар сынды,
Бабын таппай мінгенді қылар жынды.
34. Ақыл – тапқыр ой, түбі – жүрек.
35. Орынсыз ұмтылудан сақтайтын алты түрлі нокта бар: олар –
ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық. Ең әділі – ынсап, өзгелердің
тізгіні сонда болуға тиіс.
36. Намыс сол: өзің қорлан кемдігіңе,
Құрбыңмен ұмтылып бақ теңдігіңе.
Шалмай өс алдыңғының аяғынан,
Соқтықпай өзің ізден еңбегіңе.
37. Сабыр деген әр іске шыдамдылық,
Қатты керек адамға бұл бір кылық.

- Қолы жетпей талмай талап ізденеді,
Осыдан кеп шығады адамшылық.
38. Сақтық деген әрқашан байқап жүрмек,
Пайда ма, не залал ма, ескерілмек.
Көргенін, естігенін есепке алса,
Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек.
39. Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рақым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан.
40. Кәрілік шал: ойым – у, өмірім – су, үмітім – бу.
41. Өкініш сол: өмірді бос өткіздім.
42. Адамда өмірден қымбат нәрсе жоқ.
43. Кім жалғыз бұл жалғанда: есті жалғыз,
Мұндасар болмаған соң бір сыңары.
44. Абай – өзін-өзі өлеңімен жұбатқан жан.
45. Ей, көп халық, көп халық – көп те болса, шөп халық.
46. Партияшылды құтыртпа.
47. Таласты көрсең – басып айт, кемдігін көрсең – қосып айт.
Кекеп-мұқап қыздырма, берекесін бұздырма.
Ызаның айт дегенін, желіктіріп сыздырма.
48. Қыздырмашыл қызыл тіл қызған отқа салар.
49. Жақсыны жаман қабар.
50. Бір өлтіріп, тірілтіп, әр бұтаққа ілінтіп,
Жел, сағымдай құбылып, қай жаққа алып барасың?
51. Арсылдақтың арасын құр жылаумен аша алмайсың.
52. Ұры, қары, қу, сұмның жан жолдасы,
Қазақ қайтіп ел болар, қарағым-ау.
53. Ғылымға қанағатсыз болу керек.
54. Жан тән жасар, тән жанды жарата алмас.
55. Тән – жанның құлы.
56. Тән – терезе, қарайтын жан – иесі.
57. Дәлелсіз сөз – соққан жел, ұшқан тозаң.
58. Болса мінді сынасын көңіл көзі.
59. Арыңның болсын өлең айнасындай.
60. Ерікті билеп алсын айтылған жыр,
Сырты – гүл, жарасымды ішінде сыр.
Жаныңның ләззат алар жарығындай,
Мәңгілік өшпейтұғын төгіліп нұр.

61. Өлең үйіріліп көкейіңе ұйып жатсын,
Тазартып жүрек кірін жуып жатсын.
62. Өмір үйі желде тұр, үміт үйі – сағымда.
63. Тәтті сөз бен түзу ой – тағдыр сыйы.
64. Тазалық балалықпен бірге өлер.
65. «Өлімнен соң өмір жоқ» – терең ойдың сөзі емес.
66. Өлім – дос.
67. Жас көңілде жарық бар.
68. Тәңірі жолы – ақ жүрек.
69. Бетке айтқанның зәрі жоқ.
70. Жастықтан қызық іс болмас, кәріде ақыл, күш болмас.
71. Болмасқа бұртыңдама.
72. Асыл сол – ақыл-білім бойда барлық.
73. Қай іске де талап еткен артық емес.
74. Ноқталы басқа бір өлім.
75. Айла ақыл болмайды.
76. Адалдық дегеніміз – таза еңбекпен күн көру.
77. Ар сатып, ұлық болып елді жеу өнер емес.
78. Сайтан деген – қиянат.
79. Адалдық жолында өлгеннің арманы жоқ.
80. Ар қайда, рақым қайда, әдеп қайда,
Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда.
Көз жұмып, «көппен көрген ұлы той» деп,
Береді бұл надандық кімге пайда.
81. Үміт үзген қорқақ ой.
82. Ақылға еркін ой керек.
83. Дұшпанға да бол әділ, түсірме ойға тат пен ніл.
84. Адамдық – борышың.
85. Бағасы бір халқыма, жабағы мен мамықтың.
Нанбайды рас антыма, қадірі мол тантықтың.
Айырмайды арасын, бұлдыр менен анықтың.
Енді қайда барасың, түрі мынау халықтың.
86. Өсиет: халқыңа еңбек қыл, ақ жолдан айнымай арыңды сақта.
87. Адамның ең асылы – қиянатсыз, ақ пейіл адам.
88. Ең зиянды адам – мінезі тайғақ, екі сөйлейтін адам.
89. Ғылымға да керек жан, ақылсыз болса, ғылым – тұл.
90. Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек – осы төртеуі кімнің бойында болса, сол шын адам болады.

91. Тәтті сөзі – балдай, насихаты – шамдай.
92. Жақсы ақынның тілі бал.
93. Шатақ ұқпа, шын аңғар.
94. Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың артынан ере берсең, алданбайсың.
95. Мінез: сайтанмен ойнас жүрегі, пайда мен мақтан тілегі.
96. Тамақ үшін тіл жалдау.
97. Мінез: дос қолымен от көсер.
98. Тілінде – бал, ішінде – у.
99. Жылы жүрек, тәтті тіл берекеге бастайды.
100. Ызақордың іші тар.
101. Оқ атылса, қайтып ал, улы найза саптама.
102. Жаралы кісі албырт.
103. Атадан қалған ақ сауыт, арамға әбден былғанды.
Өнер қылды «жақсылар», қасқырша елді жұлғанды,
Жала жауып жалмайды, жазасыз қарап тұрғанды,
Еліріп, еріп көп ел жүр, білмейді құдай ұрғанды.
Түпсіз жауға санайды, түзу жолға бұрғанды.
104. Ел жеген жуанды сүйеген басшы оңбайды.
105. Ақылдың шолғыншысы – ойқұмарлық.
106. Азат ақыл ойланбай жай жатса, тозады.
107. Өкініштің үлкені – ойы тарлық.
108. Шын шын бар, қате шын бар, ұлы шын бар.
109. Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек – бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.
110. Кей адамнан ит ілгері: достықты ұмытпайды, адал қызмет етеді.
111. Көңіліне бір қылығың сыймаса, кейде жүз жылдық досың бір күнде жауыңа айналады.
112. Ит иесін қаппайды.
113. Шын дос – жақсылықты ұмытпаған дос.
114. Отаршы елдер ағызар әскер қанын, алмақ болып аз елдің жер мен малын.
115. Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы,
Ортасы – өмір, жоқтық қой – екі басы.
Сағымдай екі жоқтың арасында,
Тіршілік деп аталар біраз жасы.
116. Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, таза жүрек, тату дос – өмірінде өкіндірмес қасиеттер осылар.

117. Ақыл – өлшеусіз жарық нұр.
118. Жан тән қамын жеп тыныштық таппайды.
119. Хан тоймайды.
120. Екі жуан сыймайды жер жүзіне, тоғыз кедей сыяды алашаға.
121. Сөккенің болсын сүйгенің, достығың болсын күйгенің.
122. Жүрегі таза адам қиянатқа бармайды.
123. Шенеунік ісін қылмаңыз, әділет жолын таңдаңыз.
124. Қартайған соң балаға ата жақпас.
125. Алдап айтқыш ақын көп.
126. Пара алып, не қазынаның ақшасын жеп адалымсып жүретін ұлықтар, кеңсешіл пысықайлар аз емес.
127. Жазықсызды жалалап атақ алып, ақ жүрексініп жүретіндерден сақтасын.
128. Анық бақ: кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек.
129. Өзімшілдің іші тар, ойы – шартық.
130. Жарқанат күннің нұрын жек көреді.
131. Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа,
Қазақ жүр құмарланып құр атаққа.
132. Аз ойна, көп ойла.
133. Қағазым – жолдасым, қаламым – сырласым.
134. Ғылым – кенің, ауырсаң – емің.
135. Байлық пен мансап-мақтан арман емес.
136. Абай – ақыл дариясы.
137. Адам үшін еңбек ет.
138. Надандардың сөгуі айып емес.
139. Барша адамзат – бір бауыр.
140. Мылтық билеп тұрғанда, әділет болмайды.
141. Өнерлі елдерден өнеге алмақ керек.
142. Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек.
143. Жұқпайды екен айтқан сөз, ғылымы жоқ наданға.
144. Саңырау мен наданға, естіле ме құр айқай.
Емделмеген адамға, ем бола ма құр ойбай.
Ел құлағын, көзін аш, оқу оқыт, ғылым жай.
145. Рас сөзге егеспе.
146. Бал қоймай-ақ, май қойсақ, келген қонақ жемес пе,
Мұнша неге құмармыз, түбі пайда емеске.
Шалқи берме, шамалап, шаруа кетті келмеске,
Күміс тұрман тағынып, «Мен қалаймын?» деп еспе.

147. Білу, нану, ұнату – ақыл ісі.
 148. Ықтималдың есігі екеу.
 149. Біреу білген айланы біреу білер.
 150. Қазақта жоқ ақылмен ой бекітпек,
 Нәпсі ұнаса болғаны – бәрі бітпек.
 Тәуекел деп ат қойып ықтималға,
 Байлауы жоқ нәрседен пайда күтпек.
 151. Арсыздық, арамдық, асығыстық пен айлакерлік –
 шайтанның достары.
 152. Адамзат тұра алмайды әдетке ермей.
 153. Құмарсыз өмір қараң.
 154. Құмарың – бір, ісің – көп болсын.
 155. Мен де соққы жедім деп сұм дүниеден,
 Көп жазып ем, оныма өкіндім мен.
 Ойласам: көрген бейнет, тартқан қайғы,
 Болыпты не біреуден, не өзімнен.
 156. Бейнет көрме, біреуге бейнет берме,
 «Дүние – алдамшы, өмір – қу» деп елірме.
 Қамдан, сақтан, қалғып бақ, бәле келсе,
 «Бәрін құдай қылады» дегенге ерме.
 157. Дұшпан мақтар елірте бермек үшін.
 158. Мін болмайды наданның қорлағаны.
 159. Өнері жоқ өсекші ел жамандар,
 Өтірік пе, рас па – көрмей ішін.
 160. Кім айтса да, алдымен ақылыңа сынатып ал.
 161. Тегіс тексер сөз көрсең сыр мен сынын,
 Түзетуге именбе, тапсаң мінін.
 162. Көрінгенге көз сүзбей күнін көріп,
 Қазақ қашан ел болар, құдайым-ай.
 163. Қор болар үйде отырып өскен адам,
 Қиялап қиын жерде сол озады,
 Көп жол көріп, басына іс түскен адам.
 164. Анық байлық – бойға біткен өнерің.
 165. Байлық жақсы екені елге мәлім,
 Өзің істеп әдет қыл, келсе халің.
 Қолың білсе біреуге жалынбайсың,
 Шыдамды бол, еріншек болма, жаным.
 166. Арамнан жиған бос мақтан дәулет емес.
 167. Менің елден басқа қайғым жоқ.

Шығармалары. Бірінші том

168. Билік айтсаң – түзу кес, адалын айт.
169. Бұл елдің күн көргені өтірік ант,
Қазаққа алдау деген болды ғой салт.
170. Тиянақ көрме жалғанды.
171. Құр білген керек емес, білгенді іс қылған керек.
172. Көңіл де өледі.
173. Қайғылы көңіл қашанда қабағын ашпас салбырап.
174. Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ,
Білім білген әр істе шебер болмақ.
Қол өнерден пайда қыл үйреніп ап,
Кетпес дәулет осы ғой әмбеге хақ.
175. Сенімсіз иман жоқ.
176. Жалқаулық, көрсеқызар, ашу, мақтан,
Арамдық, өтіріктен ерте сақтан.
Күні бұрын жуытпа маңайыңа,
Есер, есірік, ынжықтық солар жақтан.
177. Күш, білім, шеберлік істеген істен танылады.
178. Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын –
Еш діннің мақсаты жоқ мұнан асқан.
179. Ешбір дін дұшпан бол демейді.
180. Ұждан – екі өмірдің азығы.
181. Дін тазасын ой табар.
182. Доссыз өмір – шоғы жоқ қара көмір.
183. Тіл – бұлбұл, сөз – бұлақ.
184. Бұзыққа қызықпа.
185. Өткен бақ – өкініш.
186. Қиянат қылма адамға, таза еңбек істе заманға.
187. Бақ келсе – аспа, сор келсе – саспа.
188. Өткен күнді жоқтама.
189. Әр іске ақыл сыншы.
190. Жаратылыстың негізі – қозғалыс.
191. Рух – таза ақыл.
192. Мейірім, ынсап, әділет,
Шыдам, шыншыл, характер,
Түп қазығы ақ ниет.
193. Жүрегіңді нұрмен жу.
194. Бұрынғы – шын бар, бүгінгі – шын бар, ертеңгі – шын бар.
195. Анық ғашық – әулие.

196. Атағы шыққан жақсыға, ақылды байлап қылма құл.
197. Дүниедегі қуаныш – бір азғантай жұбаныш.
198. Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң – шын бақыт осы.
199. Ел бастар жастар жай жатпауы керек.
200. Қазақтың жайнар даласы, жетілер оқып баласы.
Шошытатын мені сол – олардың күндес, таласы.
201. Наданның көзі – соқыр, көңілі – көр.
202. Заманыма байлаулы менің басым.
203. Өтіріктің тілін тыя алмаған адам – адамдықтың ындынын тыя алмайды.
204. Мен зияны тиер деп күдіктенген кісіме жылы жүзбен қараймын: мұным – пішініммен айтқан өтірік.
205. Мен тарыдай жақсылық қылсам, таудай зұлымдығымды жасырғалы қыламын: сөйтіп жүріп адам атануға ұялмаймын.
206. Адамдар мал-мақтан үшін соғысып, өзі жек көретін өлімге жан тапсырады.
207. Сақ адам сандығын бекітеді.
208. Бастағы көз жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды.
209. Бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл.
210. Ешкімге ерік қақпасы ашылған емес.
211. Қызыл гүлге қызығып сайраған бұлбұл гүл соларын білгенде зарламай қайтсін?
212. Егер ақылым да, жаным да менімен бірге жоғалатын болса, онда мен жанып-өшкен от қанамын: дүниені өртесем де, мені ешкім жазалай алмайды.
213. Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді – әулие деген сол болса керек.
214. Дүниеге қызығатын көзімді топырақ баспай тұрып, бейнеттен құтыла алмаймын: осынша тәтті көретін өмірден гөрі татпай тұрып ащы деген өлім жақсы болса керек.
215. Тәтті сөз тауып айта алмайтын ақын, сен мені неге күндейсің?
Мені – сен, сені мен жаратқаным жоқ қой.
216. Адам баласы зиянкес болғандықтан ғана талай зиянды іс істеледі.
217. Адам топ әскерді алдап өлімге апара алса да, өз бойындағы зұлымдықтан арылуға шамасы жетпейді.
218. Жоқтық егіндігіне бір бидай еге алмасаң, бүкіл қырманнан бір арпа ала алмассың.

219. Молдалар: «Жан денеден шыққанда қатты қайғырады», – дейді. Өтірік айтады. Неге десеңіз: жан ақылмен бірге шығатын болса, дене тұтқынынан құтылғанына қуанса керек. Егер ақыл жоғалатын болса, қайғыруды білмесе керек.

220. Дүниенің қайғысы ақ жауындай үзілмей жауса, қуаныш анда-санда найзағайдай жарқ етеді де өшеді – бұл неліктен? Бұл – адам баласының қиянаты көптігінен, мейірімінің аздығынан.

221. Зор дұшпаннан қандай сақтансаң, ұсақ жаудан сондай сақтан.

222. Арыстан көрнеу келеді. Қаракұрт пен шаян жасырынып шағады: уыты аса зиянды.

223. Осы өмірден басқа өмір жоқ болатын болса, жаралыспен жағаласып, адамдармен арпалысып өмір сүргенше, жасамаған артық емес пе?

224. Мен жастықта балалыққа қызықтым, одан бозбалалықты бақ деп білдім. Одан әрі адамшылық атты баққа қызметкер болдым. Ақырында баққа құл болдым. Себебі, жасаған сайын алдыңғы бұзылып, артқы бақ түзу сықылданды. Енді ойласам: өлмегім хақ.

Жә, сол бақтарымның ең жарамдысын ұстап қана өлгеннен басқа не бар деп ойладым. Байқасам, жас бала күнімдегі бағымнан артығы жоқ. Себебі – қайғы да жоқ, ар-иманнан тайғызатын ісі де жоқ.

225. Шын бақ ата-ананың махаббаты мен балалардың таза жүрегінде.

226. Мақтан үшін айтылған, жазылған сөздің құны болмайды.

227. Барлық ғылым қиялдан, ойлаудан туған.

228. Адамның бұл дүниеде, бұл табиғатта жоқ нәрсені ойлануының өзі мүмкін емес, болуға мүмкін істі ғана ойлай алады. Бұл – бір. Екінші – сол қиял, болмайтын нәрсе деп отырғанымыз ұлғайтылып, өзгертіліп, ауыстырылып айтылған болашақ болуы мүмкін.

229. Қиялдың да шегі бар.

230. Өмір – тіршіліктің таласы.

231. Біреулер адам өмірі жаратқан иесін танумен түзеледі десе, кейбіреулер үкімет жойылса, әркім өз бетімен өмір сүрсе түзеледі дейді. Ал енді біреулер оқу-біліммен, халықты ағартумен адам өмірі түзеледі деп ойлайды. Тағы біреулер бай-кедейді тенеумен түзеледі десе, біреулер тәрбиемен түзеуге болады дейді. Біздіңше, бұларды жекелей алғанда, ешқайсысы да адам өмірін түзей алмайды.

232. Адам өмірін түзеу, барлық адамдар тату тұру үшін негізгі керек – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл.
233. Оқу-білім үйренген адам өнерлі келетіні рас. Бірақ оны қандай іске, қай мақсатқа жұмсамақ? Үйренген ғылымымен түрлі қару жасап, улы газдар тауып, басқа адамдарға аң есебінде оқ атып, әлсізді құл етіп, жердің бетін адам қанына бөктірушілер де бар ғой! Ең өнерлі, білімдіге саналатын Америка, Англия елдеріне қараңыз.
234. Бай мен кедейді теңеу, байдың малын кедейге бөліп беру – кедейді еріншектікке, еңбексіз мал табуға дағдыландырып жіберетін жол.
235. Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық пен адалдық ақ жүректен шығады.
236. Арлы, ақылды адам қиянат, зорлық жасамайды, өзімшілдік пен мақтанды сүймейді.
237. Нәпсі, өзімшілдік пен мақтан шексіз көп жаман әдеттер туғызады.
238. Әкімшілік басында арлы, ақылды адамдар отыруы керек.
239. Көп талқысы – аққан сел.
240. Білім беру саласында «ар білімі» деген білім оқытылуға тиіс деп ойлаймын.
241. Бет сұлулығы – тән сыйы емес пе, дауыс пен сөз сұлулығы – жан сыйы ғой. Әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екенінде дау жоқ. Бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды, ал сөз бен ән сұлулығын танушы аз.
242. Жүсіп: Ләйлінің анық нұрын көрем десеңіз, менің көзіммен қарап, менің жүрегіммен сезінгейсіз.
243. Адамда екі түрлі мақсат болады: бірі – тән мақсаты, екіншісі – жан мақсаты.
244. Басына ауыр қайғы түскен кісі адамның ең сорлысы өзі деп ойлайды.
245. Адамның ең артығы – ерінбейтін, еңбекшіл, шыдамдысы.
246. Тырнақтап жиған арам ақшаға тырнағынды былғау да арам.
247. Әйелдің құдай қосқан қосағынан жақыны болмайды.
248. Ұшқаны білінбейтін ұшқыр заман.
249. Арды ғылым түзейді.
250. Адам еркін байлауды ар сүймейді.
251. Тату тұрған адамға дүние кең.
252. Адамның адал ұлы болам десең, алдымен нәпсінді тый.

Шығармалары. Бірінші том

253. Заманды себеп билейді.
254. Бірлік пен талап бар жерде еңбек те өнеді.
255. Адамның санасын ар түзейді.
256. Ақ жүрек пен адал еңбек шешпейтін әлемнің таласы жоқ.
257. Адамды нәпсінің таласы бұзады.
258. Бақыт махаббатпен бірлесіп еңбек қылғандар жағында.
259. Адал еңбек еткен ел-жұрттың көңілі шат.
260. Жылылық, жарық, нұрын беріп, сездірген атам – Күн шебер.
Балына қосып уын беріп, өсірген анам – Қара жер.
261. Анық азат адам болмайды.
262. Заманды жаратылыс билейді.
263. Өмірді өлім тұсайды.
264. Өзімшіл болма, көпті ардақта.
265. Жас өмір – өткен той.
266. Өлсең, үніңді шығармай өл.
267. Заман сипаты:
Мына заман қай заман, қаскүнемге жай заман.
Араздық пен өсекке, өлшеуі жоқ бай заман.
268. Әркім өзінің еккенін орады.
269. Шымылдық артын шын иесі біледі.
270. Әр мезгілдің өзіне лайықты ісі болады.
271. Назасы нақақ жастың қате кетпес.
272. Ғашық болып іздеген бес нәрсем бар: олар – махаббат, әділет пен таза жүрек, бостандық, терең ғылым.
273. Сынған көңілді жамаған сынықшының құлымын.
274. Өмір тоқтамас, адамзат жаңарар.

НҰРЖАН НАУШАБАЕВ

КІШЛІК ЖОҚ АҚЫЛДА

1. Ер жігіт жалтақтамас жоқ болса да,
Сескенбес жанып тұрған шок болса да.
2. Біреудің қолы – ұзын, көңілі – төмен.
3. Телміртпе бір жаманға көз талдырып.
4. Жігітке мықты дәулет – амандығы,
Қанағат барға етпесе – жамандығы.

5. Кім білер тұлпар жайын, шаба алмаса,
Ер сарсаң іздеп мақсат таба алмаса.
6. Жан құрбан дос қалпында тұрған болса.
7. Болса егер әкім – жемқор, байлар – саран,
Ақса да, рахым етпес, көзден соран.
8. Кетісу – қас-қабақтан.
9. Болмасын бақ көшпелі, ырыс күпті.
10. Тобылғылы шұбардан, панасыз тауда қос артық.
Қадір білмес туғаннан, құныңды білген дос артық.
11. Білмей шалқып сөйлеуден, сөйлемей тұру бос артық.
Білмегенге бағасын, алтыннан да мыс артық.
12. Шаппайтын алмас қылыштан, қолдағы қамшың көп артық.
Суы ащы теңізден, томар да болса көл артық.
13. Күні суық зымыстан, қаһарлы қыстан жаз артық.
Көз жұмып, күш қылыстан, базына қылған наз артық.
14. Кішілік жоқ ақылда.
15. Әр құралың сай болсын, шамаң келсе жи артық.
Жаныңа жаны қосылған, досқа болмас сый артық.
16. Заманында жігіт пе:
Сұлуды құшып сүймеген, жүйрікті тандап мінбеген.
Тазы қосып, құс салып, ау құрып, сұқсыр ілмеген.
17. Жамандарды дос көрме
Күнің бір түссе, теріс қарап,
Қадірінді білмеген!
18. Адасқан адам жол таппас, қырсықты жігіт мал таппас.
19. Көргенді ердің белгісі – аз сөйлер де, көп тыңдар.
20. Өзің өлсең, артыңда жоғалмайды сөз деген.
21. Ер серігі ат болар, мінген көңіл шат болар.
Жоқтығына қарамай, кей жігіттер мәрт болар.
22. Тұлпар кірмей дүбірге,
Мәстек шауып, бәйге алып,
Озып жүрген заман-ай!
Жүн жібекке тенеліп,
Асыл барқыт берендер,
Тозып жүрген заман-ай!
23. Өнер үйрен ұстадан.
24. Қанат байлап қуса да, жеткізбейтін заман-ай!
25. Наз бедеуден жал кетіп,
Мәстектердің сүбесі,

Шығармалары. Бірінші том

- Сере болған заман-ай!
Аққу қалып қатардан,
Айғай салып тырналар,
Төре болған заман-ай!
26. Шаңқан боздың өзгеріп,
Тозаң басып жауһарын,
Қара болған заман-ай!
Мылтық тимей дыбыссыз,
Дақ түспеген көңілді,
Жара қылған заман-ай!
27. Ердің басы не көрмес, өскен соң туып анадан.
Сақтасын құдай пендесін, нақақтан болған жаладан!
28. Тізеден қан кешсен де, сақтаушы өзі иенің,
Айырыла көрме тобадан.
Жігіттің басын бір іске, ұрындырмай қоймайды,
Асса бір қайрат қанадан.
29. Күшті орынсыз сарп етпе,
Келеді деп шамадан.
Аһ ұрып қалма бейғам боп,
Қармалып, қолың соза алмай,
Іліген күні сағадан.
30. Жоқ нәрсеге құн сатпа, еппен жұмсап дос таппа.
31. Бос орынға оқ атпа.
32. Пенде дәулет көпсінбес, бір Алладан құрауы.
33. Шаң көрсетпес жүйрік жоқ.
34. Жүріп қал жан аманда жүргеніңше,
Түзік бол дұрыстықпен білгеніңше.
35. Ақыл ауыс болғанда, ырыс жұғыс,
Ырыс қашса, қалмайды, болса, туыс.
Дәулет, бақ жуған қолдың кірі сынды,
Дүниеде жоқ қозғалмай тұрған нық іс.
36. Дуадақ – шөлде, аққу-қаз – көлде.
37. Біреудің көңілі – зор, қолы – қысқа.
38. Адам көп дүниені жүрген былғап,
Біреуін кез келгенде біреуі алдап.
39. Қызығып қақпан басарсың, достан көрсең жауды артық.
40. Ер жігітке тәубе артық!
41. Ат – дүр ердің сәулеті, болса серік дәулеті.

42. Ат – дүр ердің қорғаны, мінсе бітер арманы.
43. Ұл – дәулеттің басы, қыз – көңілдің хошы.
44. Атқа мінсең наз бедеу, қапалы көңіл ашылар.
Кем болмаса туысың, қатарға басың қосылар.
45. Жамандардың қалыбы – кемдік беріп талапқа,
Көңіл зауқын ұшырар.
Әдеп, ақыл, білімді, үйреніп ешкім тумайды,
Көруменен ысылар.
46. Жолдас болсаң, мәрт адамға жолдас бол!
47. Жақсы атаның баласы, аштан өлсе де, асатпай жемейді.
Жаманнан туған жетесіз, жеп отырса да, «мә» демейді.
48. Қошқар болар қозының, маңдай тұсы дөң болар.
Адам болар баланың, етек-жеңі кең болар.
49. Аштық не жегізбейді, тоқтық не дегізбейді.
50. Құлан қағынан жерінсе,
Су таба алмай, шөлде өледі.
Өзінің басын зор еткен,
Ағайынның басын қор еткен,
Жылап-сықтап жат елде өледі.

ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВ

БОЛАДЫ БАҚ ПЕН МАЛДЫҢ БІРЛІК КІЛТІ

1. Болсандар, балаларым, хатқа ұста,
Төрден жай аларсыңдар, қалмай тыста.
Төр түгіл, төменнен де тимейді орын,
Жүрсендер жалқаулықпен жаз да, қыс та.
2. Күн туса, нұр қашады айдан-дағы,
Жарлы жақсы қайырымсыз байдан-дағы.
3. Үйретіп үлгі-өнеге, таза бақ жасы кішінді.
4. Ақылың астам болғанмен, ойласпай етпе ісінді.
Пішкен тоның кеңеспен, көрінер көзге пішінді.
5. Кемісі болар кімнің де, дегенмен «Анық түсінді!».
Қайратың қау болғанмен, орнына жұмса күшінді!
6. Қиындыққа ренжіп, бұзба бекер түсінді.
Шүкірлік етіп шыдасаң, қыла бермес қысымды.

7. Қамын ойла халқыңның, қайрама көпке тісінді!
Ізіңнен ел ермейді, тазартып алмай ішінді.
8. Көңіліне батпан болғанмен, көп білер алтын, мысынды.
9. Ағайын болсаң араңа, жолатпа сыпсың-пысынды.
Алауыздық кетірет, айбат пенен сұсынды.
10. Арнаның суы әл бермес, жұрт жиналып бөгеспей.
Жөнделмес, ерлер, жұмысың, кеменгерлермен кеңеспей.
11. Мал-мүлікке масайма, кедейлер адам еместей.
Бастарыңа бақ қонбас, әлсіздерді демеспей.
12. Мергендіктің қызығы – көздеген аңын жыққанша.
Ұл мен қыздың қызығы – тілі анық шыққанша.
Татулықтың қызығы – кеудеден жаның шыққанша.
13. Жасыңда жаңа соққан пышақтайсың,
Қажалып, қартайған соң ұсақтайсың.
Өкпеннен өлім оғы өткен күні,
Көз жұмып, қара жерді құшақтайсың.
14. Қайратың қау болғанмен,
Қазақ жетсе қоймайды,
Орыныңнан жел еспей.
15. Қоям деп елге қарсы бір өзінді,
Байқамай болып жүрме тірі езінді.
Қашан да алам десең төрден орын,
Алдымен түзетіп ал мінезінді.
16. Есерлік естен кетпес жасыңдағы,
Бақытты білу қиын басыңдағы.
Ерттеулі белдеудегі жарая аттай,
Ініңнің қадірін біл қасыңдағы.
17. Орынсыз аға-ініңді өкпелетсең,
Өкінбес олар саған өртке кетсең.
18. «Бар» мен «жоқ», «ал» менен «бер» бірге туған,
«Ал» мен «бар» ажал жетіп өлген удан.
«Жоқ» пен «бер» жердің бетін жүр аралап,
Жанына жолдас ертіп өңшең қудан.
19. Естіден еткен үміт еш болмайды,
Жасалған жақсылықта кеш болмайды.
20. Болады бақ пен малдың бірлік кілті,
Болмайды бір болғанның жаннан мүлті.
21. Қасқырда қуат қалмаса, «Апа» дейді ешкіні.
Тоңған торқа көреді, қырық жамау ескіні.

22. Бірде – тұман, бірде – ашық, бұ дүниенің бес күні.
Үміт үзбе бұзылса, ісіңнің бүгін кескіні.
23. Сыйласқан шын көңілмен бірін-бірі,
Болмайды дос ойының татау-кірі.
24. Ақылды ер кеңес айтар жөн жағынан,
Заң азар төреші әділ жоқ жағынан.
25. Ақыл тон, андағанға, тозбайтұғын,
Ғылым кен қызуы оттай маздайтұғын.
Иелік екеуіне еткендердің,
Жаны жоқ жер жүзінде озбайтұғын.
Қатарың қалмай шауып бара жатса,
Арқанның ауруы бар ма қозбайтұғын!
26. Дүниеден өмір бітіп өтсем де өзім,
Аралап жердің жүзін жүрер сөзім.
Көре алмай кейінгіні кеттім-ау деп,
Арманда болмай-ақ қой, екі көзім.

ЖАҢА ДӘУІР – ЖАҢА АРНА
(XX-XXI ғ.ғ.)

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

ЖҰРТ ҚЫЗМЕТІН ТАЗА АТҚАР

1. Талас-тартыс жоқ болса, өмір абақтыға айналар еді.
2. Айыр сөзде айып жоқ.
3. Ақылға саңыраулық та айып.
4. Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды.
5. Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана.
6. Жұрт ісін түс көрмей, оя жүріп іздеу – мақсат.
7. Ақылды сөз қылмақ қиын, ақылды сөзді ақылды іс қылмақ одан да қиын.
8. Болғаннан – қашпа, болмағанға – саспа.
9. Дүниеде не болса да бірте-бірте аздап ілгері басып болады.
10. Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден.
11. Жалпақ жұрттың көкірегінде жақсылық болмаса, жұрт жұрт болып тіршілік құра алмақ емес.
12. Жігіттігі бар жігітті жүдетіп, меселін қайтармаған жөн.
13. Білім – білімге, мінез – мінезге.
14. Білімнен мақсат шықпайды.
15. Көп оқыса, зейінді болса – білімді болмақ, ал мінезі жақсы бола ма, әлде жаман бола ма – мұны құдай біледі.
16. Болыс болу да қасиет болып па?!
17. Қазақ-ау! Түзуің бірігіп жұрт үшін қам ойлайтын кез келген жоқ па?!
18. Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы соңынан ерер еді.
19. Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман.
20. Еуропада халық партия болғанда адаспас ақ жол табамыз деп, адам аспас асқар белден асамыз деп, жұрт ілгері басатын іс қыламыз деп таласады.
21. Біздің қазақ ұлтының автономиясы жерге байлаулы автономия болмақ.
22. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып жалаңаш шыға келеді.

23. Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді: молда үкіметтен ақша алса – сатылып кетеді. Рухани іс аяқасты болады. Жалақы алған молдалар үкіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, үкімет ісін бөліп қойған оң болады.

24. Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды.

25. Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады.

26. Әділдік жоқ жұртта береке-бірлік болмайды.

27. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар қыстыгүні үңгірде жатып өз аяғын өзі сорған аю тәрізді.

28. Өзіне-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу – өнер болмайды.

29. Орыс патшалығының адам болып отырғаны – мұжықтың әділдігі. Орыс патшалығының бар адамының күнелтіп отырғаны – мұжықтың жанкештілігі (жаһитшілдігі).

30. Бұралқы – бүлікке.

31. Аз адам атқа міндім деп, қасқыр болып көпке шапса – мұндай жұртта береке қайдан болсын?!

32. Қазақ жұртының шырақ алып, түзу жолға бастар жігіттері қайда?!

33. Хан баласында қазақтың хақысы бар: қалайда қазақтың бір қызметіне жарамай қоймаймын!

34. Әкім халықтың көбіне сүйенсе күшті болады.

35. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздер болар.

36. Бізде болыс көп сайлаған болмай, бөтен елден орыс жетелеп әкелген бұралқы болды.

37. Ел берекесі кетуінің түпкі себебі – қазақта бірліктің жоқтығы.

38. Болысқа орысша хат білу тілмаштарға құл болмау үшін керек.

39. Болыс болуға лайықты кісі – халық пайдасын білетін, жөн мен жол көрген, жұрт сөзін тыңдай да, құрметтей де алатын кісі.

40. Тіршілік – бәйге: жүйрік алар, шабан қалар. Еріншек пен езге жол, бәйге, сыбаға, мүше жоқ.

41. Тіршіліктегі жүйріктік ақылда, ұсталық пен жанкештілікте.

42. Жұртқа әділ би пайдалы, көпке сүйенген, көп сөзін тыңдаған, билігін орнына жұмсайтын, арам жемейтін, іс білетін, ел мүддесін ашық қорғай алатын болыс пайдалы.

43. Байлық түбі – ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды.

44. Дүние билігі күннен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады.
45. Түзу қалам қисайған, өткір қалам мүжілген заман.
46. Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсат сонда орындалады.
47. Мал бағып, малының артынан еріп көшкен қазақ сияқты халық байлық пен қазына мал кіндігінде деп біледі.
48. Халық ісін орнына салуға көп ақыл, көп қызмет, көп жылғы шебер істеген әдіс керек.
49. Тіршілік – ғұмыр белгісі – алыс-тартыс, арбау-әдіс. Кім шебер болса, жалықпай-талмай ізденсе, бірігіп, тізе қосып әдіс қылса – ғұмыр бәйгесі соныкі. Торғайдың ақ үрпек балапанынша ауызды ашып, біреуге жалынып-жалпая бергеннен түк шықпайды, іс өнбейді. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген де балапан болмай, әдіс қыл деген ғой.
50. Бөген кісі қазаққа ешқайдан ештеңе жақсылық әкеп бермейді.
51. Кедей тамақ асыраймын деп, ақылсыз жас атымды шығарамын деп, надан ақсақал кек аламын деп ұрлық жасайды.
52. Өз күшіне сенбеген адам да, халық та ешқашан өмір бәйгесін ала алмайды.
53. Біреуге телмірген адамнан, яки халықтан қосақ түрткен жетім лақ бақытты.
54. «Күн шыққанша қарау көзді соқыр қылады» деген орыстың өзгеге телмірген жұртқа шығарған мәтелі бар.
55. Заң адам пайдасына жазылады, адам заң үшін тумайды ғой.
56. Көкіректе сайрап тұр, қолды заман байлап тұр.
57. Өзің түйеден өткен жетекшіл болсаң, саған ақыл не керек?!
58. Жер дауы – тамам бес миллион қазақ дауы.
59. Бұл жұрт жұмысын жұрт болып іздемес пе еді?!
60. Адам жылап отырса, оның орнына келген заң қарпі не опа бере алады?!
61. Шыңғыс хан дүниені алды, артында түк белгі қалған жоқ. Ақсақ Темір дүниені алмаса да, артында Самарқанд, мешіт, медреседей белгі қалды. Шыңғыс – көшпелі, Ақсақ Темір – отырықшы.
62. Австралия қойының еті төрт ай мұхитта кемемен жүріп келіп, Петербург базарында сатылады. Малы көшіп жүр, адамы қала болып отыр.
63. Қазақ жері – мал кіндігі: мұнда бұрын-соңды қай жұрт жүрсе де мал баққан.

64. Атқыштың асығы түгел.
65. Ғұмыр ісі заң хатына қашан сыйған?!
66. Зауыт ісі жұрттың жалпы шебер, көнбіс, ұста болуына байлаулы.
67. Мал һәм егін шаруасымен айналысу отырған-көшкенге байланысты емес, жеріне, жерінің ауа райына қарай айқындалады, тағы өзге неше көп себеппен шаруа өзгертіледі.
68. Адам баласы бір-біріне өкімші де, құл да болған.
69. Әр замананың өз рәсімі, өз салты бар. Біздің замандағы салт: әркім құқына таласу, хұқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды.
70. Бұл заманда жылап мұратқа жетем деу – аш түйенің күйсеуі сынды дәрменсіздік.
71. Зауыт ісі жүріп кетуі үшін жылқы жайлауындағы боз дала мен тұнық судай мәдениет ахуалы қажет.
72. Біздің халықтың үйшісі, ұстасы қалыпты.
73. Мәдениет әмірі – күдірет әмірі.
74. Әр нәрсенің амалын біліп, өз орнына жұмсағанда ғана іс көркейеді.
75. Адам қызметі кіріспей, қазына тумамайды.
76. Мал тұяғы – қазына.
77. Мұжық егінші болғанда, қазақ жақсы малшы болса, бірінен-бірі керектерін алып тұратын жақсы көрші болады.
78. Бір өнер қылған екі кісіге тар жер екі өнер қылған екі кісіге кең болады.
79. Байлық басы көпке байлаулы емес – базарда ақша болатынға байлаулы.
80. Би – түзу, билік – әділ болсын!
81. Биді кім болса содан қорықпайтындай, біреудің бетінің қызылына немесе біреудің жақсы жағасына қарамайтындай жағдайға қою шарт.
82. Адамзат екі аяқты, сөйлейтін сөзді, ұятты болып өзге хайуаннан айырылады.
83. Бұл ғұмыр тойына шақырылған көптің бәрі бірдей өз өнеріне тиісті орын ала бермейді.
84. Мақаланы қалам өзі тілегенде жазса, сөз кестелі болады.
85. Керекті жақсы сөздер тозбайды.
86. Түрік затты халықта біздің қазақтай бір жерде тізе қосып, қалың отырған іргелі ел жоқ.

87. Анық түрік затты халық тілі – біздің қазақ тілі.

88. Ғұмыр бәйгесінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар!

89. Еуропа мәдениеттімін-мәдениеттімін деп мақтанғанымен, мәдениеті өнерінде ғана, ал мінезі әлі хайуандық сапарынан қайтқан жоқ.

90. Еуропа патшалықтарының түзу деген құр аты болмаса, іс жүзінде – бір-біріне қасқыр. Тарих жүзінде Еуропа Азия жұртының бетіне Шыңғыс хан һәм Ақсақ Темір ісін басады. Осы екі патша қанша жәбір іс қылды деп. Бұлар өз уақытында заманына қарай іс қылғаны рас. Ал осы жиырмасыншы ғасырда Еуропа патшаларының қылған ісін кім ақтап ала алады? Бұлардың қайсысы қолынан келсе Шыңғыс хан һәм Темірлан болмайын дейді...

91. Алтынға кім қисаймаған.

92. Саясат ісі мәдениет соқпағына анық түскен жұрттың саяси партиясы аз болады.

93. «Құрықсыз сөз» дейтін бір сөз болады.

94. Жанайқай: қазақтың оқыған азаматтары, қазаққа осындайда қызмет етпегенде қашан қызмет етіп пайдамызды тигіземіз?!

95. «Жамандықты ұмыт, жақсылыққа ұмтыл» деген мәтел бар.

96. Жантебіреніс: Азаттық таңы атты! Тілекке құдай жеткізді! Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік!

97. Жер десе дірілдемей болмайды: жер мәселесі – негізгі өмір мәселесінің ең зоры.

98. Тұрмыс құрсауы – құдайдан соңғы күшті!

99. Мансапқұмар ел – кемелдікке жетпеген ел.

100. Қазақ-ау! Оян! Мұжық көші жүріп кеткенде, жұртта қалып жүрме!

101. Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады. Бақыт пен махаббаттан тысқары болады: бұл екеуі жоқ жұртқа тіршілік неге керек?!

102. Адам баласы – нәпсінің құлы: маңдайы тасқа тимей тоқтамайды!

103. Бұл хаттың (В.П. Короленконың «Крест һәм жарты ай» хаты – Е.Ш.) әдемілігі сондай – менің қаламыма сыймайды! Бұл хатты маған переводтау – күнә!

104. Ер жігіттің белгісі – адасқанын мойнына алғаны.

105. Дүниеде адам баласы айналып өтпес екі-ақ көпір бар: бірі – өлім, бірі – махаббат.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

ӨЗГЕГЕ ЕМЕС, ӨЗІҢЕ ӨКПЕЛЕ

1. Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!
2. Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.
3. Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы.
4. Теңеу: ай мен күндей, әмбеге бірдей.
5. Жер мәселесі – қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі.
6. Мойындағы борышты білу – білімнің ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі.
7. Мектептің жаны – мұғалім.
8. Мұғалімі қандай болса, мектебі де сондай болмақ.
9. Жақсы шықса, жаман қалар.
10. Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.
11. Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды.
12. Сөздің асыл болуы – ұнауынан.
13. Замана сипаты: білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билер заман.
14. Сайлау деген өзіңе берген ықтияр.
15. Халықтардың басынан өткізген анайылық шағы – біздің балалық шағымыз мысалды.
16. Дүниедегі нәрселердің бәрі қысылады, мұздайды, катады – түсі қашып, өлік сияқты жатады. Күн жазыла бастағанда, жаз болады: бәрі жадырайды – жазылады, көгереді, көркейеді.
17. Сөздің ең ұлысы – тарих!
18. Елде жоқ рух ақын сөзіне қайдан келсін?!
19. Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз.
20. Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі.
21. Көрікте пұл жоқ.
22. Шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер.
23. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шымыр келеді.
24. Мақал – тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылатын сөз.
25. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек.
26. Білімнің бас құралы – кітап.

Шығармалары. Бірінші том

27. Бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе, шапшаң да жақсы істер еді.
28. Күнелту үшін ас керек, ас істеуге күш керек, күшті жұмсауға ес керек.
29. Тән саулығы – тазалықтан, жан саулығының тамыры – тән саулығында.
30. Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс: үлкен жұмысқа көп жұмыскер керек.
31. Ғылым мен өнер көбейген сайын, бейнет кемиді.
32. Ел бағатындар ел бағуларын жақсы білулері керек.
33. Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі – екі ауылдың, екі топтын я екі рудың намысы деп ұғады: басқадан кемшілік көрсе – намыстанбайды, кектемейді; бір-бірінен кемшілік көрсе, кегін жібермейді.
34. Мәтел дегеніміз – кезі келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер: мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады.
35. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшеді.
36. Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер.
37. Әркім өзі жақсы білетін нәрсесін сынауы керек.
38. Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы!
39. Теңеу: ереуіл сөз.
40. Дұрыстық-бұрыстықты білмеген жұрт азады.
41. Жақсы нәрсенің жолға шығуы – жаман нәрседен қиынырақ.
42. Алушы да, беруші де – өзіне жағымды жағын іздейді.
43. Әркім өз білгенін, өзінің қолынан келетінін істеу керек.
44. Басқадан кем болмас үшін білімді хәм күшті болу керек.
45. Бәрін айт та, бірін айт – сөздің тұрар жерін айт!
46. Кейбір істерді істеу керек бола тұра істеуге болмайды.
47. Өткенді қуғанды қойып, осы күйінді жөндеуге жөн іздеу керек.
48. Халықтың ісі – бұрап қалса басқа жөнге келетін машинаның тетігі емес.
49. Жұртқа керегін білетіндер – көп, істейтіндер – аз.
50. Жұрт жұмысы – құмырсқаның илеуіндегі жұмысқа ұқсайды: құмырсқаша жабыла тынбай істесе өнеді.
51. Көсемдер көбейсе, ерушілер де көбейер еді.

52. Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қыламын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы.

53. Білімді болуға – оқу, бай болуға – кәсіп, күшті болуға бірлік керек!

54. Біреу – жұмыс қылайын десем, тұрған жерім жаман дейді, біреу – маңайымдағы елім жаман дейді: бұлардың бәрі де – бос сөз!

55. Ниеті жаман Аллаға өкпелемес болар.

56. Талап – жоқ, үміт мол бір халықпыз.

57. Енбексіз егін шықпайды, терлемесең терің шықпайды.

58. Телміріп алған теңгеден, тер төгіп тапқан тиын жұғымды.

59. Қатерлі жерде қаперсіз отырма!

60. Өзгеге емес, өзіңе өкпеле.

61. Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы – қазақта, екіншісі – орыста.

62. Қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсақ.

63. Әдіс қылу – жөнсіздік емес, ептілік.

64. Ғылым мен өнер елсізді – елдіге, жоқты – барға теңгереді.

65. Қазақ жеріндегі шаруалық – мал бағу мен егін егу.

66. Сайлау рас бәле болса, білімді, өнерлі халықтар өз ісінің бәріне басынан бастап, аяғына дейін неге сайлау кіргізді?!

67. Білімі көп адам құралы сай ұста секілді: не істесе де, келістіріп істейді.

68. Жерді жалдаудан тартынбағандар сатудан да тартынбайды.

69. Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан: айтпесе, бүгін тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытқан қазақ бүгін – жерін сатып тойып, ертең – теңтіреп кетер еді.

70. Олжалы жерде үлестен қалғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты.

71. Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар: адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіндер!

72. Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай түзу істендер! Сендер адассаңдар, арттарыңнан алаш адасады: арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар.

73. Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы!

ОЯН, ҚАЗАҚ !

1. Кемшіліксіз халық жоқ.
2. Қазақтың халық пайдасы деген іске шегініп тұратыны жаман.
3. Мақсатым – халық түзетпек.
4. Жар – халал жұп.
5. «Молданың өкшесі қисық деген кісі де күнәлі болады» деп жүрген адамдар да бар.
6. Қазақта жазылмайтын бір ауру бар –
Келмейді мінін айтсаң жаратқысы.
7. Білгенге – ишара, білмеске – қор.
8. Шәрбатын ғашықтықтың татқан қандай!
9. Жаманға барсаң, ғұмырың қор боп өтер.
10. Артықтан тағылым ал, кемге үйрет.
11. Кісінің туып-өскен жері қымбат,
Үйренген бала жастан елі қымбат.
Ата-анаң, аға-жеңгең қадірлеген,
Тebіскен құлын-тайдай теңі қымбат.
12. Әркім өз қолынан келгенше жомарт.
13. Бой тежеу, жүрексіну дұрыс емес,
Шашылған ризықты теріп татпай.
14. Жігіттің несі жігіт босқа жүрген,
Қызметпен пайда беріп, халыққа жақпай?!
15. Ел шауып, кісі өлтірген боп па батыр.
16. Халық пайдасын ақылмен істер болар.
17. Зиялы қауым халықтың қамын ойлауға міндетті.
18. Қазағым, көрмегенің әлі алдында,
Боларсың көне берсең мұнан жаман.
19. Еліртер бейшараны «Сен де, аттан!»
20. Ағайын – арзан, пұл – қымбат.
21. Ақылы кәміл жігіттер, заманның көз сал халіне.
Халқыңның ойла пайдасын, өзің үшін налыма...
Басыңды тік бәйгеге, бір халқыңның қамына...
Қиянаттан бой тартып, шық әділет жағына.
22. Күн көреміз қайда барып, алашым,
Білгіштерің хал мүшкілін қарасын.

- Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң,
 Әркім жейді біздің қазақ баласын.
23. Бірлік жоқ, алауыз біз халықпыз ғой,
 Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.
24. Ғылым үйрен – көзің ашылады.
25. Өзің білгеніңді – халқыңа үйрет.
26. Ұл-қыз демей, баланы оқыт, қазақ.
27. Дариға, жігіт қайда өнер тапқан,
 Жан қиып, қызмет қылып, халыққа жаққан?
28. Жақсыға жаман тең болмас.
29. Қиянат тоқтар күн бар ма?!
30. Білгенге қиын емес кету байып.
31. Дүниеде кедейлік жоқ өнерпазға.
32. Болғанда бойда қуат – жүрген жақсы,
 Аяғың бір күн қылдан кетер тайып.
 Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
 Отырма бір орында құр мұңайып.
33. Надандық – қараңғы түн.
34. Айту – бізден, істеу – сізден.
35. Майда бол жігіт болсаң тал жібектей,
 Жақсы емес қатты болу тікенектей.
 Ғылымың болса дағы ұшан-теңіз,
 Пайда жоқ өз халқыңа қызмет етпей.
36. Орысша білмек қазаққа бек ләзім.
37. Аршын жұтқан кісідей кекірейме.
38. Әуелі үйренетін бір ғылымың
 Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.
 Шарттарын исламның кәміл білсең,
 Ахиреттік азық берер шын ғылымың.
39. Екінші қажет ғылымың – орысша дүр,
 Өзіңе бек пайдалы тіл білуің.
 Қараған мемлекеттік низамы не,
 Мұны білсең, сақталар дүниелігің.
40. Ақиқат женер жалғанды.
41. Алла жақын кеудеде оты барға.
42. Құл десең биді күледі, құл десең құлды өледі.
43. Тәңірі жаққан шамшырақ, су құйсаң да сөнбейді.
 Намыстанып орынсыз, абыройын адам төгеді.

Шығармалары. Бірінші том

44. Көңіл – батыр, тіл – қорқақ.
45. – Не жаман?
– Қыздырманың қызыл тілі жаман.
46. Күнінде қызғылықты қимылдап қал,
Тіл мен жақ, байланарсың бір күн әлі-ақ.
47. Әр іске өнер керек, айла керек.
48. Пайдасыз мылжың сөзді әркім айтар.
49. Жастықта не қылсаң да жарасады.
50. Өкініштен пайда жоқ.
51. Қан түссе аяғыңа, озар мәстек.
52. Мен – біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!
53. Алыс пен жақын ойлы болмас жолдас,
Қас қылған жолдасына жігіт оңбас.
54. Қызығы бұл жалғанның – мал менен бас.
55. Дос емес дос сыртынан жамандаған.
56. Кәсіпсіз қиын жұрттың күн көруі.
57. Құс – торға, балық – ауға, батыр – жауға.
58. Елең етер намысқа қызып жігіт аз,
Бұл не ғажап, жұрт керең боп қалған ба.
Мен не болсам – болайын саған садақа,
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба.
59. Бола берме, жазған қазақ, жасқаншақ!
60. Мың ділда білімдінің жалғыз сөзі.
61. Қонақ – үйдің ырысы.
62. Халық тағдыры – карта ойыны емес.
63. Салт-сананың негізі – елдің қолданған кәсібінде.
64. Әкеде де – әке, балада да – бала бар.
65. Ұлт әскері – ұлт қорғаны.
66. Сот түзелмей, халық түзелмейді.
67. Заң әдет-ғұрыпқа қайшы келсе, үлкен аяққа тар етік киген-мен бірдей.
68. Халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмейтін сот – сот емес, сор.
69. Орыс отаршылары Россиядағы уақ ұлттарды маймыл ойнатқандай қылды. Мұнан не туды? Мұнан ұлтшылдық туды.

70. Адассам, халқыммен бірге адастым, сәулелі жарық жолға ұмтылсам, ұлтыммен қосылып ұмтылып бағамын.
71. Айнымай тұтқан жолың болсын мынау –
Азаттық, ағайындық, теңдік сұрау.
Тайсалмай дұрыстыққа жаның қисан,
Борышы адамдықтың сонда тұр-ау.
72. Әр заманға – бір зауал.
73. Ар-намыс, махаббат болмаған жерде адамшылық тұра ма?!
Бұл сипаттардың болуы үшін адам баласы азат, тәрбиелі болуға тиіс.
74. Адамның алдымен адам сипаты болуға тиіс.
75. «Ішкен – мас, жеген – тоқ»-тың заманы бұл,
Ашыққан, ашынғаның түкке жүрмес.
76. Бізді ұлтшыл қылған – кемдікте, қорлықта жүргеніміз,
көрінгеннен соққы жегеніміз еді.
77. Кешегі қара күндерде, жұлдызсыз, айсыз түндерде,
Жол таба алмай сенделіп, адасып алаш жүргенде,
Бұл күнгі көп көсемдер, сұраймын сонда қайда едің?
78. Бейнеттен құтылу үшін бай болу керек.
79. Алыстан «Алаш» десе, аттанамын,
Қазақпын, «Қазақ» десе мақтанамын.
Болғанда әкем – қазақ, шешем – қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын!

МҰСТАФА ШОҚАЙ

ҰЛТТЫҚ РУХСЫЗ ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ БОЛМАЙДЫ

1. Өзінің ішкі бірлігін нығайта алған халықтар ғана тәуелсіздігіне қол жеткізе алады. Және оны қорғап қала алады.
2. Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де.
3. Көтеріліс – езілген халықтың езушілерге қарсы өшпенділік сезімінің бір бұлқынысы.
4. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады.

5. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялыларға жүктеледі.

6. Халық тілегін дұрыс және анық бір формаға келтіру, аталған мақсатқа жеткізу үшін іс пен әрекет бағдарламасын жасау зиялылардың міндеті.

7. Зиялылар өз халқына қызмет етудің, халықпен ортақ тіл табыса білудің неғұрлым тиімді жолдарын таба білуі тиіс.

8. Батыс тәрбиесін алған зиялылардың аянышты жері – рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы еді. Батыс тәрбиесі көптеген туыстарымызды халқымыздың жан дүниесіне сіңген, ұлттық тарихымыздың өн бойында жатқан «Шығыс зердесінен» айырды. Олар, яғни Батыс тәрбиесін алған туыстарымыз, басқа жақтан жинаған білімдерін өз халқының өмірімен бірлестіре алмады.

9. Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл.

10. Тіл – халықтың перзенті.

11. Тіл – тек адамға ғана тән аса құдіретті құрал.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

ХАЛЫҚ БІЗ ҮШІН ЕМЕС, БІЗ ХАЛЫҚ ҮШІН ТУҒАНБЫЗ

1. Үйренген тамақ, жүрген жерін жақсы көру – табиғаттың еріксіз каноны. Ұлт сүюдің ең төменгі дәрежесі осы.

2. Қазақты тура жолға бастайтыны да, адастыратыны да оқығаны.

3. Оқыған – қара халықтың шырағы. Халыққа қызмет қыла білмеген, үлгі, шырақ болуға жарамаған оқыған халықтың меселін қайырады, көңілін қалдырады.

4. Адамның өмірдегі ісі – алған тәжірибесінің жемісі.

5. Жанның тәрбиеленетін үш түрлі сипаты бар: ақыл, сезім, қайрат.

6. Көңілдегісі болмаса, біздің тұқымдар тез табаны қайтып, қажып қалады. Мақсаттың жолына күрбан болуға шыдамайды.

7. Қара халықтың мәдениетті болуынан, мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын.

8. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды.
9. Халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз.
10. Қазаққа аюдай ақырған шенеунік табылуы оңай. Ерінбей-жалықпай, бақырмай-шақырмай іс бітіретін терісі қалың, көнбіс, табанды қызметкер табылуы қиын.
11. Қазақ бұрынғы уақытта елі – ұйымшыл, ері – жауынгер, биі – әділ, азаматы – намыскер, адамы – әрі бітімді, әрі қайратты, сауықшыл болған халық.
12. Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді құрғақ бектің керегі жоқ. Адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек. Сол жұмысшы – оқығандар.
13. Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз халқына қызмет ете алмайды.
14. Тіл – ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал. Әр заманда тіл ішкі сырды әр түрлі шығаратын болған.
15. Сөз – ойдың айнасы.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

ЕЛГЕ ПАЙДА – ЕРГЕ АБЫРОЙ

1. Ел түзелсін десең, әуелі өзінді түзе
2. Лайық ел болуға ісің бар ма,
Намыс, ғылым, ынтымақ, күшің бар ма.
3. Бірінші ел болуға намыс керек,
Мал-жанды намыс үшін салыс керек.
Қорланып өмір сүрген тіршіліктен,
Өлгенім артық деген наным керек.
4. Күнәдан қорыққан адам кісі ақысын жемейді.
5. Өнерлі ел бар мұқтажын жерден емеді,
Бар қиынды тек қана ғылым жеңеді.
6. Ел үшін еңбек етсең, халқыңа сүйкімді боласың.
7. Ер өлсе де, елге еткен еңбегі өлмейді.
8. Наданның хақын кім болса сол жейді.
9. Дүние – қызықтырған қызыл киік,
Бар адам қуған соны көңілі сүйіп.

Шығармалары. Бірінші том

- Көпшілігі далақтап жете алмай жүр,
Азшылығы кенелген қолға тиіп.
10. Миллетке бек зор үміт – шәкірт халқы.
 11. Ел болудың бірінші тірегі – білім.
 12. Берген бұзады.
 13. Мал мен бақтан ғылым артық.
 14. Тамақтың құлы болған қызыл ауыз.
 15. Тар кеуде, шымшық басқа ақыл қонбас.
 16. Кедей, бай, қажы, төре – бәрі бір бәс.
 17. Байлықтың пейілі тар: адам баласын алалайды.
 18. Кедейлік, сен жексұрын түсін суық!
 19. Дін деген – өтірікке нану деген.
 20. Ар сатып, ырыс жинама.
 21. Дүниеде қызық бар ма өлмегендей.
 22. Дүниенің заңы биліктің қолында.
 23. Адамға аса қымбат балалық шақ,
Ойға кіріп шықпайтын сор менен бақ.
 24. Бала жанына ойын азық.
 25. Байлық – ұрлықтың жемісі.
 26. Іштен тынып жүргеннен, сөнген артық.
 27. Адамның ең ұлы қасиеті – бақытты болуға талпыну.
 28. Бұл күнде шыбын тірі, періште өлген.
 29. Қазіргі өмір бақыт іздеген жанды залымдық жолына түсіреді.
 30. Бақытқа жетудің ең «жеңіл» жолы – ел үстінен күн көру.
 31. Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға «алаш» деген атты аламын.
Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын.
 32. Балаға бәрі бауыр.
 33. Достың сыры досына паш.
 34. Кісінің басы доп емес, әркім бір алып қағатын.
 35. Адам надан болса, жер сараң болады.
 36. Мен сөнермін, ісім сөнбес!
 37. Бақытты болғысы келген адамға – парыз міндет.
 38. Әркімнің әр іске қабілеті болады.
 39. Атақты шенеуніктер баласынан аз көрдім стипендия
артылғанын.
 40. Адамзат әділ бола алады.

41. Тілден – зікір, көңілден – пікір.
42. Бұл күнде адал еңбекпен байи қою қиын.
43. Найзаның күшімен жанған бақ найзаның ұшында сөнеді.
44. Адамдыққа сыя ма кісі өлтіріп,
Батыр деген ат тауып, медаль алмақ.
45. Дүние жеу-жегізу майданы екен.
46. Дүниеден жейтұғын ауыз құрымай, әділдік орнамайды.
47. Әділ болып байқадым, не өндірдім,
Бұл басым залым болып бір байқасын.
48. Қартайғанда ырқыңа дүние түгіл, денең де көнбейді.
49. Қартаймау – қолдан келмейтін іс.
50. Кәрілік: бұл күнде ұйқы, тамақ, қайғы жолдас.
51. Пайданы енді ойлаймын өз басыма,
Хош айтып идея деген жолдасыма.
Енді мен жар сүйемін, байлық жиям,
Көп ойдың көңілім сенді болмасына.
52. Дүниеден өткеннен соң жер беті жұмаққа айналса да, одан бізге не пайда.
53. Қыз сыны:
Ақ сәуле, күміс жүзді, құндыз қабақ,
Сен – гүлсің шашқан жұпар жарып сабақ.
Болғанда көзің – жақұт, етің – торғын,
Қасың – ай, шашың – жібек, мамық – тамақ.
Көзің – нұр, аузың – алма, сөзің – алтын,
Самород қоспасы жоқ, нағыз балқын.
Шомылған сұңқар бойың нақ гауһардай,
Бұрқырап нұр төгілсін, маған талпын.
54. Не шара соқыр болса көңіл көзі.
55. Өзі – мас, көңілі – тас.
56. Өлең-жыр – көңілді түзететін машина.
57. Біздің қазақ – әнқұмар халық.
58. Жас балаларды ән үйренуге қызықтырыңдар.
59. Ар азығы дегеніміз – әділдік.
60. Адамды бақытты қылатын – ар азығының ер жетуі.
61. Тарих ғылымының пайдасы алдыңғылардың жіберген қатесін кейінгінің қайталамауына көмектесетіндігінде жатыр.
62. Ілгері кеткен жұрттың қатесін енді ілгерілейін деп тұрған жұрттар істесе, көре тұра отқа түскендік болып шығады.

63. Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсок деп көрсетпей, есті деп қадірлі етіп көрсетуге тырысу керек.
64. Адам баласының ауыр күн көрістен құтылып, бақытты болуына себепкер болатын Еуропадағы ғылымды мен екі жікке айырып ұғамын: бірі – дене азығы, екіншісі – ар азығы.
65. Бір халықтың сүтпен бірге байланған ірік-шірік қара кеуілін аршып, жаңа рухпен қандандыратын, таза пейілмен жандандыратын шын жүректен шып-шып шырқырап шыққан өлең-жыр, әдебиет деген нәрсе болады.
66. Түзу ғылымнан, түзу ұстаздан тәлім алған тәліп неге түзелмесін.
67. Ата мирасындай болып сүйекке сіңіп, көңілге орнығып қалған надандық шіркін жуық маңда жақсылық сөзді естірте қояр ма.
68. Қазакеңнің түзулікті һәм түзулік айтқан кісіні ұнатпай, ынтымақ-бірлікке қайырылмай қалшыып қалатындығы – бұрыннан да әркімге мәлім жай емес пе.
69. Ар азығынсыз, құр өнердің өсуімен басқалардың бақытты бола алмағаны секілді, қазақ та бақытты бола алмайды.
70. Ер еңбегі елге ортақ.
71. Елге пайда – ерге абырой.
72. Арманың болсын, арманға қоса дәрменің болсын.
73. Ердің еңбегін ел білерлік заман бізге де туар ма екен.
74. Қыз сыны:
Жіңішке сымға тартқан сәні қандай,
Балауыз балбыраған тәні қандай.
Ақыл-ой, мінез-көрік түгел келіп,
Толықсып толып тұрған жаны қандай.
Еріткен іші-бауырыңды лебізі қандай,
Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай.
Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп,
Жайтандап жан күйдірген көзі қандай.
75. Үрмесе ит болар ма, шақпаса бит болар ма.
76. Дүние деген у екен, алдап соғар қу екен.
77. Сөзің – өзің.
78. Дос іздедім, қармандым, тауып едім, алдандым.
79. Жүрегім, тулап шабасың, жоқты қайдан табасың.
80. Бір-ақ жазық қазақта – ұлы-қызы мазақта.
81. Қызық жаныңды қыздырар,
Қайғы қаныңды бұздырар.

82. Ер бар ма елі үшін жан қиятын,
Басшы бар ма етегіне ел сыятын.
Жанның бәрі өз ісін мақұлдайды,
Адам қайда сезетін ар-ұятын.
83. Қайдан табам халықтың шын баласын.
84. Анау қырда татар тұр – басқалармен қатар тұр,
Мынау ойда қазақ тұр – қастарында азап тұр.
85. Ашуды қой, серік бол ақыл досқа.
86. Түзелсін көңілі әуліккен адам қайдан.
87. Барлық адам баласы өзіндей көрсе өзгені
Озбырлықтың өшіп қарасы, өзімшілдіктің өлгені.
88. Әлемдегі ғаламат игілікке ғана арналса,
Өнері артық азамат еңбекте ғана арланса.
89. Оқу-білім көркеймек, елге егіп пайдасын,
Ел жетіліп көркеймек, өнер қанат жайғасын.
90. Көркейтуге алашты құрбан біздің жанымыз!
91. Жүрек – тірліктегі тілек ұясы.
92. Жұртым-ау, құдайыңды ойлаймысың?!
93. Шын ғана тұрақты.
94. Сөз қадірін білмесең, өлең оқып не керек.
95. Ақ көңілге қара күйе жұқпайды.
96. Кінә іздеген кінәмшіл.
97. Көпірме сөз көсілме.
98. Ерке қыз – жібек арқан,
Хас сұлу – жаратылысқа мақтан.
99. Өмір – қысқа, бейнеті – көп.
100. Қаныпезер адам өлтіреді,
Күншілдер жүректі өлтіреді.
101. Мың жыл ғұмыр кешсен де, арман деген таусылмайды.
102. Тау басында тұрғанды жарға итерме.
103. Абырой-ынтымақ бірлік бар жерде ғана жүреді.
104. Салт-сананың негізі – елдің қолданған кәсібінде.
105. Оқу-білім көркеймек – өнер қанат жайғасын,
Ер жетіліп көркеймек – елге егіп пайдасын.
106. Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда кім болам!

107. Өлер жерден кеттік біз!
Осы күнге жеттік біз!
Жасайды алаш, өлмейміз!
108. Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма,
Оны жасырар адамның күші бар ма.
Біреу – күй, біреу – пішін, біреу – сөзбен,
Көрсетпейтін жүректің іші бар ма.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

ЖАН КӨРІНІСТЕРІНІҢ ЕҢ ҚЫМБАТЫ – ОЙ

1. Адамның толық мағынасы мен адам аталуы тіл арқасында.
2. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы.
3. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт – ұлт болып жасай алмақ емес.
4. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті.
5. Түркістан – екі дүние есігі ғой.
6. Жазушы, акын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шағара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, ол адамның қор болғаны.
7. Жан көріністерінің ең қымбаты – ой.
8. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші.
9. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады.
10. Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты – балаға сөзді бұзып сөйлемеу керек.
11. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті.
12. Ой тілі – сөз.
13. Ердің елге бағасы – қаны бір болуынан емес, жаны бір болуында.

14. Елдің елдігін сақтайтын – әдебиеті, тарихы, жол-жорасы.
15. Бағалаудың қымбаты – елдің «Сен – менің ұлым!» деуі.
16. Ерге – ел қымбат, елге – еңбегі сіңген ер қымбат, ердің адал жүрегі қымбат.
17. Қарлығаштың қымбаттығы – тасыған суының молдығында емес, жүрегінің адалдығында.
18. Сұм өмір абақты ғой саналыға.
19. Ақында адамзаттан дос болмайды,
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына.
20. Арқада Бурабайға жер жеткен бе,
Алашта Кенекеме ер жеткен бе?!
21. Өмір – дала, ақын – бала.
22. Өмір мен өлім – мәңгі аңдысқан екі жау.
23. Саясат – ағаш ат.
24. Ой деген – у.
25. Отсыз жүрек – бос қуыс.
26. Үнсіз өмір – сөнген көмір.
27. Өмір – бұлақ, үміт – құрақ.
28. Махаббат – бір тәтті у.
29. Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады.
30. Алтын үміт үзілді, тәтті киял бұзылды.
31. Жел – тентек бала.
32. Қалың ой – қара жылан.
33. Жолығар ұзын жолда талай адам.
34. Өмір – от үстінде салынған көпір.
35. Өмір – өзен, үміт – шабақ ойнаған.
36. Өткен – аяулы.
37. Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от боп жан туып па!
Көп түрік енші алып тарасқанда,
Қазақта кара шаңырақ қалған жоқ па!
38. Жаһанда жалғыз мәңгілік нәрсе бар: ол – махаббат!
39. Дүниеде күшті нәрсе екеу-ақ: өлім һәм махаббат.
40. Адамның бір атаның баласы екені қандай рас болса, белгілі бір заманның баласы екені де даусыз.
41. Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне, басқа халықтардың да адамдарын сүюге міндетті.

АР ЖАЗАСЫ – БАР ЖАЗАДАН АУЫР ЖАЗА

1. Ой да көп, уайым да көп – ойлай берсең,
Ой да жоқ, уайым да жоқ – ойнай берсең.
2. Маңына ұрық шашпаған жақсылық, жапанда жалғыз өскен
бәйтерекше, тұл болады да қалады.
3. Өнерпаз болсаң, өр бол.
4. Бөрінің артынан бөлтірік ақылды болғандықтан ермейді.
5. Білім – бақтың жібермейтін қазығы,
Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы.
6. Жігіт қадірі өнерімен өлшенер болар.
7. Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет.
8. Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле.
9. Еңбек шыққан жерден төзім де шығады.
10. Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен!
11. Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі ниет керек,
одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек.
12. Азамат сыны – ерлік, ерлік сыны – елдік.
13. Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа
жақсылық – ер кісінің ісі.
14. Жақсыда жаттық жоқ.
15. Адам көркі – ақыл.
16. Жігітті жылы сөз ширатпайды, қатты сын ширатады.
17. Адам өзінің жанын ұсақ уайым, болымсыз қам-қаракет дер-
тімен былғанудан сақтауы керек.
18. Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық қана шын
мәнінде қымбат табыс.
19. Адам ірілігі бір сипат емес, ішкі-тысқы сан сипат
қасиеттерден құралады.
20. Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен
ортасында көрген үлгі-өнегесінен.
21. Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның
қайсы?!
22. Мұғалімнің ұдайы жақсы оқитын балаларға ғана сүйсініп,
ылғи соларды ғана оқытуы дұрыс емес.
23. Тұмай жатып толдым деме, толмай жатып болдым деме.

24. Қызғаныш – құрт ауруы, мыс қазанда қайнайтын азап оты.
25. Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім.
26. Адамшылықты тез жүргізу үшін көп ой керек, ойлау үшін оқу керек.
27. Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза.
28. Амал: кіжіну бар, килігу жоқ.
29. Сипат: тілі – бұлбұл, аяғы – дүлдүл.
30. Қол жетпес шыңыраудағы су болғанша, пайдасы көпке тиетін жайдақ су болған жақсы.
31. Қыл өтпестей татулықты бір ашуға сатпас болар.
32. Не аңсағанда аларсың, не қақсағанда аларсың.
33. Тамыр болдың – айтыс жоқ, қолдан бердің – қайтыс жоқ.
34. Аузымен айды алып, қолымен қосаяқ соға алмайтын жандар бар.
35. Қонтайдың қалжыңы: «Жазыла-жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесе болмас».
36. Көбікті толқын санама.
37. Арқада жыл жақсы болса, арқар ауып несі бар?!
38. Әділет тілесе, атаңның болсын айыбын айт.
39. Бас асауға – жез нөқта.
40. Еккенің тікен болса, орғаның балауса болмас.
41. Жаза баспас қадам жоқ, жаңылмайтын адам жоқ.
42. Жалынған – бас қорғау емес, жағаласқан – бас қорғау.
43. Жауға жалынба, досқа тарылма.
44. Жауызға айтқан жақсы сөз – суға жазған сертпен тең.
45. Дос таппаған ер азар, басшы бақпаған ел азар.
46. Күй атасы – Қорқыт.
47. Күйгенімнен сүйгенім көп.
48. Кісінің бір ғайыбын маған айтқан адам, менің жүз ғайыбымды кісіге айтар.
49. Құтырғаннан құтылған.
50. Сын шын болсын, шын сын болсын.
51. Шын көңілден айтылған тілекке шындықпен жауап беру парыз.
52. Іздесең – табарсың, алыссаң – аларсың.
53. Ел болам десең – бесігіңді түзе.

БЕРНИЯЗ КҮЛЕЕВ

КӨҢІЛ – ДАРИЯ, ОЙ – ДАУЫЛ

1. Көктің сәні – құс әні, бала мен мал – жер жаны.
2. Жер жұмағы – ен дала, ел сұлуы – қыз бала.
3. Ойла, ойла!
Ойға тойма!
4. Ой – көңілдің еркетайы, жыр – жүректің бұлбұлы.
5. Өмір – өзен, өлім – құрдым.
6. Өмір – өзен күні-түні ағады, үстеп оны тұрмыс уы тамады.
Өмір у ғой, ішпеген жан арманда,
ішкен адам қандай ләззат табады?..
7. Суарған семсер секілді, жастықта жатпа, жайранда!
8. Көңіл – дария, ой – дауыл.
9. Оймен жыр тап, жырмен түр тап.
10. Жаннан безген жырдан басқа, жас жүректің кімі бар?!
11. От жалын ой.
12. Махаббат достықтан да күшті.
13. Иманым да, арым да – шын махаббат.
14. Ойдан – қуат, жырдан – қанат.
15. Жатсаң – ойда, тұрсаң – жырда, жанған жүрек емі бар.
16. Тұрмыс деген тәңір атқан, ұйықтап жатқан айдаһар.
Оят тағы, ауызынан, бақ дегенді барып ал!
17. Бүйтерін кім біліпті бұл жалғанның,
Сендім де, ал дегенін қабыл алдым.
Жолымнан жауыз тағдыр жаңылдырды,
О, дүние-ай! Мезгілімнен қапы қалдым.
18. Оты сөнген ер жүрек қалар мұздап.
19. Жырла да, зарла, көңілім, қалың қайғың қайнасын.
Қиялдың құсы егіліп, іштегі дертті айдасын.
20. Жалғанда жұмақ – жазғы жел.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

КӨРКЕМ СӨЗ – ЖАННЫҢ СӘУЛЕСІ

1. Ойсыз сөзде көркемдік те жоқ.
2. Көркем сөз – жанның сәулесі.
3. Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы.
4. Көркем сөзі бар болғырдың өзін орақпен орып, күрекпен күреп ала алмайсын: оны бір-бірлеп тересің, бір-бірлеп тізесің!
5. Көркем сөз суықта да өседі, ыстықта да өседі, күндіз де өседі, түнде де өседі. Тек ақ мамық төсекте өспейді, әлпештеген алақанда өспейді. Сынсыз өспейді, талас-тартыссыз өспейді.
6. Сөз қасиеті – көркемдігінде, ой қасиеті – шындығында.
7. Көркем әдебиет деген – ең әуелі жанды сөз, тек қана сыртқы емес, ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдірет болмаса, төрт аяғын тең басқан өлеңнен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ.
8. Көз көргенді ой таниды.
9. Талантқа қанат болар сезім емес, сенім болуы керек.
10. Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер.
11. Қызық емес пе, көзіңе көрінбейтін, қолға ұстауға келмейтін ән мен өлең ғасырлар бойы ел ойында қордалана беріпті, оята беріпті, сергіте беріпті.
12. Ақын бойына адамгершілік қана жарасады.
Екеуінің біріне ақау түссе, алдымен ақындық өледі.
13. Ақын жаны оңай жараланады, оңай жазылады.
14. Ақын жүрегіне кек тұрмайды.
Кек тұрса, қақ тұрғаны.
Қақ тұрған жүрек – тот басқан асыл.
Енді одан берекелі үн шықпайды.
15. Ақын – қыран: қияға да қонады, ақын – адам: далаға да қонады.
16. Көзбен де қамшылауға болады.
17. Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жаз.
18. Көркем сөздің сұлулығы: сағымдай құлпырмасын, өзендей толқысын!

Шығармалары. Бірінші том

19. Өлең өндірісін қойып, шын мәнінде поэзия жаз дер едім.
20. Жаманның аузына жұртта қалған сөз түседі.
21. Тек жамандық пен жәбірді жинай берген адам жазушы бола алмайды.
22. Түсінбей аудару, түсінбейтін етіп аудару деген болады.
23. Есті сөзді естігісі келмеген адам – саңырауға тең.
24. Шығарма тек қана мазмұн, тек қана түр емес.
25. Дүниеге алдымен келген сөз болады! Сөз!!!
26. Кейде ақынның балалығына таңғаларсың, кейде ақынның даналығына таңғаларсың.
27. Ақын заман: бір күндік те емес, бүгіндік те емес.
Оның кешегісі – бүгіндік, бүгінгісі – ертендік.
28. Адам ойының портретін жүзінен көруге болады.
29. Ұшқыр ой, ізденгіш ой, тапқыр ой – ол бір адам. Құр кеуде, жұрттан көргенді өзімдікі дейтін, басқаның ойын иемденіп, іске асырарда көз шығарып, бас жаратын – бұл екінші адам.
30. Оқыс сөз, одыраң мінез – үлгісі жоқ ұлдың, кер кеткен қыздың белгісі.
31. Асылы, адам өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп, өрнектеуге еңбек етеді.
32. Өмір бойы құмырсқадай қыбырлап еңбек еткен адам дүниеге түсіністікпен қарайды. Осы жолда өз ой-күшін, қуатын сарп етеді де, өмірді өз тағынан құлатпайды.
33. Өзің аспанда, ойың төменде жүргенше, өзің төменде, ойың аспанда жүрсін. Биік деген немене, төмен деген немене – сонда түсінерсің.
34. Жазушы еңбегі, түптеп келгенде, санмен емес, сапамен өлшенеді.
35. Ескірген еңбекті жұрттан бұрын жазушының өзі сезуге тиіс.
36. Қай ақын-жазушының болса да жылдар өтуіне, оқушының талап-талғамы, мәдениеті, білімі өсуіне байланысты мазмұндық нәрі сұйыла бастаған, көркемдік ажары оңа бастаған шығармалары болуы мүмкін. Мүмкін ғана емес, болған, бар, болады.
37. Қыран баласына дүние әрі кең, әрі тар.
Достары да аз емес, жаулары одан да көп.
38. Жақсы шығарма жақындастырады.
39. Жапон үлкен көзді ел емес. Ойлы көзді, азғана мұңды көзді ел.
40. Жапон қызында айқай салу әдеті жоқ.

41. Менің тірлігім – үмітімде. Үмітім өз қолымда емес.

42. Намыстанған болады, қорланған болады.

43. Мәдениет майданына мейірім керек.

44. Ойында қандай тәсіл қолдансаң да айып емес.

Бірақ бар тәсілің бассауға болса, оны қайрат көтермейді.

45. Мынадай аударманы түсіну үшін

Сократтай данышпан болу керек.

46. Қарны тойса қалғып сала бермейтін ұрпақ керек.

Онай көріп, саршұнақ аулап, ін күзетпейтін ұрпақ керек.

47. Біз XV ғасырда “қазақ” деген ел болып біріккенімізді Ұлытаудың көк тасына қашап басқан ру таңбаларымен куәландырған ел едік. Бірігіміз, бір ел боламыз деп анттасқанымыз да сол, конституциямыз да сол – тасқа басылған таңба!

48. Адам дегеніміз – миллиондаған ғасырлардың туындысы көрінеді. Солай бола тұрған күннің өзінде де ол кісіңіздің ой-өрісі, сезім тереңдігі, адалдық, ар-ұят, мінез-құлық жақтары әлі де біраз сүргілеуді керек ететін сияқты.

49. Мен көп жанрда жазамын деп ойлаған да, мақсат та қойған жоқпын.

50. Қазір маған аттың орнына космос кемесін бейнеле десе, мен соны жаза алмас едім.

51. Кездейсоқтықтың да себебі болады.

52. Қазақ деген ел – бостандық-азаттық сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық.

53. Біз жарты ғасыр бойында бастық не айтса, соны мақұлдап келеміз. Осының өзі ойлану-ойлау дегенді өсіру орнына өшіре бермес пе екен? Әй, солай ететін болар...

54. Қазақ елі – өз мұңын өзі ойлап, өзі ізденіп, тіршілік деген кең майданда сыналған ел.

55. Күні кешеге дейін біздің шығармаларымызда жан-жануарлар қандай көркемдік жүк көтеріп келсе, болашақтағы туындыларымызда техниканың алуан-алуан сиқырлы сипаты сондай көркемдік жүк көтеретініне, солай болатынына кәміл сенемін.

56. Қай халықтың болса да мәдениетін, көркем сөз, көркем өнерін жоғары көтеріп, жалындатып жіберуге жүз талант көптік етпейді, он талант аздық етпейді.

57. Патшалар өлер, басқалар өлер. Сұлулық өлмес, мейірім өлмес, әдеп өлмес!

58. Сұлулық, әдептілік, білімділік, сезімділік, ерлік, даналық – бәрі де жеке адамның меншігінде емес, ең алдымен, елдің, халықтың еншісі.

59. Адам деген бір ғана мінез, бір ғана бағыт, бір ғана қасиет емес. Сондықтан бір адам туралы екі адамның ойы бір жерден шықпайды.

60. Әрбір үлкенді-кішілі құбылыстың сырт көрінісі, ішкі сыры бар.

61. Әйел ашуланса – жеңіледі, еркелесе – жеңеді.

62. Ой да тұтқындалады.

63. Істеген ісіміз тай жарыстың шамасы болса да, Құлагердің бәйгесінен дәмеміз.

64. Ақын-жазушыларын жазалап, соттап, айдатып, атқызып жіберетін өкіметі болған елдің маңдайындағы соры бес елі ғой.

Ақын-жазушыларын жәбірлеген өкімет адамдары ше?

Әне, халқының жауы солар! Солар! Солар! Халқының жүрек отын сөндіріп, ой жарығын өшіріп тастаған хайуандарға рақым болмау керек.

65. Біреуге біреу ешбір жақсылықты көпсінбес күн қашан келер екен?

66. Мағынасыз қаталдық, өзінің түсініксіздігінен, ең ауыр қаталдық сезіледі.

67. Әр адамның өмірінде ұзақ күн, ұзақ түндері болады.

Қысқа күн, қысқа түндері де болады.

68. Өзі таза адам өзгеге күйе жаға алмайды.

Күйе жағу үшін өзінде күйе болу керек.

69. Ертеңіне кеше неден ренжігенінді салмақтап қарасаң, бәрі жиналып қара бақырға тұрмайтын кезі бола береді. Ал ренжігенде осыны ойлауға әліміз жетпегені ғой.

70. Қайырымдылық пен қаталдық қатар жүреді.

71. Маған кейде түннен гөрі күндіз қараңғы көрінетіні бар.

72. Екі күштінің арасына сына болып қағылсаң ғана сыя аласың.

73. Кешегіні ақтау да, қаралау да бүгінгінің мақсаттарынан туады.

74. Тазалық тазалыққа шақырады.

75. Мінездің сиқы: екі аяғы есерлік, ессіздік дейтін екі баспалдақта тұрған адам сияқты екен.

76. Дауысына ең кемі екі-үш түрлі астар беріп те сөйлеуге болады.
77. Еркектің ең аянышты халі – дәрменсіз ыржиған кезі. Оның ар жағында жауаңдау ғана бар.
78. Көз көрмегенді көңіл көреді.
79. Көндігу бар, жеңу бар.
80. Қорланған ел аяншақтап, қайғы сарынын қорек етіп отыра берсе, сары ауру болудан басқа не шығады дейсің.
81. Жер жүзінде қазақ әйелдерінен басқа бір әйел құдайын қарғай алмайды.
82. Маскүнем үйінен өтірік айтып кетеді, өтірік айтып келеді. Оның өтірігін өңдеймін деп бала алдында шеше өтірікші болады.
83. Шешуі жоқ, шегі жоқ үрейден сақтасын!
84. Кейде қосыла да алмайтын, қарсы айтарың да жоқ кез болады.
85. Бардың жұпыны киінгені де, жоқтың барша киінгені де белгілі болып тұрады.
86. Саясат пердесін жамылғанымен саясатқа сыя бермейтін жайларды түсінуге әйел ойы зирек келеді.
87. Ақылдылықтың да пайдасы тиеді, ақымақтықтың да пайдасы тиеді: алғашқысын әр кезде күтесің, соңғысы өзі келіп ұрынады.
88. Теректің көлеңкесінде ме, қайыңның көлеңкесінде ме – бәрі бір... Тек көлеңке болсын.
89. Ақылды адамға ең ауыр жаза – мақтай беру, мақтай беру!
90. Әйел біткеннің бәрі де өздерінен сұлуырақ көрінген әйелге жау келеді.
91. Тізесін тым ашып қойған қыздың өзі көрінбей қалады.
92. Бір байлам есте болуы керек. Көркемдік майданына шыққан екенсің, басқа жұмыстарды, әсіресе, үй ішілік, қара бастың атақ-данқы, тұрмыс байлығы дегендерді тастау керек.
93. “Тәуекел ет те, тас жұт – ажалың құдайдан!” деген сөз бар.
94. Бір адамның жүзінде екі-үш түрлі сезімнің белгілері бола береді екен-ау...
95. Адамның бет терісі миы жасалған материядан жасалса керек.
- Сондықтан миына (ойына, сезіміне, көңіліне) келгені – қолма-қол бетке шыға келеді.
96. Атақ қоспасы адам бейнесін бұзып жібереді.

Шығармалары. Бірінші том

97. Әңгіме біреудің күнәсі жайында болса, оған сенбеген адам қалмайды. Бүгінгі қоғамның да бір кемшілігі осында.
98. Өз тарихын өздері жасайтын елдер бар, тарихи өсу-өшуі басқа елдің қолында болған елдер бар.
99. Қолайлы жағдайдағы елдер жаратылыс заңдарын да тез ұғынады.
100. Жазушы дүниежүзілік шекарада, жалпы адам баласына ортақ армандар шегінде болу керек.
101. Тас қашау арқылы не тіріледі, не өледі.
102. Ана сұлулығы жүзіндегі мейірімінен көрінеді.
103. Қыз мінезінде ұяндық пен әдеп бір кездесе, бірін-бірі жасырынқырап тұрады да, ашықтық пен абайсыздық кездесе, бірін-бірі асырынқырап тұрады.
104. Сенің істеген ісің түгіл істемеген ісінді қоса мақтайтын қазақ сыншыларының бір әдеті – ақын-жазушы үшін ең оңдырмайтын у.
105. Намаз бен жиналыс – бірінде шын, бірінде жалған тәуба қылатын жер.
106. Ойға қонар ой өлмейді.
107. Сөзшендік – уақыт трагедиясы.
108. Уақыты мен орнына сай келмеген қимыл жалған.
109. Әдебиет өсімі – ел өсімі.
110. Уақыт екпінін, уақыт ырғағын сезіну – жаңалық сол.
111. Ерлер үшін ең берік ант – қол алысу.
112. “Олла-біллә” – арамның анты, “Құдай ұрсын” – қорқатқын анты.
113. Пандық, надандық, тәкаппарлық, асақтық не айтқызбайды.
114. Елің үшін мақтан, елің үшін қайғыр!
115. Әйелдер көне грек идеалына әлдеқашан жетті, еркектер – жоқ.
116. Тарихты жасау дәуірі бар, жазу дәуірі бар. Жасаушы қателесе, жазушы түзеймін деп әуреленбеске керек.
117. Көркем жүздің жүдегені де, өңсізденгені де оңай көзге түседі.
118. Тілдің бояуы бозарып, қыры сынбауы керек.
119. Қыранға айтар теңеуді қара құсқа телімес болар.
120. Қоғам жазушы ойынан, жазушы жүрегінен өткенде жазушы қақалып қалуы мүмкін.
121. Сөйлемнің де, сөздің де өз әуені, үні бар.

122. Езу тартқаны қасірет белгісіндей көрінетін бір адам көрдім.
123. Әйелің серігім деуге жарамаса, тек қана балаларың болғандықтан жардың орнында болғысы келсе, бұдан артық қасірет қайсы.
124. Өзің жасамаған жұмақтан төрден орын тимейді.
125. Кейде сұлулық пен ерлікті салыстырып қарасаң, жеңіс сұлулық жағында кетеді.
126. Біздегі ең үлкен трагедия – басшыларымыз әдебиетімізді ана тілінде оқи алмайды. Орысша оқиды, орысшасы арқылы бағалайды.
127. Барлық дін кітаптары өлеңмен жазылғаны естерінде ме? Құран, Тәурет, Інжіл, Авесте. Сонда дін шығарушылардың кім болғаны? Ақын болғаны да.
128. Ата – кәрі тәжірибе, бұрнағы күн. Әке – кеше мен бүгін. Бала – бүгін мен ертеңгі күн. Немере – қалыс (запас). Тіршілік еш нәрсені ұмытпаған.
129. Қазаққа ар-ұят ең жоғары саналады.
130. Тақырып өзі мылқау болса, сен де мылқаусың.
131. Ұсақ үшін қырқысып, төрттағандап, сіресіп қалу – түкке тұрмайтындық.
132. Қырағы көздің алыстан көргенін күндеп, “мен де көріп тұрмын” деп қанша елпектесе де, соқырды көздіден айыру оңай.
133. Жел қызығар екпін, тасқын қызығар жүйткү болады.
134. Қыран шіркін жасырына да білмейді: сығалап сықылықтаған ұры көздерді де, күңкілі тынбас күндес сөздерді де ұнатпайды.
135. Айналаңа адамша көз сал.
136. Ит жылмаң, ұры көз, таңертең көрсең кешке дейін есінде тұрмайтын көрбілте жүзді адамдардан сақтанғайсың.
137. Мінез: от басында күл шашып, күпілдеген көпірме.
138. Ойлап отырғаны басқа, айтқаны одан басқа: сөзі – бір басқа, ісі – бір басқа адам болады.
139. Адалдық: өзі алданса алданар, өзі ешкімді алдамас.
140. Пасықтық: бір мақаланың ішінде толып жатқан ой арамдығы бар.
141. Өзіне-өзі проблема, барлық проблемасы өзі ғана болған сорлы еркек, сорлы әйел, сорлы билеушілер бар.
142. Жаңа заман сенің керауыздығыңа пысықрмайды да, бақай қулығыңа сүрінбейді.

Шығармалары. Бірінші том

143. Ел айдаса, кәрі жігердің өзі қайнайды.

144. Төлбасы атанудың жауапкершілігі ылғи ізденуді, жаңа күштің алды-артын ылғи шолып отыруды керек етеді.

145. Жаңа заман тас іргесін қалап алып, енді қат-қабат биіктеп барады.

146. Жаңа дегеннің ішінде ескіден де ескірегі, ескі дегеннің ішінде жаңадан да жаңарағы болады.

147. Кейде жетілдім-болдым деген адамның сырт жылтырағына тырнағың тиіп кетсе болғаны, мысы шыға келеді.

148. Шала білім, шалағай мәдениет бір құлатпай қоймайды.

149. Сайланарда бермейтін уәделері жоқ. Сайланып алған соң аспанда құдай барын, ел-жұрт алдында абырой-ұят барын ұмытып кетеді.

150. Үш жүз деп аталатын қазақ халқында мынадай жігі айырылмайтын тұтастықтары бар: тілі, әні, күйі, аспаптары.

151. Адам баласындағы гармония – теңбе-теңдіктен емес, келісім-жарасымдылығынан.

152. Есту бар, білу бар, түсіну бар, қорыту бар!

153. Кейде жеңгенің – өкініш...

154. Ақын бойын да жасыра алмайды, ойын да жасыра алмайды.

155. Тіл жеткізбесті ән жеткізері де бар.

156. Қазақтың өсек-аяңынан асқан тамұқ жоқ.

157. Өткен күннің өкілі болып қалудың қасіретін сезбейтін де бір адам болады, ә...

158. Тұл өмірді турап таста!

159. Шыбын өлтіруге сонша күш жұмсап керегі не?!

160. Басқаруға қамшы басқан елде ішкі жегі құрт бар дей беріңіз. Көбінесе, сол жұтаудың себепкері басқарушы басшылардың өздері болып шығады. Бұл кездегі басты ауру – өз халқына өзі сенбеу, екінші жағынан – өз халқының момындығына, енжарлығына сүйеніп, үнемі өтірік айту. Осы екеуі, қисыны келіп тұрмаса да, – сондай басшылардың бірінші құралы.

161. Құрмет құрметті адамға ғана жарасады.

162. Адал болғың келсе, жолын таппай жүрген жок шығарсың...

163. Адамға кезінде көрсетілмеген жақсылық та зиян.

164. Ойға сепкенің өспей қалмайды.

165. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі.

166. Тілден биік асқар жоқ,

Тілден асқан теңіз жоқ,

Тілден асқан байлық жоқ.

167. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

168. Тіл сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеудің біріне көңіл аудармау – үлкен қылмыс.

169. Этика, эстетика дегендердің тым нәзік сырларын әр халық өз тілінде ғана еркін түсінсе керек.

170. Тіл диалектикасы жасаған сайын жасара беруінде.

171. Дүниеде әйелдің көзінен артық қызықтыра алатын, әйелдің көзінен артық сиқырлап тартып кете алатын күш жоқ қой деймін. Байлық, бақ, мансап, тіпті қоғамдық дәреже дегендердің бірде-бірінде ондай күш жоқ. Бәрі бірге қосақталып келіп мойныма асыла кетсе, мен бәрін сілкіп тастап, оқтай қадалған әйел көзіне қарай жүре берер едім.

172. Қазақ әйелін “жан жолдасым” дейді. Бұл үлкен сөз ғой. Жаны мен жаны үндес, ойы, арманы үйлес, егіз адамбыз дегені ғой.

173. Қазақтың білетіні аз емес, істей білетіні аз.

174. Әділет жетіспейді, әділет! Бұл тапшылық жер бетінен қашан арылар екен.

175. Еліңе опасыздық – туған анаңа опасыздық.

176. Өзгенікіне қызықсаң, өз қолыңмен жасап ал!

177. Тым жайлы, тым рақатты өмірдің зияны да аз болмаса керек.

178. Еңбек пен талантты қарсы қойып сорлап жүрміз.

179. Талапты талант деп сорлап жүрміз.

180. Бір қазақ ең кемі екі ақыл айтып кетеді. Өз қара басы сол екі ақылдың біреуін орындап жүрген болса, әлдеқашан адам болып кетер еді.

181. Кейбір үйлер бір кездегі үмітіңнің моласындай көрінеді.

182. Қолдан жасалған “талант” – біреудің паспортымен жүрген ұры.

183. Талант туады, өлмейді.

184. Кейбір ғалымдардың бастары толы ми, миы толы ақыл. Өттең, сол ақылды айта алар тіл жоқ.

185. Білу мен істей білу – екі мәселе.

186. Сыртпен алысарда сенімен қосыла алмаймын, сенімен алысарда сыртпен қосыла алмаймын.
187. Әйелдің ақылы – көркінде, еркектің көркі – ақылында.
188. Жаны аласаны үлкейткенмен, ол өспейді.
189. Кір жуып жатқан әйелді Ремарк сонша айқын көрсеткендіктен, мұрныма жуып жатқан кірдің иісі келді.
190. Не бастай алмаған, не қостай алмаған жандайшап бос кикудан – өзі түсінгенше қасарып отырған жан көп артық.
191. Әйел асқақтаса – жылайды, еркек асқақтаса – құлайды.
192. Жазылғанның, тіпті, басылғанның, бәрі әдебиет емес.
193. Жазушыға үш кеңес:
1. Қызыға жаз, қыза жаз, қыздыра жаз, қызықтыра жаз;
 2. Ойланып жаз, ойлы жаз, ой сала жаз, ойландыра жаз;
 3. Ызамен жаз, кекпен жаз, кектендіре жаз. Осы үшеуінсіз шығармаға жан кірмейді.
194. Әйелдің естілігі жеңсе, сұлулығы да арта түседі.
195. Байлыққа қосар үлесің болмаса, байлықтан алар үлесің де жоқ.
196. Талапсыз үміт – бос үміт.
197. Адамға ақша әбден байығанда көбірек керек болады.
198. Нағыз талант жалғыз қалса да, оны елінің ең ұлы қазынасы (ән, күй, жыр, өлең) өлтірмейді: Құрманғазы (күй), Біржан (ән), Абай (өлең).
199. Асып-саспау – тасып-төгілмеу кепілі.
200. Өзіңді-өзің өз бойыңнан биікпін деп ойламау да – биіктік.
201. Кекшіл адам өз ызақорлығынан қылғынып жүреді.
202. Адам мінезінде толып жатқан қалтарыстар, бұрылыстар, өкініштер, ауру-сауығулар бар.
203. Адам аштан да өледі, астан да өледі.
204. Қызғаныш, күншілдік, өсек-аяң, баққұмарлық – бәрінің түп-тамыры талантсыздықта, болымсыздықта, рух бейшаралығында.
205. Бізде кезегі келіп қалған үлкен бір іске қолдаса, қанаттаса, жігер қоса кірісу жоқ. Тап осындай тұста кейбіреудің өз ойына да бір ұлы іс келе қалғандай, қоғам ісіне іріткі сала сөйлейді.
206. Жаңбырға орман жапырағын тосады, боранға – жоньын тосады.
207. Шексіз билік дегеннің өзі – үлкен кінәрат.
208. Жақсылыққа жаршы болу – жамандыққа қарсы болу.
209. Бейнелеу – әлденені көз алдына әкелу: дәл сөз, бояулы сөз, үнді, сазды сөз.

210. Жаман тіл – мәдениетсіздіктің белгісі, елмен байланыс үзілуі.

211. Адам мінезін де сындырып жіберіп, қайта түзету керек. Сылап-сипау содан кейін болсын.

212. Әрбір сөздің қыры бар, тұрағы бар, жотасы бар, тұрқы бар болуы керек.

213. Біреуді біреу жамандағанда өзі білетін, өзі талай істеп көрген жамандықты жапсыра жамандайды. Мақтағанда да солай.

214. Өкінер кезін біле алмаған өлер кезін қайдан білсін.

215. Ант сөзі: үлкен кішінің мойнына мінбесін!

216. Адам ұят, ар, мейірім, әділдік, алдамау деген қасиеттерінен айырыла бастағалы екінші ғасыр. Оның орнына жауыздық, ашқарақтық, озбырлық, опасыздық, кісі өлтіру сияқты көне қалыптағы тағылық жаңа өнерлі түрін тауып, өрлеп барады.

217. Қарны тоқтың қамқорлығы – қайырымдылықтан, ақ көңілділіктен, мейірімділіктен емес, қалтаның қамы, мансаптың торы.

218. Әйел шынымен жылап алса, ажарланып кетеді.

219. Көбіктің көлеңкесіндей ғана елес беретін ойлар болады.

220. Ескірмес жаңалық та жоқ, жаңармас ескілік те болмайды.

221. Қазақ өмірі белгілі бір сарынмен эп-әдемі келе жатып, тоқтала қалғаны байқалады. Ырғағы бұзылған, әуені өзгерген.

222. Біз әлі кемеліне келіп, бар айтарын айтып болған ел емеспіз. (Айтамыз әлі!)

223. Баяғыны көксей берген елде бүгінгі өмірге үйлесе алмаушылық болады. Баяғының құрметтісін құрметтей білмеген елде болашақ жоқ. Көксеу мен құрмет – екі текті түсінік.

224. Қазақ қызы ұзатылғанша негізінде екі-ақ түрлі жұмыс істейді: көлден су әкеледі, шай құяды. Жұмыстың басқа түріне қайын ененің қолында жаттығады.

225. Қазақтың жершілдік жіктеулері – ең бір үлкен апаты.

226. Сезім ойдан бұрын туады, әрине. Біз елдің сезімін беру орнына ойын терең береміз деп бүлдіріп алып жүрмейік. Әдебиеттің өзі де сезімнің саласымен келуі керек қой.

227. Ақыл мен мінез – екі нәрсе, жұрт екеуінің қайсысын артық бағалайтыны уақытына қарай.

228. Ең ауыр майдан – надандықпен күресу майданы: әрі ұзақ, әрі ызасы көп.

229. Маған “Ақ Баян” (Көрпештен) жаназа күйім болса, басқаны тілемес едім.

230. Алла мен ақ патшаның тұқымдас еместігін түсінуге де ғасыр керек болды.
231. Кейде руды адам бастап кетеді, кейде ру адамды ертіп кетеді.
232. Жалғыз шам түнді тұтас жарыққа айналдыра алмайды.
233. Адам бірін-бірі құрметтеуді қашан үйренер екен.
234. Шығарма сыншылар үшін жазылмайды.
235. Ремарктің жаңбырды жазғанын оқып отырғанда, Алматының май айындағы ашық күні жаңбыр жауып тұрғандай сезіліп кетеді.
236. Тургеневтің жаратылыс суреттерін оқығанда, өзің сол жерде отырғандайсың: екі кішкене тастың арасынан жылап аққан суды көресің.
237. Мақтана бергеннің ар жағы аңыраған айдала болуы керек.
238. Қоғам тіршілігінде қапы кету, қателесу болады. Бірақ тіршілік өз ұпайын ұмытпайды, кейін толтырып алады. Әдебиетте де солай.
239. Менің Джакондам – Ұлпан!
240. Жүзге бөлгеннің жүзі күйсін!
241. Әр ел өз ерлігін көтере айтқанда, жеңген жауының осал еместігін қоса айтады.
242. Тек ірілік қана аңызға айналады.
243. Үлкен өнердің үлкен, таза мінезі болуға керек.
244. Ұрлық-қарлық, зұлымдық-зорлық, қиянат сияқты қылмыстар өше берудің орнына өсе берсе, сол қылмыстардың бәрі де басқарушылардың өз бастарында болғаны.
245. Заманауи нышан: кім бағынышты болса – сол кінәлі.
246. Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде, ұлт та ұлы бола алмайды.
247. Сөзді қалай болса солай пайдалана берсең, сөздің де жүзі мұқалып, ұшы майырылады, айтайын дегенің құлаққа конбайды.
248. Жан сүйсінтер бірлік болмаған жерде саналы тірлік те жоқ.
249. Кейде мысың алтынға баланып, қыраның қарғаға теңеліп жатады.
250. Байға – мал қымбат, кедейге – жан қымбат.
251. Асыл сөз – атқан оқтай: жай кетпейді.
252. Еліміздің ұйтқысы – әдет-ғұрпымыз.
253. Ресей топырағында біздің демократияның тұқымы өне қоймас.

254. Қай жерде болсын халықтың мұң-мұқтажына құлақ аспаған адам азамат емес: ол – халқының бірінші жауы.
255. Ұлы ақындар жәбір-жапа, қорлыққа толы қиянат жылдар мен замандарда бір айқай салмай қалған емес.
256. Кедейге жеркепесінің төбесіне шығып тұруы да үлкен мақтаныш.
257. Сырттан қанша балағаттасаң да, кездесіп қалғанда мысы баса беретін бір адамдар болады.
258. Тіл салақ сөйлегеннен бұзылады.
259. Тойған қарын ойға бөгет.
260. Қазақ әйелі аз ғана жәрдем бергенді ұмытпайды, тезірек еселеп қайыруға тырысады.
261. Мен қазақтың қазақ болғанына жетерлік ештеңе бар деп ойламаймын.
262. Адамның парыз-қарызы сыйлаумен өтеледі.
263. Байлықты малдан емес, адамнан іздеген жөн болмақ.
264. Соңғы алты ғасыр бойы нәсілі жат елден шыққан хандар билеп келген ел қайдан оңсын.
265. Қазақ кейбір тіршілік заңдарын афоризмдер түрінде жазып, есте қалдырған.
266. Ойланбай істеген қызмет өкініш тудырады.
267. Жер-суына билігі жоқ елде не билік болады.
268. Мен өз елімде, өз жерімде басы артық, керегі жоқ жандаймын: жалғызсырау деген – ауыр күйзеліс.
269. Құр «Абылайлап!» дау аса алмайсың.
270. Қалғып жатқан толқын еді, дауыл тербеп оятты.
271. Мінез: түнеруі – бар, жауары – жоқ.
272. Әйел қырыққа келгенше өңін бермесе – қасиет,
Еркек қырыққа келгенше есі кірмесе – қасірет.
273. «Жантекеңнің қапқаны» – осы шығар қапқаны!
274. Айтқың келген ойың мен айтқан ойыңның арасында айырма бар. Айтқың келген ойың мен қалай айтқаның арасында да айырма бар.
275. Қазақ елі – әлі дала табиғатымен өзін тұтас сезінетін ел.
276. Өз туыстарыңды жақсы көру мен халықты, одан әрі адамзатты жақсы көрудің арасы – жер мен көктей екі айырым жол: біреуі көлбақаны көл жағасынан әрі жібермейді, біреуі – бері болғанда дарияға, әрісін айтсақ мұхитқа апарды.

Шығармалары. Бірінші том

277. Дәл сөз, теңеу-бейнелеуі нысанана аумай тиетін сөз – көркем сөз дегенің сол!
278. Адамға – адам, сөзге – сөз жарығын да, көлеңкесін де түсіріп тұрады.
279. Қорқақтық, ездiк, аяншақтық, көнбiстiк – құлдықтың ең жаман түрi.
280. Бізде жекелік көп, енжарлық көп, бейжайлық көп – әрқайсымыз бір-бір төбеміз. Бірдің айтқан дұрыс пікірін қолдап, қоғамдық ой-пікір туғызу жоқ.
281. Жұртқа жұмыс істеуді үйретуден гөрі, жұмыс істеуіне бөгет жасамауды үйрену керек.
282. Әр кезде қоғам тіршілігі өнімсіздікке ұшырап, іштей жұтай бастағанда заман ауанына қарай не дінге, не саясатқа қамшы басады.
283. Басқару сынайы жайдан-жай қатая-қаталдана бастаса – басқарушының санаулы күні қалғаны. Бұл – бір. Екінші – сол басқарудың өзі ширай бастағаны: өзгеріс керек.
284. Қазақтың бір оқыс мінезі: эмоция үстінде келіп қалған байламға тоқтайды.
285. Жұмақты да, тамұқты да адам өзіне-өзі жасап алады.
286. Үлкен бақытсыздықты, үлкен апатты көтеруден гөрі, ұсақ жәбір, көпе-көрнеу әділетсіздікті көтеру қиын.
287. Өзгеге өтетпес борыштар бар. Өзің өтемесең, өтелмес борыштар бар. Осында ғой мәселе...
288. Қазақтың қайғы-қуанышында бұрқан-тарқандық жоқ, байсалды салмақтылық бар. Қайғысы ұзаққа созылады, қуанышы тез басылады.
289. Бір-ақ партия билеген ел көп ұзамай диктатураға ұшырамақ.
290. Бес партия бес жаққа тартса (“Аққу, шортан, шаян”), бір партия бір-ақ жолға сүйресе – мұның екеуі де дұрыс болмау керек сияқты.
291. Проза – жай қара сөз емес, өз ырғағы бар, екпін лебі бар, өз ритмі бар, негізгі ойыңды теңеу, бейнелеу арқылы оқушының сезіміне дөп тигізетін көркем сөз.
292. Махаббат, достық, бауырмалдық – адамның ең бір асыл қасиеттері.
293. Үрей мен үміттің арасында ұстау – Шыңғыс пен Темірден қалған мұра.
294. Жорға да сүрінеді, жүйрік те сүрінеді. Сүрінбейін десең, аяғыңды астыңа басып отыр.

295. Құс жоғары ұшқанымен ойы жоғары емес, әрине.
296. Заман деген – ұзақ сұрыпталатын кезең.
297. Өліктердің ішінде тіріден де тірісі болады. Тірілердің ішінде өліден гөрі өлісі де болады.
298. Тағы бір заман келер-ау,
Бұзылғанын ненің көрер-ау.
Келісімсіз дүниенің,
Дүние емесін білер-ау.
Қорлық пенен зорлықты,
Теңсіздік пен құлдықты,
Терең қазып көмер-ау....
299. Шындық тәңірі шыңырау түбінде жатса, атақ тәңірісі аспанда тұрады.
300. Бақыт деген – еркіндік.
301. Адам арманы көкжиек сияқты: жақындаған сайын алыстай бермек.
302. Менің кеудемде өлім алдындағы зор мақтаныш бар. Ол – табиғаттың маған тартқан ғажайып сыйы махаббат сезімі. Ол менімен бірге.
303. Менің білерім: қай жазушының болсын соңғы сөзі айтылмай кетеді.
304. Жоқ! Жоқ! Армансыз өткен жазушы болмақ емес!
305. Өкшелес буын, ойыңа...ойыңа қараймын. Биік ұшсаң – қуаныш, төмен ұшсаң – өзің өкінерсің. Мен де қуанып көрген, өкініп көрген ағаңмын. Қызығып та қоямын, қынжылып та қоямын. Өзім ұшып жете алмаған биікті сендерге тілеймін!

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

АЗАМАТ ЖОЛЫ – АР ЖОЛЫ

1. Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі.
2. Опасыздық – ойсыздық.
3. Қуыс кеуде болғаннан артық қорқыныш та, қорлық та жоқ.
4. Бақаның бағынан сұңқардың соры артық.
5. Намысты нанға сатпа.

6. Қарабет болып қашқанша, қайрат көрсетіп өлген артық.
7. Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.
8. Именіп жүріп көрген игіліктен – қарсыласып жүріп көрген бейнет артық.
9. Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық.
10. Мен де адаммын жаралған сүйек-еттен,
Менде ар бар, менде ой бар жан тебіrentкен.
Халқымның қарапайым бір ұлымын,
Жанымды арым үшін құрбан еткен.
11. Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.
12. Ешкім іштен батыр болып тұмайды: батырлық та, мінез секілді – өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.
13. Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс.
Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады.
Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап ала алмайды.
14. Ата-ана қадірін біле алмаған – халық қадірін біле алмас,
Халық қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас.
15. Отбасының өнегесі – Отан өнегесі.
16. Дүниеде баланың у-шуына жетер не бар?!
Одан асқан сазды әуен ойлап табу мүмкін емес.
17. Тіл – ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі.
18. Тіл – елдің елдігінің, оның ғылымы мен мәдениетінің, өнеркәсібінің, қоғамдық құрылысының, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, ұлттық мұрасының қай дәрежеде екенін білдіріп тұратын көрсеткіш.
19. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту.
20. Ана тілімізге мән бермеушілік, оны құрметтемеу – шынайы патриоттар тәрбиелеу жұмысына үлкен зиян.
21. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көрші халықтардың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалмағанына, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігіне мың жылдық көне тарих куә.
22. Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл.

23. Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуіне не шала білуіне, ең алдымен, ата-аналары кінәлі.

24. Жақсы сөз жанға жақын, құлаққа жағымды, ойға қонымды келеді.

25. Сөз жылата да, жұбата да алады.

26. Тіл тазалығы үшін күрес – ешқашан толастамайтын мәңгілік күрес.

27. Тілекке – еңбек тірек.

28. Терлеп еңбек етерсің, тілегіңе жетерсің.

29. Ойға омалып, қыр аса алмайсың.

30. Жұмысқа жарағанға кәрі деп қарамаңдар.

31. Ой шешпейтін дау жоқ, күлкі жеңбейтін жау жоқ.

32. Барлық халық, барлық ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті.

33. Әрбір адам баласы өз ұлтын сүюге тиіс: өз ұлтына деген терең сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды терең тану, құрметтеу мен сүю биігіне көтеріледі.

34. Халықтық дәстүр – асыл мұра.

35. Халықтық тәжірибе – бүгінге ғана емес, ертеңге де керек қазына.

36. Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің құлы.

37. Көп тұрған су сасиды, ойламаған ми ашиды.

38. Екі сөзді болып елендеп жүргеннен, бір сөзді болып мерт кеткен дұрыс.

39. Бір жаралыға жәрдем көрсетіп, оны аман сақтап қалған жауынгер – ұл тапқан анадан артық.

40. Қайратыңа әдісіңді жолдас ет, әдісіңе ақылыңды жолдас ет.

41. Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген ел құл болмайды.

42. Жиырма жас – ерлік жасар жас.

43. Қайрат етер кезінде – жүк көтерер нардай бол,
Ақыл айтар кезінде – жүз жасаған шалдай бол.

44. Ылғи алтын іздеме – шоқтың бәрі от болмас.

Сұлу сөзге құл болма – зерлі ой онда көп болмас.

45. Күншілдік өзгенің мықтылығы мен өзіңнің әлсіздігіңді мойындаудан туған құбылыс.

46. Жауды аяған жаралы.

47. Сабырлыдан дұшпан сасады, сабырсыздан береке қашады.

Шығармалары. Бірінші том

48. Сезімге – ақыл мен ерік аға.

49. Ерлік тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады.

50. Өршіл рухтан өлмес ерлік туады.

51. Ер істеді дегенше, ел істеді десеңші.

52. Мен істедім дегенше, мың істеді десеңші.

53. Белдескеннің белін сындыр, тірескеннің тізесін бүктір.

54. Үміт өрге тартады, үмітсіздік көрге тартады.

55. Қолына қалам ұстаған әр азамат өз ана тілінің бай қорын игерумен бірге, басқа, әсіресе, көрші ұлттар тілдерінің де асыл қазынасынан еркін сусындағаны, оны кәдеге жарата білгені абзал.

56. Адамның характерінен оның жан дүниесінің лебі аңқып тұрады.

57. Ис-әрекетке себеп түрткі.

58. Азамат жолы – ар жолы.

59. Отан үшін отқа түс, күймейсің.

60. «Жұртым» деп – жұмылып, «елім» деп – езіліп қызмет ет.

61. Әдіссіздік – әлсіздік.

62. Үлкенді – ізетке, кішіні – күзетке.

63. Ептілік те – ерлік.

64. Қолбасшы болсаң сондай бол – жосылып жатқан жолдай бол.

65. Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет етуден тайсалма!

66. Сын ерді шындайды, қорқақты қинайды.

67. Мейірім болмаса, сүйе де алмайсың.

68. Мәжбүр етпей, мойын ұсынбас.

69. Бұйрық – алғыр басшының ой-арманы.

70. Алғырлық ойдың ішкі мазмұнын нұрландырып тұрады.

71. Қанатты сөздің қарапайым сөзден айырмасын сергек құлақ, алғыр ой ажыратады.

72. Шошқа бағушы арғымақты тұрқына қарап ажырата алмайды.

73. Ақылгөйлік кейде өнегесіздікке тірейді.

74. Тәртіп кейде тәртіпсіздік те тудырады.

75. Әсіре адалдық жалғандықпен пара-пар.

76. Тер төккенше тыраштану – жалқаулықпен, тым ерекше құштарлық – бейжайлықпен бірдей.

77. Солдаттың ерлігін ұрлау – адам бейнесіндегі хайуанның ең сорақы қылмысы.

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ

АДАМ АЙНАСЫ – АДАМ

1. Сенім – құдіретті күш: тауды да қозғайды.
2. Абыройдан ақ отау тіктім деген кісінің де пенделігі аз болмайды.
3. Хан келеді, кетеді, халық қалады. Халық қалса, тақ қалады.
4. Табы бірдің, тағдыры бірдің тәңірісі де ортақ.
5. Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті.
6. Көз өзіне сенеді, құлақ өзгенің сөзіне сенеді.
7. Заманы бірдің – талабы бір.
8. Жақсы адам – ел ырысы.
9. Атқа мінген әкімнің үзеңгісін тең баспағанын бетіне бассан бас, бірақ тарихқа, тағдырлас халыққа қиянат жасама.
10. Өмірдің екі тірегі бар: олар – үйренуден жалықпау мен үйретуден аянбау.
 11. Бос қиялдан гөрі, еңбегіңе сен. Тәуекелдің төресі сол!
 12. Елді ерте білген ер мықты емес, ерді пана тұтып, сенім артқан ел мықты.
 13. Анаң да – елің, панаң да – елің.
 14. Өткенді өгейсіретпеген жөн. Жақсысын да, жаманын да ұмытпау керек.
 15. Көптің мінезі – сәуірдің бұлтындай.
 16. Өрге көтерілгенше, еңістің қадірін білмейсің.
 17. Ережеден өнеге артық.
 18. Тату үйге тақсірет жоламайды.
 19. Күйігін жасырғанның көңілі жұбанбайды.
 20. Әр кездің өз әні бар, оған орындаушы кінәлі емес.
 21. Қиянаттан асқан қылмыс жоқ.
 22. Иман жиямын десең, пиғылыңды таза ұста.
 23. Қуана білу де, қуанта білу де бақыт.
 24. Адам аласынан сөз аласы жаман.
 25. Халық тәжірибесі – барша білімнің қайнар көзі.
 26. Өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма.
 27. Өмір ақ пен қараның, қайғы мен қуаныштың, сүйініш пен күйініштің текетіресуімен қызық, қақтығысуымен мәнді.
 28. Биік мансапты жігіттің жігіті ғана көтереді.
Баққа да бап керек, тәуба керек.

Шығармалары. Бірінші том

29. «Қолы ұзынның қоразы жұмыртқалайды» деген бар.
30. Басыңнан бақ ауса, алпыс күн тасыған дарияң алты күнге жетпей суалар.
31. Жалғанда жалғыздық жаман.
32. Жалпақтағанның бәрі жанашыр емес.
33. Қара халықтан асып, қадіріңе жетер кім бар?!
34. Бірдің емес, елдің сөзін сөйлер артық туған ақындары бар елден бақытты ел жоқ.
35. Қазақ ауыр істен емес, ауыр сөзден қорқады.
36. Ине ұстаған ісмерден бастап, үй қалаған құрылысшыға дейін қойылатын бір-ақ талап бар: ол – жауапкершілік.
37. Елдің ықыласынан асқан сый жоқ.
38. Арнасынан аумайтын өзен болмайды.
39. Қара басының қамын күйттеген басқаның бақытты болғанын қаламайды.
40. Қайыры жоқтың қадірі жоқ.
41. Өмір деген қызық. Тағдырың қыл үстінде тұрып та, ертеңге үмітпен қарайсың.
42. Қиындықсыз іс тынбайды. Оған тек ердің ері ерлікпен төтеп береді.
43. Өртті сөндіруден гөрі, оны тұтатпау – үлкен ерлік.
44. Жер – ана! Орынды айтылған теңеу. Оған алаған қол емес, аялы алақан керек.
45. Тұрмысы түзелген кісінің көңілі жай, еңбекке құлшынысы бөлек болады.
46. Шық жуытпау – шын жанашырлық емес.
47. Қаныңда жоқ қасиетке бой алдырмағаның ләзім.
48. Уақыттан да құдіретті күш бар: ол – адамдардың жасампаз еңбегі!
49. Өмір бар жерде, халық ғұмыр кешкен елде өнер өлмейді.
50. Алданғаннан малданған жаман.
51. Қателіктен тірі пенде құтылмайды.
52. Көрмей, білмей жазған кісі ақ сөйлеп, әділін айта алмайды.
53. Адам айнасы – адам.
54. Жанды жаралау оңай, жан жарасын жазу қиын.
55. Үміттің аяқасты болғанынан асқан қорлық жоқ.
56. Алыпқашпа сөзде ауыздық болмайды.
57. Қисық ағаштың көлеңкесі де қисық.

58. Қиыншылық – қиюы келмес іс емес.
59. Адам үшін жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру.
60. Биікке көтеріліп көрдім... Бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым!

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЙ

АҚИҚАТТЫ ТЕК АҚЫЛДЫ КӨЗДЕРМЕН ҒАНА КӨРУГЕ БОЛАДЫ

1. Дүниенің қорлығы – дүмшелердің зорлығы.
2. Шәкіртке ұстаз болу – ірілік, ұстазға ұстаз болу – ұлылық.
3. Шаш ағарғанша шәкірт болу – шам нәрсе.
4. Біреу үйіндегі глобусын жоғалтса, аңырап, ауылына ұйқы бермейді, біреулер ортақ үйіміз – жер шарының бір бұрышы өртеніп жатса да, селт етпейді.
5. Түренді тот басса, тоқшылық күтпе.
6. Жаңғырығы жоқ сөздің жақсылығы шамалы.
7. Ескерткіш тозса да, естелік тозбайды.
8. Сөздің де шоқтайы бар, мұздайы бар – алсаң сол қызулысын, қыздайын ал.
9. Кемеңгер қарапайымдылық.
10. Арыз жазғанша, аруз жаз.
11. Ақиқатты тек ақылды көздермен ғана көруге болады.
12. Жүзіктің өзінен де көзі қымбат,
Ақынның сыйлығынан сөзі қымбат.
13. Қандастықтан жолдастықты жоғары қоюды қашан үйренер екенбіз?!
14. Масқарадан ажал да ақтап ала алмайды.
15. Ол – күйеуге өтпеген қыздай, жүрекке жетпеген сөздей жексұрын жігіт.
16. Ел зердесіне көшкен елеулі сөз.
17. Өз жазғанының өнерсізін өшіре алмаған, өнерімен оқырманын өсіре алмас.
18. Түйірдей болса да, түйінді ойың болсын.
19. Кемел аударма – түпнұсканың өлі көшірмесі емес, екінші тілдегі көркеми өмірлесі.
20. Мен өзім жазған сөзге ғана қол қоюшы едім.

21. Пендеәуи ғана емес, әдеби шолжындықтар да болады.
22. Көршілестерім – рухани еншілестерім.
23. Табаны бар да, бүрі жоқ, зіркілі бар да, зілі жоқ.
24. Сараңның сәбізі сарайдың түкпірінде жатады.
25. Су татиды сөлінен айырылған сөз,
Қуат болып жарытпас қайғырған сөз.
26. Тауысқанша ішкен, ақылы ауысқанша ішер.
27. Он күндік істі бір күнге сыйғызу – зорлық,
Бір күндік істі он күнге созу – қорлық.
28. Ақынның тында босқанын айтпа, жырға қосқанын айт.
29. Бұрын сөйлеген емес, мығым сөйлеген ұтады.
30. Көркем сөзге көрсоқыр көртышқан емес, көреген қыран керек.
31. Түн жарып туатын ай да бар, түн жарымда туатын ой да бар.
32. Өнер тағына рұқсатсыз отырар болар.
33. Айта білген тыңдай да білсе – ғанибет,
Сүйе білген жырлай да білсе – ғанибет,
Қолдай білген қорғай да білсе – ғанибет,
Сый көргендер сыйлай да білсе – ғанибет.
34. Биліктің сөзінен біліктің сөзі өтімді.
35. «Осыны мен неге жазбадым екен» дегізген жыр ұзақ жасайды.
36. Сағыныштан да сарқыт қалғаны жақсы.
37. Бастағандарға қостағандар бауыр.
38. Кеңістік пен уақытты, жеңген қандай бақытты.
Заман соған соғады, даңқ деген тақытты.
39. Атқа мінбеген таққа мінбейді.
40. Дөкір сөз болса да – дөп, жай сөз болса да – оқ.
41. Туғаншыл редактордан турашыл редактор жақсы.
42. Бір редактор бар – басылымның құты, бір редактор бар –
басылымның жұты.
43. Редакторлардың да қаукөкірегі, тайызы, тартымсызы,
өзімшілі болатынын жас талапкерлердің біліп жүргені жөн.
44. Ауылына тартпақтамай, бауырына жалтақтамай тура пікір
айтқанға не жетсін.
45. Көптен қалмау – көкке самғау емес. Әсіресе, өнерде.
46. Талант – табиғаттан, талап – өзіңнен.
47. Арақ – жаманның атаукересі.
48. Әркім өз ескерткішін өзінің көзі тірісінде өз қолымен қалайды.
49. Ақын таразысы – әділ таразы.
50. Жұмулы көз – жүйрік ойдың алаңы.

51. Шілді ұрлаған пілді де ұрлайды. Мұндайлар әдебиетте де кездесіп қалады.
52. Сырттан өсек айту мен кесек ату әлсіздіктің белгісі.
53. Далбасалап мақтау да, дәлелсіз дағтау да әдебиет егісіндегі арамшөп.
54. Әдебиеттегі орнына қарап емес, қызметтегі лауазымына қарап жөнсіз мақтай беретін пәтуасыз, парасатсыз біреулер бар.
55. Мықтының мұны да мылқау.
56. Сөз суреттелген затқа сай болса – шеберлік деген, міне, осы!
57. Балалар әдебиетінде тек таланттылар мен табандылар ғана тұрақтайды.
58. Өзі өтімді болғанымен сөзі өтімсіз авторлардан гөрі, өзі өтімсіз болғанымен сөзі өтімді авторлар артық.
59. Арманның көшесі жоқ атқан октай,
Шақырар қараңғыда жаққан оттай.
Қиялап, бұралаңдап қия бетте,
Қалбаңдап зырылдайсың қаққан доптай.
60. Әр Төлегеннің өз Жібегі бар.
61. Жан берген тәңірі нәр де берер.
62. Орны-орнына кімді қоймас бұл уақыт!
63. Ұста сөз – ұстаз.
64. Жер күтпеген ерден түніл, ер күтпеген елден түніл.
65. Аздың азаншысы болғанша, көптің қазаншысы бол.
66. Ынтымақ елдікке жеткізер, елдік ерлікке жеткізер.
67. Жемқорлық – індет, аластау – міндет.
68. Қосылғанның қолы ұзын.
69. Таяқтап сайда жүргенше, таякталып қырда жүр.
70. Жан – тәтті, тағдыр – қатты.
71. Шыншыл қалам шымыр жазады.
72. Жәннатта да жендеттер табылар.
73. Маймылдан батыр шықса шығар, бірақ ақын шықпас.
74. Көзбен айтқанды сөзбен айтқаннан асқан қиын жоқ.
75. Өз орнын таппаған ірілік қушиған күйкілікке айналады.
76. Елге пайдасы жоқ елгезектік.
77. Аударма – әрі ғылым, әрі өнер. Әркімнің қолы бата бермей-тіні содан.
78. Жақсы жырға қарттық жоқ.
79. Жалқау болсаң – азасың, еңбек етсең – озасың.

80. Жан қимақ бар, жар қимақ жоқ.
81. Жығылсаң, жайлы жастық жастана жығыл.
82. Тоқтының да тентегі бар.
83. Отасқан да бар, от басқан да бар.
84. Жырды жүрекпен оқығанда ғана түсінесің.
85. Күлкі – көңіл көктемі.
86. Адалдардың аузы салымды бола бермейді.
87. Жақсының бәрі – жан туыс, жаманның жаны – тар қуыс.
88. Адамдар тілінен бұрын ділімен ұғысады.
89. Ұстаз ұқтыра алмағанды өмір ұқтырады.
90. Көзбен оқитын сөз бар.
91. Өшіргіш өзгені де өшіреді, өзі де өшеді.
92. Өтіріктің арбасы шындықтың көпірінен өте алмайды.
93. Естілер еңкейген сайын еңселене түседі.
94. Іздегенге інжу ілінер.
95. Көркемдік көз суарады.
96. Дәлдік – дарындылықтың дәлелі.
97. Мақал-мәтел – маржан сөз, қоса көрме арзан сөз.
98. Ебі жоқ дәрігердің емі жоқ.
99. Қаныштық өлшем – ғарыштық өлшем.
100. Талайсыз тұлпар тағасымен тайғанар.
101. Кішілікке жараған кісілікке де жарар.
102. Ерден ердің артықтығы – ірілігі,
Елден елдің артықтығы – бірлігі.
103. Ұлтын білгің келсе, ғұрпын біл.
104. Тозған сөзде тозаң көп.
105. Жан шыдағанға тән шыдамайды.
106. Бас иілмесе, тізе бүгілмейді.

ШЕРХАН МҰРТАЗА

РУХ АЗСА – НАМЫС ТОЗАДЫ

1. Дарынды дарын таниды.
2. Ақиқат адал айтыстан туады.
3. Әр адам бір-бір жұмбақ.
4. Шындықты ақтарыла айту – қиынның қиыны.

5. Айтса – дуалы ауыз айтсын.
6. Дәруге – зәру.
7. Мәдениеттің мәйегі – кітап.
8. Заң дегеніміз – нөқта.
9. Ауыл кетсе, ұлттың ұйытқысы кетеді.
10. Көркем әдебиет – ауыр артиллерия болса, публицистика – жеңіл кавалерия.
11. Пейілі жаманды құдай табады.
12. Демократия – жүгенсіздік емес, бостандық – жүйесіздік емес.
13. Шын жазушының көзі көкірегінде болады.
14. Елу деген – ердің, ерлік істердің жасы.
15. Орындалған арман – бақыт, орындалмаған арман – күйік.
16. Таланттылар – раушан гүлі сияқты жан-жағына жұпар шашып, көңіл ашады. Тікені, азабы өзіне.
17. Талантсыздар шошқатікен сияқты. Гүлдемейді. Азабы өзгеге. Жамандық – солардан.
18. Шындық – ащы һәм ажарсыз.
19. Рухани азып-тозу өліммен тең.
20. Көлдiң тақырға айналуы оңай, байдың пақырға айналуы оңай.
21. Қалтай айтады: «Өркениетті елдерде – адамның басы мен ісіне қарайды, ал біздің елдерде – адамның шашы мен тісіне қарайды», – деп.
22. Отанды, ұлтты, әдебиетті, оның болашағын сүю үшін көп айкайдың керегі жоқ. Тынымсыз, жанашыр, табанды әрекет керек.
23. Заман түзелгенде ғылымға да, әдебиетке де татымды талап қояды. Сонда көзедей көп академиктердің талайының аты да, заты да ұмытылады.
24. Күйреген рухты қайта көтеру – міне, қазіргі таңдағы басты мақсат осы!
25. Қып-қызыл өтірікті көтере беретін осы дүние ғана. О дүниеде ондай қулық өтпейді.
26. Біздің әкімдеріміздің әрекеті көбінесе «Потемкин қулығына» ұқсап кетеді. Олар басшыларды киыр қонып, шет жайлап жатқан ауылдарға апармайды.
27. Ана тіліміздің мәртебесін көтеру – басқа тілдердің жолын кесіп, бағын байлау емес. «Өзін өлме, өзгені де өлтірме» деген сөз. Зорлықпен тұншықтырылған қазақ тілін тірілту әрекеті. Осы да ұлтшылдық па? Жоқ, әлде әлдекімдердің көңіліне қарап өле беру керек пе?

28. Оңай олжа бермейді.
29. Айтуға – ұят, айтпасаң – қиянат.
30. «Белая зависть» – қайырлы қызғаныш.
31. Бұған мен де қол соғамын, бірақ алақаным қызарғанша емес.
32. Рухы мен намысы сөнген ел – өлген ел.
33. Ұлттығыңды жойып, тіліңді кесіп, аузыңды буа берсе – қорқақ та боласың, бүгежек те, именшек те боласың.
34. Әлі күнге дейін кешегі империя етігінің темір өкшесін аңсайтындар бар.
35. «Желтоқсан» – тек Колбинге ғана қарсылық емес. Бұл – империялық қорлыққа, зорлыққа қарсылық. «Мен – қазақпын!» деп қасқая тұрып айта алмай, тілі байланып, аузы буылған азапқа қарсылық.
36. Өкініш түбі – өрт.
37. Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты.
38. Баласыз адам – бақытсыз адам.
39. Улы араның денесінен тәтті бал тамшылайды.
40. Армансыз қоғам – үміті үзілмеген қоғам.
41. Заңның – азы, орындалуының – көбі ләзім.
42. Ұлтсыздық – отансыздықтың белгісі.
43. «Трижды убивает свою нацию тот, кто игнорирует родной язык». Мұны айтқан – заңғар философ Гегель.
44. «Тәуелді» деген ұғымды тудырған күштілер мен обырлар.
45. Сенім жоғалған өмір – сергелдең өмір.
46. Сақтасаң – қазаққа жау болған қазақтан сақта!
47. Шикі долбар – шикі ойдан туады.
48. Рухани әлемі кең, рухы биік ел – қайсар ел. Ондай елді ешкім жеңе алмайды. Рухы сынған, рухани жүдеген елді жеңу де жеңіл.
49. Әскерге, мылтықтан бұрын, тәртіп пен иман үйрету керек.
50. Тәуелсіздік адам құнымен өлшенеді.
51. Театр көбейсе, түрме азаяды.
52. Күнәнің ең үлкені – жас баланы алдау.
53. Өлгендермен арпалысу да ерлік пе екен...
54. Құдай сорлатқанда, қазір бесік жыры айтылмайды. Ертек айтып берер ата мен әже де берекесіздеу. Бәрі де – кешегі кеңестік жүйенің «жемістері».
55. Қазіргі «жазушымын» деп шіренгендердің көбінің тілінде уыз кемшін. Уызға жарымай, көк базардан көк шалап ішкендер.

56. Тура келген ажалға амал жоқ. Ал тежей тұруға болатын сәтте көпе-көрнеу қол ұшын бермеу – нағыз тасқұдайлық.
57. Алтын бар жерде әзәзіл бар.
58. Қиянатшылды, ғайбатшылды құдай табады.
59. Мойныға қарыз қарғыбауын тағып алғаннан артық ауыр нәрсе жоқ.
60. Тәуелсіздіктің жолы қатты, дәмі тәтті.
61. Жап-жас, балаң мемлекетіміздің тәуелсіздігіне сырттан зеңбірекпен төніп тұрған қауіп, құдайға шүкір, дәл қазір жоқ. Мемлекетімізге, зарығып жеткен тәуелсіздігімізге төніп тұрған орасан қауіп – жемқорлық, паракорлық, ұрлық-қарлық!
62. Асфальтта туып, тас бесікте өскендер қазақтың аса қымбат жәдігерлерін тұншықтырып жатыр.
63. Темекі тартқан әйелді сүйгенің – темекінің күлін салған күлдеуішті сүйгенмен бірдей.
64. Теледидар – құдіретті күш. Ол да баяғы ертектегі дәу пері сияқты: кімнің «сиқырлы сақинасы» бар – соның құлақкесті құлы. «Адамдарды жаппай мәнгүрт ет» десе, мәнгүрт ете салады. «Жаппай иманды ет» десе, иманды ете алады.
65. Ертеңің не болады? Әлі жеткен теледидарды билеп-төстеп, жас өскінді ұлттық қасиеттен жырақ, тілі жұтаң, мінезі жат, санасы саңылаусыз мәнгүрт қылып өсіре бере ме?
66. Заң, ең алдымен, иманды болуы керек.
67. Жаңаның тамыры – көне.
68. Уақыт – елеуіш: кез келген іс-әрекетті, оқиғаны – мән-мағынасына қарай елеп-екшеп отырады.
69. Жер-ананың өкпе-бауыры орман. Шыбық шаншы, тал тік!
70. Астана қазақтың бөлінбес бірлігінің, мәңгілік тұтастығының символы болуы шарт.
71. Қазақ елі жаралы теңбіл барыс сияқты. Ылдидан қарғып шыққан жолы қан сорғалаған ізге толы: 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс 1986 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске жалғасты.
72. Өтірік мақтау – асқа у қосып берумен бірдей.
73. Жау жаманы – жарамсақ.
74. Тарихи кезеңдер қайталанатын сияқты: жоғалғанды табу, шашылғанды жинау міндеті тағы да алдымыздан шығып тұр.
75. Рух азса – намыс тозады.
76. Оптимист болған жақсы, реалист болған одан да жақсы.

77. Онсыз да кірленген дүниені кір басқан дүрбімен қарауға болмайды.

78. Тойымсыздық психологиясы: жемқорлардың жемсауы толмайды, өйткені олар қанағат дегеннің не екенін білмейді.

79. Не деген әділетсіздік: тұлпарды тұсап қояды да, «ал, шап» дейді. Аяғы кісендеулі ат шаба ала ма? Конституция «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» дейді. Рақмет.

80. Мемлекет басшыларынан бастап, жергілікті «әкімбайға» дейін қазақша сөйлемесе, оның несі мемлекеттік тіл?! Басқа-басқа, Конституцияның өтірік айтқаны өлгені ғой. Не болмаса, Конституция қағидасын орындамай отырғандар оңбаған. Екіншісі бірі. Бұл – әділетсіздікке негізделген қоғамның нышаны.

81. Қазақстанды Жаратқан Құдай ерекше тудырып еді. Қойны-қонышы толған байлық. Кешегі империя боданында жүргенінде: «Әттең, өз байлығымыз өзімізге тисе...» деп армандадық. Ендігіміз не тірлік?

82. Тәуелсіздік – жаңа шығып келе жатқан Күн. Елдің емес, жас мемлекеттің емес, өз қарақан басының қамын ойлаған жемқорлар, паракорлар, Қазақстан байлығын талан-таражға салған сатқындар! Жаңа шығып келе жатқан күнді көлегейлеп, бұлтпен бүркемелеп, тұмшаламандар!

83. Қазір кім қорқынышты? Өз ішіміздегі ұлттық нигилистер қорқынышты. Еншісі бөлінбеген қазақты ру-руға таратушылар қорқынышты. Ұлттың несібесін ұрлаушылар қорқынышты. Бір оқ шығармай ұлт санасын улап, иман ұрлаушылар қорқынышты.

84. «Қала! Қала!» дегенмен, қала қазаққа төрін беріп жатқан жоқ. Төрі тұрмақ, босағасынан орын таба алмай жүргендер қаншама.

85. Рас, бұл заманда: «Кіші ұлтқа үлкен қанжар керек» деген Шәміл өсиетінің мәні өзгерген шығар. «Үлкен қанжарларды» біз қолдан бердік... Бірақ сол Ресей, Қытай, АҚШ неге өздері «үлкен қанжарларын» тот бастырмай, қайрап, сақтап отыр? Кім үшін? Не үшін? Әділ ойын емес сияқты... Ракеталарды жойсақ, бәріміз жойайық. Әйтпесе, жас баланың ойыншығын алдап тартып алған үлкен ағайлардың озбырлығы тәрізді.

86. Өзәзілдер нәсілі тумысынан бері қарай зорлықшыл, олардың бар мақсаты – адамды тұқырту, бағындыру, құл ету.

87. Адамды ақылынан, жігерінен ажыратсаң – ар жағы кеуек: түртіп қалсаң, құлай береді. Мұндай тобыр саз балшықша илеуге өте икемді.

88. Масқара! Ежелден малмен аты шыққан Қазақстан Еуропаның борық қоға татыған етін сатып алмақ. Алып та жатыр. Қазақстан малын қырып салудың жазыры сол...

89. Рух пен намыс – егіз.

90. Рухтың анасы – ана тіліндегі кітап. Ана тіліндегі кітаптың уызымен ауызданбаған шенеунікте ұлттық рух қайдан болсын.

91. Бір адамның рухсыз болуы – сор, ал тұтас ұлттың рухынан айырылуы – қасірет!

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ

АДАМНЫҢ БІР АТЫ – ПЕНДЕ

1. Қазақтың ұлттық тілі – өлең.
2. Халыққа да жылы сөз керек.
3. Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра.
4. Адам боп оңай туғанмен, адам боп қалу көп қиын.
5. Мақсаты кішіден үлкендік шықпайды.
6. Кісілік көнгенмен, пенделік көнбейді.
7. Қай залымның қалтасында жүр екен Сальериден қалған у?!
8. Өзің қандай болсаң, өмір сондай.
9. Қайғырғанда қанат керек ұшатын, қуанғанда құйрық керек қонатын.
10. Ақынның ұяты болу керек.
11. Қанша жыл жақсы бола алсаң, сонша жыл ғана өмір сүр.
12. Қара бұлт қауіп емес, заманның қабағы ашық болсын.
13. Қара тастай берік бол, қатты болма бірақ та.
14. Қазақтың қуаты бірлігінде.
15. Қарын тоқ болса – жақсы, көңіл тоқ болса – жақсырақ.
16. Қателіктен қорыққан да қателік.
17. Қобыз бөксе, күмбез төске Күн көзі де сүрінер.
18. Баланың тентектігін қойдырамын деп, қайсарлығын өлтіріп ала көрме.
19. Қолтығына қыстырған градуснигімін халқымның.
20. Қорқытамын деп дұшпанды, үркітіп алма достарды.
21. Қабірдің де басында гүл өседі.
22. Құзғындарды жіберіп өз еркіне, әнші құсты ұстаймыз торға қамап.

Шығармалары. Бірінші том

23. Құрық – атамыздың гербі.
24. Ұяттан қызарғанша, шараптан қызар.
25. Даңқ – классиктің жесірі.
26. Қыздың сыры – шөлдің суы.
27. Қызығы жоқ қазынадан қызуы бар қи артық.
28. Ханға баладан гөрі тақ қымбат.
29. Қылбұраумен тұрған ел құлдыраумен тынады.
30. Малсыз жайлау – идеясыз сурет.
31. Ақынға мансап қуу – жырдың көзіне шөп салумен бірдей.
32. Бір батпан өтіріктен бір мысқал шындық қымбат.
33. Шындықты өткізу үшін ішіне өтірік қосар кез де болады.
34. Руластан рухтас жақын.
35. Сатып алған даңқ сатып кетпей тынбайды.
36. Сайгүлікке сүрінуге болса да, сайын ханға сүрінуге болмайды.
37. Қыздың көркі – кигені, жігіттің көркі – сүйгені.
38. Ел қамынан қымбат емес өз қамың.
39. Қазақтың құшағы күннен де ыстық.
40. Барлық жанның түсіне балалығы кіреді.
41. Барлық жердің қазағы – бір ауылдың алмасы.
42. Ажалдың жүзге бөлмейтіні ұнайды.
43. Әдемі сөздер жиылып, әсем жыр жасай алмайды.
44. Еркек – кемшілік, әйел – төзім.
45. Әкесі жоқтан гөрі, баласы жоққа қиындау.
46. Ар бар жерде байлық жоқ.
47. Ақынға керек ақыл көп, асаулық керек аздаған.
48. Аларыңды бүгін алып қал.
49. Алаяқтарға сен емес, сенің мансабың қымбат.
50. Алмағаным – ел мойнында, бермегенім – өз мойнымда.
51. Ақыл азған кезде қулыққа айналады.
52. Ақын болу – айта білу деген сөз.
53. Ең үлкен өтірік – ең үлкен мінбеден айтылған өтірік.
54. Елдің туы жығылмас, тілдің туы жығылмай.
55. Желпіну – желігу емес.
56. Жамандықтың қаруы жеті есе көп.
57. Жеті болсаң, шіркін-ай, үшін түгіл, екіне де бөлінбес.
58. Жетіспейтін нәрсе көп, соның бірі – әділдік.
59. Жолбарыс та шамшыл: сауырынан сипатпайды.

60. Өзіңнен осалға – кіріптар, өзіңнен мықтыға бастық қылмағай.
61. Итаяққа салсаң да, балдың аты бал енді.
62. Кәрі емеспіз, кәрінің құрдасымыз.
63. Кей жақының кебісіңнің бір елі биіктігін де қимайды.
64. Бақыт ылғи кешігіп жүреді.
65. Үру – иттің міндеті.
66. Көрсоқырға таяғынан қымбат жоқ,
Қаңғыбасқа – аяғынан қымбат жоқ!
Хас сұлуға – ажарынан қымбат жоқ,
Қаракшыға – қанжарынан қымбат жоқ!
67. Күлкісі қысқаның жұдырығы ұзын.
68. Кірпіш үйі тұрмыстың сынғырлап тұр,
киіз үйі көңілдің – шұрық тесік.
69. Мәстектерін жіберіп атжарысқа, арғымақпен кей жерде қой бағады.
 70. Өз бойындағы осалдықтан өткен осалдық жоқ.
 71. Мықты болсаң – алдағыны басып оз,
мықты болсаң – арттағыға жеткізбе.
 72. Нәзіктікпен байлаған босатпайды.
 73. Тірлікті дарын емес, қарын билегеннен сақтасын.
 74. Мұрагер бола алмайтын халық – сорлы халық.
 75. Адамдарды тоқтықпен де жазалауға болады.
 76. Оқтың кірген жерінен шыққан жері зор болады.
 77. Осал болсаң – есектей ерттеп мінеді,
мықты болсаң – бәрі жабылады.
 78. Бармақтай бақты ұстап тұру үшін батпандай салмақ керек.
 79. Өзгелерді ажуа ету пенделікке жатады.
 80. Жәлептер өз байын қалай алдаса,
патшалар да өз халқын солай алдайды.
 81. Өзіңе-өзің күле білу кісілікке жатады.
 82. Ошақтың оты сөнсе, қазан – қараң.
 83. Өзін-өзі тапқан адам – бақытты,
жоғалтпаған – бақыттырақ одан да.
 84. Өзің үшін күресте жеңілсең де, елің үшін күресте жеңілуге
хақың жоқ.
 85. Өлең деген – ой мен сезімнің ар жағы.
 86. Мұң мен шер жоғалмай тұрып, өлең жоғалмайды.

Шығармалары. Бірінші том

87. Өмір – уақытша, өлім – мәңгілік.
88. Өмір деген – қуанышқа шақырып, қасіретке апаратын жол.
89. Өмірді шын сүйем деген өтірік – өле сүйген бір адамың бол-маса.
90. Алақанды ренжітсең, жұдырық боп кетеді.
91. Талайым бар биікке көтеретін, ағайын бар етегімнен тарта-тын.
92. Талант біткен жерден қызғаныш басталады.
93. Өтірік күлгендер түбінде шын жылайды.
94. Татулық – түсінуден, тыныштық – қанағаттан.
95. Тентектен ынжық тәуір.
96. Тентегің өледі – пышаққа құлшынып,
сұлуың өледі – құшақта тұншығып,
арғымақ өледі – артында шаң қалып,
ал ақын өледі – бәріне таңғалып.
97. Туысқанның мықтысы – тілеулесің.
98. Тепеңге тұлпар емес, есек тиімді.
99. Биіктік пен тереңдік – түбі бірге туыстар.
100. Тілді тістеп жүру үшін бермеген.
101. Тілім менің – байрағым.
102. Өзің үшін жазсаң, өзгеге де ұнайды.
103. Үйдің көркі – жиналған жиһаз емес,
үйдің көркі – адамның қас-қабағы.
104. Мұң деген – жақсылардың еншісі.
105. Халықтың ұлы болмасаң, менің де ұлым емессің.
106. Ханы сорлы халық сорлы, халқы мықты хан да мықты.
107. Шенінді уайымдау – өлімді мойындау.
108. Шындық та саумал қымыз сияқты: кейбіреулерге жақпайды.
109. Удың да шипасы бар.
110. Өтірікпен жұбатқанша, шындықпен жылат.
111. Биікке шықпағандар биіктен құламайды.
112. Қайғының кішкентайы болмайды.
113. Бақыттың көкесі – бір үзім нан.
114. «Балдақ» деп сөзді бастасаң, сылтып басқанға тиеді.
115. Кедейдің жақсылығы оңайда тұрады.
116. Дүниенің бәрін – адам болам дегендер емес,
құдай болам дегендер бүлдіреді.

117. Адам болу – өзіңе-өзің ие болу.
118. Адам боп оңай туғанмен, адам боп қалу көп қиын.
119. Адамның бір аты – пенде.
120. Адам жылап туып, жылап өледі.
121. Адам өлсе де, адамдық өлмесін.
122. Азандағы мал үні – атамыздың гимні.
123. Айдын аман болсын десен, жылғалардың тілеуін тіле.
124. Мықты қарт мықты жастан шығады.
125. Керек заман мылқау өлең туғызады.
126. Тоқ тазы түлкі алмайды.
127. Батырдың арманы – ашық майдан.
128. Ақиқатты айтқызбапты патшалар,
ел де айтпай тұра алмапты шындықты.
129. Сенің шырқап өскеніңнен не пайда,
халқың соның бір пайдасын көрмесе.
130. Айналаңның бәрі соқыр болса, аса сұлу болғаныңнан не пайда.
131. Әдемі қызды көргенде, ақылды қызды аяймын.
132. Тізгінді босатсаң, талант тулап жығады.
133. Тау қарының тазалығын алсаң да, суықтығын алма сен.
134. Тұрғанда ақын тірі, ешбір хан,
ешбір патша тыныш ұйықтай алмаған.
135. Аспан да даласына тартады.
136. Алысқа карағандардың аяғының астында
не жатқанын білмеуі заңды.
137. Ең үлкен жүрек – Күн.
138. Мықтыны мықты мойындамайды.
139. Тәмпішке сөз айтсаң, бүкіл пұшық шамданар.
140. Қазақтығым – қасиетім.
141. Орманшының баласы паркке таңғалмаса керек.
142. Дүниеде екі ғаламат нұр бар: біреуі – күннің нұры, екіншісі
– сөздің нұры.
143. Біз – мұңымызбен, мінімізбен жақынбыз.
144. Зұлымдықтың кірпішінен ұлылықтың күмбезі қаланбайды.
145. Жақсыны жамандамай, жақсы болғанға не жетсін.
146. Кейде бір аяғыңды екінші аяғың шалады.

Шығармалары. Бірінші том

147. Биікке ту тігерде жауынгер де жер бауырлап жылжиды.
148. Әкені ұлы жеңгенде – немересімен жеңеді.
149. Мықтылар – іздемей-ақ дұшпан тауып алады.
150. Ішкен – араққа, шеккен – шылымға кіріптар.
151. Бәрі болу үшін – бөлтірік болып туу керек.
152. Байлық деген байлық па, тіл байлығы тұрғанда!
153. Бақыт деген досыңның табағында, домбыра шанағында,
жарыңның жанарында, халықтың қабағында.
154. Көкпар – тартыс таңбасы.
155. Патша қазақтың ұйқы безін казакпен басты.
156. Ақын өлген соң да тыныш жатпайды: басылмаған шығар-
масы боп тіріледі.
157. Ғашық болған батырың да пақыр.
158. Бұл дүниеде татулықтан басқаның бәрі сатулы.
159. Қосы бөлек, көші бөлек болғанмен, қасы бөлек болған емес
даламның.
160. Ақынға өмір төрден гөрі – босағадан анығырақ көрінеді.
161. Туатын жерлер тұрғанда, тумайтын жерде туғандай.
162. Қазақтың құрдас емесі жоқ.
163. Сыпсындаған сұйық тілден сусылдаған құм артық.
164. Бақыт екі айналып келмейді.
165. Билік тисе малайға – кіріптар болар талайлар.
166. Жарты әлемді билеуден, жеке басты билеу қиын.
167. Жоғалтқанды жоқтағаннан, жоғалтпаған жақсы.
168. Жұрттан бұрын сөйлеу жеңіл, жұрт айтпаған сөзді айту
қиын.
169. Майданнан қашқан майданға тап болар.
170. Мен емес, дүние құбылады.
171. Немерелер – қуып жетер қуаныш.
172. Өмір сүріп жүргенім жоқ, парызымды өтеп жүрмін.
173. Өмір сүру, бауырым, қандай қиын!
Қандай қиын!
Әйтсе де,
қандай бақыт!

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ

ТАУЛАРДЫ АЛАСАРТПАЙ, ДАЛАНЫ БИҚТЕТЕЙІК

1. Менің дінім – махаббат.
2. Ақиқат қашан да аңғал келеді.
3. Махаббаттың да өз теоретиктері мен практиктері болады.
4. Еркіндік – жалаңаш.
5. Қазақтардың моральдік кодексін олардың мақал-мәтелдері мен аңыз-эпсаналарынан іздеңіз.
6. Мәдениет дегеніміз – кісілер арасында адам болу өнері.
7. Мен әр халықтың ертегілерін оқуды ұнатамын: бұл ғажап ғадет – халықтар дүниетанымын ежелгі авторлар метафоралары арқылы тануға жатады.
8. Тарихшы ғылыми жаттандылық біткеннің бәріне күмәнмен қарағаны жөн.
9. Жылнамаларда халық тарихының тек драмалық сәттері, соғыстар ғана қамтылады. Бейбітшілік тарих жадында ұзақ сақталмайды.
10. Тіл – жазғыштардың тәлкегінен аман қалған тарихи ақпараттың ең бай резервуары.
11. Кез келген тіл дерексіздікке (абстракция) құмар. Ал ең таза сөз – жүйелілік және семантикалық тұрғыда монополиске айналған сөз.
12. «Төлтума мәдениет» деген патриоттық ұғымды әлдебір алыс мұхит төрінде сан ғасырлар бойы кеме зәкір (якорь) тастап көрмеген аралға қатысты ғана қолдануға болады.
13. Гүлденген мәдениет дегеніміз – сан ғасырлар бойы өзге мәдениеттермен үздіксіз байланыс жасаудың жемісі. Тілге қатысты да осыны айтуға болады.
14. Жазба әдебиет тілі – мемлекеттіліктің бірінші айырым белгісі.
15. Шовинизм тарихи ойды ғылыми зерделеуге бөгет жасайды.
16. Көшпелілер Орхон-Енисей жазбаларынан басқа ештеңе дүниеге әкелмесе де, әлемдік мәдениетке қомақты үлес қосқан халықтар арасынан ойып орын сұрауға хақылы. Олар бізге керемет храмдар мұраға қалдырған жоқ, олар оқ-дәрі (порох) де, қағаз да ойлап тапқан жоқ. Бірақ тасқа мәңгілікке қашалған немесе халық зердесінде бағзыдан сақталған әдеби ой солардан кем маңызды мәдениет элементтері деп кім айта алады?!

17. Қайсысын таңдау керек? Шекспирдің «Үнемі өзіңмен-өзің болып қалуы» ма, әлде оған кереғар «Өз бойындағы ең жақсы қасиеттерді жарқыратып ашу» ма? Елімізді көптен бірге мекендеп келе жатқан басқа да халықтармен бірге тығыз қарым-қатынаста дамыған жаңа қазақ ұлтының алдында тұрған қазіргі маңызды мәселе осы.

18. Өзінді-өзің тану тәрізді, тарихты танып-білу де қазіргі даму процесіне аса қажет әрекет. Ол – болмай қоймайтын жоғалтулар мұңын тереңірек сезінуге мүмкіндік береді, сонымен бірге прогреске кең жол ашады.

19. Данышпандар туралы зерде олардың өздері көтерген мәселелердің өзектілігі жойылғанша ғана ел жадында сақталады.

20. Шоқан көсем бола алатын еді: ол революциядан алыста тұрғанымен, монархиядан қол үзуге таяп қалған болатын.

21. Шоқан – өткенде өмір сүрген бүгіннің адамы.

22. Адамға табын, жер, енді!

23. Тауларды аласартпай, даланы биіктетейік!

24. Өткен ғасырдың өзінде түрік тілінің сөздік құрамының үштен екісі парсы сөздерінен тұрады.

25. Ақын – өзінің туған топырағының елшісі. Әлем ақынға қарап, оның туған халқы туралы ой түйеді. Ақын өз халқына адамзат мәдениетінің, бүкіл дүние жүзі мәдениетінің нұрын шашады.

26. Қарама-қайшы көзқарастарға қашанда біржақтылық тән – олардың екеуі де бірдей ақиқаттан алыс жатады: шындық ортаға, экваторлық аймаққа таяу тұрады.

27. Этностар бір-бірін жеке тұлғалардың тоғысуы арқылы таниды.

28. «Халықтар достығы» деген – нақты адамдар арасындағы достық пен өзара құрмет сезімінсіз, абстрактілі хәм тұрлаусыз ұғым.

29. Оқулықтарда орныққан өткеніміз жайлы үзіп-жарды деректер реніш пен соғыс буына суғарылған. Нағыз тарих – халықтардың ежелден бергі бейбітшілік, қызметтестік пен өзара байланыстылық шежіресі. Шіркін, сол шежірені қалпына келтірсе ғой! Сонда көп ұлтты халқымыздың келешегін де айқынырақ көріп-білуге болар еді.

30. Біздің әбден саясаттанған дәуірімізде дүниетанымдық ғылымдарды, өзінің маңызына қарай, іргелі ғылымдар қатарына қосуға болар еді. Өйткені, олар көп ретте жеке адам санасы мен қоғамдық сана негіздерін қалыптастырады.

31. Құсбегілік – аңшылықтың ең көне түрі.
32. Әдеби шығарманың мазмұны қоғамдық санадан нәр алып, тіл арқылы жүзеге асады.
33. «Игорь жасағы туралы жыр» алғашқы мәніндегі түркі сөздері сақталған сирек кездесетін ескерткіш.
34. Түркілік қоғамда әйелдерге кең құқықтар берілген, олар мемлекеттік істерге белсене араласқан. Тақтың мұрагерін ана тәрбиелеген.
35. Түркі сөздерін қабылдауға әдетте орыс тілі бейім келеді. Дәл орыс тіліндегідей ешбір басқа тілде түркизмдер өз қалпында сақталмайды. Тіл мамандары моңғол тіліне енген түркизмдер адам танымастай болып өзгеріп кететінін айтады.
36. Көптеген түркі этнонимдері – тайпалық таңбалардың (герб) атауы.
37. Әдетте таңба атаудан бұрын шығады.
38. Тәңірге мінәжат етуші түркілердің VII-XII ғасырларда Шығыс Еуропаның тағдыр-талайына қаншалықты әсер еткеніне тарихшылар әлі күнге дұрыс баға бере алған жоқ.
39. Түркі рулары қауымдастықтары арасындағы қақтығыстар олардың таңба шебін кеңістік бағытта ұзарта түсу ниетіне сәйкес тұтанып отырады.
40. Ұлы ойшылдардың теориялық қисындарының көпшілігі қазір түсініксіз көрінуі заңды. Олар ертеңгі күннің жаңғырығы болуы да мүмкін. Олар замандастарымызды келер дәуірлер ұғымымен ойлануға шақырады. Ал онсыз болашақтың таңы атуы да қиын.
41. Шындықтың наданның табанының астында шырылдап жатқанын көргенде, немкетті сезімнің де дәті шыдамайды екен.
42. Сөздік – тарихи мәліметтердің қайнар көзі.
43. Тіл – жазба жәдігерлерде таңбаланбаған әлем жылнамасын сақтаушы құрал.
44. Ақиқатты себеп-салдар жолымен түсіндіру – Лейбництің ойлап тапқан амалы. Соған орай тәжірибеден салдарды иланымды деңгейге жеткізуге қажет себеп теріліп алынады.
45. Ата-бабаларымыздың сана-сезімдерінің қалтарыстары аз болмаған.
46. Тарихи шындықты жеке адамның көзқарасы билеп кеткен кезде – эззіл кейіпке түскен дерек тәңірлік жолдан таяды: ғылым ондай деректің маңдайына қарғыс таңбасын басады.

47. Жазба деректерге көзсіз сену – тарихнаманың ғылымнан айырмашылығы осында жатыр.

48. Жылнама біткеннің беттерінен айқай-шу, ойбай мен балағат лебі еседі. Тіні – үрей мен кек. Ал миллиардтаған үлкенді-кішілі махаббаттар, адамзат бақыты, қуаныш пен үміт, мыңдаған жылдарға ұласқан бейбіт еңбек дәуірінің ізі де жоқ.

49. Тарих арқылы дүниеге қазіргі заманға лайық көзқарас қалыптасады. Империализм мен колониализм мүдделерін көздеген ғалымдар өздерінің бар беделін езгіге түскен халықтардың нәсілдік және ұлттық мешеулігін мойындатуға арнайды. Нағыз тарих ғылымы қарсы.

50. Мәжіліс үстінде қызық ойлар келеді. Өзіңді симфониялық музыка тыңдағандай сезінесің. Сөз бен әуен ойлау жүйесін реттейді. Құбылыстарды шендестіре ойлау мүмкіндігі туады.

51. Дәстүрлі тарихты теріске шығару – Азияның қазіргі жас зиялыларына тән ортақ көзқарас.

52. Тарих ұзақ уақыт бойы саясаттың құлы, шовинизм мен ұлтшылдықтың қайнар көзі болып келді.

53. Неге поэзия – тек сезімнің, ал ғылым – тек зерделіліктің көрінісі болуға тиіс? Ақылсыз адам шығарған өлең жолдары нақылға айналмайтыны хақ.

54. «Ғалым», «ақын» деген ұғымдардың мағыналарының ажыратылғанына онша көп бола қойған жоқ. Екеуі де бір сөзбен айтылған: Еуропада – «артист», Орта Азияда – «чаляби». «Чаляб» – көне түркі тілінде «жаратқан» дегенді білдіреді.

55. Омар Хайям өмірінің аяқ кезінде формуладай қысқа фэлсәфалық рубаяттар жазуға бой ұруы – оның көп математикалық формулалар шығарғандығынан болар, мүмкін. Поэзияны, философия мен математиканы әл-Фараби де қатар игерген. Сонда бұларды кім деп атаймыз – ақындар ма, әлде ғалымдар ма? Әрине, чалябилер!

56. Өміріңді алдын ала жоспарлап, белгілеп алған бағдарламанды бап-бабымен мүлтіксіз орындау қолдан келе қояр ма екен?!

57. Пайда қуу – ойын шарты. Мүдделі болмасаң, ойынға да кірмейсің.

58. Ол үшін ғылым ұлы мақсат емес, күнкөріс қамы еді. Ол мұз айдынындай жалтыраған үстел үстінде шыр айналған қайнаған жұмыртқадай епті кісі еді.

59. Ғылым үшін тіл мен жазу – қаймағы алынбаған мәдени игілік.
60. Сөз дегеніміз – дәйек.
61. Көшпелілер ғылымнан көп зорлық көргені анық.
62. Археологтар еуропалық мәдениеттің тарихын дәріптейтін деректерді ғана іздейді.
63. Шынайы ғылымда атак пен дәреже дәлелге жүре алмайды. Ал қателік пен надандық кейде қол ұстасып кетуі мүмкін.
64. Біздің құр қуыс деп жүргеніміз текті тереңдік болып шығуы да ғажап емес.
65. Жазу үрдісі де мәңгілік емес.
66. Жаратылыстанушылар болса «арбаны» айға ұшырды, ал тіл мамандары әлі күнге «арба» дегеннің не екенін жөндеп түсіндіре алмайды.
67. Нақты ғылымдардың ұдайы жасарып-жаңғырып тұруының құпиясы – олардың қашанда ой жанартуға әзір тұратындығында жатса керек.
68. Теориялық арнасының саяздығы – қазіргі тілтану ғылымының басты кемшілігі.
69. Ғылымның басқа салаларында дәл тіл ғылымындағыдай «ата-бабаға» көзсіз табыну салты жоқ шығар.
70. Мұсылман діні сахараға тек соңғы ғасырларда ғана шындап ене бастады. Қазақ тілінде «ә» қарпі пайда болды.
71. Мен – жаратылысымнан барлаушымын.
72. Тілдер туыстығы – мәдени туыстық.
73. Көшпелі түркілердің моңғолдарға тигізген мәдени ықпалы зор болды. Шекара бағаналары таңбаланатын болды. Көшпелі түркілер өздері мекендеген ұлыстардың шекараларын тайпалық таңбалармен белгілейтін.
74. Түркі мәдениеті дамуының екі шыңының арасында (бағзы түркі – Шумер мен көне түркі Сібір) бірнеше мыңжылдық құрдым жатыр.
75. Кез келген халықтың өмір графигі кардиограмма іспеттес. Медицинада түзу сызық адамның ғұмыры таусылғанын білдіреді. Тарих үшін – қайта өрлеу белгісі. Күш жинау кезеңінің белгісі.
76. Материалдық мәдениеттің бүкіл тарихын сұлулықтың әсемпаздықпен, бейненің – затпен, поэзияның – сөзбе-сөз ұғынықтылықпен толассыз күресі деуге болады.

Шығармалары. Бірінші том

77. Нағыз тіл маманы сөздің ішкі құдіретін сезіне алуы керек.

78. Өлген адаммен бірге көмілген заттарда көне заман адамдарының философиялық наным-сенімдері мен таным-түсініктері көрініс тапқан.

79. Шумер заманында моншақ тізу болды. Мәнісі: жұлдыз шашу.

80. Шумерлік идея бойынша: «алтын моншақ – бататын күн іспеттес патша денесіндегі жұлдыздар». Алтай мен Есіктен табылған алтын оқалы камзолдар – осы идеяның айқын көрінісі.

81. Бейіт – діни сенім көрінісі. Өлікті жерлеу ғұрпы және оның таңба формуласы бір халықтан екінші халыққа дінмен бірге, яғни әлеуметтік сана арқылы ғана ауысып отырады.

82. Үнді-ирандық жерлеу рәсімінен қорыққан арабтар оны құмыра ішіне тұтқындалған «жын-түгін» деген әпсаналық символға айналдырды.

83. Түн – өлген күн.

84. Көне заман адамдарының жан дүниесі табиғат поэзиясымен туыстас.

МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ

ЕЛІҢНІҢ ТАҒДЫРЫ – ӨЗІҢНІҢ ТАҒДЫРЫҢ

1. Елді ояту үшін, тарихты ояту керек.
2. Бүгін сен түзелсең, ертең ел түзеледі.
3. Өз басыңды ғана ойласаң, елдің қамын кім жейді?
4. Еліңнің тағдыры – өзіңнің тағдырың.
5. Асып бара жатсаң, еліңмен бөліс.
6. Қазақты қазақтан басқа ешкім жарылқамайды.
7. Қазақтың үміті ақталмаса, елде тыныштық сақталмайды.
8. Қиындықты сен жеңбесең, қиындық сені жеңеді.
9. Өз тіліңді өзін үшін, өзгенің тілін күнің үшін үйренесің.
10. Еліңнің жұты болма, құты бол!
11. Ханға ақыл айтамын деп, Бұқар жырау қартайғанда қайыршының күнін кешті. Ақылың болса, ханға ақыл айтпа!
12. Бақ – атадан қалған мұра емес.
13. Тақтан тайған адамның бағы таяды.

14. Дін ұстай алсаң – қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің.
15. Мемлекеті қорғамаған адам – ең бақытсыз адам.
16. Өмірдің басы – жылау, аяғы – өксік.
17. Әйел – Алладан кейінгі жаратушы.
18. Ана – әулеттің алтын қазығы, жібек арқауы.
19. Бақ-дәулет жетекке жүрмейді.
20. Екі баксы бір үйге сыймайды.
21. Қарайғанды тау санама, көрінгенді жау санама.
22. Күнің барда, күліп жүр!

АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ

ТӘҢІРІНІҢ БІР АТЫ – ШЫНДЫҚ (ТАЗАРУ ТЕОРЕМА-СЫ)

1. Құран – не ол? Құран – зат есім мен етістік. Мұхаммед те сол. Ұлт та солай болса дауа.

2. Зады, бірегей тұлғаларға, бірегей кітаптарға сын есім жүрмейді. Мұхтар Омарханович Әуезов – алдымен Мұхтар Әуезов, сонсоң барып әлем әдебиетінің классигі.

3. 7 сөздің басын әзер қосарға 70-ақ сөзден тұратын сөйлем тағылық көрінеді. Мұнысы дұрыс та: ешкі – танауына алма сыяр алпауыттың қарымын қайдан түсінсін.

4. «Сен кетіп барады деп жылайсың, мен қайтып келе ме деп жылаймын». Мен тақылеттестер қалың халықтың құлағын аспандап естілер анықтауыштармен сарсы қылған СССР-дің өтіп кеткеніне, кетіп кеткеніне сене алмаймын.

5. Қанша атжанды болғанда да екі ат мінген адам алаламай тұрмайды. Бірімен еңбек етсе, бірімен жұмыс қылады. Совхозға – еңбек, әуіліне – жұмыс.

6. Кемталант – кемтар талант.

7. От пен түтін, адам мен қылмыс – жатырлас.

8. Ай айнасын бұлт басса, жан айнасын мұң басқан.

9. Қит етсе болды, Америкалап шыға келетін аура етек алды. Бұл өзі мегежіннің інгенмен бой салыстырғанындай.

10. Әр сөздің өз ұяты бар.

11. Жақсы кітап – ұяттың антологиясы.

12. Қаланың паспорты – такси мен базар.

13. Еврей Брехтың орысша қатесі: «ешқандай социализмсіз қалғаннан бұйрықпен келген социализм жақсы».

14. Келер қазақтың да ішетін уы мен балы – Абай.

15. Қазақты шендестіру принципінен келіп, «менің папочкам Сталинмен» теңестіруге болады. Бірінде мейірбандық шексіз, бірінде – қатыгездік. Екеуі де онып тұрған жоқ. Мейірбандық – қоян жүректікке, қатыгездік қанішерлікке алып барады. Мұнда логикаға қиыспайтын ештеңе жоқ. Факт? Факт қазақ пен Сталиннің тарихы. Факт – логикаға да дес бермейді: простың айтөбел тұзын жетілік көзір боп ұрады.

16. Жаңа мемлекетке, балтыр қайрат көрсетіп көрмеген тай мемлекетке, психофизикалық астары қат-қабат дипломатияның, табан ағыны дүлей экономиканың тайфунымен осы қазір кезіккен желкен қайық мемлекетке демократияның ұстыны АҚШ-тың адам правосын жоғары қоюы жүрмейді. (Адам правосы дегенде, сөз жоқ, ойда алдымен бәйбішенің тәлпіші орыс азаматы тұрады). Жастығына қоса өз территориясында өзі тіленіп жүрген елдің ұстанары: ел азат болмай – мейлі Достоевский боп кетсін – ер азат емес. Адам правосының приматы таза ұлттық құрылымдарда жүреді.

17. Некен-саяқ авторларда болмаса, публицистика мен қойынжазба стильдің жүгін көтермейді.

18. Кектің көзі – Махамбет.

19. Бала – тапқандікі емес, бала – қаққан мен баққандікі.

20. Пытыра – қазақ: шүрегей атады, өзбек – жалғыз оқ: бұлан атады.

21. Ұл өсіріп, қыз асырап отырмыз.

22. Өтірікті кешіруге болады, ақтауға болмайды.

23. Дін құрыса тіл сақтайды, тіл құрыса үн сақтайды, бәрі құрыса діл сақтайды (иәһуди-еврейлер, мысалы).

24. Таранбаған әйелде – бір мекиеннің, таранған әйелде – екі мекиеннің миы бар.

25. Көшпенді, көшпенді, көшпенді... сонда Сауран, Саудакент, Созақ, Түркістан, Шымкент, Ташкент, Тараз, Алматыдағы біздің дәуірге дейін қазылған су жүйелері қайда қалады? ... Арқа көшті екен деп, тозып кетеміз бе. Оратын жерін орған, егетін жеріне екен, жайлайтын жерін жайлаған жұрт болмай ма? Бицивилизация дегенді естіп пе едіңіз?

26. Экономикалық қауіпсіздіктің мәселесі, ең алдымен, – ұлттық қауіпсіздіктің мәселесі.

27. Тәрбиенің еркіндігі – еркіндікпен тәрбиелеу.

28. Ұлтжандылықты ауаның деңгейіне көтерген үш халық болса, екеуі – француздар мен поляктар, екі халық болса – тағы сол екеуі. Ұлтшылдықпен тыныстау олар үшін табиғи нәрсе. Парижде қайтқан Шопеннің жүрегін Варшавадағы шіркеуге мирас қылғаны ұмыт қалмайды. Ал, Американың жалауына шырылдауы қалай?

29. Таулы Карабах емес – Таулы Қара бақ (Қаратау, Қара теңіз, қара шаңырақ, қара кобыз...).

30. Келіншектің сұлу кезі – ұйқыдағы кезі. Айтып та болмас әлгінің, айтпай да болмас әлгінің тұсындағы кезі емес. Әсіресе сол кезі емес.

31. Кемталант – мүмкіндігінше, шын талант қалағанынша жазады.

32. Қазақтың радиомаразмы: «махаббаттың сүйіспеншілігіне бөленіп...».

33. Неге Америкада жершілдік күшті? Американың жершілдігі ұлттың қанжығасында, бізде – асып кетсе, регионның.

34. Алған ұмытар, берген ұмытпайды. Қазақстанның психологиялық халі: аз да болса алғанын ұмытпайды, мол болса да бергенін ұмытады. Кең қолтықтың бір ірілігі.

35. Отау көтеріп, оңаша тұрып алмай, достастықтың құшағына қойып кету саяси логикаға қиналып сыйысады.

36. Білмеген мін емес, білместікке көнген мін.

37. Ең терең идеялар – қиын идеялар. Өнердің түбіне сорпа бетіндегі майдай қалқыған түсінікті идея жетеді. Жазушының бір міндеті – ой-идеяны ашу емес, оны мұзартқа көміп, мұнармен бүркеу. «Шайнап берген ас болмас». Оқушы шыңғырғандай болып қиналса несі ерсі? Алсын қамау терін!

38. Қазаққа жетпей жүргенді басқаның аузына тосу, Ресейдің әскеріне құрақтай төселу бұл қай Атымтай жомарттық? Қай көрегендік? Солдаттың ойыны бітті ме – кетсін келген жеріне.

39. Гимн: «Елім-ай», «Кісен ашқан», не «Қаракесек», «Менің Қазақстаным». Австрияның гимні – И. Гайдннің квартетінен.

40. Түс – күндіз бұққан ойдың ойыны.

41. Қоғамның кеселінің бір емі – оған тіке қарау.

42. Мұқағали: – Екеуімізге жүз жүрмейді. Бізге 99 не 101 жүреді.

– Неге?

– Біліп тұрып сұрау Қадырдың еншісі.

43. Кейбір адамдардың бағасын жауының санымен де өлшеуге болады.
44. Абайда ашу шақырар орам көп. Кейіс шақырар бір орамы: «...қазақ та адам баласы ғой».
45. Ойдың жанарға жеткен жалтылындай, жанардың жарығы да жанға түседі.
46. Текстің дәмін алудың төте жолы – талмай оқу.
47. Оқушыны қасқыр көрген тазыдай қалтырат!
48. Сөйлемдегі өмір мен сөйлемнің өмірі бірікпегесін, тірі тіркес тумайды. Өмірдің тамыр солқылы мен сөйлемнің тамыр солқылын лингвистикалық проза ғана қоса алады.
49. Өзгенікін еске түсіруден өзіндікін еске түсіру күшке түседі.
50. Ақынды прозамен тексеріп алса – теріс емес.
51. Қазақтай психофизикалық типтің азасын «Жігердей» кемерлейтін күй, «Қаракесектей» шыңғыртар ән жоқ.
52. Араға адам жүргенде: менімен тілдескісі келген менімен өзі сөйлесуі керек.
53. Әдібаев радиохабарда Ғабен (Мүсіреповтің) аузына ән туралы «бірде мұнды, бірде сырлы» деген сөз салады. Мұндай сөзді Ғабен өлсе де айтпайды. Мұң бар жерде сыр болмай қоймайды.
54. Стилi жоқтың жазғанын оқу – арпа талқанды құрғақ асағандай. Стилсьіз жазушы, стилін таба алмаған жазушы іріге еліктеп көлеңке-калькаға барады да, сорпаның сорпасының сорпасы болады.
55. Кісілігін жоғалтпаса, жауыңның қайсыбір иттігін кешіруге де болады.
56. Түрікпен мен қазақ совет интеллигенциясындай бұқпа торғай интеллигенция болған емес.
57. Орыс басқарған, орыс бастаған құрылымның кешесі де, келері де жалғыз оқулярмен қаралады: орыстың санасы, орыстың тарихы, орыстың тағдыры, орыстың идеясы. Орыстың ұғымында басқа халықтарда, жұрттарда, ұлттарда тағдыр-тарих, идея-сана, болашақ-келешек жоқ. Болмайды. Бола қалған күнде жетім құлынның маңдайына не жазылды – сондай порция ғана бөлінеді. Шайпау бие болып үрпісіне жіберер де өзі, кеңкелес айғыр боп шайнайтын да өзі.
58. Тағы да стиль туралы. Мемлекетке тақырыппен, концепциямен қарсы шығар мүмкіндік қалмағанда – көмекке стиль келеді...

Жаңа форма, жаңа стилистика іздеу таза эстетиканың иіріміне сүнгү, рухани пластиканы меңгеру – бұлар өзі бағынбаудың энергиясы.

59. Қақсауық бар, ділмар бар, оттампаз бар, шешен бар: төртеуі төрт жұрттан.

60. Библияның күй басы: алдымен туған сөз еді, сол сөз «құдай» болатын.

61. Шын режиссура – жүрек сияқты: соққаны білінбейді.

62. Ұяла алмаған – тірі өлік.

63. Айша Бибінің сағанасындағы жазуды аударса – «Сүмбіле. Су суыды. Өмір сұмдық».

64. Есесін жіберген ел ел емес.

65. Ажал келмейді, ажалға барасың.

66. Өнердің өмірден айырмашылығы өнер өмірден үйренбейді. Өнердің өз өткені, өз бүгіні, өз логикасы мен динамикасы бар.

67. Қанша сүмірейткенмен: ой ойнамай, сөйлем жоқ.

68. Адамның адамдығын оның басқаға, басқаларға шын зәрулігімен өлшеуге болады.

69. Ел дертті – зар шықпаса, тән дертті – зәр шықпаса.

70. Бабы мен бағы бұққан тұяқ та – бір, ойға суарылмаған әуен мен әуез де – бір: нені айту – бір пара, қалай айту – бір пара, кімге айту, қашан айту – бір пара.

71. Өмір өнер болғанда, өнер – өлшем. Өнер өлшем болғанда, өлшем – үнем. Ал, үнем – тірліктің күре тіні.

72. Байлық барлық болғанда, өнер – мұрат. Байлықтан мұрат шықпаған. Ал, мұрат – тірлік.

73. Билік түбі – зорлық.

74. Зады, адамның соры – өзін өзгемен өлшеуі.

75. Достық, ең алдымен, – еркіндік.

76. Үлкен арман сабырда жатады.

77. Тірлік кешкен адамның сол тірліктен алып кетері – жат тізені кеудесіне шығармау.

78. Сауалы бұйрық тектіге солқылдақ жауап жүрмеген.

79. Сөз – құлын, ой – жылқы.

80. Тәннің маңдайына айғайды жазған. Жан бұқпаса болғаны.

81. Бұл ғаламда тұзақты да, тұсау-тұсамысты да туабітті таны-масқа жаралған біреу бар: ол – адам.

82. Даусызға дауды даусыз айтқан.

83. Ел ділімен танылмақ.
84. Ашық айту – анық айту болғанымен, ақиқатты айту емес.
85. Сүрінгенін секіргендей көрсете білер бар.
86. Тіс тимеген шөп – жесір, құс қонбаған көл – жесір.
87. Тәңірінің бір аты – шындық.
88. Адамның рухани ізденіс-сілкіністері үш-ақ сауалдың аясына сыяды:
 - а) не біле аламын?
 - ә) не істеуім керек?
 - б) үміт артарым не?
89. Өмір – тән, өнер – жан: тән тұншыққанда, жан шыңғырады.
90. Өлімге берер жаным бар, пендеге берер арым жоқ.
91. Пьеса – құндақтаулы сәби: оның қандай азамат болып өсіп шығары режиссерге байланысты.
92. Кәміл болу киын, бірақ ой қашады: халық – екі ұғымның құлы: кеткен мен келердің.
93. Жүректің соғысы – физиология, ал жүректің не қуаныштан, не үрейден барып бас алатын лүпілі – эстетика, өнер, өмірге бергісіз қайран сөз.

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ

АҚИҚАТТЫҢ МЕКЕНІ – ЖҮРЕК

1. Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін – рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін – рухани байлық керек.
2. Адам нәсілін жер бетінде баяндатып тұрған бірден-бір күш – мейірім мен рақым ғана.
3. Біздің халқымыздың рухани өмірінде саяси проблемалардан гөрі адамгершілік проблемалары үстемірек орын алатын сияқты.
4. Ақын үшін ең зымыран тұңғыық та – жүрек, ең шырқау биік те – жүрек.
5. Жырда жалғыз-ақ адрес бар: ол – жүрек.
6. Сыршылдықтың тілі күйректік, күңгірттік емес.
7. Ақын еңбегінің жалғыз өлшемі – оның адам жүрегіне қанша жақындай алғаны.

8. Тарих қанмен жазылып, қанмен түзетіледі.

9. Олжастың арғымағы – ұшқырлықтың, алапат күштің, албырт жігердің ауызынды аштырып, көзінді жұмдыратын көркем келісімнің символы.

10. Олжас творчествосының өзегі – күрес: жалғандық пен жалтақтыққа, енжарлық пен ұмытшақтыққа, таяздық пен табансыздыққа, дүрегей мен дүмшелікке қарсы күрес.

11. Өнерде шәкірттік сезімін ұмытқан адам ұстаз да бола алмайды.

12. Күлкі күдіретін Серке өнерін көрген адам ғана жыға таниды.

13. Кез келген нәрседен үркіп, бетін шымшитын дарақы күлкі ілгері басуға емес, кері кетуге қызмет етеді.

14. Күлкі – шабуын білмесең, өз тірсегінді өзің қиып түсіретін наркескен қылыш сияқты қатерлі қару.

15. Көбелекті де зеңбірекпен атады дейтін ұсақ-түйек, парықсыз күлкі күліп тұрған адамның өзінің тобық шыламас таяз парасатын ғана әшкерелей алады.

16. Үлкен ақын – ел-ананың сан жылдап сарғая күтіп жүріп табатын сағынышты перзенті.

17. Өнердегі өнеге – күні-түні құлағыңды жеп, миыңды ашытатын қытымыр ақылгөйлік емес.

18. Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ.

19. Қандай заманда да өз бақыты жолында күресе білмейтін адамның өз өмірін мазмұнды, мағыналы ете алуы еш мүмкін емес.

20. Мақтау мен масаттану даусыз мойындаудың күнге беті де, күндеу мен қызғаныш көлеңке беті.

21. Біз – тал шаңырақтың астында туып, тал бесікте жатқандардың соңымыз... Әлі күнге уызды сағынамыз... көре салып қуа жөнелер қозыны сағынамыз... Енді тарих өз тағдырында жартылай патриархалдық тұрмыс пен коммунистік үрдісті бірдей тоғыстырған біздей ұрпақты тумайды.

22. Мен әдебиетте іскер адамды да, қарапайым адамды да емес, рухани күшті адамды көрсетуді жақтаймын.

23. Арлы адам – ең күшті адам. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойынсынбайды. Сондықтан оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, өкінішті болуы мүмкін емес.

24. Осы заманғы әдебиет рухани максимализм пафосын барынша күшейтпейінше өзінің гуманистік мүддесіне жете алмайды.

25. Қазіргі цивилизацияның – көптеген техникалық жетістіктеріне адамзат жеткілікті әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдай жасап бағатын қоғамның өзінде де – кез келген жұмыр басты пенденің бақытты бола бермеуі мүмкін.

26. Қазіргі гуманистік әдебиет адамдарды рухани енжарлықтан, жалқаулықтан, көрсеқызарлықтан, ләззатқұмарлықтан, баққұмарлықтан, даңққұмарлықтан сақтай білуге тиісті.

27. Мен өз басым әдебиеттің негізгі міндеті – әшкерелеу де, дәріптеу де, ақыл айту да, алдарқату да емес, адамдарды, адамдық тіршілікті әуелі өзің жете түсініп, сосын оқушыңды жете түсіндіріп, оның өзін-өзі рухани шындай білуіне түрткі болу деп ұғамын.

28. Қазіргі қазақ қаламгерлеріне бір ғана ұлттық тәжірибемен шектелу өте-мөте аздық етеді.

29. Менің көркемдік жолдағы ізденістерде ұстанатын қағидам, орысша айтқанда: ни чем не пренебрегать, ни чем не злоупотреблять!

30. Менің, неге екені белгісіз, қоғам алдында адалдығы суреткерлік батылдығымен үйлесім таба алатын, оқушы алдында көзге түсуден гөрі көңілден шығуға тырысатын, қаламдастары алдында озып кеттім дейтін де, қалып кеттім дейтін де қаңқусыз, қақ-соқсыз, өзінің жұрт алдындағы қадірін білетін, бірақ соны айтуға қолы да тимейтін, аузы да босамайтын, арғымақпын деп адыраңдамайтын да, тұғырмын деп өз тұяғын өзі қажап тұғжыңдамайтын да орнықты қаламгерлерге ішім бұрады да тұрады.

31. Творчество адамына баққұмарлықтан басқа барша қанағатсыздықты, қорқақтықтан басқа барша тағатсыздықты, ішмерез қараулық пен күншілдіктен басқа барша менменшілдікті, көлгірліктен басқа барша көңілшектікті, басбұзарлықтан басқа барша даңғойлықты кешіре білгеннен ешкімнің ештеңесі кетпейді деп түсінемін.

32. Менің кешіре алмайтыным – қоғамдық, партиялық, ұлттық ұлы қағидаларды, қасиетті ұрандарды бір басының мерейін асыру үшін оңды-солды желеулетіп бағатын «ішкі рыноктағы» идеологиялық алыпсатарлық.

33. Адамның адам, адамзаттың – адамзат атануына Лев Толстойдай үлес қосқан кісі кемде-кем.

34. Адам мен адамзаттың армандары ешқашан аласармайды.

35. Есептесек, уақытты есептейік!

36. Азаматтық белсенділік – ол тек елдің ең алдымен білегін түрініп шыға келетін елгезектік емес. Ол – бүгінгі күн пәрменінен ертеңгі келешектің көкейкесті мүддесін тапжылтпай танып барып қайратқа жүгініп, әрекетке жүгіретін қапысыз көрегендік.

37. Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибесі. Одан қол үзген қауым – келешегінен қол үзген қауым.

38. Ұлы мен данышпанның бағзы ғасырлар мен жеті қиян жер шетінде жатуы шарт емес.

39. Таланттың үлкендігі – күрделі болмысты күркетауық сойғандай жайратып, ұшалап, мүшелеп алақаныңа салып беретіндігінде емес, сол болмыстың күрделі екендігін одан сайын ұқтыра, одан сайын тамсандыра түсетіндігінде болса керек. Дүниеге деген жайдақ көзқарасыңды – парасаттандыра, жадау көңіліңді – жасандыра түсетіндігінде болса керек.

40. Көркем өнер – жұмыр басты, екі аяқты нәсілдің қоршаған ортаны танып-түйсінуінің бір жолы болумен қоса, сол өзі танып-түйсінгенді екінші біреудің сезімі мен рухына, ақылы мен парасатына сол қалпында жеткізіп, сол арқылы оның да санасына, тек қана санасы ғана емес, құлқы мен қылығына, қамы мен қаракетіне белгілі бір мөлшерде ықпал жасаудың тәсілі.

41. Дүниедегі ең қатерлі кесапат – үйреншікті дағдының дегенінен аса алмау.

42. Әділетсіздік – құлақкесті құлдықты өрбітсе, құлақкесті құлдық – әділетсіздікті одан әрі өршіте түседі.

43. Көлгірлік – шындықтың аяғындағы тұсау.

44. Шындық жоқ жерде әділдік жоқ.

45. Небір шын құрмет, шынайы ықылас, нағыз махаббатқа лайық абзал жандар өзін-өзі көтермелеп, өзін-өзі қолдан-қолға өткізіп, өзін-өзі саудаға салып жүрген рухани жалдаптардың құрбандығына айналады.

46. Өмірдегі небір қаны тамшылаған шындықтар қайдағы бір жалған намыстың сойылын соққан рухани көлгірліктің тасасында қалып қояды.

47. Адамның өзі – күндаққа сыйғанымен, қалыпқа үйренгенімен, арының – тар қалыпқа сыйып, қасаң дағдының тар ауқымына көне беруі еш мүмкін емес.

48. Біз әншейінде дүниедегі не кереметті тындыратын «құдай емес, бірақ құдайдан былай да емес» бөлекше жандар деп ұғамыз.

Осы ұғыммен былайғы жұртқа ұқсамай бөлектеніп тұруға, бөлекше көрінуге тырысып, өз өкшемізді өзіміз көтеріп, тырашта-нып бағамыз.

49. Пушкиннің ең басты рухани ерлігі, әрине, Евгений Онегин.

50. Астамшылықты басқа көтере алғанымен, патша көтере ала ма?!

51. Біреулерге қара ала, біреулерге қызыл ала, біреулерге сары ала боп құрылғанымен, адам ғұмыры да – бір өреге тартылған өрмек қой.

52. Үлкен таланттың басына да бақыт – жолы болғыш аушыға жолыққан сар сазандай салаң етіп бірден түсе қалмайды.

53. Ең берік Ат, ең биік Ат, ең баянды Ат – Азамат.

54. Көңілдегі қорғасындай балқып, теңіздей толқып тұрған көп сауалдың басын дұрыс арнаға бастайтын – пәтуа.

55. Әдебиеттің міндеті – сергелден жүректі басу, бейқам жүректі ояту.

56. Шындыққа сенбей, қисынға сену – рухани мүгедектікке ұрындырады.

57. Көнбістік – рухани мүгедектің бір сатысы.

58. Сенбегеннен қиянат көргеннен – сеніп тұрып қиянат көрген жаман.

59. Күші асқанның зорлығымен мәжбүр болғанша, өз еркінмен мәңгүрт бол, ауызы күйгеннің ақырғы келер тұжырымы, тіпті өмірлік кредосы – осы.

60. Адам аң да болып өмір сүре алады.

61. Қиындық пен алданыш, қиянат пен жалғандық майлы қасықтай: екеуі қоян-қолтық бірге де жүре береді.

62. Намыс көздің де, көңілдің де томағасын алады.

63. Мәңгілікпен үндесе білген өнердің ғана көсегесі көгереді.

64. Мен Айтматовтың дүрмекшіл емес екендігіне таң қаламын. «Айтматов» болып алғасын да дүрмексіз-ақ айбынды көрінеді ғой.

65. Маркес және оның Латын Америкасындағы әріптестері – «каудильошылдықты», Айтматов – «мәңгүрттікті» саяси-философиялық ойға тұрақты ұғым ретінде қосты. Алдыңғысы – әсіре өктемдіктің философиясы, соңғысы – құлақкесті құлдықтың философиясы. Жанартаулар атылғанда жер қойнына талайдан бері тығылып келген, небір тұңғыық тереңде жатқан асыл қазына жер бетіне қалқып өзі шығып, ағыл-тегіл сел болып ақтарылады деуші еді. Мына кітап та – дәл сондай сел нөсер шабыттың жемісі.

66. Жолбарыс аулаған аңшының қанжығасы күнде қандана бермейді.
67. Жұрттың бәрі жабыла мактап жатқанда мактау – кез келгеннің қолынан келеді. Мықты болсаң, мактамай көр! Жұрттың бәрі жабыла даттап жатқанда даттау да – кез келгеннің қолынан келеді. Мықты болсаң, даттамай көр!
68. Шынайы суреткерлер бір тұстарда тым-тырыс қалса, оған таңғалмаған жөн. Түсінген жөн...
69. Заманға таңғалма, адамға таңғал.
70. Суреткерлік, ен алдымен, азаматтық тұрлаулылықтың ісі.
71. Әділеттің өзін сөйлейді деп жүргеніміздің – кімнің тарысы піссе, соның тауығы болып шыға келетін әккі, шындық шымбайына батады деп жүргеніміздің – кімнің аузынан көбік көбірек шашыраса, соның соңынан тұра жүгіретін әулекі бола салатыны жан қинайды.
72. Әккілік жүрген жерде – шын пәтуаның, әулекілік жүрген жерде – шын парасаттың көсегесі көгере қоюы неғайбыл.
73. Кейде сол адам пақырдың сол бес күн тірліктің қамымен жүріп-ақ, арттағы ұрпағы түгілі күллі жұртына ғасырлар бойы мерей бола алатындай ізгіліктер мен игіліктер жасап үлгеретінін де ешкім жоққа шығара қоймас.
74. Бәріміз де жұмыр басты пендеміз. Қай-қайсымыздың да көкірегімізге бір аяқ ас сыяр. Оны жақсы білеміз. Кейде, тіпті, содан басқа ештеңе білмейміз бе деп қорқамын.
75. Дәуірдің зәруін өтейміз деп етегімізге сүрініп жүріп, елден бұрын үн қосуға тырысып талай бос әуре болғанымыз да рас.
76. Жасап-жаңғыру үшін өзінен бұрынғының аузы-мұрнын қан қылу тіпті де шарт емес.
77. Кешегілердің еңбегін елемесек, бүгінгіміздің көңіліне қарамасақ, ертеңгілерді қайдан қарық қыламыз?!
78. Бабалар айтқандай, өлі риза болмай, тірі байымайтынын, ағаның назары жығылғаннан – інінің базары тасымайтындығын, алдыңғының ынсапсыздығы – артқыны имансыз ететінін, үлкеннің жолын кескеннің – көрінбей қаларын, кішінің жолын кескеннің – көмілмей қаларын бір сәт те естен шығармайтын тұс – қазіргідей өтпелі кезең, өліара кезең.
79. Шындықты мойындағаннан ешкім де аласарып қалмайды.
80. Маңдай ашылу үшін тәуекелшіл талап керек.

Шығармалары. Бірінші том

81. Әбубәкір Кердері: «Жігітке ерлік те оңай, билік те оңай, әгәркі қабырғалы болса халқы».
82. Көлденең көп ауыз пәтуа айтып, барды – жалғыз, көпті – аз ғып көрсетіп, бірінің жолын бірі тістескеннен сақтасын.
83. Тәуекелсіз қауым – тәуелсіз бола алмайды, алауыз қауым – азат бола алмайды.
84. Ел тілегі бір-бірімізге көзіміз түзу болғанда ғана түзеледі.
85. Аңғалдық, аңғырттық дүниеге, адамдарға деген қаяусыз сенімнің көрінісі.
86. Өзіне сенбейтін кісі төңірегіндегілердің бойынан ешқандай жақсы сипат, жақсы қасиет көрмейді.
87. Алабөтен өзімшілдіктің ар жағында алабөтен әлсіздік жатады.
88. Бейқамдық пен аңғалдық – аузы күйе қоймаған адамшылық.
89. Өлімін сатқан өзімшілдік өлмеші сорлылықтың белгісі.
90. Өзіне сенетіндер бейқам келеді.
91. Тағдыр: көшедегі көзіңе оттай басылар тұрғыластардан гөрі, Көктөбенің басында көзіңе оттай басылар құлпытастар көбейіп барады.
92. Тәуба ететініміз: төріміз – шырақсыз, еріміз – тұяқсыз емес.
93. Көңіл сабасына түспей, өмір сабасына түспейді.
94. Тірліктің бір суреті: арман – тәрк, адам – ғаріп...
95. Қоғамға сипаттама: арман арналанып үлгергенімен, заман арналанып үлгерген жоқ.
96. Қазір жүрек пен бас, қол мен ақыл қатар қиналып, қатар қимылдайтын кезең: сонда ғана еңбегіміз еш, қаракетіміз – кеш болмайды.
97. Көкірегіңе даңғыл, көмейіңе – бұлбұл орнап тұрғандай елден ерек дара болмысыңнан тайсалмайтын маңдай, таңғалмайтын таңдай жоқ еді.
98. Алтын азбайды, асыл тозбайды: жайсаңның да жадтан шығып, ұмытылмағы тіпті де мүмкін емес.
99. Жолбарыстың жонын шымшылап ойнағандай жүрек жұтқан қайсар шыншылдыққа, тереңнен суырып айтатын, таңдайды қуырып айтатын азаматтық уытқа не жетсін, шіркін!
100. Жанкешті батылдық: «Жарға біткен жантақты жаннан безген нар жейді».

101. Бір-біріңнің ізінді шабақтап жүріп, ортақ мақсатқа жете алмайсың.
102. Көне сөз: «Атаңның – құнын кешетін, ағаңның – қолын шешетін ертеңгі елдікті айтпай, кешегі елдікті айта беретіндердің тілін кесетін кез келді».
103. Азаттыққа үйрену – ең алдымен ынтымаққа үйрену.
104. Өз басым қазақ қоғамдық пікірі баяғы екі ғасыр тоғысынан бермен қарай қалғып жатты деген ұғымға қосыла алмаймын.
105. Атақ шығарып, бақ асырудың жолына түсіп, өлімін сатқаннан сақтасын.
106. Тым ерекше тылсым жұмбақ тұлға: мына дүниеге таңғалуға емес, таңғалдыруға келгендей.
107. Егер жасаған жақсылығыңның шуағы, жамандығыңның жазасы болмаса, онда өмір деп аталатын күйкі күйбеңде қандай мән қалады? Әділет пен қиянат ескерілмес жерде азап та жоқ, тозақ та жоқ. Пері де жоқ, періште де жоқ. Бұйырғанын жеп, тигенін киіп, тап болғанға көніп жүре беретін пенде ғана бар.
108. Төтен сауалдан айламен сытылып кетуге тырысатын рухани алаяқтық – перілік, төтен сауалға тура жауап беруге тырысатын рухани адалдық – періштелік, тырысып қана қоймай, жауап таппай тынбайтын рухани жанқиярлық – пайғамбарлық.
109. Сарабал ойшылдықты тек қана әсердің күші, пайымның күші деп тану шындыққа қиянат болар еді.
110. Өнер, соның ішінде ақындық өнер жанның жүгін ауырлату үшін емес, жеңілдетуге арналған.
111. Замана сипаты: өтірік пен шынды айыра алмай, бір-біріміздің жағамызға жармасып жүріп, бөгденің шылауында кеттік. Қайтадан отаршылдық кебін кидік. Қайтадан кеңге шықпай, көңге оралдық. Жалпымыз шетте қалып, жалқымыз ғана топқа кірдік. Өз жерімізде өркендеп жатқан өркениетке не алыстан көз саттық, не ішіне ене алмай, есік-терезесінен сығалап жүргенімізге мәз болдық. Жетпіс жыл бойы соныдан жол табамыз деп жүріп, сол баяғы тоғыз жолдың торабынан бір-ақ шықтық. Тағы да жол айырығында тұрмыз. Тағы да тағдырымыз талқы үстінде.
112. Күйші туралы ерніңнің ұшымен епсектеп сөйлей алмайсың, ет-бауырың езіліп, еміреніп қана сөйлеу керек.
113. Асылымызға назар әрінің барында, ардағымызға назар – әлінің барында керек екенін уақытында аңғара бермейміз.

Шығармалары. Бірінші том

114. Қуана білмегенге құт қонбайды, бағалай білмегенге бақ тұрмайды.

115. Рухани экологиямызды аздырып-тоздыратын апат өзіміздікін өзімізге көп көретін ескі қасіретімізден – етектен тартпа іштарлығымыздан өніп, өрбиді.

116. Алақаны бар тіршіліктің шапалағы да бар.

117. Тірлік, тәйірі, құйын ғой, ұйтқып-ұйтқып өшетін. Бакыт келте жиын ғой, өтетін де кететін.

118. Өмір шекті болған соң, бәрі шекті.

119. Есерге ештеңе де кедергі емес.

120. Намыс пен жігер бізге біреудің сыбағасына көз аларту үшін емес, өз сыбағамыздан айырылып қалмау үшін керек.

121. Бабаларымыз баяғыда алған абырой бізге бүгін медет болғанымен, дәулет бола алмайды.

122. «Ұлы бабаларымыздай бола алдық» дей алмағанмен, «бола аламыз», «болғымыз келеді» деуге хақылымыз.

123. Зар заман сыны: ата қонысыңның шөлі – сенікі де, көлі – басқаныкі, шаңдағы – сенікі де, астындағы қазынасы – басқаныкі.

124. Шыдай білсек – боламыз!

125. Өліп-талып қолымыз зорға жетіп отырған тәуелсіздіктің қадірін білмей шолжандайтындай біздің қазақ құдіреті күшті құдайдың не туған құдасы, не қарын бөлесі емес.

126. Ел болып алмай тұрып, ешкімнің де жұлдызы жанбайды.

127. Көзі барда өзі, көзі жоқта өнері қауымның басына сүйесін, қолтығына демесін болатын ұлылар дүние тұрғанша тұру үшін туады.

128. Жаманның құтын қашырудың жалғыз жолы – жақсының нұрын тасыту.

129. Әділдік бар жерде ғана елдік бар.

130. Елдік жоқ жерде жаманның иығы шығыңқы, жақсының еңсесі түсіңкі жүреді.

131. Қиянат пен қырсық та қырсызға үйір.

132. Жебірдің тісі жігерсізге өтеді.

133. Ел жүгендемей жатып, дау түгендейміз.

134. Ар қиналмай, жан қиналмайды.

135. Өзіңе сену деген еңбегіңе сену деген сөз.

136. Жеңістің жолы жіңішке.

137. Арман – ұзақ, ғұмыр – қысқа.

138. Талант арманға табынады.

139. Өмір мүмкіндікке бағынады.

140. Өткенді көксейтініміз – жоғалтқанымыздың көптігінен, ертенді көксейтініміз – дәмекеніміздің көптігінен.

141. «Азамат, сені сақтадым бір мүддеме керек деп»... Қайран Махамбет... Айтқан ғой! Айтпай қайтсін, көресіні әбден көргесін...

142. Кекшиме кергімелікті кеменгерлік санайтындар бар.

143. Пәтуасыз уақыт сабырлыны тонап, саналыны арытады.

144. Аттан ауып түскен ақырет емес, тақтан ауып түскен тақсірет емес.

145. Өз басыңнан бақ ауса да, ел басынан бақ аумасын.

146. Біздің қазақ өзін «жылқы мінезді жұртпыз» деп түсінеді. Онысы өзін-өзі мақтағаны емес, сынағаны: жылқы тез арып, тез семіретін жануар. Арыса – арса-арса боп сықпыты қалмайды, семірсе – жалына қол апартпай кекірейіп кетеді.

147. Заман сипаты: теміржұрсау тоталитаризм әлеуметтік бүгежектікке ұрындырды, әлеуметтік бүгежектік – саяси көлгірлікке ұрындырды, саяси көлгірлік – эстетикалық алақолдылыққа ұрындырды.

148. Әңгүдік дәурен: әлеуметтік делқұлылыққа, рухани нақұрыстыққа, саяси қояншықтыққа бой алдырғанымыз сонша, желбіреген тудан басқаға, будақтаған түтіннен басқаға, от түкірген мұржадан басқаға көзімізді, зіркілдеген зеңбірек пен азынаған гудоктан басқаға – құлағымызды тікпейтін болдық. Жайқалған гүлді жырласақ – арзан әсемпаздыққа, жауқазындай жарымыз бен бүлдіршін баламызды жырласақ – күйкі үй-ішілікке, дос-жар ортасын жырласақ – томаға-тұйық тоғышарлыққа бой алдырған болып шықтық.

149. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры, бәрібір, жиырмасыншы ғасыр.

150. Ақын тілін бал мен удан жаратқан деседі. Тілінің балы басым ақындар да, уы басым ақындар да болады.

151. Қиқарлық қайсарлық емес, есерлік ерлік емес.

152. Поэзия – жаратқан иенің әманда жалғыздық торындағы пенделерімен пейілдессін, пікірлессін деп әдейі жаратқан ақ қанат періштесі.

153. Шын ақын өзін өз ұлтының рухани әкесімін деп емес, ең кенже перзентімін деп санайды.

Шығармалары. Бірінші том

154. Тарих – тек өз тұрғысынан қарасаң ғана сырын ашатын тылсым жұмбақ.
155. Елін сүйген азаматқа ең үлкен қайғы – өз халқының тағдырынан тыс қалу.
156. Ұлы шығарма – қашан да өзінің мәңгі көкейкестілігімен ұлы.
157. Өз әдебиеті мен мәдениетінің келешегін ойлаған кемел ақыл өзге мәдениеттер тағдырына да енжар қарай алмайды.
158. Күйзеле сөйлесең де, қорына, торыға сөйлеме!
159. Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік.
160. Ұлтты тану – ұлттық дамудың негізгі шарты.
161. Ұлы тұлғаны уақыт аласарта алмайды.
162. Ізденіс пен ізгілік, мейірбандылық пен кішіпейілділік бағаланбай қалынуы мүмкін емес.
163. Абыройлы азамат: артының сұрауы бар, аузының дуасы бар.
164. Сырт көзге қиқарлық көрінетін кейбір қылықтардың ар жағында үлкен рухани қайсарлық жатады.
165. Өзі жазушы адамға көзі тірі әріптесінің қолжазбасын не кітабын оқып шығу – анау айтқандай оңай шаруа емес.
166. Шабақтың ойыны – бір басқа, шортанның ойыны – бір басқа.
167. Асау арудың – арыны басылғанымен, ұрыншақ ұрғашының – ұры желігі басылмайды.
168. «Зая ғұмыр әдебиеті» деп ат қояр әдебиет те болады.
169. Әділет жоқ жерде асылың жасық, алтының тас боп көрінеді.
170. Қиянатқұмарлық түбі қиянатқа ұрындырады.
171. Жаңа әдебиеттің қарыштап кетуі үшін де «жан драмасы» керек.
172. Дәуреннің өткінші, жұрт көңілінің құбылмалы екендігін жеткілікті түйсінтер оқиғалар болады.
173. Кісілік деген – өнер емес, ғылым.
174. Кісіліктің бірден-бір белгісі елдікті қаншалықты қастерлей алатынымен өлшенеді.
175. Елдіктің жолында өзіңнен зорды құрметтей білу – биік адамгершілік, өзіңмен теңге құлақ асып, қызмет етіп, тілек тілесе білу – ұлы адамгершілік.
176. Ауызға ала салуға, ортаға шала салуға тырысатындар аз кездеспейді.

177. Бұл кісінің алдында тарих ұятты болса, ұятты шығар, ал бұл кісі – тарихтың бетіне тура қарай алатын адал азамат.

178. Көзапара өгейсітушілік көзапара жатырқаушылық туғызады.

179. Елің теңелмей тұрып, өзің теңелмейсің.

180. Шын азаматты – пендешілікке, шын езді – есерлікке жібермейтін ертеңге деген сенім, келешек алдындағы жауапкершілік.

181. Ол бүгін расында да мынау бостандықтың бозала таңында ақ бозға мініп, қыр басынан көрінген Хызыр Илияс сияқты. (Ахмет Байтұрсынов туралы).

182. Құймақұлақ әрі жұқа жүрек шәкірт бола білген адам ғана өнегесі мол кісілікті ұстаз бола алады.

183. Мен бүгіннің бас қатырар жұмбақтарының шешуін өткеннен іздеп табуға мәжбүр кезеңдерде ержеттім.

184. Әдебиеттің міндеті – заманды ұғыну емес, адамды ұғыну.

185. Адамның тұрмыс әшкерелей алмайтын ең бір тұңғыық құпияларын өнер мен билік қана әшкерелеп бере алады. Құштарлықтың бұл екеуінен асқан ғарасат майданы жоқ.

186. Махаббатта дегенге жетуге, құмардан шығуға болады. Ал өнер мен билікте дегенге жету, құмардан шығу еш мүмкін емес.

187. Алдынан үлгі таппаған іні – қараң, артына үміт артпаған аға – қараң.

188. Пушкинге бата беріп-ақ Державиндер тарихта қалып еді. Қай-қайсымыз да Пушкин атануға қарсы болмағанмен, ең болмаса Державиндей іс тындыра алсақ, тобамызға қой айтар ек.

189. Рухани әлем – қашан да қанағатсыз әлем.

190. Пайдакүнемдік мораль адамды қоғамның саналы мүшесінен гөрі айтқанды екі етпейтін тіл алғыш, көзсіз көбелекке, осы заман тілімен айтсақ, не тапсырсаң да тапжылтпай орындап беретін роботқа айналдыруды көздейді.

191. Ақша – қармақ.

192. Адалдық пен абзалдықты тот көме алмайды, өлім жене алмайды.

193. Атағың бар болғаннан гөрі, ұятың бар болғаны дұрысырақ.

194. Пенде шіркін кейде дақпыртты да даңқ деп түсініп қалады.

195. Атақты шатақпен де табуға болады ғой. Хал-қадірің жеткенше ешкімді жарылқап тастамасаң да, ешкімге қиянатың тимей өмір сүре алсаң, міне, сол ғанибет.

196. Замана сипаты: өтпелі кезең десек те, айналмалы кезең десек те қателеспейміз. Меніңше, соңғысы дұрысырақ сияқты.

Сынықшылар бүгін салып кеткен сынығы ертең бұзылып қалса, «сынығың айналмалы екен» дейді. Қазіргі көп құбылыс соны еске салады.

197. Тәуелсіздіктің экономикалық, географиялық оптимдарынан артық болмаса кем маңызға ие емес алғы шарты – демографиялық оптим.

198. Қиын екен деп өмір сүрмеуге болмайды ғой.

199. Кез келген микробтар сияқты рухани микробтардан да тек есік-терезені тарс қымтап қойып сақтана алмайсың. Берік рухани иммунитет керек.

200. Бай мен кедейдің болатынын мойындауға қалай мәжбүр болсақ, екі мәдениеттің де – «жалқыларға» арналған элиталық мәдениет пен «жалпыға» арналған бұқаралық мәдениет барына да көзіміз сондай жете бастады.

201. Жайдақтықты өнер деп ұқтырудың өзіндік пәлсапасы бар. Соны сезінбей тұрып, жайдақ өнерден жалқылар безінгенімен, жалпылар безінбейді.

202. Интеллектуальдык жігер жұмсамай-ақ оп-оңай ләззат алу – тұтынушылық қоғам мәдениетінің ұраны.

203. Тойған тоғышарлыққа халықтың, адамның азаттығы емес, нәпсінің азаттығы керек.

204. Биік талғамсыз, биік парасат жоқ.

205. Рухани бедерсіздік саяси тәуелсіздікті де тәрк етеді.

206. Әділет бар жерде – ынтымақ бар.

207. Империя түбіне социализм жетті ме, социализм түбіне империя жетті ме? Ол әлі зерттей түсуді қажет ететін мәселе.

208. Ұлт мүддесі мен ел игілігі «екі тепкі, бір қамшы» белсенділікті көтермейді.

209. Бізге, әрине, нарық та керек, демократия да керек, бірақ тәуелсіздік бәрінен де керегірек.

210. Әдебиет «құрмет тақтасы» да, «мазақ» тақтасы да емес.

211. Ең қауіптісі – адамдардың сабырларының таусылып, ақылдарының шайқалуы.

212. Сынағысы келген кісіге – мін көп, өкпелегісі келген кісіге – себеп көп.

213. Адам табиғаттың түлегі боп дүниеге келіп, әлеуметтің тұлғасы боп дүниеден өтеді.

214. Замана сипаты: біреулерге – кешегі дәуренмен қоштасуға тура келеді. Олар үшін бұл «күйреу кезеңі». Екінші біреулерге –

қалыптаса бастаған жаңа жағдайға икемделуге тура келеді: олар үшін бұл «өтпелі кезең». Ал үшінші біреулердің – өлгені тіріліп, өшкені жанбақшы, басынан ауып кеткен бақ қайтып оралмақшы: олар үшін бұл «қайта өрлеу», «қайта түлеу кезеңі». Ал төртінші біреулер үшін, атымен жаңа ұрпақтар үшін бұл – шын мәніндегі «дәурендеу» кезеңі.

215. Махаббат – тіршілік мұратының салтанаты.

216. Бағзыдағы Қожаберген жырау айтқан «Үш жүздің еш баласын жат көрмейтін» мінез – тек ел шетіне жау тигенде, ел басына күн туғанда ғана емес, бар кездің бәрінде керек.

217. Арға тартпай, арман – құл, намыс кумай, мақсат – тұл.

218. Ақылға сыйымдылық – жұрт сияқты өмір сүре білу, олардың алдында именшектейтіндей қор да болмау, сескендіретіндей зор да болмау, басқалардың қадір-қасиетін сыйлай білу, өзінді басқаларға сыйлата алардай қадір-қасиетке ие бола алу. Меніңше, ұлттық сана мен ұлттық намыстың негізгі мәні, міне, осында жатқан сияқты.

219. Жақсы болудың жақсылық жасаудан басқа жолы жоқ.

220. Атасыздық – отансыздық, отансыздық – опасыздық, опасыздық – имансыздық.

221. Ұлдарын өлімге қимайтын елдің өзі де өлмейді.

222. Заман бәрібір біздікі. Бостандыққа ұмтылған адамдар мен азаттыққа ұмтылған халықтардікі, тәуелсіздікке ұмтылған мемлекеттердікі.

223. Өз мемлекетінің тәуелсіздігін қастерлеу, өзің тұратын елдің егемендігін құрметтеу – тек патриоттық парыз ғана емес, үлкен гуманистік жауапкершілік.

224. Тәуелсіздікке жету мен оны қорғап қалудың амалы екі басқа.

225. Заманауи мінез: қазір орынсыз момын болуға да, орынсыз пысық болуға да, орынсыз ақылды болуға да болмайды.

226. Артық дәулет көз шығармаса шығармас, ал артық ақылдың көз шығаратыны ып-рас. Өз бағынды өзін байлайсың.

227. Дүниеде құдайдың бергені де ештеңе емес, бергенін қайтарып алғаны да ештеңе емес, бәрінен де берейін деп тұрып, бермей қалғаны жаман. Өлгенше өмірі есіңнен кетпейді.

БАҚЫТ БАҒАСЫН БІЛГЕННІҢ ҒАНА БАСЫНДА ТҰРАДЫ

1. Уақытты таңдамайды, онда өмір сүреді.
2. Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген.
3. Мен эволюциялық дамуды, қоғамды біртіндеп, жан-жақты дайындап алып барып реформалауды жақтаймын.
4. Болып жатқан оқиғаларға енжар қарап, әліптің артын бағатын «кішкене адам», «үнсіз көпшілік» болмауға тиісті.
5. Саяси мұрат пен саяси ақиқаттың орнын алмастыру әлі бұғанасы бекіп, қабырғасы қата қоймаған жас мемлекеттің шаңырағын шайқалтар шатқалаңдарға ұрындыруы мүмкін.
6. Шығыстың саяси мүдделері көбіне-көп дәстүршіл топтардың қолдауына арқа сүйейді.
7. Саяси элита – жалпыұлттық мүдделерді білдіру, оны барынша дәл сәулелендіру, сөйтіп халықтың өзін-өзі танып, бағалау дәрежесін көтеру қабілетімен ғана емес, сол мүдделерді жүзеге асырудың жолын табу қабілетімен де дараланып тұруға тиіс.
8. Көзсіз көнтерілілік те, ессіз күстаналық та бірдей қауіпті.
9. Мен тирания мен авторитаризмді жан-тәніммен жек көремін. Бірақ демократияны да асыра бағалағым келмейді. «Неғұрлым көптің сөзі – солғұрлым әділ шешім» деуге бейім тұратын сыңарезуліктен сескенемін.
10. Біздің демократиямыздың негізі – саяси, әлеуметтік және ұлттаралық келісім.
11. Демократия жарлықпен орнатылмайды.
12. Демократия – оппозиция қызметіне жол ашу ғана емес, мемлекеттіліктің бір түрі, қоғамдық-саяси өмір ахуалының белгілі бір деңгейі.
13. Демократия мен әсіредемократия – екі басқа ұғымдар.
14. Сайлаудың билікке лайықты адамдардың келуіне көмектесетіні рас, бірақ оның қоғамдағы биліктен әлдеқайда аулақ жүргені артық кездейсоқ адамдардан қорғауға ешқандай кепілдік бере алмайтыны да ақиқат.
15. Бір кезде біреулердің еркінің қолжаулығы болсақ, енді тағы біреулердің пікірінің қолжаулығына айналмасақ екен деймін.
16. Мен адам ретінде де, саясатшы ретінде де бір нәрсені анық түсінемін: демократия институттары да, нарық институттары да

өте маңызды. Ол екеуінсіз – осы заманғы қоғамға айналу мүмкін емес. Алайда олар – қоғам өмірінің мәні емес, белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданатын құралы.

17. Қазақ халқы жиырмасыншы ғасырдың бүкіл өнбойында өзге халықтар түсінде көрсе шошып оянардай қасіретті оқиғаларды бастан кешірді. Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай алатын қайратына қайран қаламын.

18. Билік үшін күрестегі батылдық пен билік басындағы батылдық екі басқа.

19. Парламент – саяси мәміле мектебі.

20. Мен әлдебір әдемі қисындардан гөрі, қарапайым ақылға қонымды істерді әлдеқайда артық санаймын.

21. Қайдағы бір идея үшін екіқабат әйелдің ішін жару керектігіне мені ешкім де сендіре алмайды. Ондай идея жоқ!

22. Ядролық қару – жиырмасыншы ғасырдың зор қасіреті.

23. Қазақтар талай рет тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге деген құштарлық, азаттық аңсары еңсесі түскен елді қайыра түлетіп, қайтадан тәуекел тұғырына қондырып отырды.

24. Горбачев жұрттың бәрін диалогқа шақыратын, бірақ тек өзі ғана сөйлейтін.

25. Горбачевтің саясаты сағаттың тіліндей айналып, құбылушы еді.

26. Мен жаңашылдықты тым жадағай түсінетін «төңкерісшіл романтиктерге» қосылмаймын. Ештеңе де көктен аяғы салбырап түсіп, өзінен-өзі көсегесі көгеріп кетпейді ғой.

27. Анық көзім жеткені: билік басындағылардың популизмі де билік басындағыларға қарсылардың популизмінен кем қауіпті емес.

28. Популистік идеология қоғамның бағын ашар баянды идеология бола алмайды.

29. Ұлттық идеяны ұлттық астамшылық идеясына айналдыру ешбір этносқа да опа берген емес.

30. Егер қоғам билікті тек оның сыртқы әлем-жәлемі үшін ұнататындарға сеніп қалса, оңбай кателеседі.

31. Нағыз саясатшыға кемінде үш қасиет керек: теориялық дайындық, экономикалық қызмет тәжірибесі және қабылданған шешімдерді орындауға деген жауапкершілік.

32. Қазір ынтымақтасу мен іскерлік кезеңі. Қазір адамдардың өмірін жақсартуға бағытталған шағын қадамның өзі шалқыған даңғаза ұраншылдық пен үдере үндеушіліктен әлдеқайда маңызды.

33. Көпұлттылық – қоғамның кемшілігі емес, артықшылығы.

34. Адам баласы қай жерде жүрсе де, өмірге шыр етіп түсіп, ана әлдиін естігеннен бастап өзін «қазақпын», «орыспын», «украинмын», «өзбекпін» деп сезінеді. Адам бойындағы бұл сезімді қандай аса зор идеологиялық қарумен атқыласаң да, құртып жібере алмайсың.

35. Ұлт мәселелерін шешудің әмбебап әдістері болмайды.

36. Бүкіл кеңестік тарих «жолында» халықтардың құқын таптау мен тікелей геноцид қаны бар.

37. Саяси сұрқияларды адамның көз жасы да, кінәсіз құрбандықтар да тоқтата алмайды.

38. Өткенге қарап, ертеңді түзе.

39. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.

40. Әр халықтың өз болашағын өзі таңдауға сөзсіз құқы бар. Алайда оны жүзеге асыру басқа этностардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс.

41. Кезінде Д.И.Менделеев жердегі зұлымдықтарға тиісінше жауап қайтарып отыратын космостың, «әлемдік эфирдің» бар екендігі туралы айтқан болатын. Ұлы ғалымның сөзі шындық болуы да ғажап емес. Ең ауыр табиғат апаттары бейкүнә адамдардың қаны төгілген елдерге төніп жүргені ақиқат қой.

42. Демократиялық институттардың пайда болуы – өзінен-өзі жағдайды түзеп, ұлтаралық қатынастарға қатысты проблемаларды бірден шешіп бере қояды деп есептеу қате.

43. XX ғасыр қазақтарды өз Отанында азшылыққа айналдырған қасіретті оқиғалар ғасыр болғаны үшін қазақтар кінәлі емес.

44. Тарих пен тіл тамырлас.

45. Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп атар едім. Оның біріншісі, әрине – ата-бабаларымыз өздерінің қанын төгіп, жанын беріп жүріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз – сол ата-бабаларымыздың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі.

46. «Өз тілімізбен өмір сүрейік!» бұдан артық қалай айтуға болады? Қажет десеңіздер, одан да оңайлатып айтайын: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!».

47. Отаршыл заманды еске салып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің төл заңдылықтарын, табиғи үйлесімін бұзып тұрған атауларды да өзгерту керек.

48. Иә, мен біздің кең-байтақ Отанымызда тыныштық пен бейбітшілік болғанын қалаймын. Ол миллиондаған қазақстандық отбасылар үшін қажет. Мен қайғыдан шашы ағарып кеткен әзіз аналардың мырыш табыт құшақтап отырып, егіліп перзенттерін жоқтағанын, жастардың жалыны тұтанбай жатып, қанаты қиылып, мүгедек болғанын, қариялар жермен жексен болған үйлерінің орнын іздеп шарқ ұрып, нақақтан көз жасын төккенін қаламаймын.

49. Ұлттың ұлы бақыты – Қазақстан жаңа үшінші мыңжылдыққа дербес тәуелсіз мемлекет болып қадам басты!

50. Қазақ тарихында қазақ ұялатындай ештеңе де жоқ.

51. Өркениет кеңістігінен өз орныңды табу үшін биік мәдениет керек.

52. Күшті ұлт болу үшін, алдымен, ішкі бірлік, ұйымшылдық пен татулық қажет.

53. Біз әлемдік мәдени құндылықтармен үндес жаңа заманғы қазақтың озық мәдениетін қалыптастыруымыз керек.

54. Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл.

55. Қазақ та енді үлкен ұлтқа тән төзім мен сабырлы мінез көрсетуі керек.

56. Діннің тұтастығы – елдің тұтастығы: діни алауыздық ұлттық алауыздыққа апарып соқтырады.

57. Ұлттық сипатқа айналған дәстүріміз бен дүниетанымымызға сырттан келіп, түзету жасағысы келгендерге жол бере алмайтындығымызды ашық айтамыз.

58. Жалпы екі заттан – діни фанатизм мен діни көрсоқырлықтан бірдей сақтанған жөн.

59. Экономика мәселелерін түбегейлі шешу үшін, ең алдымен, замана талабына сай қарымды, ойы ұшқыр, зерек те зейінді мамандар керек.

60. Дүниеде қазақ деген ұлт – біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы мен әдет-ғұрпы да – жалпы қазаққа бірдей тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп-жаруға келмейтін ортақ қазына.

61. Өз ұлтын сүю, шын мәнінде нағыз қазақ болу өзге ұлт өкілдеріне астамшылықпен қарау деген сөз емес.

62. Ауыл дегеніміз – халықтық тұрмыс-салтымыздың, ұлттық мәдениетіміз бен әдет-ғұрпымыздың, рухымыздың қайнар көзі.

63. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қауымдастықтағы беделінің өсуіне қызмет етуге парыздармыз.

64. Біз Азияда өмір сүріп жатырмыз. Дүниедегі ең ірі діндердің бәрі – иудаизм, буддизм, христиан, ислам осы құрлықта дүниеге келген. Күллі адамзат ұстаздары атанған Лао Цзы, Гаутама, Будда, Иисус Христос, Мұхамедтен бастап Мохатмаға дейінгі аса ірі ақылмандар осында туып-өскен.

65. Мемлекеттің рухани ұстыны, адамгершілік қуаты мен өркениеттілік деңгейі көп ретте ғылым, мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің белсенділігіне қарай айқындалады. Сондықтан да қоғамда жазушы, ғалым, әртіс сөзі өтімді.

66. Шовинизм мен ұлтшылдық сезімдерін қоздыру әрекеттері қашанда халықтың көпшілік бөлігінің наразылығын туғызады. Қазір бізде русофобия күрт кеміп, қазақы дәстүрлер мен қазақ тілінің жаңғыру процесі табиғи құбылыс ретінде қабылданатын болды.

67. Қазақстан өзінің ішкі және сыртқы саясатында діни принциптерді ұстанушы ел бола алмайды. Діни тұғырнамалар негізінде партиялар құру туралы да сөз болуы мүмкін емес.

68. Қазақстан 2030 жылға дейін Орта Азия барысына айналып, басқа дамушы елдерге үлгі болу дәрежесіне жететініне мен кәміл сенемін.

69. Ештеңе де өзінен-өзі аспаннан аяғы салбырап түсе қалмайды. Өсу, тұрақты даму жағдайына жету үшін де белгілі бір кезеңдерден өту қажет. Оларды аттап кете алмайсың.

70. Өз қатенді өзін түсініп, өзін түзете біл – саясатшы даналығы дегеніміз де осы!

71. Отанды сүю – өркениеттіліктің бірінші белгісі.

72. Қай жерге барсам да, ешбір елден «қазақ диаспорасы тынышымызды алды» деген сөз естіген емеспін. Бұл да – ұлттық деңгейдегі естиярлықтың белгісі.

73. Қазақстан біздің балаларымыз бен немерелеріміз мақтан тұтатын елге айналса екен деген үкілі үмітіміз бен асыл арманымызды ақиқатқа айналдырар игі істерді бізге біздің өзімізден басқа ешкім де атқарып бермейді.

74. Кеше әлі ерте болған, ал ертең – кеш болып қалуы мүмкін бір сәттер болады.

75. Жер астындағы байлық – бір біздің ғана емес, бүкіл келер ұрпақтардың ортақ несібесі.

76. Ең бастысы – адам факторы: оның еркі, күш-жігері, табандылығы мен білімі. Гүлденіп даму мен тәуелсіздікке аттар табалдырықтың алтын кілтін де осы шамадан іздеген жөн.

77. Ғаламдық тәжірибенің күнгейінен ғана емес, көлеңкелі тұстарынан да тағлым алу керек.

78. Біздің стратегиялық міндетіміз – ел тұрғындары арасындағы түрлі топтардың бірлігін сақтау, жеке және қоғамдық бастаулардың жақсы жарасымын табу. Мұның өзі қоғамымызға тән консенсустық-иерархиялық дәстүрлерді байыта түсуге мүмкіндік береді.

79. Ат төбеліндей ауқаттылар тобы қалың кедейлер тобынан тым шалғай оқшауланып кеткен қоғам гүлденіп-дамымақ түгіл, өмір сүрудің өзіне қабілетсіз болып шығады.

80. Мемлекет те адамның ақыл-ойын бірден өзгертіп, мүлдем басқа арнаға бұра алмайды.

81. Іргетас орнатумен іс біте ме: одан кейін қабырға қалау, қабаттар көтеру, төбе жабу бар ғой.

82. Кейде бүгінгі мүмкіндіктердің ертең қатерге айналуы немесе керісінше болып шығуы да әбден мүмкін.

83. Сен үшін шенеунік шешім қабылдайтын қоғам кешегі қоғам.

84. Жаңа құндылықтар жастардың жүрегіне тезірек жол табады.

85. Табысты дамуға қажетті шарт – бейбітшілік, тату көршілік және өзара сенім ахуалын орнықтыру.

86. Соғысқа, бақталастыққа, бәсеке мен егеске еліккен елдер тоқырау мен артта қалушылық торына шырмалып өз ресурстарын, уақыты мен күшін босқа шығындайды.

87. Өзгенің есебінен жақсы көрініп, жарылқаушы атануға, ел мүддесіне нұқсан келтіруге болмайды.

88. Оналту үшін кейде оташылдық тәсілді де қолдануға тура келеді.

89. Кез келген шаруаға жөнді-жөнсіз киліге беру, қоғамнан ақпарат жасыруға итермелейтін әсіреқұпияшылдық, жікшілдік пен жершілдік, топшылдық пен ведомоствошылдық, ұжымдық жауапсыздық, азаматтық сүреңсіздік пен бойкүйездік, жосықсыз және көп сатылы құрылым, сыбайлас жемқорлық – міне, бұрынғы режим қанға құйып кеткен және соңғы жылдары анық көрініс тауып отырған, сөйтіп жасырын нысаннан ашық ахуалға айналған төрешілдік «қадір-қасиетіміздің» бір парасы осы.

90. Иә, бүгін бәріміз де қиындықтар салмағын сезінудеміз, бірақ қиындықсыз кезең болған ба: тарихтың парағы – кітаптың парағы емес қой.

91. Ұлт өзінің мемлекетінсіз ұлт болып өмір сүре алмақ емес.

92. Біз тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба жолымен алдық деп ойлаймын.

93. Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның туын, елтаңбасын, әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы осы.

94. Алда тұрған сын белестерден білекке – білек, жүрекке – жүрек, тілекке – тілек қоса білсек қана абыройлы өте аламыз.

95. Менің сенетінім – жақсылық, менің сенетінім – болашақ!

96. Алматы – біздің тәуелсіздігіміздің алтын бесігі, мемлекеттілігіміздің алтын дінгегі.

97. Адам уақытқа өкпе артпауы керек: одан жеңіл болмайды.

98. Еңбек ет, өзіңді, отбасыңды асыра, бала-шағаңның қамын ойла өзіңе де жақсы, үкіметке де жақсы.

99. Поэзия – біздің рухани анамыз. Өйткені, тіліміз бен діліміз, елдігіміз бен сеніміміз соның арқасында қалыптасты.

100. Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз.

101. Шүкір, ел есін жиды: тілден артық қазына, тілден артық қасиет жоқ екенін кештеу де болса түсіндік.

102. Жүзге, руға бөлушілік – қоғамды артқа тартатын, ұлт тұтастығына нұқсан келтіретін нәрсе.

103. Нарық – жалаң мақсат емес, ол экономиканы, кәсіпкерлік инициативаны дамытуға, өндіріс пен қызмет көрсету саласын адамдардың қажетін қанағаттандыру және олардың тұрмыс жағдайын жақсартуға қарай бұрудың әміршіл жүйеге қарағанда неғұрлым жетілдірілген құралы.

104. Әлемдік өркениеттің үздік жетістіктерін, басқа халықтардың рухани қазыналарын бойымызға сіңіру қанша маңызды болса да, біздің әрқайсымыз өзіміздің терең тамырымыз, туған жеріміз туралы есте ұстап, қандай елдің азаматтары екенімізге есеп беруіміз қажет.

105. Адам мен адамды, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті жалғастырар ең берік дәнекер – мүдде жақындығы.

106. Идеялық бағдарламалар догмаларға емес, өмірдің ақиқат шындығына сүйенгені маңызды.

107. Жер жақындығы тағдырың мен тарихыңды жақындастырмай қоймайды.

108. Идеология – адамдардың қоғамдастығын саяси және экономикалық міндеттерді шешуге топтастыру мен жұмылдырудың

уақыт тезінен өткен тәсілі, әлеуметтік мінез-құлық қалыптастыру тетігі, бірақ күштеп зорлау тәсілі емес, қайта мемлекеттің және оның тұғырнамасын қолдайтын партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың адамдардың ақыл-ойына өркениетті түрде ықпал ету тәсілі.

109. Кез келген қоғам негізгі төрт проблема – саяси, экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық проблема кешенді де, жүйелі түрде шешіліп отырғанда ғана қалыпты түрде дами алады. Егер олардың біреуі назардан тыс қалса, онда қоғамның дамуы тиімсіз болып, әлеуметтік келеңсіздіктер басталады.

110. Адамзат өркениеті экономикада – шаруашылық жүргізудің нарықтық тетігінен, саясатта – демократиядан, идеологияда – пікір алуандығынан тиімді еш нәрсе тапқан жоқ.

111. Бақыт бағасын білгеннің ғана басында тұрады.

112. ХХІ ғасыр қазақ халқының жұлдызы жанатын ғасыр болатынына сенемін!

113. Құдай қазаққа қырын қарамаған: пейіліне сай етіп ұланғайыр жер берген, астын-үстін толтырып кен берген, мейірбан, ақ көңіл, адал ел берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген.

114. Ар-намыссыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл.

115. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары. Абайдың мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін, қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді.

116. Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық.

117. Мен өз халқымды сүйемін. Оның мені бала кезімнен сабыр мен парасатқа баулығанын мақтан тұтамын.

118. Біз кедейлер мемлекеті болып көрдік. Мемлекет, ең алдымен, орта таптың – фермерлердің, «ақ жағалылар» мен «көк жағалылардың», интеллигенцияның, ұсақ буржуазияның мүддесін білдіруге тиіс. Кезінде большевиктердің осы топтардың бәріне ерекше шүйліккені тегін емес.

119. Қоғамдық сана мен мораль алкогольге барынша қарсы тұруға тиіс, мемлекет те осындай сезімге тәрбиелеуге тиіс.

120. Біз – жігерлі халықпыз.

121. Дағдарыстар келеді, кетеді.

122. Астанасына қарап, елін таниды.

123. Садағаң кетейін, айналайын халқым! Сенің мүддең жолында бойдағы қуат, ойдағы нәрдің бәрін сарп етуге бейілмін.

124. Тек еркін де демократиялық қоғам ғана біздің таяу болашақтағы тұрақтылығымыз бен бақытты өміріміздің кепілі бола алады.

125. Мен осы халықтың қаны мен жанынан жаралған перзентпін, сондықтан да қиын кезеңде өз мойныма түскен ауыр жүкті мойымай көтеруге міндеттімін.

126. Алға қарайтын кез келді. Іске кірісер кез келді. Ерік-жігерімізді танытатын кез келді. Өмірді өзгертетін кез келді!

127. Қазақстан Республикасында демократия барған сайын өмір нормасына айналып келеді деп ашық айта аламыз. Бұл – енді бір-жолата жасалған таңдау. Біз үшін басқа жол жоқ.

128. Тәуелсіздік – тарихтың мәңгіге берген еншісі емес, халықтардың мамыражай өмір сүруіне берілген кепілдік те емес: аңғал болмағанымыз абзал.

129. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың мемлекеттік дәрежеде кемеңгерлікпен ойлай білуі осыдан жарты ғасыр бұрын,

1948 жылы, Қазақстан астанасын Ақмола қаласына көшіруге кеңес беруінен айқын көрінеді.

130. Абылай – құдіретті хан. Қазақ халқының мемлекеттілігі мен тәуелсіздігі осынау даңқты есіммен тығыз байланысты. Аруақты бабамыздың аңсаған үш арманы – тыныштық, кәсіп, тәуелсіздік еді. Бүгінгі күн ол мақсаттар орындалып, ел еңсесі көтеріліп келеді.

131. Отансыз адам – қай жерде жүрсе де бейшара адам. Өзіңнің еліңе, Отаныңа, жеріңе, ата-бабаңның төккен қаны мен теріңе адал болуың керек. Қайда жүрсе де, не істесе де қазағын, елін ойлап, осыны көркейтсем, кіндік қаным тамған елім аман болып, оның дәрежесі жоғары болса, қай мемлекетке барсам да мені сыйлайды деген түсінікте болу керек.

132. Дүние ғаламдық, өзара тәуелділік сипат алды, онда ғаламдық әріптестік үстемдік ету үшін ол шын мәнінде берік принципке айналуы тиіс.

133. Еліміздегі өзара сенімге негізделген этносаралық, этномәдени және дінаралық қатынастарды нығайту, Қазақстан қоғамындағы рухани келісім сабақтастығын орнықтыра беру – біздің негізгі міндетіміз.

134. Мемлекетіміздің діңгегі – қазақ халқы. Ел де, жер де – қазақтыкі. Ел болудың ұяты да біздің жұрттың мойнында.

135. Жалтақтық пен жалпақшешейлікті суқаным сүймейді.

136. Ең асыл қазына – бірлік.

137. Менің атам да, анам да – қазақ. Менің жаным, жүрегім – қазақ. Қазақпын деп айтуға ешқашан намыстанған кезім жоқ. Намыстанбаймын да. Қайта маған тіл, діл, өмір, тіршілік сыйлаған туған халқыма бар есті тірлігімде қарыздар болып өтуге бармын. Ұлттың ұлы болмай тұрып, адамзаттың перзенті болу мүмкін бе? Мүмкін емес.

138. Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма – Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс.

139. Өнерсіз елдің өрісі тар.

140. Дауы таусылмайтын елдің жауы да таусылмайды.

141. Жаулықтың ең үлкені, ең қиыны – ынтымақ үшін ымыраға бара алмау.

142. Басшылары мықты боп, қосшылары күпті болған көш мықты көш емес.

143. Қауесет деген қара күйе сияқты: күйдірмейді, бірақ қара күйесін жағады.

144. Қан – көзсіз жау.

145. Тарих тәжірибесіне көз жүгіртсек, қандай болмасын демократияңыз елдік мінезге, халықтық қалыпқа, мемлекеттік тәртіпке бой ұсынып отырған. Осы үш нәрсе бойынан табылмаған жерде демократияның күлі көкке ұшып, демагогияның құбыжығына айналуы күмәнсіз.

146. Отаншылдық рухы бізге ауадай қажет.

147. Саясат безбеншісі – ел.

148. Мемлекеттік идеологияның бізге аса қажет бір ірі бұтағы, қомақты тармағы – халықты, ұрпақты патриотизмге, отаншылдық рухқа, елді, жерді сүйуге, қорғауға жұмылдыру.

149. Жол іздеп табар берік билік, терең танымың болмаса адасуың түк емес.

150. Тарихтан әділдік сұрай отырып, Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзге ұлттарға өзіміздің әділетсіздік жасағанымыз жараспайды.

151. Ұлт мерейін үстем еткен аруақтар алдында сөзіміз де, ісіміз де адал болуға тиісті.

152. Демократияның әдемі тонын жамылып, айнала бере өзгенің қолымен от көсеп, өтірік өзеуреп, жүгенсіздікке жол беру, сайып келгенде, бейберекеттік пен қылмыстың көк тұманына батыру, өзің отырған бұтақты балталаумен бірдей.

153. Ауылдың амандығы – елдің амандығы.

154. Еуразия идеясы мен үшін, ең алдымен, ынтымақтастық идеясы.

155. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.

156. Мен бір нәрсені нық айтып, берік уәде бере аламын: Қазақстанда адамның еңсесін басатын мемлекет орнамайды.

157. Әлсіздің өзіне одақтас таңдай алмайтыны, қайта өзінен күштіге бағынуға мәжбүр болатыны ежелден белгілі.

158. Мұсылман діні мен христиан діні – Қазақстанның рухани дүниесінің қос қанаты.

159. Маған рухани күш, яғни адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен діни сенім бір-бірімен тығыз байланысып, қатар жүретін сияқты көрінеді де тұрады.

160. Мен адам Құдайға жақын болу үшін оған қарай өмір бойы сапар шегуі керек дегенді жұбаныш етемін.

161. Құдайға құлшылық ету жас кезде де, егде тартқанда да жарасады.

162. Егер саяси оппозиция болмаса, онда оны болдыруға тырысу керек.

163. Қоғамдық тепе-теңдікті сақтауда алуан түрлі парықсыз экстремистер мен саясаткерлерден қатерлі ешкім жоқ. Өйткені, олар қоғамдағы келеңсіздікті қоздырған үстіне қоздыра түсу арқылы лай судың бетіне қалқып шығуға, сөйтіп қайтсе де өздерін көрсетіп қалуды ғана ойлайды.

164. Байсалды саясаткер өзімнің іс-әрекеттерім баспасөз бетінде нашар баға алып қалуы мүмкін-ау деген қауіп-қатерден қорықпауға тиіс.

165. Еуразияның ең бір бай да бірегей мәдениеті – қазақ мәдениеті.

166. Интеллигенция – ұлттық мүддені мейлінше бедерлі бейнелейтін әлеуметтік топ.

167. 1986 жылғы желтоқсан қазақ жастарының ұлттық санасының қаншалықты өскенін көрсетіп берді. Бір ғасыр бойы халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған өктемдік үрдістің алдындағы қорқыныш алғаш рет еңсерілді. Жастар айдай әлемнің алдында кез келген ұлтқа тән ұлттық намыс бұдан былай ешқандай баса-көктеуге мойынсұнбайтынын паш етіп берді.

168. Шынайы ұлттық сана жоқ жерде өзге ұлттар мен өзге ұлттық мәдениеттерді шынайы құрметтеу де мүмкін емес нәрсе.

169. Өткенімізді табанға салып таптағаннан ләззат алатын саясатшылар мен журналистерді түсінбеймін.

170. Саясаттың негізгі мақсаты – адам, қоғам, ел қамы.

171. Мәдениет деген ұғымда адам онсыз өмір сүре алмайтын аса нәзік құбылыстар тоғысқан.

172. Тарих үшін тым қысқа мерзімде тынған істерді ойлай отырып, мен адам ретінде де, өз халқымның перзенті ретінде де, Қазақстанның әлемдік қауымдастық мемлекеттерімен шын мәніндегі терезесі тең ықпалдас бола алғанын зор мақтаныш етемін. Тарихтың осындай ұмытылмас кезеңінде әлемдік сахнада өз елімнің өкілі болу бақытына ие болғаным үшін де тағдырыма шексіз ризамын.

ЖОМАРТ ӘБДІХАЛЫҚ

МҰРАТ БІТКЕННІҢ ҰЛЫСЫ – АДАМДАР АРАСЫНДАҒЫ ЖАРАСТЫҚ

1. Ой, дүние-ай! Талай тазалықтың беті қан жоса, қанжылым тартып кетті-ау. Адалдықтың қорғаны бола алармысың, сірә...

2. Нақ диалектикалық зердемен дамып келе жатқан, дұрыс идеал ұстанған (тым болмаса, түсінігі кемел) азаматтарың, кәне? Міне, қазір дөп кезеңі емес пе, неге қаулап келіп, жаппай еңсе көрсетпей отыр олар?

3. Өнер аясы – көзқарастар алаңы, білік пен парасат майданы.

4. Ақылды адам да өз өмірін ақымақ тіршіліктен бастайды. Қай дәуірде де солай болатын шығар...

5. Сабырлы толқын – жайлы тіршілік: бары да, жоғы да күйзелткендей емес. Бәрібір жайбарақат бола алмайсың. Әр нәрсенің өз салмағын біліп, абыржу да ретті.

6. Менің бір көзім жеткені: көпшілік өзі туралы өзі біліп беретін бағасында көп қателеспейді.

7. Издегенің неғұрлым көп адаммен тағдырлас қимылға ұласса – тыныштық, тояттық сонда ғана...

8. Күнделікті күнкөріс қамынан қашып құтыла алмайсың: қала-қалама – күйттеуің керек...

9. Өмірдің жаңғыруы – үнемі болып тұратын құбылыс, ол – адамның санасындағы күрес, тіршілік қам-қарекеті.

10. Теңгермешілдіктің қандайы да жақсы емес.

11. Баланың сәби дидарынан мөлдір, пәк нәрсе бар ма? Оны сүймеу күнә ғой!

12. Дүние – күрделі, ыланды, қалай бұрап ұрсаң да, апшысы қуырылмас ұлан-ғайыр үрдіс. Ұйқы-тұйқысын сезінгенде, жалғыз-жарымның өмірі бір шөкім шарпы бұлт тәріздес болып қалады.

13. Өмірдің жеңуші күші қашан да озбыр.
14. Өмір естен тандырып күлгізбейді де. Әр нәрсенің себеп-салдарын біліп қалған соң, күйзеліп-күңіренуге де орын қала бермейді.
15. Қазіргі мемлекет заңы: ең әуелі күнінді көр, күнделікті күйбеңге жұмыл!
16. Стилль деген – адамның ой өрнегі, мінезі мен мәдениетінің мәйегі.
17. Дүние – аумалы-төкпелі, өнбелі-өшпелі нәрсе.
18. Прогресс жолындағы бүкіл адамзаттың үлкен ынтызар бір мұраты бар: ол – адам баласын езгіден, мәжбүрлік атаулыдан құтқару.
19. Адамдар айсберг тәрізді.
20. Кінәласу басталған жерде жақындыққа қылау түсті дей бер.
21. Балаға (өз балаға – тіпті) адал еміренуден бақытты сезім жоқ-ау.
22. Қазір стихиялы дамудың заманы емес, мемлекеттік машина адамның қай саладағы болсын дербестігін шідерлеп тұрған заман.
23. Түп-ақырда мемлекеттің жойылуына дейінгі дәуірге тек мемлекеттік басшылық бастап (ұйымдастырып, тәрбиелеп) апаратын болғандықтан, біз оларға талап пен кінәні бірдей жүктеуге праволымыз.
24. Біздің елде, әдетте, басқарушы халықтан (тіпті, еңбекші тап өкілінен) сұрыпталып алынады, бірақ шындығында басқарушыны басшы таңдайды. Халық (ұйымдастырудың арқасында) бірауыздылықпен мақұлдайды. Мұндай демократия бір басшыны бір басшыға мадақтатып, оны халыққа мақұлдатуға дейінгі ұйымдастырушылыққа ұласқан.
25. Халық бәрін сезеді, бірақ қармануы үнемі кейін.
26. Ұйымдастыру деген – аса құдіретті әдіс. Ал оның өзін басшылық жүргізген жағдайда, бүкілхалықтық ырық солардың дегеніне көшпей ме?! Міне, бұл ретте де басшылық жауапкершіліктің бел ортасында тұр.
27. Революция – тарихи ситуация, іс жүзіндегі (практикадағы) социализм – соның тікелей жалғасы.
28. Көркем образ – эстетикалық көзқарастардың концепциясы.
29. Адам – аз болса, екіұдай, әйтпесе, одан да көп пиғыл, аңсар, түсінік, бастаулардың жиынтығынан тұратын жаратылыс.
30. Білместіктен білуге талпынған сапарда қайта ашылар «Америка» аз болмасқа керек.
31. Шіркін, ғылымқор білгішім-ай!

32. Көркемөнердің дінгегі – адам! Өнер туындысындағы об-раз күрделі жаратылыстың объективтік-субъективтік күллі байла-ныс, қарым-қатынастарындағы кемел біртұтастығымен құнды һәм әсерлі.

33. Өмірдегі қандай қиюласқан қызық оқиға болсын тікелей көркем идея, концепцияға айнала алмайды. Ол белгілі бір бай-ланыстарға түскен кезде ғана құнды.

34. Жазу – адамның саналы, мақсатты еңбек әрекетінің бір түрі.

35. Менің халық жөніндегі оптимизімде шек жоқ! Өзіндік ерек-шеліктерді ұлы мұрат арнасында танып, одан әрі жалғастыруға күш салған халық осал «тобыр» емес. Шаптарына шок түскендей бола берсін өзімшіл менмендер, біз болмысымызды танымай, та-нытпай тұра алмайтын санаға іліктік. Ол өрши түседі әлі. Қайран қалмау мүмкін емес! Аласапыран, астан-кестен сүреңмен жүріп, төзіп-тұншыға, буынып-булығы жүре дәуірлік таным деңгейіндегі ояну творчествосына іліктік. Бұл – ғажап құбылыс!

36. Саясат – керемет сыры бар феномен!

37. Өткен үшін зілденіп, зарланып жатпау керек. Мәселе, ертеңге қызмет ететін бүгінгі таным мен парасат-пайымда жатыр.

38. Тарих дегеніміз – қажеттіліктің, кездейсоқтықтың, мәжбүр-ліктің объективті феноменге ұласуы.

39. Махамбеттің батырлық рухының, Тәттімбеттің күй құді-регінің аруағы жаңаша дәуірлейтін шақ келді, достым!

40. Философия ғылымын «пәлсапа» көріп, ауызекі әжуаға ай-налдыруға әуес сыншысымақтар сондық «жазасын» тартып та жүр, әлі тартады да!

41. Адам – соқыр сезімдер шылауындағы секемшіл жаратылыс.

42. Қазақ оқырмандары – теориялық ойға, жүйелі түсінікке күні бүгінге дейін (өз ана тілінде) үй сыртынан түшкіріп жүрген халық.

43. Мүдде мәселесі – адам баласы жер басып жүргенде қашан да алдынан шығар, қашан да аузынан түспес ең өзекті проблема.

44. Өз мүддесін дұрыс түсіну деңгейіне көтерілмеген халық (адам) тарихи жүйелі істер (қимыл-әрекет) атқару жолына шығып, мәнді-мағыналы өмір сүре алмайды.

45. Біздің жұртымыз – өз тілі түсінігінде философиялық дәстүр түзген халық емес.

46. Өнердегі ұшқырлықты да жоққа шығаруға болмас, бірақ мазмұн байлығы мен тереңдік оның құрбандығына шалынбауы керек.

47. Бүгінгі суреткер нысанасын тек замана ауқымындағы бетке ұрды үлкен қайшылықтар (таптық күрес, антогонистік системалар, идеологиялық, моральдік қайшылықтар) ғана айқындап отырған жоқ.

48. Таным мәселелерін қазақ авторларының өз орындығында отырып сөз ететін кезең – зор арман!

49. Қала жұрты қалтылдақ.

50. Біздің халықтың өзге жұртқа өз нұсқасында жариялап ұсына-тындай сана құбылысын өз алдына сөз еткен еңбектері жоққа тән.

51. Халықтық болмыстың бүгінгі-ертеңгі қалпына сын көзбен қарап, құндысын сұрыптау үшін ойлау стихиясын жетілдіру керек.

52. Сен кейісің, асықтырасың – ал мен Гегельді түсіну үшін, оның алдында Гегельді түсіндіргендерді түсіну үшін қанша уақыт жіберді десеңші!

53. Халықтық болмысқа ортақтасу қай заманда да оңай шаруа болмаған.

54. Заман сұрқы мынау... Адамдар кіндік қазығынан алшақтап барады. Бір-бірінен суысып бара жатқанға ұқсайды... Шарттылық, шектелу басым. Үндестік, үйлесім, қылаусыз жарасым табу қиындап барады...

55. Мұрат біткеннің ұлысы – адамдар арасындағы жарастық (гармония)! Ең маңдайалды шындық осы!

56. Халыққа айтар сөзде кемшілік, тексеріссіз пікір жіберіп алу – кешірімсіз жай!

57. Біздің көп зиялыларымыз (интеллигенттеріміз) көзқарастың біртұтас үйлесімді жүйе екеніне мән бермейді. Бір буыннан шашау шығарып алдың ба, бүкіл арқауға сетінеу түсті дей бер.

58. Өз жүрегің күмәнді нәрсені өзгені сендіру үшін қалай айтарсың?!

59. Опасыз шимайбектеріміз осылай садақтасып жүргенде, өсер жұрт көп нәрсені бізден бұрын тиянақты қармап кетеді ғой...

60. Төленде дидролық керемет бар.

61. Өнер мүддесі – жекелердің тақиясының гүлі емес.

62. Адамды адамға жақындатқызбайтын өмір неге керек!

63. Әр адамның тағдыры оның өз тіршілігінің аясындағы әлдебір заңдылықтарға негізделген. Оны аттап өту – белгілі бір тіршілік қағидаларын тәрк етумен пара-пар. Көп адам ондай төңкеріске бармайды. Мен де сол көптің бірімін...

64. Қайран, қасиетті-қасиетсіз тіршілік! Қайран, өмір-ай!

65. Рухыңның биік самғау сәтінде де, жан күйзелісінің әлдебір қиын-қыстау назалы шақтарында да адамға адам керек.
66. Бағының байлауын шешуге әркім-ақ ынталы.
67. Шындық мырза тек тілеумен өмір кешкенді жақтырмайды.
68. Біреу – таққа, біреу – бапқа риза.
69. Тіршілік шіркіннің мың бұрауы бар: бәрін бірдей жіптіктей ете алмайсың. Бірақ мың-сан хаостан кісі мойындатар ғаламат жол тапқандардың даңқы арта берсін!
70. Әр халық өз табиғатымен жарасымды салт түзей беруі керек. Сыйластық осы жолдағы әділетте ғана.
71. Тағдырдың бірлігі дұрыс-ақ! Бірақ елдігімнің еңсесін түсіргенге қарсымын! Кредо!
72. Ойдың қайшылықтарды анық ажырата алатын дәрежеге жетуі – әрекетшіл, яғни диалектикалық ойлаудың жемісі.
73. Дұрыс ойлау әрекетке ұласпаған жерде азап басталады.
74. Ойлы адамның өмірі – мәңгілік майдан.
75. Әділдік – көптің мүддесі.
76. «Біздің ұрпақ» – бұттың арасында жүруге... жүргеніне сондай риза, «адал» ұрпақ. Санасы шектеулі, оқа-сылдырмаққа ары мен жанын қатар құрбан ететін бейбақтармыз.
77. Халық өз мұңын ұмытқандарды мәңгі кешпейді.
78. Қынжыларға рет бар, өкінерге орын жоқ.
79. Жалғанды жазғың келмесе, шындыққа «шамаң» жетпесе, қай жеріңнен лақылдап өнер төгілмекші?!
80. Қоғамдық проблемалар төңірегінде, кінәні кімге аударсаң да, түптің түбінде адам өледі.
81. Ақылдың жеткен жері әрекеттің пішінін жасамақ.
82. Біз өз рухымыздың шеңберінен аса алмай шектелер болсақ та оңбаймыз.
83. Тәубенің төресі – тірі жүргенің!
84. Тіршіліктің тізгінін бос жіберу жаман, әрине. Аса тықпақтаңқырап ұстаудың да теріс жақтары аз емес-ау.
85. Социализмнің жаппай «жарылқау» идеясы тарих сынын көтере алмады.
86. Біздің төл философиямыз өз тағдырымызды өз қотырындай қаситын күн қашан туар екен?
87. Философиясы жоқ халық – өзі туралы ойланбаған, ойламайтын халық. Қазақты олай десек, Бұқарды, Шортанбай, Дулатты қайда қоямыз.

88. Бұл өмір дегенің – ішкі стихиясы мәңгі аласапыран, өзімен-өзі әуре дүние екен ғой! Илеуіне, үйіруіне көнбей көр, кәнеки!

САҒАТ ӘШІМБАЕВ

АДАМ БАҚЫТТЫ БОЛУ ҮШІН ЖАРАЛҒАН

1. Бір адамды бақытты етіп, жүзіне мұң көлеңкесін, жанына қайғы ізін түсірмеу әркімнің қолынан келеді.

2. Өсектің өртінен гөрі қолқанды қауып, демінді тарылтатын дерті жаман.

3. Тау суындай тұнық та мөлдір ар.

4. Адамшылықтың сұлтаны.

5. Күй астарында терең философиялық ойлар жатады.

6. Әдебиеттегі шарттылық қауыз іспеттес: ол – жазушының түрлі ниетін танытудың бір тәсілі.

7. Шығарма мәйегін түйсіну – жазушы пафосын түсіну деген сөз.

8. Өлеңнің жаны – сұлулық.

9. Өлең – өмірдің үзіліп түскен мөлдір тамшысы.

10. Үйрену мен жаттығу да еңбек.

11. Шын мәніндегі сұлу поэзияда өнердің басқа салаларының да элементтері қойындасып жүреді.

12. Сұлулық пен образ – егіз ұғымдар: бірі жоқ жерде, екіншісі де болмайды.

13. Образдылық әлем поэзиясына тән қасиет болғанымен, сыртқы түр жағынан да, ішкі мазмұн тұрғысынан да ұлттық ерекшеліктері болады.

14. Өлең сұлулығының басты өлшемі (критерий) – мазмұн мен түр арасындағы жанды жарасым (пропорция) сақталып, диалектикалық байланыстың үзілмеуі.

15. Өлеңде ой мен сезім болғанымен, олар лайықты формада (түр) көрініс таппаған болса, үстінде лыпа жоқ, киімсіз адамдай рабайсыз көрінеді. Керісінше, түрі (форма) келісіп, бірақ ой мен сезім парасаттылығы жетпей жатса, өлең өлең емес, құр айғай болып шықпақ.

16. Туған халқыңа деген ұлы махаббат туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады.

17. Туған жерге деген махаббаттан да адамның моральдік бет-бейнесі көрінеді.

18. Туған босағасын сағынбаған туған жерін де сағынбайды.

19. Ілгерілеу жолы – ізденіс.

20. Кітап – белгілі бір дәуірдің, уақыттың алға қойып отырған көкейкесті мәселелері туралы парасатты жүректің рухани толғанысы, аңдыздаған ойы, ақшаңқан сезімі, эрудициясы, дүниеге көзқарасы.

21. Әңгіме – шеберлік мектебі, шеберліктану әліппесі.

22. Адам – уақыт туындысы, дәуірдің жанды бөлшегі.

23. Творчество тәуекелге көнбейді.

24. Нағыз жазушы өз заманындағы әлеуметтік-саяси, философиялық, эстетикалық ой-сананың, білімнің, танымның, идеялардың биігінде тұруға тиіс.

25. Оңтайлы деген оңай деген сөз емес.

26. Ақындық интуиция – табиғаттың сыйы, ал ақындық мәдениет – оқу, орта, ізденіс арқылы қалыптасады.

27. Өлең – ой мен сезімнің образға айналған көркемдік жарасымы.

28. Өлең оқу үшін де өре керек.

29. Ойлы әдебиет биік парасаттан, терең білімнен туады.

30. Өнер туындысы өмірді түсінудің кілті.

31. Театр – күрделі интеллектуальдық гармониядан тұратын, үш жақтан бірдей қиыннан қиысқан сахналық өнер.


32. Қай халықтың да ұлылығы санының аз-көптігімен емес, рухани мәдениетінің жалпы адам баласына ортақтығымен, гуманистік және интернационалдық сипатымен өлшенсе керек.

33. Рухани мәдениетінің өрісі басқаларға да ортақ болу дәрежесіне жету халықтың жасампаздығының кепілдігі.

34. Әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

АҚЫЛНАМА



АҚЫЛНАМА

(МАҚАЛ-МӘТЕЛ МӘЙЕГІ)

1. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ.
2. Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы.
3. Еңкейгенге еңкей – әкеннен қалған құл емес,
Шалқайғанға шалқай – ол да құдайдың ұлы емес.
4. Барыңда оралыңның ойна да құл.
5. Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?!
6. Келісіп пішкен тон келте болмас.
7. Жақсы сөз – жарым ырыс.
8. Ырыс алды – ынтымақ.
9. Заманың түлкі болса, тазы боп шал.
10. Кісідегінің кілті аспанда.
11. Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ.
12. Бала – бауыр етің.
13. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада.
14. Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын.
15. Мінездеме: аттың жемін жеп, тайдың ісін істейді.
16. Елден бұрын елпендеме.
17. Өнбейтін дауды өспейтін ұл қуады.
18. Көп асқанға – бір тосқан.
19. Ерте тұрған еркектің ырысы артық,
Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық.
20. Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпес.
21. Бір күн қонақ еткенге – мың күн сәлем.
22. Үй оңаша демегін, үй сыртында адам бар.
23. Ағадан – ақыл, ініден – ізет.
24. Бала жеңіне қарап өседі.
25. Ағаның алды – кең жайлау.
26. Жаман туыстан қашып, жақсысын қайдан табарсың?!
27. Құл – кекшіл.
28. Күннің жарығы көлеңкесіне түспейді.
29. Өлі разы болмай, тірі байымайды.
30. Көрсеқызарлық: ана жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ.
31. Көш жүре түзеледі.

32. Қырсыққанда қымыран іриді.
33. Мінез: айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады.
34. Шарасыздық: былай барсаң арба сынады, былай барсаң өгіз өледі.
35. Ат тұяғын тай басар.
36. Тәуекел тас жарады, тас жармаса бас жарады.
37. Үміт: жас өспей ме, жарлы байымай ма.
38. Екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өлер.
39. Шабан үйрек бұрын ұшар.
40. Ұшарын жел, қонарын сай біледі.
41. Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында.
42. Иесі жоқ жер жетім.
43. Ер – туған жерге, ез – тойған жерге.
44. Жауырды жаба тоқу.
45. Сыбырлағанды құдай естімей ме екен.
46. Күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық.
47. Тірлігінде қадірлемей, өлгенінде жылағаның құрысын.
48. Жетім қозы – тасбауыр: отығар да – жұбанар.
49. Жүзі игіден түңілме.
50. Жақсы әйел жаман еркектің басын төрге сүйрейді,
Жаман әйел жақсы еркектің басын көрге сүйрейді.
51. Сүйреп салған тазы түлкі алмас.
52. Сырты – бүтін, іші – түтін.
53. Жетесіз ұл жеті атасын қаздырар.
54. Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас.
55. Күннің көзі – ортақ, жақсының сөзі – ортақ.
56. Жақсыда жаттық жоқ.
57. Жігітке жеті өнер де аз.
58. Кеудесі жақсылардың – алтын сандық.
59. Сәлем – сөздің анасы.
60. Әкесі отырып ұлы сөйлегеннен без,
Шешесі отырып қызы сөйлегеннен без.
61. Әліптің артын бақ.
62. Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады.
63. Алтынның қолда барда қадірі жоқ.
64. Тісін ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, аузыңды тый.
65. Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу.
66. Уәде – құдай аты.

67. Ағаға қарап іні өсер.
68. Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын,
Жаманның жамандығын айт – құты қашсын.
69. Елдің атын ер шығарады.
70. Өлі арыстаннан тірі тышқан артық.
71. Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнар.
72. Балалы үй базар.
73. Өнер алды – қызыл тіл.
74. Сабыр түбі сары алтын.
75. Таспен атқанды аспен ат.
76. Көппен көрген – ұлы той.
77. Ашу – дұшпан, ақыл – дос.
78. Үмітсіз – шайтан.
79. Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.
80. Алмақтың да салмағы бар.
81. Өлімнен ұят күшті.
82. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалағаным жақсы.
83. Жұмақ ананың алақанында.
84. Егесіз ел азар, иесіз жер тозар.
85. Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дер.
86. Ер – бір оқтық, мал – бір жұттық.
87. Дүние – жалған.
88. Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық.
89. Қуанған да – бір, қорыққан да – бір.
90. Жақсының аты өлмейді.
91. Бап шаппайды, бақ шабады.
92. Алтау ала болса – ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса – төбедегі келеді.
93. Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын.
94. Білегі мықты бірді жығады, білімі мықты мыңды жығады.
95. Өнерлі өрге жүзеді.
96. Қалауын тапса, қар жанар.
97. Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық.
98. Игіліктің ерте-кеші жоқ.
99. Көрші хақы – құдай хақы.
100. Тентек шоқпар жинайды.
101. Дос көңілі бір атым насыбайдан қалады.
102. Шөлмек мың күн сынбайды, бір күн сынады.

Шығармалары. Бірінші том

103. Іріген ауыздан шіріген сөз шығады.
104. Бай – байға, сай – сайға.
105. Қарға қарғаның көзін шұқымайды.
106. Қонақ келсе – құт.
107. Ерінбеген – етікші, ұялмаған – әнші болады.
108. Құлақ естігенді көз көреді.
109. Асыл – тастан, ақыл – жастан.
110. Дүние – кезек.
111. Бармын деп, таспа, жоқпын деп, саспа.
112. Шешесіне қарап, қызын ал.
113. Үндемеген үйдей бәледен құтылады.
114. Асықпаған арбамен қоянға жетеді.
115. Бір жол бар – алыс, алыс та болса – жақын,
Бір жол бар – жақын, жақын да болса – алыс.
116. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.
117. Көппен көрген – ұлы той.
118. Ораза-намаз тоқтықта.
119. Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық.
120. Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас.
121. Жалғыздың жары – құдай.
122. Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра.
123. Өтіріктің құйрығы – бір-ақ тұтам.
124. Өткенге – салауат.
125. Өзі жарымағанның сарқытын ішем деп әуре болма.
126. Ер бір өледі, ез мың өледі.
127. Үйдің жақсы болмағы ағашынан,
Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан.
128. Қайын жұртың – міншіл, нағашы жұртың – сыншыл, өз
жұртың – күншіл.
129. Қарғыс: өзің білме, білгеннің тілін алма.
130. Қарғыс алма, алғыс ал.
131. Жеген – тоқ, ішкен – мәз.
132. Қыздың көзі қызылда.
133. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді.
134. Жүзіне шыдаған, жүз біріне де шыдайды.
135. Ат – ердің қанаты.
136. Отырса – опақ, тұрса – сопақ.
137. Уақыт – көшкен керуен.

138. Келін қайын енесінің топырағынан жаралады.
139. Қайта ашар есікті қатты жаппас.
140. Көршің соқыр болса, бір көзіңді қысып отыр.
141. Берген – жомарт емес, алған – жомарт.
142. Жалқаудың ертені бітпес.
143. Көп асқанға – бір тосқан.
144. Қуа берсең, қорқақ та батыр болады.
145. Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды.
146. Күле кіріп, күңіреніп шыққаннан сақтасын.
147. Биікке қыранша қалықтап шығуға да болады, жыланша жорғалап шығуға да болады.
148. Жүгірген алмайды, бұйырған алады.
149. Кедей байға жетсем дейді, бай құдайға жетсем дейді.
150. Асығыс – шайтан ісі.
151. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жетеді.
152. Өтірікшінің куәсі қасында.
153. Ағайын жоқ болсаң, бере алмайды, бар болсаң, көре алмайды.
154. Керек тастың ауырлығы жоқ.
155. Ерді – намыс өлтірер, қоянды – қамыс өлтірер.
156. Айырылысар дос ердің артқы қасын сұрайды.
157. Көз – қорқақ, қол – батыр.
158. Тәуекел де де, тас жұт.
159. Құлағыңа сенбе, көзіңе сен.
160. Етігің аяғыңды қысып тұрса, дүниенің кендігінен не пайда.
161. Ер кезегі үшке дейін.
162. Түстік өмірің болса, кештік ас жи.
163. Біреуге ор қазба, өзің түсерсін.
164. Жығылып жатып, сүрінгенге күлгеннен сақтасын.
165. Жаны саудың – тәні сау.
166. Көре-көре – көсем боларсың, сөйлей-сөйлей – шешен боларсың.
167. Қызғанғаның қызыл итке жем болар.
168. Әйел көркі – шүберек.
169. Шаш – адамның көркі.
170. Адам – сөйлескенше, жылқы – кісінескенше.
171. Алуан-алуан жүйрік бар: әліне қарай шабады.
172. Ат сатсаң – ауылыңмен.

Шығармалары. Бірінші том

173. Үндемегеннен үйдей пәле шығады.
174. Адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін тапқан соң.
175. Тәуекел түбі – желқайық.
176. Достыққа достық – қарыз іс.
177. Ел іші – алтын бесік.
178. Қой көрмеген қуалап жүріп өлтіреді.
179. Жомарттың қолын жоқтық байлар.
180. Еркек тоқты – құрбандық.
181. Кедейдің қолы қысқа.
182. Жоқтық не жегізбейді, тоқтық не дегізбейді.
183. Жарлы болма, арлы бол.
184. Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін.
185. Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды.
186. Елім деп ет-жүрегің езілмесе, ерлігіңнен не пайда?!
187. Мал баққанға бітеді.
188. Ас – иесімен тәтті.
189. Қазан аузы – жоғары.
190. Қыз қылығымен.
191. Жол мұраты – жету.
192. Жаны ашымастың қасында балтырың сыздамасын.
193. Алдына келсе, атаңның құнын кеш.
194. Қорқақ көлеңкесінен қорқады.
195. Көрген жерде ауыл бар.
196. Жоққа жүйрік жетпес.
197. Кең болсаң, кем болмайсың.
198. Жаманға – жан тәтті.
199. Адам аласы – ішінде, мал аласы – сыртында.
200. Қыз өссе – елдің көркі.
201. Барымен базар.
202. Жоққа жүйрік жетпейді.
203. Келгенше қонақ ұялар, келген соң үй иесі ұялады.
204. Нар тәуекел – ердің ісі.
205. Атаңа не істесең, алдына сол келер.
206. Қайғысыз қара суға семіреп.
207. Берген – мырза емес, алған – мырза.
208. Береген қолым – алаған.
209. Жөн білетін өгізге «өк» дегеннің өзі артық.
210. Қашайын деп тұрған қоянға «тәйт» деген соң, не жорық?

211. Ұялған тек тұрмас.
212. Халық айтса, қалт айтпайды.
213. Өлеңді жерде өгіз семіреп, өлімді жерде молда семіреп.
214. Ит құтырса, иесін қабады.
215. Бүркіт қартайса – тышқаншыл.
216. Аллаға жағамын десең – азаның болсын,
Пендеге жағамын десең – қазаның болсын.
217. Көсеуің ұзын болса, қолың күймейді.
218. Бай баласы мақтанса – жылқыдан жорға міндім дер, би ба-
ласы мақтанса – парадан шапан кидім дер.
219. Құдай берейін десе – жұдырыққа тас сынар,
Сынайын десе – быламыққа тіс сынар.
220. Бұл заманның ісін есті бітірмейді, епті бітіреді.
221. Жетім өз кіндігін өзі кеседі.
222. Ер шекіспей бекіспес.
223. Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.
224. Көппен көрген – ұлы той.
225. Көпті жамандаған көмусіз қалады.
226. Көп қорқытар, терең батырар.
227. Біткен істің басына, жақсы келер қасына.
228. Ақыл азбайды, алтын тозбайды.
229. Желмен келген желмен кетеді.
230. Жауға барсаң – бәрің бар, дауға барсаң – кәрің бар.
231. Орамал тонға жарамаса да, жолға жарар.
232. Тышқанға өлім, мысыққа ойын керек.
233. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі.
234. Аузы күйген үрлеп ішеді.
235. Пейілі жаман кісіні түйе үстінде ит қабар.
236. Жақсыда жаттық болмас.
237. Жақсымен – жанастыр, жаманнан – адастыр.
238. Жомарт бергенін айтпас.
239. Тоқ бала аш баламен ойнамайды, тоқ кісі аш қалам деп
ойламайды.
240. Саранның өзі тойса да, көзі тоймайды.
241. Ауру – астан, дау – қарындастан.
242. Шақырғаннан қалма, шақырмағанға барма.
243. Шақырғанға бармасаң, шақыруға зар боларсың.
244. Бай – балпаң, жоқ – қалтаң.

Шығармалары. Бірінші том

245. Ер – бас, әйел – мойын.
246. Аңқау елге – арамза молда.
247. Ағайынды сөз бұзар.
248. Күш атасын танымас.
249. Шешінген судан тайынбас.
250. Қысықтап жиғанды, шөміштеп төкпе.
251. Сол көзіңе оң көзің қарауыл болсын.
252. Жаман айтпай жақсы жоқ.
253. Дәніккеннен құныққан жаман.
254. Тышқан ініне кіре алмай жүріп, құйрығына қалжауыр байлапты.
255. Дәніккен қарсақ құлағымен ін қазар.
256. Кеме келгенде, қайық судан шығады.
257. Жаңа байығаннан қарыз сұрама.
258. Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады.
259. Кемедегінің жаны бір.
260. Көз – бұлақ, көңіл – сынап.
261. Адам құлақтан азады, көңілден семіреді.
262. Күншілдің күні қараң.
263. Көкдолойдан дәупері қашыпты.
264. Бастан құлақ садаға.
265. Күлме досқа, келер басқа.
266. Жамандық аяқ астында.
267. «Сіз» – әдеп, «біз» – көмек.
268. Құтырғаннан – құтылған.
269. Ит десең ашуланып, күшік десең күледі.
270. Жығылған күреске тоймас.
271. Мал – шөпке, адам – сөзге тоқтамас.
272. Бүлінгеннен бүлдіргі алма.
273. Дария жанынан құдық қазбас болар.
274. Бермегеннен дәметпе.
275. Кекшіл болма, көпшіл бол.
276. Келіні жақсы үйдің керегесі алтын.
277. Жарлы атанар жігіт – байталын атқа айырбастайды, жалғыз қалар жігіт – ағайынын жатқа айырбастайды.
278. Туысы бірдің – уысы бір.
279. Жаман ерден жайдағым жақсы,
Жаман әйелден бойдағым жақсы.

280. Атасы басқаны бата қосар.
 281. Ұлға отыз үйден, қызға қырық үйден тыйым.
 282. Сыйласуға жат жақсы, сырласуға хат жақсы.
 283. Көп ақымақтың ағасы болғанша, аз ақылдының інісі бол.
 284. Үш ағайынды жігіттің – отарында малы бар,
 екі ағайынды жігіттің – қотанында талы бар,
 жалғыз-жарым жігіттің – шығар-шықпас жаны бар.
 285. Арық деген жаман тай жазға шыға ат болар,
 Жамандығың сезілсе, жақын кісі жат болар.
 286. Немере етін жеп, сүйегін тастайды.
 287. Әркімдікі өзіне: ай көрінер көзіне.
 288. Ұл ұяты – әкеге, қыз ұяты – шешеге.
 289. Ауыл көркі – мал, өзен көркі – тал.
 290. Оттың жайын – жаққан білер, малдың жайын – баққан білер.
 291. Сойып жесең – бір күндік, сауып іссең – мың күндік.
 292. Малды қыста – құмға, жазда – шымға айда.
 293. Кесімді малға өлім бар.
 294. Түзде бұзауы жамырағанның үйде айраны төгілер.
 295. Үш бие – бұлақ басы, екі бие – елдің асы, бір бие – жоктың қасы.
296. Жақсы ат алдынан емес, артынан сүрінеді.
 297. Жылқы – малдың патшасы.
 298. Жылқы – құлыннан өсер, теңге – тиыннан өсер.
 299. Атының сыры иесіне мәлім.
 300. Атты күнде мінсең – тулақ,
 аптада мінсең – қунақ,
 жылына мінсең – тұлпар.
 301. Нар баласын қарпып сүйеді.
 302. Қойшы көп болса, қой арам өледі.
 303. Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен көр.
 304. Қой шелді болмай, төлді болмайды.
 305. Мал өсірсең, қой өсір.
 306. Бұрын шыққан құлақтан – кейін шыққан мүйіз озады.
 307. Қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы.
 308. Нары бардың малы бар.
 309. Жортар аттың тоғы игі.
 310. Ат күйгелек болса, арық болар, ер күйгелек болса – ғаріп болар.

Шығармалары. Бірінші том

311. Ат қадірін жоқ білмес, ас қадірін тоқ білмес.
312. Сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды.
313. Есектің еті – арам, күші – адал.
314. Қой сүті – қорғасын.
315. Семіздікті қой ғана көтереді.
316. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.
317. Ақсақ қой жатып семіреді.
318. Құдай сүзеген сиырға мүйіз бермейді.
319. Қой семізі қойшыдан.
320. Ізеттінің інісі көп.
321. Алған – бір жазықты, алдырған – екі жазықты.
322. Қонақ аз отырып, көп сынайды.
323. Заманы бірдің – амалы бір.
324. Заманына қарай – заңы, тоғайына қарай – аңы.
325. Білген кісі – тауып айтады, білмеген кісі – қауып айтады.
326. Ақыл – дария, ой – мұхит.
327. Ақыл – тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кен.
328. Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы.
329. Ұлға – түтін, қызға – күтім.
330. Басы аманның – малы түгел.
331. Денсаулық – зор байлық.
332. Бірінші байлық – денсаулық,
Екінші байлық – ақ жаулық,
Үшінші байлық – он саулық.
333. Көзің ауырса – қолыңды тый, ішің ауырса – аузыңды тый.
334. Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады.
335. Ас – астың орны басқа.
336. Ет – етке, сорпа – бетке.
337. Ит қорыған жерге өш.
338. Олақтан салақ жаман.
339. Алашағың кетсе де, айташағың кетпесін.
340. Жаман шайқап сөйлер, жақсы байқап сөйлер.
341. Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ,
Шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ.
342. Жақсының жаны жаннат.
343. Таудай талап бергенше, тарыдай бақ берсін.
344. Көңіл кірі айтса кетеді.
345. Ат аунаған жерде түк қалады.

346. Адамның басы – Алланың добы.
347. Құда болып келгесін, құл да болса сыйлас.
348. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
349. Өнерді үйрен де, жирен.
350. Көрмес түйені де көрмес.
351. Қолда өскен атанның тайлақ аты қалмайды.
352. Ұлың өссе – ұлы жақсымен ауылдас бол,
қызың өссе – қызы жақсымен қауымдас бол.
353. Арық малды асырасаң – аузы-мұрныңды май етер,
жаман адамды асырасаң – аузы-мұрныңды кан етер.
354. Ит үреді, керуен көшеді.
355. Бейнет түбі – зейнет.
356. Өзен жағалағанның өзегі талмас.
357. Сынықтан басқаның бәрі жұғады.
358. Түсі игіден түңілме.
359. Жұтқан – жұтамас, тартқан – тарықпас.
360. Малымды алса алсын, пейілімді алмасын.
361. Аяғы жаман төр былғайды, аузы жаман ел былғайды.
362. Уайым түбі – тұңғиық: батасың да кетесің,
Тәуекел түбі – желқайық: мінесің де өтесің.
363. Ат арыса – тулақ, ер арыса – аруақ.
364. Аш адам – ұрысқақ, ауру адам – тырысқақ.
365. Жаман әйелдің тілі ащы.
366. Арық атқа қамшы ауыр, жыртық үйге тамшы ауыр.
367. Көн қатса – қалыбына.
368. Итке темір не керек.
369. Өзін-өзі мақтаған өліммен тең.
370. Қолда барда алтынның қадірі жоқ.
371. Нар жолында жүк қалмас.
372. Ақпейілдің аты арып, тоны тозбайды.
373. Тотықұс бойына қарап – зорланады,
Аяғына қарап – қорланады.
374. Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас.
375. Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен.
376. Тай атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер.
377. Ұрлық түбі – қорлық.
378. Сақтықта қорлық жоқ.
379. Жібекті түте алмаған жүн етеді,
Сұлуды күте алмаған күң етеді.

Шығармалары. Бірінші том

380. Көрсеқызар тез оңар.
381. Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетер.
382. Ынтымақ қайда болса, ырыс сонда барамын депті.
383. Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар.
384. Ер мойнында қыл арқан шірімес.
385. Сыйға – сый, сыраға – бал.
386. Талап – пендеден, қолдау – тәңіріден.
387. Қарғаның көзін қарға шұқымайды.
388. Құланның жайылымы – бір, жусауы – басқа.
389. Қамысты бос ұстасаң, қолыңды қияды.
390. Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге бақ тұрар.
391. Шығасыға иесі басшы.
392. Ажалды қарға бүркітпен ойнайды.
393. Бір тумақ бар да, бірге өлмек жоқ.
394. Есіктен орын табылса, төрге озба.
395. Асатпай жатып құлдық.
396. Жуас түйе жүндеуге жақсы.
397. Көже, көзіңе айтайын, сорпадан садаға кет!
398. Сөздің басы қату болса, аяғы тату болады.
399. Саусақ бірікпей, ине ілікпейді.
400. Ұрысы күшті болса, иесі өледі.
401. Топқағы мықты болса, киіз қалпақ жерге кіреді.
402. Жаяушылық көрмеген ат қадірін білмейді,
Ашаршылық көрмеген ас қадірін білмейді.
403. Төлеңгіт, төреңді күт!
404. Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды.
405. Ағасы бардың панасы бар, інісі бардың тынысы бар.
406. Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі,
Жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі.
407. Еттің бәрі қозы емес, иттің бәрі тазы емес.
408. Білім – жұғыс, ақыл – ауыс.
409. Өзің болғанша, болғанның атын ертте,
Болған соң аударып тастап кетпе.
410. Адам болар бала ағайыншыл келеді,
Бай болатын бала айырбасшыл келеді.
411. Кісі болар баланың кісіменен ісі бар,
Кісі болмас баланың кісіменен несі бар.
412. Жүздің жүзін білгенше, бірдің атын біл.

413. Алпыс күн атан болғанша, бір күн бура болғанға не жетсін.
 414. Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрамас болар.
 415. Бір күнгі керістің қырық күндік қырсығы бар.
 416. Жұт жегі ағайынды, жиенмен – сегіз.
 417. Жан тыныштық жақсы екен, жатып ішер ас болса.
 418. Жығылсаң, жылқы жалын төсейді, сиыр мүйізін төсейді.
 419. Әзілің жарасса, атаңмен ойна.
 420. Соңғы түйенің жүгі ауыр.
 421. Қой асығы деменіз, қолыңа жақса – сақа тұт,
 жасы кіші деменіз, ақылы асса – аға тұт.
 422. Ұл – қоныс, қыз – өріс.
 423. Алмақтың да салмағы бар.
 424. Судың да сұрауы бар.
 425. Түс оңалмай, іс оңалмайды.
 426. Тең – теңімен, тезек – қабымен.
 427. Алдырған – албырт.
 428. Жетім ақысы – тәңір ақысы.
 429. Үлкеннің онына бергенше, баланың біріне бер.
 430. Асын ішіп, аяғын теппе.
 431. Қарыз күліп кіріп, жылап қайтады.
 432. Басқа түскен баспақшыл.
 433. Жолаушының ісі жүрсе бітеді.
 434. Малдың аузы оттамайды, аяғы оттайды.
 435. Дос – басқа, дұшпан аяққа қарайды.
 436. Жақсыдан жаман туар – бір аяқ асқа алғысыз,
 Жаманнан жақсы туар – адам айтса нанғысыз.
 437. Қайғың қара қазан болсын.
 438. Үш күндігін ойламаған әйел – әйел емес,
 Үш жылдығын ойламаған еркек – еркек емес.
 439. Түздегі май ішеді, үйдегі қан тышады.
 440. Көмбені көмген алады, көмгенді көрген алады.
 441. Кісі киімі – кіршіл, кісі аты – тершіл.
 442. Мал арыстанның аузында, түрікпеннің төрінде.
 443. Айғайға аттан қоспа.
 444. Бекіре балық басы тасқа тимей тоқтамайды.
 445. Ұры – байымайды, сұғанақ – семірмейді.
 446. Қолың көтере алмайтын шоқпарды беліңе байлама.
 447. Жоқтамағанның малы түгел.

Шығармалары. Бірінші том

448. Ағын суда арамдық жоқ.
449. Білмеген у ішеді.
450. Мың қайғы бір қарызды өтемейді.
451. «Аллаңнан» «ойбайым» тыныш.
452. Ер ырғасып сынасады, ез былғасып сынасады.
453. Құрдасымен құдай ұрған ұрсысады.
454. Ұлық болсаң, кішік бол.
455. Қазақтың бөлінбейтін еншісі қонақасысы.
456. Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді.
457. Тумақ – парыз, өлмек – қарыз.
458. Кәсібі бірдің – нәсібі бір.
459. Әркім сыйласқанның құлы.
460. Қылыш үстінде серт жүрмейді.
461. Жақсы ердің ішінде – алтын ерлі ат жатады,
Жақсы әйелдің ішінде – алтын бесікті ұл жатады.
462. Елде бар ерінге тиеді.
463. Қазаға сабыр жолдас.
464. Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс.
465. Қазақ сұраса келе қарын бөле болып шығады.
466. Көлбақаға күнде той.
467. Пәледен машайық қашып құтылыпты.
468. Сақтағанын берсе, сақтағаны келеді.
469. «Кел» демек бар, «кет» демек жоқ.
470. «Жаным» дегенге жан семіреді.
471. Арпа ішінде бір бидай.
472. Қыз қырық шырақты.
473. Қашпақ-кумақ – ерге сын, көшпек-келмек – елге сын.
474. Келер кезек, терме тезек.
475. Біреудің ұшасын жесең, күшінді дайында.
476. Сауда сақал сипағанша.
477. Шындыққа өлім жоқ.
478. Еттің соры – қуырдақ, ұнның соры – бауырсақ.
479. Күңнің өз күңкілін өзіне қимайсың ба?
480. Қонақ асыңа емес, қабақ-қасыңа риза.
481. Ерегістен ер өледі.
482. Еріншектің ертеңі бітпес.
483. Сиыр мүйізінен жазады, жаман мінезінен жазады.
484. Тозған елді тоған асырайды.

485. Тоғай аралаған – үйші, ел аралаған – сыншы.
 486. Қарманған қарап қалмас.
 487. Сауда түбі – борыш, шаруа түбі – кеніш.
 488. Өрмек – ермек емес, өнер.
 489. Шешінген судан тайынбас.
 490. Бас екеу болмай, мал екеу болмас.
 491. Қазалыға: туыстан – көмек, достан – көңіл.
 492. Тіріге – сәлем, өліге – бата.
 493. Өлең айтсаң да, жаныңды жеп айтасың.
 494. Ақты – төкпе, асты – теппе.
 495. Малсыз деп ерден түңілме, ерсіз деп елден түңілме, елсіз деп жерден түңілме.
 496. Сомсынғанға – балға бар, қомсынғанға – Алла бар.
 497. Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсының аты – ортақ.
 498. Баланың істегені білінбейді, тайдың шапқаны білінбейді.
 499. Істегенің – бізге жақсы, үйренгенің – өзіңе жақсы.
 500. Болсаң болғандай бол, ағайынға қорғандай бол.
 501. Түйе даулап, лақ ал, лақ ал да, тына қал.
 502. Ауыл болсаң, қауым бол: бірің – оған, бірің – бұған бол.
 503. Туырлықсыз ту үйге ту байлаған не керек,
 туысы жоқ жалғызға жауға шапқан не керек.
 504. Жаман деген атпен жасағанша, жақсы деген атпен жа-
 ныңды қи.
 505. Ерден аспақ бар, елден аспақ жоқ.
 506. Иесі жардай, аты арық – түз жұтынан сақтасын,
 әйелі жардай, ері арық – үй жұтынан сақтасын.
 507. Келінің жаман болса – ұлыңнан көр,
 Күйеуі жаман болса – қызыңнан көр.
 508. Сыпайының қарағаны – сұрағаны.
 509. Өлім барда қорлық жоқ.
 510. Аталы сөзге арсыз тоқтамайды.
 511. Қыс киерін жаз киіп, кедей қайдан байысын.
 512. Ас – аттынікі, той – тондынікі.
 513. Шақырусыз барған қадірсіз орынға отырады.
 514. Кірместен бұрын шығарыңды ойла.
 515. Бұлт жаумайды, бұйрық жауады.
 516. Ебін тапқан екі асар.
 517. Жұтқаның – бұйырғаны, шайнағаның – күмән.

518. Ит ұяласынан қорықпайды.
519. Айдың да жартысы – жарық, жартысы – қараңғы.
520. Жаман құдаңды өкпелетсең, жақсы құдаңның көңілі қалады.
521. Ордалы құлан ақсағын білдіртпес.
522. Жаманда тек жоқ, жақсыда кек жоқ.
523. Келбеті келгеннен кеңес сұра.
524. Ағайынның азары болғанмен, безері жоқ.
525. Өтірікке – нанба, қисынына – нан.
526. Дос есебі – көңілден.
527. Малымды алса да, қонағымды алмасын.
528. Құтты қонақ келсе – қой егіз табады,
 Құтсыз қонақ келсе – қойға қасқыр шабады.
529. Жаманның жаны қадірлі, жақсының ары қадірлі.
530. Мақтаншақ төре «алдиярға» мас болады.
531. Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз адам би болмас.
532. Тілсіздің дауы арам.
533. Екі қарға таласса, бір құзғынға жем болар.
534. Айласыз батыр қабанға қарсы шабады.
535. Екі бай құда болса – арасында жорға жүреді,
 Екі жарлы құда болса – арасында дорба жүреді,
 Бай мен жарлы құда болса – айырылыса алмай зорға жүреді.
536. Өрең жетпеске асылма, сөзің өтпеске бас ұрма.
537. Хан қарау болса, халқы ұры болады.
538. Желікке ерген жезөкше – ер жақсысын талғамас,
 Жетім өскен тасбауыр – ел жақсысын талғамас.
539. Жаман атқа жал бітсе – жанына торсық байлатпас,
 Жаман адамға мал бітсе – жанына қоңсы қондырмас.
540. Аты барға тай мінсе де жарасады,
 Асы барға сұрап ішсе де жарасады.
541. Алғанның – бір беті қара, айғақтың – екі беті қара.
542. Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан.
543. Қазақ жаңылса, қартынан сұрайды,
 Орыс жаңылса, хатынан сұрайды.
544. Халық қаласа, хан түйесін сояр.
545. Іс бұйырсаң ызбарыңды жайып отыр,
 Ызбарың жоқ болса – тайып отыр.
546. Қайырсыз пайдадан, қайырлы зиян артық.
547. Балаға қызмет бұйыр, артынан өзің жүгір.

548. Сәлемнің де сәті бар.
549. Базарда мың кісі кездеседі, әркім сүйгеніне сәлем береді.
550. Екі кісі ұрысса, бір кісі арашашы болсын.
551. Бай күйігі – сыртта, бала күйігі – іште.
552. Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін.
553. Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсін.
554. Жігітке сегіз қырлы, бір сырлылық жарасады.
555. Түйенің танығаны – жапырағы.
556. Жыламаған балаға емшек бермейді.
557. Еңбектен қашқан, дөңбекке жолығар.
558. Кенеуі жоқ кеудеге сылдыратып сөз береді,
Ақылсыз басқа бадырайтып көз береді.
559. Бермейтін нәрсе болмайды, сұрауы табылмайды.
560. Жауыр сипағанды білмейді,
Жаман сыйлағанды білмейді.
561. Ат басына күн туса – ауыздықпен су ішер,
Ер басына күн туса – етігімен су кешер.

**ТІЛ – БҰЛБҰЛ, КӨҢІЛ – БАҚША,
ОЙ – ТАС ҚОРҒАН**

(ҚАРА ӨЛЕҢ ҚАЙЫРЫМДАРЫ)

1. Кусаң да жеткізбейді арман дүние,
Бұрынғы ата-анадан қалған дүние.
Барында оралыңның ойна да күл,
Бір күні қалар артта жалған дүние.
2. Әуеде ұшқан бүркіт қалықтайды,
Сүймеген жар жолдасын жарытпайды.
Сүйген жармен өмірлік жолдас болсаң,
Өлгеніңше сол шіркін налытпайды.
3. Адал ниет – ақ көйлек.
4. Надандар ойын сөзді кек көреді.
5. Көтерер ел көңілін қайран жақсы.
6. Жігіттің жолдас болма қорыменен.
7. Басынан бақ пен дәулет тайған күні,
Сенделген орнын таппай ерде құн жоқ.
8. Өмір – бәйге болғанда, сен – бір жамбы,
Қапылыста қор болма көкпаршыға.
9. Біріңді-бірің сыйла тіршілікте,
Біріңе-бірің мейман аз ғана күн.
10. Қызығы бұл дүниенің сыйластықта.
11. Жақсыменен дос болсаң – күнде базар,
Жаманменен дос болсаң – көңілің азар.
12. Шын жақсы барған жанды хош алады,
Жамандар болмашы үшін өш алады.
Дос көріп кей жаманды жақын тұтсаң,
Жаныңды кеудеңдегі қоса алады.
13. Шаңкылдап қара қарға бүркіт болмас.
14. Кісі емес кісі артынан жамандаған,
Дос емес дос көңілін таба алмаған.
Қолына кей жаманның түссе тұлпар,
Айызын бір қандырып шаба алмаған.
15. Ағашқа саясы жоқ бұлбұл қонбас.
16. Жаманнан жақсы шықпас мақтағанмен,
Жабыдан тұлпар шықпас баптағанмен.
Ителгі қайырсаң да түлкі алмайды,
Алтынмен томағасын қаптағанмен.

17. Ойнақтап жаман сиыр жылқы болмас.
18. Досым жайлы, ей, қалқа, досым жайлы,
Бінтымағы жаманның қосылмайды.
Алды-артын ойлайтын ер азамат,
Дүниеге мастанып отырмайды.
19. Үнемі қолда тұрмас бақыт-байлық.
20. Ат жақсы арғымақтан шабысы асқан,
Жат жақсы ағайыннан асып-тасқан.
Дұшпан түгіл дос жаннан табылмайды,
Кезінде аяғыңды шалыс басқан.
21. Дүние-ай, ойлап тұрсаң, шекер дүние!
Байға – қызық, жарлыға – бекер дүние.
Барында оралыңның ойна да күл,
Опасыз бір күн тастап кетер дүние.
22. Дүние ойлап тұрсам қос уыстай,
Түрленген қайран күнім тоты құстай.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қалармыз әр төбеде қосылыспай.
23. Дегенде дүние шіркін өтер-кетер,
Түбіне сұм дүниенің кімдер жетер.
Қадір тұт, бір-біріне құрмет көрсет,
Тірлікте сыйластыққа бар ма жетер.
24. Ағайын жат та болса көзге тәуір,
Өкпем жоқ, кеудемдегі бәрі – бауыр.
Жауымның дәлдеп салған найзасынан,
Досымның саусағымен шерткені ауыр.
25. Келеді күн жауғалы бұлт айналып,
Шешеннен асты сақау, тіл байланып.
Тұлпардан мәстек озып бәйге алғаны,
Дүние, кеткенің бе шырк айналып.
26. Дүние, келерінде бұлақтайсың,
Сырғыған кетерінде сынаптайсың.
Жанына жақсылардың аялдамай,
Па, шіркін, қайда барып тұрақтайсың!
27. Дүние жеткізбейді қуғанменен.
28. Дүние ойлап тұрсаң бір сергелден,
Жалғыз атың болмаса өлгенмен тең.
Досың келіп үйіңнен құр аттанса,
Қара жерге тепкілеп көмгенмен тең.
29. Дүние, ойлап тұрсаң, шолақ екен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен.

- Сыйласып екі жұбай тату болса,
Дүниенің бар қызығы сол-ақ екен.
30. Дүние, кудым сені жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.
Көрсетіп бірде алдыңды, бірде артыңды,
Қойдың ғой дидарыңды танытпай-ақ.
31. Дүние – бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, мал менен бақ құралмаған.
Күніне мың бір пәле келсе дағы,
Сонда да күдер үзбе бір Алладан.
32. Дүние қарап тұрсам бір кең сарай,
Сарайға көзім талды қарай-қарай.
Тағдыр мен тәңіріңе жала жаппа,
Өзінен ер жігіттің бақ пен талай.
33. Екінің бірі жомарт тасқан жерде,
Кәдеңе ер жарайды сасқан жерде.
Жаманға жазатайым күнің түссе,
Жабысып қалады екен аспан жерге.
34. Жастық шақ өте шығар ескен желдей.
35. Баспадым жардың шетін құлай ма деп,
Ішпедім арық суын лай ма деп.
Жаманмен дос болуға жасқанамын,
Күн туса ердің құнын сұрай ма деп.
36. Ақылы ер жігітті байыпты етер,
Аяғың, нық баспасаң, тайып кетер.
Жаманға жақын тартып сырынды айтсаң,
Есіктен шыға сала жайып кетер.
37. Әркімнің өзіне ыстық туған жері.
38. Аспанда ай нұрланар толған сайын,
Тәубесін пенде ұмытар болған сайын.
Ашу – пышақ болғанда, ақыл – таяқ,
Таяғың кемімей ме жонған сайын.
39. Сән болмайды жүйрікке қамшылаған,
Дариядан зәм-зәм артық тамшылаған.
Отыз үйрек, қырық қаз алса дағы,
Нәсілі артық сұңқардың қаршығадан.
40. Кей жігіттің мінезі – тай тепкендей.
41. Сұлуды сұлу деме, сүймеген соң,
Асылды асыл деме, кимеген соң.
Жақсыларға не керек қошамет қып,
Шарапаты ешкімге тимеген соң.

42. Жігіт бол жігіт болсаң тал жібектей,
Жарамас қатты болу тікенектей.
Білімнің болса дағы ұшан-теңіз,
Не керек өз жұртыңа қызмет етпей.
43. Қара көк жылқы ішінде сетер екен,
Күлмеген, ойнамаған бекер екен.
Жастық шақ көк семсердің жүзіндей боп,
Аз күнде жалт-жұлт етіп өтер ме екен.
44. Тақияма таққаным тал-тал моншақ,
Кер биеге жарасар кер құлыншақ.
Өлгеннен соң қаларсың қу сүйек боп,
Дауысыңның барында қалшы-ау шырқап.
45. Жиырма бес өте шықты ескен желдей,
Қоныстан қопарылып көшкен елдей.
Жастықта думандатып жүре бердік,
Қайырылмай кететіні еске келмей.
46. Жігіт болсаң жігіт бол көңіл ашар,
Өнер қуған жігіттен пәле қашар.
Өміріңді өткізбе түндей қылып,
Жігіттің де жігіті бір-ақ жасар.
47. Қиын екен жігітке жұртқа жакпак,
Жақсы-жаман көңілін бірдей таппак.
Қара қылды қақ жарып жүрсең дағы,
Біреу даптап кетеді, біреу мақтап.
48. Жігіттер, дәурен өтер, дәурен өтер,
Бәрі де бұл дүниенің әуре бекер.
Қаумалаған достарың сырт айналар,
Қадіріңе сүйген жар – сәулең жетер.
49. Келеміз жоғарыдан төмен қайтып,
Көңілді көтерелік өлең айтып.
Көңілді көтермесек өлең айтып,
Әлі-ақ бір күн қалармыз жер томпайтып.
50. Жігіттің жолдас болсаң жаманына,
Дұшпанның тастап кетер табанына.
51. Дүниеге туған жерге жетер қайда,
Шет жерде елді аңсаған күнің құрсын.
52. Келу – оңай, кету – қиын.
53. Ит қарғысы бөріге жетпес.
54. Құдай сұлу етпесе, бәрі бекер –
Опа-далап бүгін жаққан ертең кетер.

55. Болғанда жігіт – бұлбұл, қыз – қызыл гүл,
Бұлбұл кеп қызыл гүлге түнемес пе?!
56. Шын азамат еліне бас болады.
57. Айдын көлге ақ үйрек зар болған күн.
58. Теңеу: тісің – науат болғанда, тілің – шекер,
Қабағыңнан тұрады нұр төгіліп.
59. Ер жігіт сері-селтең құрғанменен,
қазығын таппай қоймас бір айналып.
60. Сөз шығар естілмеген үлгілі елден.
61. Өлең деген немене, ой емес пе,
Көрсеткен қызды сұлу бойы емес пе?!
Өлеңді мұнда айтпаған қайда айтамыз,
Қосылса бастарымыз той емес пе?!
62. Өлеңменен ер жігіт ер жетеді,
Жақсы өлең көңілді тербетеді.
63. Өлең деген қиын ба өнерпазға,
Өлең тұрмақ, сөз қиын ақылы азға.
Көңілді көтерелік осындайда,
Кім бар, кім жоқ ендігі келер жазда.
64. Өлеңді тіл бастайды, жақ қостайды.
65. Болмайды тойдың сәні, ақын келмей.
66. Теңеу: болғанда тілім – інжу, тісім – меруерт.
67. Жақсы адамның соңында сөз қалады.
68. Өлеңшіге сиынсаң маған сиын,
өлең қиып берейін қызыл талдан.
69. Таңдайымда жел сөздің ұясы бар.
70. Тапсаң тәуір өлеңнің тазасын айт.
71. Жабығу – жаманның ісі.
72. Қара жер қыс болмаса қар бола ма,
Заманың зар қыспаса тар бола ма.
Қаншама сүйдім-күйдім десең дағы,
Кісіге кісі жары жар бола ма?!
73. Сүймесе несі қызық екі жастың,
Күйеу боп босағаны аттағанмен?!
74. Жанымда шағып алар шаяным жоқ.
75. Кең болмаса тар болмас екі тағу.
76. Домбырам күйге келмес – бұрамаса,
Кім білер кімнің жайын – сұрамаса.
Ер жігіт қанша тапса суға кетер,
Әйелі үйде отырып – құрамаса.
77. Жаны аяулы жарлы бар.

78. Ауылы алыс болғанмен, көңілі жақын.
79. Адамның аңырғаны – жусағаны.
80. Барында тіршіліктің түрлене бер,
Дұшпаның көре алмаған не демейді.
81. Жер-су баспас тайпалған жорға дағы,
Қартайған соң танады жорғасынан.
82. Жүйрік деп оны сырттан кім мактайды,
Өнерін алқақотан ел көрмеген.
83. Теңеу: дауысындай күйсандықтың түрлендірген.
84. Бекерге сұлулықтың сәні қайсы,
сүйсініп бал дәмінен татпаған соң.
85. Құрбылар, жас күнінде өнер үйрен –
басыңды есіктегі төрге сүйер.
86. Көкірегі – кең сарай.
87. Қыл өтпес арамыздан тату едік,
қызыл тіл қызыл шоқтай алыстатты.
88. Сары уайым – жігітке сор.
89. Жігітті басар қайғы ой меңдесе.
90. Жаман қыздың үйіне кіріп барсаң –
төбе шашы үрпиіп төрге қашар.
91. Теңеу: алтын кірпік, аққу мойын.
92. Кейбіреуге жақпайды бұлтты күн,
Ақ қозыға жарасар түбітті жүн.
Қызылыңның барында қиялай бас,
Басыңнан әлі-ақ өтер қылықты күн.
93. Дәл осындай тамаша күнде болмас.
94. Сала берме көзіңді әр жақсыға,
Бәрі жақсы көрінер алғашқыда.
95. Алыстағы махаббат арман болар.
96. Теңеу: суындай тас бұлақтың мөлдірім-ай.
97. Қадір білген кісіге қол арт деген.
98. Теңеу: қара қас, бадам қабак, жазық маңдай.
99. Теңеу: көзіңнен айналайын жәудіреген
қыз құйған шыныаяққа шай секілді.
100. Теңеу: жазық маңдай, қолаң шаш, алма мойын.
101. Теңеу: үйірінен айырылған қаздай.
102. Теңеу: күміс – қасың болғанда, алтын – шашың,
қаламменен сызғандай қиғаш қасың.
103. Дос дағы тарылады жамандаса.
104. Ашықты машық іздер.

105. Теңеу: дауысың – қоңыр қаздың дауысындай,
беліңнің нәзіктігі – қауырсындай.
106. Теңеу: ақ маңдай, нұрың қызыл, қара қасың,
ақ саусақ, ұзын біткен қолаң шашың.
107. Жан-жүректің серігі өлең деген.
108. Теңеу: екі көзің күн нұры жарқыраған.
109. Теңеу: қасың сұлу қағаздың сиясындай,
мойның ұзын тоғайдың миясындай.
110. Тау мекендер кекілік, тастан-тасқа секіріп.
Өнер-білім үйреніп қал, кейін жүрмей өкініп.
111. Ебелек деген шөп екен ғой, қыз бейнеті көп екен ғой.
Бірге тумақ болса дағы, бірге өлмек жоқ екен ғой.
112. Қайындының қабағы-ай, бүлдіргеннің сабағы-ай.
Ойнап-күліп қалайық, дүние өтіп барады-ай.
113. Балаға емшек бермес, жыламаса,
Дос болмас бірін-бірі кінәласа.
Өлеңде парық, сөзде нарық болмас,
Өмірдің артық-кемін сынамаса.
114. Шығады өлең қайдан сөз болмаса,
Жүреді кім жетелеп көз болмаса.
Қосылар екі жақсы заман қайда,
Осындай ойын-тойда кез болмаса.
115. Ақынның ән шығады айғайынан,
Сұлудың күн көрінер маңдайынан.
Жақсының қайда жүрсе жаттығы жоқ,
Сөз тамған балдай тәтті таңдайынан.
116. Айта алмайды өленді дарылдаған,
Өзін-өзі мақтамас дарынды адам.
Дос болмас бірін-бірі кешірмеген,
Туыс болмас бірін-бірі сағынбаған.
117. Немене өлең деген өнерпазға,
Болады ауру жолдас өмірі азға.
Барында оралыңның ойна да күл,
Ендігі кім бар, кім жоқ келер жазға.
118. Өмірде өлеңнен жоқ өнер ірі,
Кетеді өлең айтса көңіл кірі.
Айтқаның мың ойланып, жүз толғанып,
Артында, өлсең де өзің, қалар тірі.
119. Қамыстың қанша жақсаң шоғы болмас,
Қара су қанша ішсең де тоғы болмас.

- Қадір білмес жаманмен жолдас болсаң,
Қарап жүріп атарға оғы болмас.
120. Жапалақ жалп етеді жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында.
Дос болып қас болғаннан сақта, құдай,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.
121. Жақсының ісі оңалар әу басынан,
Жаманның арылмаған дау басынан.
Күңкілдеп қашан көрсең жүрер жаман,
Жаңылған саудагердей саудасынан.
122. Тағдырдың пендесі жоқ жылатпаған.
123. Жел соқпай шөптің басы қозғалсын ба,
Артқыға айта жүрер сөз қалсын да.
Қолыңнан келсе көптің көңілін тап,
Біреудің қалған оңбас көз жасына.
124. Ойнақ салып козы-лақ жарда ойнайды,
Ойнамайтын, күлмейтін жан болмайды.
Ойнасаң өзін теңдес жаспен ойна,
Кісі жары кісіге жар болмайды.
125. Кісіге алған-берген не болады,
Көңілдің білдірмесе бүтіндігін.
126. Күн туса өзге түгіл тау құлаған.
127. Әркімнің шылауында жүрер жаман.
128. Әрненің үйлесер өз ортасы бар.
129. Жігіт – алтын, қыз – күміс бойдағында.
130. Анаң да мақтан еткен ұл туғанын,
Қолыңнан келмес іске ұмтылмағын.
Сояды, халық қаласа, хан түйесін,
Ойлай жүр қайда жүрсең ұлтың қамын.
131. Үйіңнің мал өтпейді шарбағынан,
Шебердің бал тамады бармағынан.
Бүгін құмар қанбаса ертең қанар,
Ажалдың сақта, құдай, қармағынан.
132. Көйлектің кесте тіктім әдібіне,
Адамның жолықтырма бәдігіне.
Жақсыға жан қисаң да арман бар ма,
Жамандар қайдан жетсін қадіріңе.
133. Жеріген үйірінен тұлпар оңбас,
Саңғыған тұғырына сұңқар қонбас.
Жақсы да, жақсылық та жалпыға ортақ,
Шен үшін елін сатқан сұлтан оңбас.

134. Адам қайтсін басқаны асқан бағы,
Ұра берсең от шығар тастан дағы.
Кісі жары кісіге жар болмайды,
Балапандай бауырыңа бассан дағы.
135. Біріншіден не жаман – өсек жаман,
Екіншіден – сүймеген төсек жаман.
Ер жігіттің бойында болмаса өнер,
Жүргенінен не пайда есен-аман.
136. Таудың суы ағады асыр-тасыр,
Тасырлатып жылқыңды таудан асыр.
Сендей жанға жамандық ойлағанның,
Шатырлатып басына түссін жасыл.
137. Сапырған сар жайлауда сары қымыз,
Сауға – сән, ауруға – дәрі қымыз.
Салтанат-сауық құрып сайрандайық,
Сөнгенше бұл өмірде жарығымыз.
138. Аспанда бір жұлдыз бар айдан жақсы,
Тигізбе залалыңды, пайдаң жақсы.
Жаманға бірдеңе айтсаң қорс етеді,
Балқыған қорғасындай қайран жақсы.
139. Ойнап-күл дүниенің жарығында,
Көңілдің жан қатаяр жарымында.
Туған ай толғаннан соң ол да қайтар,
Тұрмақ жоқ ешбір нәрсе қалыбында.
140. Дүние желден жүйрік, судан терең,
Қайырлар бір күн зулап тұрған кемен.
Әртүрлі әркімдерде күнелтіс бар,
Бір әке, бір шешеден туғанменен.
141. Дүние ойлап тұрсам терең теңіз,
Жақсылық жамандықпен болады егіз.
Басасың аяғыңды аңдап-аңдап,
Болғанда досың – екеу, дұшпан – сегіз.
142. Дүниенің көзім жетті жалғанына,
Жеткізген кімді тағдыр арманына.
Қайтерсің ілінбесе итбалық та,
Дәметкен алтын балық қармағына.

ДҮНИЕ – БІЗГЕ АМАНАТ

(ЭПОСТАҒЫ ЕМЕУРІН)

1. Әр пенденің өз мұңы бар.
2. Ақылсызға сөз айтсаң – көкірегіне қонбас-ты,
Рақымсызға сөз айтсаң – тілегенің болмас-ты.
3. Шайтан кірген қойынға, қуанба бұл ойынға.
4. Жақсы да өтер дүниеден, жаман да өтер дүниеден.
5. Туғанмын деп қуанба, туған өлер күн болар.
Өлген жанның бәрінен, сұрақ алар күн болар.
6. Патшалардан тақ қалар, мергендерден жақ қалар.
Ел басына күн туса, дүниенің бәрі жоқ болар.
7. Тілдімін деп қуанба, тіл байланар күн болар.
Күшім бар деп қуанба, күшің кетер күн болар.
8. Малым көп деп қуанба, малды көрмес күн болар.
Көп алтынға жер толса, көзің салмас күн болар.
9. Хан да өткен дүниеден, қара да өткен дүниеден.
Бай да өткен дүниеден, жарлы да өткен дүниеден.
Жас та өткен дүниеден, кәрі де өткен дүниеден.
Көп те өткен дүниеден, аз да өткен дүниеден.
Жақсы-жаман айырмай, аз ба өткен дүниеден?!
10. Дүние – бізге аманат.
11. Ажал – Алладан, амалы – адамнан.
12. Ажал жетпей өлмек жоқ, Алла жазбай көрмек жоқ.
13. Аз өмірге малданып, қиналып мал табарсыз.
Шайтан түссе көңілге, айырылып қаларсыз.
14. Сабыр қылмай іс бітпес.
15. Атқа мініп шықпаса, ер олжаға батар ма?!
16. «Қылар едім» қайда жоқ, іс өткен соң пайда жоқ.
17. Қызда көңілің бар болса, үмітінді үзбей бар.
18. Бірің – тоты, бірің – бұлбұл, қос болыпсыз, жар-жар.
Бірің – алтын, бірің – күміс, дос болыпсыз, жар-жар.
Бірің – гүл де, бірің – жұлдыз, хош болыпсыз, жар-жар.
19. Алған дүние жарасар, қалың малмен, жар-жар.
Малды күнің жарасар, асыл жармен, жар-жар.
Жар-жар айтпақ бұрынғы, үлгіміз бар, жар-жар.
Аз тірлікте біраз күн, күлкіміз бар, жар-жар.

20. Ақыл берген Алламыз, ризық берсе керек-ті.
Дене берген Алламыз, денсаулық берсе керек-ті.
Жан жаратқан алламыз, Рух та берсе керек-ті!
21. Әкең сенің – қара жер, шешең сенің – қара жер.
Барар жерің – қара жер, қалар жерің – қара жер.
22. Мінген аттан ер қалар, тапқан ерден мал қалар.
Ер басына күн туса, сүйгенінен жар қалар.
23. Ғалымдардан хат қалар, ұсталардан зат қалар.
24. Жүрген жерде бел қалар, көрген жерде ел қалар.
25. «Аһ» дегенде өртенген жалған дүние!
26. Қайғылы көңіл басылар, жұмылған көзің ашылар.
27. Кең дүние зарланғаннан болады тар.
28. Тәнде шырын ғазиз жан, жолыңа құрбан, ғашығым.
29. Адамзат не көрмейді, қайғы басса,
Азар ма пенде жолдан, ақылы асса.
30. Қиын дерт ғашық оты – адамзатқа,
Жазарға мүмкін емес қалам хатқа.
31. Ғаламда от болмайды ғашық оттай,
Ғашықтың қайғы дерті жанған шоктай.
Біреуге асық болсаң шалқаяды,
Дүниеде одан басқа асыл жоқтай.
32. Ер жігіт тірі жүрсе, көрер бәрін.
33. Тәңірі жазған тағдырға шара бар ма көнбеске?!
34. Құдай салды – көнерміз, есен болсақ, көрерміз.
35. Қанатынан қайырылған, жездей жұқа майырылған.
36. Пендеге тәңірім салар әрбір істі.
37. Теңеу: қасқыр көрген киіктей.
38. Жеткізбес оңайлықпен көңілге алған.
39. Әр істің Алла білер асыл сырын.
40. Әр нәрсені жаратқан патша құдай.
41. Ғашық жайын ғашық білер.
42. Ғашық болған адамға ақыл қонбас.
43. Әр михнатқа – бір рахат.
44. Ешкімге опасы жоқ бұл жалғанның.
45. Шаттық күнің өтер-дүр, қасірет күнің жетер-дүр.
46. Анасы жоқ – бір ғаріп, панасы жоқ – бір ғаріп.
47. Жақсы адам құл болмас, құл болса да, пұл болмас.

48. Ай нұры да азаяр, ақ жүзіңнен нұр таяр.
49. Арманда болып өткесін, тозбасына амал жоқ.
Қызық күнің кеткесін, махаббаттан жаман жоқ.
50. Жалындап ғашық оты өртейді ішің,
Сол қайғы ақылың мен алар күшің.
51. Тілегі ақтың – ісі хақ.
52. Немене айтып-айтпай: дүние – шолақ,
Адамның осы жүрген бәрі қонақ.
53. Ата алмасам – маған серт, от алмасам – саған серт!
54. Жауға барсам – кесерді ал, дауға барсам – шешерді ал.
55. Кейқуат қылды кесірді, екі аяғын көсілді.
56. Кемел ақыл келтірер сөздің түрін.
57. Бала сүйсең – жалғанда көңілің толар.
58. Өз ақылың өзіңе болады жол.
59. Көңілім сүймегенге – шөл арықпын,
Өзім деген кісіге – тас бұлақпын.
60. Сабырдан асқан айла жоқ.
61. Жетпесті қуып алқынба.
62. Баянды сұлу қылса, тәңірім қылған.
63. Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр.
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де, бетім көр.
64. Бұқа – буға.
65. Білімсіздің айтқанын көп елеме,
Адамзат ақыл жетпей өлер деме.
66. Аттан, Орақ, аттан!
67. Мен, мен – дүрмін, мен – дүрмін,
Мен де сендей ер дүрмін.

ҰЯТТАН ТӘҢІРІДЕН ҚОРЫҚҚАНДАЙ ҚОРЫҚ

(ЖЫЛНАМА ЖОЛДАРЫНАН)

1. Әкен жауға шапса, қосыла шап.
2. Бүгінгісін ертеңге қалдырғанның ісі бітпес.
3. Арбаның екі арысы түзу болса, түзу жүрер.
4. Үйі жоқ өз кіндігін өзі кесер.
5. Алтын жүзік өзіндікі болмаса, саусағына салып әуре болмай-ақ қойғайсың.
6. Билік басында отырып алтыннан я інжуден сый алма.
7. Екі жүзділікпен тураны қисық етпегейсің.
8. Әділ билік құр!
9. Тураның қанын нахақ төктірсең, өзіңнің де қаның нахақ төгілер.
10. Жалған сөз қанша қорғасындай ауыр көрінгенімен, біраздан соң теректің жапырағындай қалқып бетке шығар.
11. Кімде-кім тура һәм әділ болса, соның жүзі сәулелі күншуаққа ұқсар; ал кімде-кім өшпенділікке салынып, жүрегінде көп кек сақтаса, соның жаны тамұқтың түнегіне ұқсар.
12. Сараң адамның көзі дүниеге тоймас: оны топырақ қана толтыра алады.
13. Жер-ана – бар жеміс-жидектің анасы.
14. Бадам ағашына ұқсама – ол бар ағаштан бұрын гүлдейді де, бәрінен кеш жеміс береді; одан да асқабакқа ұқса – ол кеш гүлдесе де, ерте жеміс береді.
15. Ақылсыз адаммен бірге шарап ішкеннен, есті адаммен бірге тас тасыған артық.
16. Есірткіге мас адам – танауын оқ тескен танадай.
17. Қариялар мен діннің бірлігі – төзімділіктің тағаны.
18. – Дүниеде не тәтті?
– Беттің ұяты.
19. Кімнің жүзінің ұяты болса, сол сүйкімді.
20. Ұяттан тәңіріден қорыққандай қорық.
21. Ұлым, босаға қанша биік болса да, табалдырықтан еңкейіп, басыңды иіп атта.
22. Тіліңді жаман сөзден сақта.
23. Өз өміріңді өзің қысқартпайын десең, жалған ант ішпе!

24. Ұлым, алдымен ата-ананды құрметте, олар саған өмір сыйлады, қарғысына қалма! Сонда сен де өз балаларыңның құрметіне бөленесің.

25. Ата-ананың алғысын алу – тәңірінің мейіріне бөленумен бір.

26. Жаман ұл жамандығынан сүрінер, жақсы ұлдың жақсылығынан мерейі өсер.

27. Біреуге ор қазған, өзі түсер.

28. Жақсылығың өзіне жақсылық болып қайтар, жамандығың да өзіңе жамандық болып қайтар.

29. Жалғаншының күні – көмір.

30. Бала мен малды тәңірі береді.

31. Бай кедейленбес деме, кедей байымас деме.

32. Төмендегі биікке шығар, биіктегі де төменге түсер.

33. Өтірік айтпа: бір рет жалған сөйлер болсаң, жалғаншы деген аттан қашып құтыла алмай қаларсың.

34. Балам, әманда есте тұтқайсың: ата-анаңның алғысын алып, адал жүр!

КӨКІРЕК ТАЗА БОЛМАСА, КӨЗ ТАЗАСЫ НЕ КЕРЕК

(БИ-ШЕШЕНДЕР СӨЗДЕРІНЕН)

1. Сұраншыдан – тіленші туады, соқырдан – көрмес туады, сараңнан – бермес туады.

2. Қалтасында пұлы жоқ, өзін-өзі би сайлайды.

3. Ханнан артық қара бар, қылыштан артық ара бар.

Кей қараның сөздері, хан сөзіне пара-пар.

4. Қолы қысқа кедейлік адамның түсін басқалайды.

5. Жақсылардың бас қосқаны – жайлау болар,

Жамандардың бас қосқаны – сайлау болар.

6. Қысырында бермесең, буазында берерсің,

Арығында бермесең, семізінде берерсің,

Өз қолыңнан бермесең, өнерімді көрерсің.

7. Не пайда туысқаннан жуыспаған.

8. Алпыс күн атан болғанша, алты күн бура бол.

9. Жер сыны: өгіздерін семіртіп, пұл қылатын жер екен, құл-құтанын сөйлетіп, би қылатын жер екен, алпыстағы кемпірді қызыл-жасыл киінтіп, қыз қылатын жер екен.

10. Бөрілі таудан аспаған, бедеуге қамшы баспаған,
алысқа сапар шекпеген – ат қадірін білмейді;
жақсы тамақ ішпеген, жайлы орынға түспеген –
жат қадірін білмейді; қыста соғым соймаған,
козы етіне тоймаған – ас қадірін білмейді.
11. Көлде жүрген қоңыр қаз шөл қадірін не білсін,
шөлде жүрген дуадақ көл қадірін не білсін.
12. Өлмесе қайда кетті бұрынғының кәрісі, пайғамбардың бәрісі,
жердің жүзін жалмаса да тоймайды қара жердің талысы. Өткенге
– өкінбе, келмесе – кейіме, өлім деген – ұзақ жолдың алысы.
13. Көкірек таза болмаса, көз тазасы не керек.
Пейілің таза болмаса, сөз тазасы не керек.
14. Отырсам, опак дейсіндер, тұрсам, сопақ дейсіндер,
жалғыздығымды бетке басқанда кубас дейсіндер,
ел шетіне дау келсе, Избастыдай ұл тумас дейсіндер.
15. Шабанды атқа санама, жаманды затқа санама.
16. Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің,
Ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің.
17. Аттың тұяғының дүбірі құлағынды жарады,
етінің иісі мұрнынды жарады.
18. Көштің байсал тапқаны – көкорайға қонғаны,
Даудың байсал тапқаны – төрешіге барғаны.
19. Көн етікті демесең, көп қызығар тоным бар,
Көң садақты демесең, топты бұзар оғым бар.
20. Кісі болар кісінің кісіменен ісі бар,
Кісі болмас кісінің кісіменен несі бар.
21. Әйел алсаң, жігіттер, – қыпша бел торыны ал, ол болмаса, ақ
құбаның зорын ал, таба алмасаң, қараның онын ал. Аузы – қызыл,
көзі – көк, былшылдаған сөзі көп, шапылдаған сарыға жолама!
22. – Қайғы қайтсе қалады?
– Келелі бидің кеңесінде қалады,
Биік таудың төбесінде қалады.
Қыран құстың қияғында қалады,
Жүйрік аттың тұяғында қалады.
Ұлы дүбір, ойында қалады,
Сұлу жардың қойнында қалады.
Осыған құлақ түрмесен,
Өле-өлгенше мойнында қалады.

23. Берекесі жоқ жақыннан беделі бар жат артық,
Бәдені жоқ қатыннан бедері бар зат артық.
24. Жаманға жақыным деп қайырылмағайсың,
Алаштың жақсысынан айырылмағайсың.
25. Айланы алысқа құрғайсың, пайданы жақынға қылғайсың.
26. Ат мінбесең қатырып,
Жау жеңбесең жапырып,
Қырмызы киіп, қыз құшып,
Басыңдағы дәуренді өткізбесең сапырып,
Жігіттіктен не пайда?!
27. Өгізді өрге сүйресен, қанатың талар,
Қанаты талғанды қарға мен құзғын алар.
28. Тышқан да інінің айналасында оттамайды.
29. Алған жарың жақсы болса, ат үстінен дүбір ет,
Алған жарың жаман болса, шиге кіріп сыбыр ет.
30. Дәулет берсе құдайым – тон кисең де, түлкі етер,
Дәулет кетсе қолыңнан – түлкі кисең, күлкі етер.
31. Сусағанда берген су «халал» емей немене,
Кісі ақысын көп жесең «харам» емей немене.
32. Құнажын көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді.
33. Бұлақсыз сай тасқанымен көл болмас,
Жаманның қанша айтқаны жөн болмас.
34. Бағы жанған жігітке пәле-жала қонбайды,
Бағы тайған жігіттің тілегені болмайды.
35. Ердің құнын не жастың жайсаңы даулайды, не кәрінің сай-
таны даулайды.
36. Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім, Судан терең дегенім
– оқу, ғылым. Оттан ыстық дегенім – фәни жалған, адамның өмірі,
Көктен биік дегенім – тәкаппардың көңілі.
37. Амандықта қадір жоқ – алдырған күні білерсің,
Денсаулықта қадір жоқ – ауырған күні білерсің.
Қолда бар жақсының қадірі жоқ – айырылған күні білерсің.
38. Ешкімнің іші толған лақ еді, саусам, сүті бұлақ еді, қап-қап
кұрты бар еді, қарын-қарын майы бар еді, сойсам, терісі бұтыма
қап еді, мүйізі – пышағыма сап еді, қатыным қандай көретін еді
– айыр емес, нардай көретін еді.
39. Пышағым майлы болса, елімнің тоқтығы болар,
Ақымақ деп атамды сөксең, ақылыңның жоқтығы болар.

Шығармалары. Бірінші том

40. Көйлек кірі жуса кетеді,
Көңіл кірі айтса кетеді.
Негізін кара құл мен күң,
Сүйегіннің кірі қайтсе кетеді.
41. Атың шабан болса – жалғанның азабы,
Алғаның жаман болса – дүниенің тозағы,
Балаң жаман болса – көрінгеннің мазағы.
42. Нарқын танымаған сөз жетім, қатарынан қалған қарт жетім.
43. Үш сөзді ешқашан естен шығармаған жөн: олар – ұят, бо-
рыш, обал.
44. Қонақ күтпеген келіннің ырысы көшеді,
Қариясын сыйламаған баланың тынысы өшеді.
45. Қонақ төрт түрлі болады: арнайы қонақ, құдайы қонақ,
қыдырма қонақ, қылғыма қонақ.
46. Кедейліктің басыма салғаны көп: көсілтіп сауын сауғызбады,
жақсы қонақасы бергізбеді, бүгілтіп ат мінгізбеді, таңдап киім
кигізбеді, сұлу жар сүйгізбеді.
47. Ақылдан артық хандық жоқ, жомарттан артық барлық жоқ.
48. Малым бар деп мақтанба,
Боран соқса қайтесің.
Басым бар деп мақтанба,
Ажал соқса қайтесің.
49. Әйеліңмен дос бол, үйіне береке кіреді.
Азаматпен дос бол, адамшылығыңды біледі,
Білімдімен дос бол, сасқаныңда ақыл береді.
50. Затымды сұрасаң – жетесіз,
Анамды сұрасаң – некесіз,
Өз тұсымда өзім болдым,
Атамды сұрап нетесіз.
51. Әйелді – теппе аяқпен, баланы ұрма таяқпен: әйелді тепсен
– сағы сынады, баланы ұрсаң – бағы сынады.
52. Нақ жақсының белгісі – әрі мырза, әрі құл,
Нақ жаманның белгісі – өз үйінде өзі пұл.
53. Қатын ашуланса – құрт шайқар,
Бала ашуланса – беті қайтар.
54. Өз басыңа жау келсе – ерлігің зая,
Өз басыңа дау келсе – билігің зая.
55. Екі сөз «ал», «бер» деген – екі ағайын, «ал» өліп, «бер» тірі
қалды.

56. Бұл күнде арба-шана дүлдүл болды,
Жиналып қарға-құзғын бұлбұл болды.
Қосқанмен қанша басты біткен іс жоқ,
Ішінде бір қайнауы дүмбіл болды.

57. Ақ сауыт деп айтамыз атқанда оқ өтпесе,
Арғымақ деп айтамыз желгенде жылқы жетпесе.
Ақылды деп айтамыз тозған елді септесе,
Ер жігіт деп айтамыз жауға тастап кетпесе.

58. Қазақ асының асылы да, жасығы да – айран, бұйымының жақсысы да, жаманы да – киіз. Айранды қымыздан бір ай бұрын, бір ай соң ішеді. Әсіресе, жазғы шілдеде айраннан қадірлі ас жоқ. Киізден қазақ баспана үй де, тоқым да, төсеніш те, табанына ұлтарақ та жасайды.

59. Ілімің бар екен – білімің әлдеқалай, қағуың бар екен – халқыңа жағуың әлдеқалай, айлаң бар екен – халқыңа пайдаң әлдеқалай, жорғалығың бар екен – халқыңа қорғандығың әлдеқалай, заттығың бар екен – халқыңа қымбаттығың әлдеқалай?!

60. Бай болатын адамның иті сақ болады, әйелі малсақ болады, қызы көрікті болады, ұлы бөрікті болады.

61. Ниет ету – бізден, тілек қосу – сізден.

62. Берсең – алдық, бермесең – қалдық: сөзді өзіне салдық.

63. Жас – дененің қабы, бас – мидың қабы, ми – адамның қаны.

64. Жау санасып ұрыспас.

65. Сағымды қуып жүргенде, қуартарсың жағыңды,
Дәулет құсы ұшқанда, соғарсың сонда саныңды.

66. Қара қазаққа хан ие, қара жерге халық ие.

67. Қарашаға хан табылар, ханға қараша табыла бермес.

68. Мандайымның бағы бар, таңдайымның дағы бар.

69. Әділ би әділдігін айтар, сары табактан сарқыт қайтар.

70. Жаманның басына іс түссе – тойдай көреді,
Жақсының басына іс түссе – ойлай береді.

71. Көкті бу көтереді, жерді су көтереді, жүйрікті ду көтереді, жүкті нар көтереді, өлімді бар көтереді.

72. Арыстан айға шауып мерт болса, артында қалған баласы арыстандық етпес деменіз, атасы аңсаған мұратқа баласы жетпес деменіз.

73. Бір оқты құлан көтереді, екі оқты ұлан көтереді.

74. Әкең бұрын тығын еді, енді шығын болайын деп отыр.

75. Қарыз деген берсе бітеді,
Шам жарығы сөнсе бітеді.
Қанша қызық дәурен сүрсең де,
Дүние қызығы өлсең бітеді.
76. Есіктен мейман келсе тоқтатпа, өлген мені боқтатпа.
77. Тапқан – қуанады, таныған – алады.
78. Жақсы кісі: ақылымен тәуір болады, мінезі – қорғасындай ауыр болады, құлағы – өсек естіместей сауыр болады, кедейдің жалғыз керіндей – құйрығы шолақ, арқасы жауыр болады.
79. Арық атқа қамшы – жау, жыртық үйге тамшы – жау.
80. Ұрыншақ болса, ұлың кер, керіскек болса, келін кер.
81. Бірлігі жоқ ел ғаріп, арманда өлген ер ғаріп.
82. Елің жүрсін есінде, мал мен баққа есірме.
Мал мен баққа есірсең, кез боларсың кесірге.
83. Ағайынның сөзінен аспа,
Қарияның сөзін аяққа баспа.
Көз қырын сала жүргейсің,
Мен боламын деген жасқа.
84. Асыл болса алған жар – ханым емей немене,
Жайлы болса мінезі жаның – емей немене.
85. Мінген атың болдырмай, мәрелі жерге жеткізсе – қанат емей немене, тоқтышақтың терісі тоңдырмаса суықта – жанат емей немене.
86. Арыстанның белгісі – артына қарап ақырмайды, нар түйенің белгісі – қабырғасын сөксе де бақырмайды, нағыз туған асыл ер, қанша қасірет шексе де, қайғыланып «аһ» ұрмайды.
87. Тыныш құлақ, жылы төсек, жақсы тамақ – егер осы жағдайлар түгел болса – адамның өзі де, көңілі де қартаймайды.
88. Еліңде жақсы көп болса – пайдасы тиер,
Содыр-сотқар көп болса – найзасы тиер.
89. Жақсыға жаман кесір,
Ішінен жақсысы кеткен ел жесір.
Өзіңе жамандық қылған пендені,
Кісілік қыл да, сен кешір.
90. Жаңылмас жақ болмас, сүрінбес тұяқ болмас.
91. Ер жігітке серуен де серуен, сергелден де серуен.
92. Жігітке еңбек ар емес.
93. Батпағы бар көлдерден су ішетін сай артық,
Қамшылатқан шабаннан өзі жүрген тай артық.
Жаманмен жолдас болғанша, саяқ жүрген көп артық.

94. Әділ бидің кегі жоқ, білімдінің кемі жоқ.
95. Тауға біткен қайыңның солқылдар басы жел ессе,
Еңкейіңкі тартады ер қолынан мал кетсе.
96. Арбадан үркер жаман ат сауырына жал бітсе,
Қайыры болмас ғаріпке ақылсызға мал бітсе,
Қасына қоңсы қондырмас қас жаманға әл бітсе.
97. Хан бұрылып қараған, би бұрылып сұраған
ажары болмас арудың екі он бестен жасы өтсе.
98. Сыңғырлап белін шешінген, назданып аяқ көсілген
алғаныңа қадірің кетер күн болар: ер қартайр жас жетсе.
99. Мен қартайдым, жол бердім,
Күн сенікі, жастарым!
Кәрілікке жеткізсе,
Талайды көрер бастарың.
100. Жердің құты – жаңбыр, елдің құты – азамат, ошақтың құты
– жақсы әйел, аймақтың құты – әділ төре.
101. Балдан тәтті бала бар, қылыштан өткір тіл бар,
удан ащы әдепсіздің аузынан шыққан сөз бар.
102. Қиса қиюы келе ме қарағайдың талменен,
Дәмі бірдей бола ма қара судың балменен.
Бізге лайық бола ма айттырғанмен малменен,
Қайтіп ойнап-күлерміз жетпістегі шалменен.
103. Ас айныса, май түзер, май айныса, тұз түзер, тұз айныса,
кім түзер?
104. Халық айныса хан түзер, хан айныса кім түзер?
105. Бір өткел бар алыс, алыс та болса жақын,
Бір өткел бар жақын, жақын да болса алыс.
106. Теңін тапса, тегін бер.
107. Бейсауат бөтен оймен келіп, біреудің есігін қолыңмен
қақсаң, өз есігіңді біреу аяғымен тебер.
108. Қайнаған болат тастан шығар,
Айқын жүйрік жастан шығар.
109. Дұшпанның ең жаманы достан шығар.
110. Тәуекел – ердің жолдасы.
111. Ер өлмейді деменіз.
112. Шежіредей тілі сайраған, сөйлесе, жұртын байлаған.
113. Аузына арам салмаған, адамнан пара алмаған.
114. Хан қайырылып қараған,
Би бұрылып сұраған,

Шығармалары. Бірінші том

- Айдай ару сұлудың,
Ажары тұрмас бетінде,
Екі он бестен жасы өтсе.
115. Сыңғырлап белін шешінген,
Назданып аяқ көсілген,
Алғаныңа, жандарым,
Қадірің кетер күн болар,
Ер қартайып, жас жетсе.
116. Еңкейіңкі тартады,
Ер колынан мал кетсе.
Қайыры болмас ғаріпке,
Хас жаманға мал бітсе.
Арбадан үрікпес жаман ат,
Ер салдырмас, жал бітсе.
117. Желдетпей тұман ашылмас,
Желпінбей Жұман басылмас.
118. Адал сөз – екі дүниеде бірдей жанның шырағы,
Арам сөздің екі дүниеде де бар сұрауы.

БІР СЫНАҒАН ЖАМАНДЫ, ЕКІ ҚАЙТА СЫНАМА

(ЖЫРАУЛЫҚ ӨНЕР ЖАУҒАРЛАРЫНАН)

1. Ер құны кетпес сұраусыз.
2. Алтын тақта жатса да, ажалы жеткен ер пақыр.
3. Кім арамды ант ұрсын!
4. Жазықсыз елді еңіретпе!
5. Ақыл қалмас қашқанда, дегбір қалмас сасқанда.
6. Жау жағадан алғанда, ит етектен алар.
7. Жаксы қыздың үйіне күйеу болсаң – табақта алдыменен төс келеді, Жаман қыздың үйіне күйеу болсаң – төсің түгіл, төсегің кеш келеді.
8. Иесінің маңдайы тайқы болса, жалғыз ат қайтіп өлсін өстіп өлмей.
9. Балаңа ұрса берме таз да болса, малыңды сол бағады аз да болса.
10. Ағайын жат болмайды ұрыспаған.

11. Ит үрер жақсыға да, жаманға да,
Қылмағы бірақ залал құдайдан-ды.
12. Арық мал жан жолатпас бір жалданса,
Пенде ойлар кененмін деп бір малданса.
Қадамы әзіз ердің ұзамайды,
Жігітке бақыт шіркін шыр айналса.
13. Адамға бір өзіндей көзің сүзбе,
Бір әділ қазынасы кен патшаңды ізде.
Қорексіз еш пендесін қалдырмайды,
Жаратқан бір тәңіріңнен күдер үзбе.
14. Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған.
15. Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға,
Қартаймақ қиын сауда тағыңызда.
Іске аспай ен дәулеттің қалуы оңай,
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.
16. Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен,
Кете бар кесе басың шындықпенен.
Қорек тап бейнеттен де, тәңірің – жәрдем,
Телмірме бір адамға мұңлықпенен.
17. Жаманға ұйқы жолдас, тамыр тамақ,
Болмайды көңілінде басқа талап.
Күн кешіркек болады өз ойынша,
Әйтеуір қызыл тілмен алдап-арбап.
18. Қайыры жоқ байлардан, құс қонбаған шөл артық.
19. Жаманның мыңы тұрмайды қара пұлға, жақсының бірі бо-
лады елге тұлға.
20. Жігіттің аты шықпас бақ қонбаса.
21. Би болмас белін жалпақ буғанменен,
Ағармас нәсілі арам жуғанменен.
Байқасаң ажар басқа, ақыл басқа,
Пайда жоқ құр әдемі туғанменен.
22. Тілі екеудің – ділі екеу.
23. Би болмас білгені елге тарамаса,
Несі би әділдікке жарамаса.
Ер жетпес мұратына талпынғанмен,
Әуелден тәңірісі қаламаса.
24. Дүниеге жаяу келіп, жаяу кетесің.

ЖІГІТ ЖАМАН БОЛМАЙДЫ ЖАҚСЫҒА ЕРГЕН

(АЙТЫС АЙШЫҚТАРЫ)

1. Кей жұлдыз аспандағы ай секілді,
Кей жаман бас білмеген тай секілді.
2. Жаманға құралмайды тапқан пайда.
3. Жақсылармен ойнасаң – жарасады,
Жамандармен ойнасаң – дауласады.
4. Көрінер садақ сұлу оғыменен.
5. Қызыл тіл – кейі келер, кейі келмес.
6. Жаманменен ойнасаң – көңіл азар,
Жақсыменен ойнасаң – күнде базар.
7. Тілден бұрын жақ сөйлер.
8. Жақынға жақындасу қиын емес.
9. Жай білмейтін жаманға болма құмар.
10. Алыс болса – теңіздің мұзы дағы,
Жақын болса – елінің тұзы дағы.
11. Құдайдың кім көнбейді салғанына.
12. Жүреді нәмәрт жігіт сертке жетпей.
13. Теңеу: өлеңнің інісі емес, ағасымын.
14. Жаман сөз – жақсы адамға мін дейді.
15. Мінеді құдай сүйген алтын таққа.
16. Аузыңмен құс тістесең дәнеме жоқ,
Барға – бал, жоққа – қапа дүние екен.
17. Сөз – шырын, ойым – бақша мәуесі көп.
18. Жігіттік қолдан кетсе, әркімге арман.
19. Халық боп өз еркіңмен көшетұғын,
Қазақ-ау, күнің бар ма баяғыдай?!
20. Басқаның бір құдайдан бәрі де жұп.
21. Сөз айтпа ақпа құлақ надандарға.
22. Екі асыл жарасады дүр тасындай.
23. Аспаннан шұға жауып тұрса дағы,
Тимейді ұлтарактық құла, тақсыр.
24. Болмайды қуған бірдей қашқанменен.
25. Тақсыр-ау, іс бітер ме – қорқақ болсақ,
Жүреді кім жетелеп – жол таппасақ.
26. Іштен – жылы, сырттан – суық.
27. Болайық жұртпен тату, өкпе артқанша.

28. Дүниенің байлығы – тіл.
29. Жігітке бас есенде мал табылар.
30. Арманға жете алмассыз, арпалыспай.
31. Теңеу: тілінің шекері бар.
32. Түрленіп түспес қолға дүние шіркін,
Сағымдай алдап жұртты жүзіменен.
33. Адамзат қайда жүрмес айдаса тұз.
34. Жақсы адам жайды білген сынамайды.
35. Жігіт жаман болмайды жақсыға ерген.
36. Өзен қатты тасыса құм болады,
Пәле қуған адамдар сұм болады.
37. Ер назасына қалмас болар.
38. Қыздан сорлы бар ма екен, теңін тауып бармаған,
Ұлдан сорлы бар ма екен, сүйгенін таңдап алмаған.
39. Түйелі сиырлымен жараспайды.
40. Кісіге өнер бітпес, жолы ашылмай.
41. Қисық ағаш көбейер, тез болмаса.
42. Әркім жүрер өзінің пайдасына.
43. Теңеу: қара қас, бадам қабақ, нәркес көзді.
44. Теңеу: тілің – тетік, сөзің – өжет.
45. Ерден дәулет қашпайды қара баспай.
46. Кісіге өткен өмір болады арман.
47. Жігітшілік кісіге емес мирас.
48. Ер жігіт жалтақ болар мал тайғанда.
49. Базарда зер қадірін зергер білер,
Ерлерді ақылы зерек ерлер білер.
50. Мал шіркін кәріні де реңдейді.
51. Бейпайда ерегістен түк өнбейді.
52. Жігітке қыз қарғысы майдай жағар.
53. Жігітке қыз келе ме, іздемесе.
54. Кісіні ит танымай тақымдайды.
55. Жеңген мен жеңілгенді надан білмес.
56. Аруаққа абыройлы әркім құмар.
57. Бас қоссаң білімдімен, ол – бір заман.
58. Теңеу: сыймаған тілі аузына ақын екен.
59. Жаман достан, зерек дұшпан артық.
60. Бәйгеде көтермесе, ат озбайды.
61. Қу ағаш жас ағашқа сүйенеді.
62. Замана жылдан жылға сұм болады.

63. Жақсылар жаманды еске санамайды.
64. Жақыннан жақсы туса, жанға сая.
65. Шығады қолы жеткен бәйтерекке.
66. Мал деген – адамзатқа қатты дұшпан.
67. Жақсы менен жаманның жаны бірдей.
68. Құранның бір мәнісі – шежіресі.
69. Ойнағаным-күлгенім күнде бір той.
70. Адал ұл ата жолын қуар болар.
71. Адамның бермесіне түңілмеймін.
72. Кей адам әлдеқандай көреді өзін,
Надан адам білмейді айтар сөзін.
73. Жақын алыс болады жүрмеген соң,
Мейрам қызық болмайды күлмеген соң.
74. Тәуекел қайық, тал болар, уайым терең жар болар.
75. Сабырсыздан жаман жоқ.
76. Ашу деген – көк бөрі.
77. Сөзім бар сокқан желдей, жанған өрттей,
сандырақ кейбір сөзін сүзек дерттей.
78. Бұзады уәдені осал адам.
79. Халқына ердің ері қорған болар.
80. Адасқан жүре берсе – жолын түзер,
Арық ат жал біткенде – белін түзер.
81. Болмайды жер мен көктің шекарасы.
82. Жел тұрса жеңіл нәрсе көкке ұшады.
83. Орны бөлек әр сөздің, жөні басқа.
84. Екі жақсы қосылса, бақ табады.
85. Бөдене де табылса дәнін жейді,
Өлең айтқан өзінің жанын жейді.
86. Кейбір терек кеспей-ақ жығылады,
Кейбір адам жау келмей тығылады.
87. Өлең айтса ақындар сөз таңдайды,
Сұлуларды таразы көз таңдайды.
88. Әр жігіттің өзіне тендесі бар.
89. Бір-біріне жақсы адам өш болмайды.
90. Қыз бала қызығымен дидарғайып.
91. Көтерер егес болса ердің бағы,
Шешеннің суырылар тіл мен жағы.
92. Жаралған көрмек үшін дүние сарай.
93. Жақсы ат пен тәуір киім ерге лайық.

94. Негізі жақсы да жоқ, жаман да жоқ,
Негізі маңдайдағы бақ пен сорда.
95. Бақ қонбайды жасыққа.
96. Жомарт ер жоқшылықтан қорынады.
97. Жігіттің жиырма бесі сара жасы.
98. Келмейді өтсе жалған бір айналып.
99. Пендені кім жарылқар, пенде болса,
Тентектің ісі қисық, жөн де болса.
100. Арасы жаман-жақсы жер мен көктей.
101. Болмаса өз қолында, әкең де жат.
102. Әркімнің өзі білер шама-шарқын.
103. Адамзат дәм айдаса қайда жүрмес.
104. Нашардың шашынан көп жаманаты.
105. Егес сөз елдің жапсар-жігін ашар.
106. Жетеді мұратына өлмеген құл.
107. Теңеу: тілің – кілт, кеудең – сандық, ақылың – алтын.
108. Басыңда бақыт құсың бар шағында,
Кем емес падишадан қара басың.
109. Білмейді хақ әмірін надан кісі,
Сөз айтпақ тыңдамаққа көңіл хошы.
110. Тәңірдің екі болмас бұйырғаны.
111. Ерге сіңбес ердің малы.
112. Жел сөзді тәңірім берген сөйлесін деп,
Жаратқан мимен қосып тіл мен жақты.
113. Ойлайды асыл адам сабырлықты.
Ойлайды жаман адам жәбірлікті.
114. Пайда жоқ ер жігітке уайымнан.
115. Достығым айырылмайды құдай қосқан.
116. Жаратқан өзі беріп, өзі алады.
117. Ер жігіт қор болмайды талаптанған.
118. Пенденің жүз көрісер өлмегені.
119. Өжет бол, алғың келсе тіршілікте.
120. Асылдың сыны кетпес, сыры кетер.
121. Теңеу: басы – алтын өлеңімнің, аяғы – жез.
122. Теңеу: сырты – алтын өлеңімнің, іші – қуыс.
123. Жақсының қайда барса, жаттығы жоқ.
124. Жаманға жолдас болсаң күнде кейіс,
Дау болар арадағы алыс-беріс.
125. Бар жақсы батырдан да, шешеннен де.

126. Жаныңа жаман болсаң, жан жуымас.
127. Барға – базар.
128. Ашылмайды сор болса жігіт бағы,
Жігіттің дәл жиырма бес – деген шағы.
Кісі жары кісіге жар бола ма,
Өз қағынан жерімес тұлпар дағы.
129. Ала жіпті адал ер аттамайды,
Жүрген жерін шын жігіт дағтамайды.
130. Белгілі пішінінен жаман жігіт,
Таудан тас құлағандай тарсылдаған.
131. Жаман жігіт белгісі – әйел қору.
132. Қызғаншағы жігіттің мал болмайды.
133. Әркімге ақыл менен қайрат қуат.
134. Дүние кейде – орта, кейде – толы.
135. Ұятты иманындай күткен келін,
Халқына қалаулы боп атанады.
136. Жабысқан мысқыл сөзден шала шығар.
137. Қу түлкі қақпаныңа үңілмейді.
138. Өз қолы өз аузына жетпегеннің,
Өмірі өтеді екен арманшыл боп.
139. Өмірде өрмек жетім тоқылмаған.
140. Ат жетім өрен жүйрік шабылмаса.
141. Кеудесі адамзаттың – алтын сандық.
142. Атасы мылтық атқан оқ жонады.
143. Жүйріктен жүйрік туар шығандаған,
Сұлудан сұлу туар сылаңдаған.
144. Бай байыған сайын қалтырауық.
145. Еркінді аяқ асты етпе!
146. Ер сыйлаған, есікте қалмас.
147. Заманнан заман туар неше түрлі.
148. Әйелдің білімдісін ер сыйлайды.
149. Құтылмас талап қылса иман ерден.
150. Жігітті абиырлы әр уақытта,
Жүреді әр нәрседен құдай сақтап.
151. Жақсының сөзі балдай сырлы кеңес.
152. Адамзат бірде – теңіз, бірде – самал.
153. Мойнында бір адамның қырық парыз.
154. Шын тұлпар, шаба берсе, күнде озады.

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ
КЕУДЕСІ ЖАҚСЫЛАРДЫҢ – АЛТЫН САНДЫҚ

(ӘН МӘТІНДЕРІ МАРЖАНДАРЫНАН)

1. Төрт түлік пен ел екен жердің көркі.
2. Оралыңның барында ойна да күл.
3. Сұлулардың көзі ойнар.
4. Жақсы сөздің басында болмасын дақ.
5. Қайда қалмас жігіттің жиған мүлкі.
6. Дүниеде қайда жүрсең қор болмассың,
Соңынан өнер-білім зыр жүгірсең.
7. Кеудесі жақсылардың алтын сандық.
8. Кім көнбейді тағдырдың салғанына.
9. Әркім өз білгенін айтады.
10. Ісіне құдіреттің болмас шара.
11. Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң,
Ен жайлау құлазиды ел кеткен соң.
12. Жүз теңгелік тақияның мың теңгелік дауы бар.
13. Дүние – шолақ, адам – қонақ.
14. Аққудың арман әні көлде қалар,
Серінің серілігі елде қалар.
15. Жердің кетер ел ауса берекесі.
16. Теңеу: күлше берген баладай алдау.
17. Жігітте арман болмас сүйгенді алған.
18. Дүниеде әркім жүрер кең болған соң,
Ойнайды екі құрбы тең болған соң.
19. Келгенше жиырма беске – қыз еріншек.
20. Теңеу: күлкісі – наз, сөзі – бал.
21. Жөн білмейтін жақыннан жайды білер жат жақсы.
22. Ата-анаға қыз бала қонақ екен.
23. Сөз айтпа қадір білмес жамандарға.
24. Ел ішінде бір тентек жүрмей ме екен.
25. Кедейлік ер жігітке қой бақтырар.
26. Сұлуға әркімнің-ақ бар таласы.
27. Ауылыңнан қыз кеткен соң, қызық кетер,
Тарқаған жәрмеңкенің базарындай.
28. Кімдер сері болмайды бойдағында.
29. Қара тайға жарасқан қара терлік,
Жараспайды жігітке төтен ерлік.

30. Жабыққан – жамандардың ісі.
31. Малға – жарлы, сөзге – бай.
32. Егескен жауын мұқатпай, ердің сәні келмейді,
Қара жерден қар кетпей, жердің сәні келмейді,
Үйрек ұшып, қаз қонбай, көлдің сәні келмейді,
Қызыл-жасыл киінбей, қыздың сәні келмейді,
Қыз-бозбала жиылмай, жырдың сәні келмейді.
33. Дос болып, қас болғаннан сақта, құдай,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.
34. Дүниеде достан шыққан дұшпан жаман.
35. Тағдырдың кез келтірме ақпанына,
Қарамас егіліп мұң шаққаныңа.
Аяулы алтын басың қор болады,
Тап болсаң жалған достың қақпанына.
36. Жақсыны жаман десе, болар семіз.
37. Кездестірме, құдая, пейілі тарға.
38. Теңеу: аузы – бал, тілі – шекер, нәзік таңдай.
39. Теңеу: ақ төсі Қап тауының қиясындай.
40. Алтын қайық жарасар күймесімен,
Наздана алмас сұлу қыз сүймесімен.
41. Теңеу: жібек шаш, қанжар қас.
42. Теңеу: көрінер тамағынан ішкен асы.
43. Дүние қызыл-жасыл, кімді алмадың,
Сен берген ризықтан құр қалмадым.
Дәуренді мендей сүрген кім бар екен,
Сонда да қызығыңа бір қанбадым.
44. Талаптанбай ашылмас ердің бағы.
45. Теңеу: сөз – жаңбыр, дауысым – дауыл, әнім – есекк.
46. Жігітке қисық қылық мінменен тең.
47. Теңеу: көзі – ашық, көкірегі – ояу.
48. Теңеу: ән салсаң Әсеттей сал аңыратып.
49. Сәйфіл-Мәлік, Жамалдай – бейнетіңе көнсем-ай,
Қозы Көрпеш, Баяндай – бір молада өлсем-ай.
50. Табылар өнерліге құрмет пен сый.
51. Дауа жоқ кәрілік пен ақ өлімге,
Қаратпас келіп қалса кезегіңе.
52. Қызықсыз жиған дүние керегі не.
53. Теңеу: таудан қашқан бұлаңдап түлкі дүние.
54. Ауылын сұлу қыздың жігіт жақтар,
Әр жерде сабырлы ерді тәңірім сақтар.

55. Домбыра күйі келер бұрауменен,
Келмейді сөз жүйесі құрауменен.
56. Теңеу: жауқазын желбіреген жастық шағым.
57. Сақталмас болат пышақ қын болмаса.
58. Дүние – қызыл түлкі бұландаған,
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған.
59. Бақ бітер – ер жігіттің маңдайына,
Сөз бітер – шешен жігіт таңдайына.
60. Қайғысыз қара жүрек зарламайды,
Екі дос бірін-бірі алдамайды.
Қара тас ұйқың келсе болар мамық,
Шын ғашық сұлулықты таңдамайды.
61. Теңеу: шашақсың жалаулатқан найзадағы.
62. Теңеу: атыңнан түскен қайтып міне алмайсың,
еркемнің судан қайтқан ізің көрсең.
63. Теңеу: қасың керік – кәмшаттың құндызындай,
екі көзің – шолпанның жұлдызындай.
64. Біреуге айдай алмас мал береді,
Біреуге шығар-шықпас жан береді.
65. Мінезім арқандаулы ат секілді.
66. Қыз емес, қыздың аты қызыл асық,
Жастар көп қыз балаға болған ғашық.
Әзілмен ебін тауып сөйлеспеген,
Жігіттің қарап тұрсам өзі жасық.
67. Жігіттің бір қызығы сауықты өмір,
Шырқатып әнге салсаң, қайғы кемір.
68. Бозбала, жастық шақта ойна да күл,
Шамшырақ мың күн жанған бір күн сөнер.
69. Теңеу: қарақат көзді, сым саусақ.
70. Туған жерден ер кетпес.
71. Сен бәйтерек болғанда, біз көбелек,
Дүниенің төрт бұрышы дөп-дөнгелек.
Асылғанда бұтағың көтермесе,
Құр бәйтерек болғаның неге керек.
72. Шықсаң белге, көз сал елге.
73. Теңеу: ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін.
74. Теңеу: ақша жүз, бота көзді, қасы қара.
75. Теңеу: ақша жүз, жазық маңдай, қиылған қас, ат жақты, бота көзді қыз – гауһар тас; қыр мұрын, ерні қызыл бүлдіргендей, кеткен ғой қолды болып сол қолаң шаш.

АНЫҚТАМАЛЫҚ

А

Абай Құнанбаев (Ибраһим) (1845–1904) – ұлы ақын, философ. Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Қазақ халқының рухани көсемі дәрежесіне көтерілген кемеңгер адам. Туып-өскен жері – Семейдегі Шыңғыстау өңірі. Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды. Философиялық пайым деңгейінің жоғарылығы – Абай шығармашылығы даралықтарының бірі. Абай – ұлы ақын ретінде, философ ретінде әлемдік деңгейде мойындалып, танылған тұлға.

Аймауытов Жүсіпбек (1897–1931) – классикалық қазақ прозасының негізін қалаушылардың бірі, ақын, драматург, аудармашы, сыншы. Тоталитарлық жүйе құрбандарының бірі.

Анақарыс (Анахарсис) (шамамен б.з.д. 638 – б.з.д. 539) – атақты скиф философы, әлемдік философия тарихында әйгілі «жеті ғұламаның» бірі саналады. Анақарыс туралы және оның шығармашылығы жайлы Геродот, Плутарх, Эзоп сияқты көне грек авторлары, сириялық ойшыл Лукиан және басқалар кең жазып қалдырған. Білім іздеп дүниенің төрт бұрышын шарлаған. Солон патшаның кезінде көп жылдар Афинада өмір сүрген дала билеушісінің (Гиур – Қайыр (?)) баласы ақыр аяғында Еділ бойындағы бауырларына аңсап жеткен шағында өз қандастарының қызғанышының һәм грек мәдениетіне деген ерекше құштарлығына деген түсінбестіктің құрбаны болған деседі. Ескерткіш статуясына: «Тіліңді тый, тамақты талғап іш, құмарлыққа салынба!» деген сөздері ойып жазылған. Ұлы ғұлама дойбы ойынын, қыш құмыра жасайтын аспап және кеме зәкірін (якорь) ойлап тапқан деген де деректер бар. Анақарыс афоризмдерінен далалық ойлау жүйесі табиғатына тән ерекшелік айқын аңғарылады.

Аронұлы Сүйінбай (1827–1896) – ақын, жыршы. Алматы облысының Жамбыл ауданында туған. Сүйінбайды Жамбыл өзіне пір тұтқан. «Пірім менің – Сүйінбай, сөз сөйлемен сиынбай» деген қанатты сөздер арнаған. Ақындық өнерін айтыстан бастаған. Тезек төреге арнаған өлеңдері аса уытты. Өмір туралы, замана болмысы, жастық пен кәрілік жайлы ойлы лирикасы айрықша шоқтықты туындылар қатарына жатады.

Асан Қайғы (Сәбитұлы Асан) (XV ғ.) – ұлы философ, ақын. Өмірбаянына қатысты нақты деректер аз. Еділ бойында туған. Әкесі саятшы болған. Алтын Орда ханы Ұлұғ-Мұхамедтің, Қазақ хандығы

кұрылған тұста – Жәнібек ханның кеңесшісі (биі) болған. Оның «Жерұйық» іздеу идеясы – баршаға жайлы һәм әділетті қоғам орнату жөніндегі адамзаттық аңсармен үндес әлеуметтік-саяси әрі философиялық ұлы идея. Асан қайғы ойларының енді бір өзегі – адам мен қоғам, табиғат пен тіршілік тақырыбы. Ел билеушіге қарата айтылған сөздерінде өмірдің ащы шындығын ашық жайып салады.

Ә

Әбдіхалық Жомарт (1944–2004) – журналист – публицист, мәдениет қайраткері, шығармаларында қоғамдық қарым-қатынас-тарды, өмір мен өнер құбылыстарын ойшылдық көзқараспен зерделеуге бейімділігімен ерекшеленеді. Бұл, әсіресе, «101 толғам, 1001 түйін» (2005 жыл) және «Ақселеуге хат» (2012 жыл) кітаптарында айқын аңғарылады. Ақмола облысының Қорғалжын ау-данында дүниеге келген.

Әлібекұлы Төле (1663–1756) – ұлы би. Билік айтып, заң шығарумен айналысқан. Дипломатиялық істерге араласқан. Қазақ халқының рухани көсемдері деңгейіне көтерілген әйгілі тарихи тұлға. Елдің тұтастығын, бірлігі мен ынтымағын сақтау, әділдік пен теңдік принциптерін – қоғам өмірінің ең басты әлеуметтік-сая-си, моральдік-психологиялық ұстыны ретінде дәріптеген.

Әлімбай Мұзафар (1923) – ақын. Балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Мақал-мәтел, нақыл сөздерді жинау-шы, зерттеуші һәм жасаушы. Павлодар облысында туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан майдангер.

Әлменұлы Бөлтірік (1771–1853) – «құс көмей» атанған әйгілі шешен, алдынан ел тараған айтулы би. Ойшылдығы, дүние құбылыстарының байыбын терең барлап, тиянақты ой тую ерекшелігі ел аузында сақталған саф асыл сөздерінен айқын аңғарылады.

Әл-Фараби Әбу Насыр (Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ Әл-Фараби) (870 – 950) – ұлы ойшыл, энциклопедист ғалым. Әлемдік өркениет тарихында Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған аса ірі тұлға. Қазақ даласындағы әйгілі Отырар қаласында әскербасы отбасында дүниеге келген. Өз заманының ең таңдаулы оқу орындарында (Бағдат, Мысыр, Шам, т.б.) білім алған. Еңбектерін негізінен араб тілінде жазған.

Әл-Фарабидің еңбектері әлем тілдеріне көп аударылып, кең зерттелген шығармалар қатарына жатады. Еуропада XVII ғасырға дейін тұрақты оқулық ретінде қолданылып келді. XX ғасырдың аяғында «Фарабитанудың» қазақстандық мектебінің негізі қаланды. 70-жылдары Алматыда арнайы әлемдік

Шығармалары. Бірінші том

ғылыми-теориялық конференция өткізілді. Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары Шығыс пен Батыс өркениетінің құндылықтарын терең зерделеу мен синтездеу нәтижесі ретінде ерекшеленді.

Әуезов Мұхтар (1897–1961) – ұлы жазушы, драматург, әдебиетші-ғалым, қазақ әдебиетінің классигі. «Абай жолы» романы әлемдік әдебиет антологиясына енген. Семейдегі Шыңғыстау өңірінде дүниеге келген. Әкесінің есімі – Омархан. «Айман-Шолпан», «Қаракөз», т.б. спектакльдердің сценарийін жазған. Қазақ театр өнерінің негізін салушылардың бірі.

Әшімбаев Сағат (1947–1991) – сыншы, қоғам қайраткері, журналист. Алматы облысында туған. Эстетикалық көзқарастары ұлттық әдебиет болмысын жаңаша тануға жетелейді.

Б

Бабатайұлы Дулат (1802–1871) – ойшыл, ақын. Аягөз өңірінде туған. 1880 жылы «Өсиетнама» деген жинағы Қазанда басылып шыққан. Ақын өлеңдерін ел аузынан жинап, сақтаушы – халық ақыны Шәкір Әбенев. Өлеңдерінде саяси-әлеуметтік тақырыптар терең де жан-жақты көрініс тапқан. Елдік мұраттарды жаны ауыра жырға қосқан.

Байбекұлы Әйтеке (Айтық) (1644–1700) – ұлы би. Білік айтып, заң шығарумен айналысқан. Дипломатиялық істерге ара-ласқан. Қазақ халқының рухани көсемдері деңгейіне көтерілген әйгілі тарихи тұлға. Елдің тұтастығын, бірлігі мен ынтымағын сақтау принциптерін қоғам өмірінің ең басты әлеуметтік-саяси, моральдік-психологиялық ұстыны ретінде дәріптеген.

Баласағұн Жүсіп (1021–1075) – ұлы түрік ойшылы, ақын. Түрік тілінде жазылған тұңғыш ірі энциклопедиялық туынды саналатын «Құтты білік» даналық кітабының авторы. Әлемге танымал ұлы тұлғалар қатарынан. Қараханидтер мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласында дүниеге келген. Қабірі Қашғар қаласында. Өмір, ой-сана, білік пен білім, билік, мінез-құлық қырлары хақында өміршең ойлар жазып қалдырған. «Құтты білік» кітабын ақын А. Егеубаев қазақшалады.

Байтұрсынұлы Ахмет (1873–1938) – ұлы ағартушы, көрнекті ғалым, ақын, публицист. Ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Түрмеге қамалып, жер аударылған. Қазақ тілінің теориясын жасап, жетілдірілген, жаңа оқу жүйесінің негізін қалаған ірі реформатор. «Қазақ» газетін шығарған. Алғашқы өлең жинағы «Маса» 1911 жылы Орынборда жарық көрген. Одан екі жыл бұрын Санкт-Петербургта И. А. Крылов мысалдарының аудармасын («Қырық мысал») басып шығарған.

Баһрамұлы Мұхаммед-Қанафия (Сегіз сері) (1818–1854) – әнші-композитор, ақын-жыршы. «Гауһартас», «Назқоңыр», «Ғай-ни», «Қарғаш», «Мақпал», «Бесқарагер», «Әйкен-ай», т.б. әндері ұлттық музыка өнерінің классикалық үлгілеріне жатады, алғашқы қазақ операларында кең пайдаланылған. Сан қырлы өнері мен өзгеше талайлы тағдыры атын аңызға айналдырған қайталанбас тарихи тұлға қазақ қоғамындағы әйгілі сал-серілер дәстүрінің бастауында тұр. Қазақ өнері аспанынан ерте ағып түскен жарық жұлдыздай қысқа ғұмыр кешкен ғажайып талант иесі («Сегіз сері – табиғаттың өзі құя салған құйма талант. Қол бастаған батырлығы мен палуандығы өз алдына, ол ақындығымен бірге әнші, күйші, хисса, жыр айтушы, жырау, қобызшы, сыбызғышы, ән шығарушы әйгілі композитор әрі он саусағынан өнер тамған шебер оюшы, өрімші, ерші, уық, кереге, шаңырақ, кебеже, домбыра жасаушы, яғни сегіз қырлы, бір сырлы адам болған. Халықтың оған Сегіз сері деп ат қоюы да тегін емес») (Т. Әлімқұлов). Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген. Ұлтжандылық әрекеттері үшін патша отаршылдарының қаһарына ілігіп, бір топ үзеңгілес серіктерімен бірге біраз уақыт Сыр бойында, Еділ – Жайық өңірінде, Солтүстік Кавказдағы ноғай-құмық ауылдарында бой тасалайды, Исатай – Махамбет бастаған Ұлт-азаттық көтерілісінің ортасына түседі.

Бапанұлы Саққұлақ (1800–1880) – әйгілі шешен, би. Қанжыға-лы Бөгенбай батырдың шөбересі. Әкесі Бапан Тұраналыұлы да белгілі би болған. Саққұлақ би Ақмола облысының Ерейментау ауданында дүниеге келген. Зираты осы ауданның Қоржынкөл ауылында. Ескілікті заң жобаларын жетік біліп, билік айтқан кезде терең ойлы сөйлейтіндігіне орай ел ішінде кең тараған «Ақсақал» деген лақап аты болған.

Бекшеұлы Байдалы (1725–1820) – әйгілі шешен, би. Қарағанды облысының Жаңарқа ауданында туып, қазіргі Ақмола облысының Ерейментау ауданында дүниесі салған.

Білге (Мерген) (684–734) – көне түркі мемлекетінің билеушісі. Есімі – Мерген (қытайша Могилан). Әкесі – ел төресі Құтлұғ қаған. Алты жасында жетім қалады. Байсалдылығымен, ақылдылығымен және зор әскери дарынымен ерте ел көзіне түсіп, түрік-қытай билеушілерінің ықыласына бөленген. 715 жылы қаған тағына отырып, 19 жыл ел биледі. Тасқа қашалған таңбалы ой орамдарынан елдік пен ерлік жайлы даналық сарындары сезіледі.

Бөкеев Шәңгерей (1847–1921) – ойшыл, ақын. Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы ауданындағы Жасқұс құмында дүниеге келген. Әкесі Сейіткерей дәулетті адам болған. Бес жасында ата-анасынан айырылып, жетім қалады. Бірақ қиыншылық көрмей өседі. Ағайындарының

Шығармалары. Бірінші том

көмегімен Орынбордағы кадет корпусында екі жыл оқыған. Біраз уақыт Самара губерниясында мировой судья (бітімгер сот) қызметін атқарған. Шәңгерей шығармалары қазақ әдебиетінде ерекше орын алады.

Бөкейханов Әлихан (1866–1937) – саяси һәм мемлекет қайраткері, заңгер, публицист. Санкт-Петербург университетін бітірген. Патшалық Ресей Думасының мүшесі. Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен, тоталитаризм репрессиясының құрбаны. ХІХ ғасырдың басында «Алаш» партиясын құрып, «Алашорда» үкіметін жариялаушылардың бірі. «Алашорда» үкіметінің премьер-министрі.

Бөрітоғашұлы Жиенбет (ХVІ–ХVІІ ғ.ғ.) – жырау, даңқты батыр, қолбасшы. Есім хан тұсында өмір сүрген ірі тарихи тұлға. Шығармаларының азғана бөлігі ғана бүгінге жеткен. Жырларының асқар рухы мен кестелі кесімі өз заманының от ауыз, орақ тілді ақындарының бірі болғандығын аңғартады.

Д

Датұлы Сырым (1742–1802) – «Дала Демосфені» атанған әйгілі шешен, батыр, Ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі. Орал облысының Жымпиты ауданында туған. Афористік толғамдары мағыналық тереңдігімен, сөз кестесінің сырлылығымен һәм нақтылығымен ерекшеленеді.

Доспамбет (1495–1523) – ұлы жырау, ойшыл. Дон өзенінің төменгі ағысы тұсындағы Азау қаласының маңында туған. Әскери шонжарлар тұқымынан. Бүкіл Дешті-Қыпшаққа мәшһүр тұлға. Стамбұл мен Бақша сарайда болғаны жайлы деректер бар. Отызға жетпей қанды қырғындардың бірінде қыршынынан қиылған.

Дулатов Міржақып (1885–1935) – ағартушы, ақын, публицист, мемлекеттік тәуелсіздік жолында күрескен саяси қайраткер, тоталитарлық жүйе құрбаны. 1909 жылы Уфада басылған «Оян, қазақ» жинағы үшін түрмеге қамалады. Қызылжарда бала оқытып, М.Жұмабаевқа орыс тілінен дәріс берген. «Бакытсыз Жамал» романының авторы.

Ж

Жабаев Жамбыл (1846–1945) – ұлы ақын-жыршы. Алматы облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген. Жүз жасап, «Шығыстың Гомері» атанған. Суырып салма ақындық өнердің ірі жұлдыздарының бірі. Эпостық жырларды жатқа айтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу дәстүрін жалғастырған. Ән де шығарған.

Жабайұлы Тоқсан (XVIII–XIX) – белгілі би. Өз заманының айтулы шешендерінің бірі атанған. Әкесі де дүлдүл ділмәр кісі болған. Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген. Жерленген жерінде (Ғабит Мүсірепов ауданы) қабірінің басына ескерткіш орнатылған. Қара кылды қақ жарған әділдігіне қоса, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен тапқырлығы мен шешендігі ел жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп келеді.

Жарылғасұлы Шернияз (1817–1881) – ақын, И.Тайманов бастаған көтеріліске қатысушы. Артында қалған әдеби мұрасы өткірлігімен, уыттылығымен назар аударады. Шешен айтылған ойлы сөздері ел жадында ерекше сақталып келеді.

Жолдасбеков Мырзатай (1937) – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиеттанушы ғалым. Қазақ әдебиетінің төл бастауын көне түркі жазбаларынан іздеп, сол бағытта зор ғылыми жетістіктерге қол жеткізген. С.Қаржаубайұлымен бірге «Орхон ескерткіштерінің толық атласын» әзірлеп, жариялады (2005 ж.). Тәуелсіздік жылдары ел мәдениеті, білім беру жүйесі мен тарихына қатысты мәселелерді шешуге белсене араласқан тарихи тұлға. Жамбыл облысының Талас ауданындағы Ақтөбе ауылында дүниеге келген.

Жиренше (XIV–XV ғ.ғ.) – аты аңызға айналған дала данышпаны, шешен. Түркі халықтарына ортақ ойшыл. Өмірде болған тарихи тұлға ретіндегі болмысы аз зерттелген. Бірқатар өмірбаяндық деректерінің нақтылығына, шығармашылық стилінің айқындығына және автор ретіндегі есімі ел есінде ғасырлар бойы еш өзгеріссіз сақталғандығына қарамастан, Жиреншеге әпсаналық кейіпкер, жиынтық образ ретінде қарау басым. Шығыс мәдениетінің көне дәуірлеріндегі өкілдерін персонафикациялауға күмәнмен қарауға бейім «евроцентризм» салқыны сезіледі. Тіпті, әдеби лақап (псевдоним) пен жиынтық образ негізінде де шындық жататынын естен шығаруға болмайды. Жиреншенің шешендік сөздері – далалық өркениет тәжірибесінің жарқын көріністерінің қатарына жатады. Терең тағылымды толғамдар өміршендікке шақырып, ақыл-ой салтанатын түйсінуге мүмкіндік береді.

Жұмабаев Мағжан (1893–1938) – қазақтың ұлы лирик ақыны. Бүкіл түркі әлемінің әдеби жұлдыздары қатарында аталады. Солтүстік Қазақстан облысының қазір өз атымен аталатын ауданында дүниеге келген. Ел тәуелсіздігі жолында тоталитарлық жүйе құрбаны болған алаш арыстарының бірі. Өз замандастары оны «Абайдан кейінгі екінші ақынымыз», «сөзі болашаққа апаратын бірден-бір замандасымыз» деп мақтан тұтқан.

И

Игүнеки Ахмет (Әдиб Ахмет ибн Махмұд Игүнеки) (XII– XIII ғ.ғ.) – қыпшақтың ұлы ойшылы, ақыны. Түркістан маңында дүниеге келген. Көп оқып, білімдар (әдиб – «оқымысты, жазушы» деген ұғымды білдіреді) атанған, түркі, араб, парсы тілдерін жетік білген. «Ақиқат сыйы» атты әйгілі дидактикалық поэма жазған. Дастанның түпнұсқасы жойылып кеткен, үш қолжазбасы және олардың үш түрлі үзінділері сақталған (Ыстамбұл). Оның біреуі Сауран қаласы әмірінің бұйрығымен көшірілген. Қазақшаға аударылып, араб тіліндегі нұсқасымен қоса 1985 жылы «Ғылым» баспасында жарық көрді.

Иассауи Қожа Ахмет (1103–1167) – ұлы ойшыл, ақын, дін қайраткері. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сайрам төңірегінде дүниеге келген. Әкесі Ибраһим – діни орталыққа жетекшілік еткен белгілі шайқы. Әйгілі Арыстанбабтың тәрбиесін көріп, Бұқарадағы Хамадани мектебінде дәріс алған. «Диуани хикметі» аса бағалы әдеби хәм философиялық мұраға жатады. Дүниетанымдық көз-қарасында софьлық ағым ұстанымдары терең көрініс тапқан.

К

Кекілбаев Әбіш (1939 ж.) – ойшыл, жазушы, публицист, ірі мемлекет және қоғам қайраткері. Маңғыстау облысында дүниеге келген. Халықаралық жазушылар қауымдастығына кең танымал тұлға. Шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, жоғары баға алған.

Келдібекұлы Қазыбек (Қаз дауысты Қазыбек) (1667–1764) – ұлы би. Билік айтып, заң шығарумен айналысқан. Диплома-тиялық істерге де араласқан. Қазақ халқының рухани көсемдері деңгейіне көтерілген тарихи тұлға. Елдің тұтастығын, бірлігі мен ынтымағын сақтау, әділдік пен теңдік принциптерін қоғам өмірінің ең басты әлеуметтік-саяси, моральдік-психологиялық ұстыны ретінде дәріптеген.

Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп (1858–1931) – ақын, фольклорист-этнограф, ауыз әдебиетін жинаушы, шежіреші. Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Бұхарадағы жоғары оқу орнында білім алған. Өз заманының айтулы интеллектуалы, аса зор білімпазы. Әр алуан шипагерлік хәм көрегендік қасиеттері үшін ел ішінде «Мәшһүр әулие» атанған тарихи тұлға. «Сарыарқаның иесі кім екендігі туралы» деген шығармасына патшалық билік тарапынан сенімсіздік таңбасы тағылып, қуғынға ұшыратылған. Артына қалдырған ұшан-теңіз әдеби хәм тарихи мол мұрасы әлі жеткілікті жүйелене қоймаған және кең ғылыми айналысқа түсіп, бүгінгі ғылым деңгейінде толық сараланбаған.

Күлеев Бернияз (1899 – 1923) – ақын. Қазақ поэзиясы әлемін-дегі жарқын жұлдыздардың бірі саналады. Қысқа ғұмырында ойлы да көркем жырларымен өшпес із қалдырған өнер иесі.

Күлтегін (685–731) – көне түркі мемлекетінің билеушісі. Есімі – Құл. Әкесі – ел төресі Құтлұғ қаған. Жеті жасында жетім қалған. Он жасында сарбаздар қатарына қосылады. Он алты жасында қол бастап, ерлігімен, ақылдылығымен көзге түскен. Әйгілі Орхон жазба ескерткіштерінде сақталған сахи сөздері ерлік пен елдік даналығының әлемдік үздік үлгілері қатарына жатады.

Қ

Қалқаманұлы Бұқар (1668–1781) – ұлы жырау, ойшыл. Баян-ауыл төңірегінен. Әкесі белгілі батыр болған. Тәуке, Абылайлар тұсында аса ықпалды би, қара қылды қақ жарған әділ кеңесші атанады. Ақылды да, жалынды жырларымен хан билігіне араласып, ел мүддесін қорғаған. Қазақ сөз өнерінің тарихында өзгеше із қалдырған тұлға. Философиялық-дидактикалық толғаулары кең тараған. Қабірі Далба тауының етегінде.

Қанайұлы Шортанбай (1818–1881) – ақын, өмірбаяны жете зерттелмеген. Бір деректерге қарағанда Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан өңіріндегі Қаратау деген жерде дүниеге келген. Ақындық құрған жері – Қарқаралы маңы. Шығармалары алғаш рет ХІХ ғасырдың жетпісінші жылдары «Бала зары» деген атпен Қазанда басылған. Заман жайлы, қоғам туралы, саяси-әлеуметтік тұрғыдағы түрлі кертартпалықтар жөнінде әділ де ащы жырлар төккен. Ел болашағы жайлы жүрекжарды ойларын тартынбай ортаға салған.

Қарашаұлы Бәйдібек (1356–1419) – атақты би, батыр. Ташкентте туған. Үш жасында жетім қалады. Ержеткен соң ел тізгінін ұстаған көшпелілер аристократиясының ірі өкіліне айналады. Серт пен сөзді қанына қатар дарытатын дала дүлдүлдері дәстүріне сай шешен болған. Бәйдібек туралы ел жадында сақталған аңыз-әңгімелер аз емес. Ойлы орамдары моральдік-этикалық ұстындар ұлағатына, әлеуметтік әділдік пен саяси ұстамдылық принциптеріне негізделген.

Қашқари Махмұд (Махмұд ибн әл-Құсайын Мұхаммед әл-Қашқари) (1029–1039 ж.ж.) – ұлы ойшыл, энциклопедист-ғалым. Ыстықкөл маңында болған Барысхан қаласында әскерилер отбасында дүниеге келген. Қарахан әулетінен, Қашқарда, Бағдатта білім алған. Византия, Түркия, Қытай және басқа елдерді аралаған. Түркі тілімен қатар араб және парсы тілдерінде де еңбектер жазған. «Диуани лұғат ат-түрік» – Қашқаридың ең ұлы шығармасы. Онда көшпелілердің ой әле-

міне қатысты тамаша мұра жинақталған. Бұл тамаша энциклопедиялық туынды

1072–1078 жылдары Бағдатта жазылған. Түпнұсқасы жоғалып кеткен. 1266 жылы М.А.Абулфатх жасаған жалғыз көшірмесі Ыстамбұлда сақтаулы. Толық нұсқасын қазақ тіліне А.Егеубаев тәржімалады.

Қожағұлұлы Біржан (Біржан сал) (1834–1897) – ұлы әнші-композитор, ақын. Қазақ ән өнерін әуені тұрғысынан да, мәтіндік болмысы тұрғысынан да дамытушы. Асқан талантының арқасында әйгілі Арқа әншілік дәстүрін қалыптастырушы. Қазақ мәдениетіндегі ерекше құбылыс болып саналатын сал-серілер мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Ақан сері, Жаяу Мұса, Естай, Жарылғапберді, Балуан Шолақ, Мәди сияқты біртуар өнерпаздар Біржан салдың шәкірттері саналады. Айтыс өнері көш басшыларының бірі. Қыз бен жігіт айтысының үздік классикалық үлгісін («Біржан мен Сара айтысы») өмірге әкелуші. Қазіргі Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданындағы «Степняк» елді мекенінде дүниеге келген. Қожағұл – атасының аты, әкесінің есімі – Тұрлыбай.

Қонаев Дінмұхамед (1912–1993) – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан ҒА академигі (1952), техника ғылым-дарының докторы. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі және Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағаларының орынбасары (1942–1952), Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы (1955–1960, 1962–1964), Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы (1964–1986), Алматы қаласында дүниеге келген. Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері.

Қорамсаұлы Ақан сері (Ақжігіт) (1843–1913) – ұлы әнші-композитор, ақын. Далалық мәдениеттегі сал-серілер мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Құс салып, жүйрік баптаған, саятшылық құрған. Құлагері дала дүлдүлдерінің ғажайып символына айналған. Ақан сері Көкшетауда туылған. Мұсылманша, орысша терең білім алған. Дүниетанымдық ізденістерінде табиғатты танып-білуге бағытталған, сұлулық сырын танытатын жырларында ғажап лирик ақын ретінде ғана емес, ірі ойшыл ретінде де танылады.

Қорқыт (VIII ғ.) – ұлы ойшыл, күйші һәм ақын. Оғыз тайпасынан шыққан, қыпшақтың жиені. Қорқытқа байланысты эпсаналар мен жырлар жиналған «Қорқыт ата кітабы» (XI) деген еңбектің ең көне екі қолжазбасы Дрезден және Ватикан кітапханаларында сақталған. Философиялық дүниетанымының негізінде өмір мен өлім туралы далалық мәдениет құндылықтарын паш ететін өміршендік идеялар жатыр. Аса кең тараған «Қайда барсаң – Қорқыттың көрі» афоризмінің астарында пессимистік дәрменсіздік емес, қайта реалистік көзқарасқа негізделген өміршең оптимизм бар.

Құдайбердіұлы Шәкәрім (1858–1931) – ақын, философ, аудармашы. Туған жері – Семейдегі Шыңғыстау өңірі. Шығыс пен Батыс әдебиетін, философиясын жақсы білген. А.Толстоймен хат жазысып тұрған. Өлеңдерінің танымдық, тағлымдық сипаты зор. Терең ойшылдық түйіндер жасайтын тұстарында дала даналығының биік өресі мен өзгеше сипаттары айқын көрінеді.

Құлекеұлы Шал (1748–1819) – ақын. Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Әкесі – Абылай ханның белді ба-тырларының бірі. Өткір де ойлы өлеңдерінде өмір туралы, адам бойындағы қасиеттер жайлы, уақыт турасында сыр шертеді.

Құтып (?–1341) – қыпшақтың аса ірі ойшыл ақыны. Шын аты белгісіз. Ақ Ордада өмір сүрген. Әзербайжанның ұлы ақыны Низамидің әйгілі «Хұсрау мен Шырын» поэмасын қыпшақ тіліне аударған. Бұл – дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына енген шығарманың қыпшақ тіліне тұңғыш тәржімалануы еді.

Күржіманұлы Қашаған (1841–1929) – әйгілі ақпа ақын, аламан жыршы әрі айтыскер. Көлемді дастандар жазып қалдырған. «Қырымның қырық батыры» тәрізді әлемде теңдесі жоқ цикліді жырдың ең ұзақ әрі көркем нұсқаларының бірін айрықша әсем орындаушылардың бірі болған. Түркіменістанның Ташауыз қаласының маңын мекендеген адайлар ортасында дүниеге келген. Бейіті Маңғыстау өңірінің Құлат елдімекені төңірегіндегі Қырықкез деген жерде. Өткір де ойлы жырларының танымдық һәм тәрбиелік әсері зор. Қашаған өнерін өз заманының ірі тұлғалары (Аралбай, Ығылман, Мұрын, Сүгір, Сәттіғұл) өздеріне өнеге тұтқан.

М

Майқы (XII–XIII ғ.ғ.) – аты аңызға айналған данагөй би, түркі халықтарына тегіс төрелік айтқан тарихи тұлға. Өмірбаяны мен шығармашылығы әлі терең зерттеле қоймаған. Рашид-ад-диннің деректері бойынша, үйсін тайпасынан шыққан, Жошы әскерінің оң қанатын басқарған мыңбасы болған. Майқы би туралы түркі жұртында «Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би» деген нақыл бар. Шешендік сөз өнерінің негізін қалаушы, қазақ билерінің атасы саналады. Ш.Уәлиханов және Г.Потанин зерттеулерінде Майқы биге қатысты деректер кездеседі.

Мөнкеұлы Мұрат (1843–1906) – ойшыл ақын. Шығарма-шылығының негізгі тақырыптық өзегі – ел тағдыры, елдік мұраттар. «Зар заман әдебиеті» деп аталып жүрген кезеңнің ірі өкілі. Шығармашылық стилінде дидактикалық сарын басым келеді.

Шығармалары. Бірінші том

Момышұлы Бауыржан (1910–1982) – екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан даңқты қолбасшы, жазушы. Әскери академияларда дәріс берген. Жамбыл облысының Жуалы ауданында туған. А.Бек кітабының басты кейіпкері. Аса текті кесек мінездерімен де ел сүйіспеншілігіне бөленіп, аты аңызға айналған тұлға.

Мүсірепов Ғабит (1902–1985) – ұлы стилист жазушы, драматург, қазақ әдебиетінің классигі. «Қыз Жібек» операсының либреттосын жазған. «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» спектаклінің сценарийінің авторы. Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жанажол ауылында дүниеге келген. Қазақ қаламгерлері арасында әдеби-философиялық күнделік жанрын алғашқылардың бірі болып пайдаланған. Қазақ театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі.

Мұртаза Шерхан (1932) – жазушы, қоғам қайраткері, журналист-публицист. Жамбыл облысының Жуалы ауданында туған. Елдік мүдделерін, ұлттық құндылықтарды қорғауда зор күрескерлік танытып, көзге түскен тұлғалардың бірі.

Мырза Әли Қадыр (1935–2011) – ақын. Орал облысының Жымпиты ауданында дүниеге келген. Поэзиясында елдік пен бірлік, отаншылдық пен ұлтжандылық сарындары басым сезіледі.

Н

Назарбаев Нұрсұлтан (1940) – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы, әлемге танымал саяси тұлға. Алматы облысының Қарасай ауданындағы Шамалған ауылында дүниеге келген.

Наушабаев Нұржан (Нұрмұхамбет) (1859–1919) – ақын.

1903 жылы Қазан қаласында «Манзумат казакия» және «Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақ айтысы» деген жыр жинақтары жарық көрген. Қостанай облысының Әуликөл (бұрынғы Семиозер) ауданында дүниеге келген. Шығармашылығында ойшылдық сарын, дидактикалық сипат көрнекті орын алады.

О

Оңдасұлы Базар (1842–1911) – ойшыл, ақын-жырау. Қызылорда облысының Қармақшы ауданында дүниеге келген. Өзбекстанның Тамды ауданында жерленген. Терең мағыналы сұлу сөздері ақыл-өсиет түрінде кең тараған.

Өтембетұлы Абыл (1777–1864) – ақын-жыршы, Маңғыстаудан. Атақты «Ноғайлының қырық батыры» дастанын жырлаған. Кезінде қарақалпақтар мен түркімендер арасында да кең танымал болған.

Өтемісұлы Махамбет (1804–1846) – ұлы ақын, батыр. Ұлт-азаттық қозғалысының жалынды жыршысы. Исатай Таймановтың сенімді серігі. Орал облысының Бөкей Ордасы ауданындағы Бекетай құмында дүниеге келді. Әкесі ауқатты, Жәңгір ханға жақын, ықпалды адамдардың бірі еді. Махамбет мұсылманша да, орысша да хатқа жетік, білімді адам болған. Өмірі күреспен өткен. Патша әскерлері қолында тұтқында болды. Өлендері өр рухты, кесек мінезді, терең мағыналы болып келеді. Елдікке, ерлікке шақырады. Қазақ өлеңін түр жағынан да байытқан. Зираты Гурьев облысының Индер ауданындағы Қараой деген жерде.

Сағындықұлы Жанақ (1770–1856) – жыршы, айтыс ақыны. Абыралы өңірінде туып-өскен. «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең таңдаулы нұсқаларының бірін ел арасына таратушы. Жанақ шығармашылығын Ш. Уәлиханов жоғары бағалаған.

Сарайи Санф (1321–1396) – әйгілі ойшыл, көрнекті қыпшақ ақыны. Алтын Орда мемлекетінің астанасы Сарай қаласында туған. Кейін мәмлүктер билеп тұрған Мысырға барған. 1391 жылы парсының ұлы ақыны Шейх-Маслах-әддин Сағдидың әйгілі «Гүлстан» поэмасын сол кезде халықаралық қолданыста кең пайдаланылатын қыпшақ тіліне аударған.

Сарыұлы Ақтамберді (1675–1768) – ойшыл, жырау. Қаратау бойында дүниеге келген. Жастайынан батырлығымен көзге түскен. Жоңғарға қарсы күрес қаһармандарының бірі. Алдаспан жырларынан өрлік пен өміршендік, ел тәуелсіздігін ту еткен ерекше отаншылдық лебі еседі. Семейдің Абай ауданындағы Жүрекжота деген төбе басында жерленген.

Сүйінішұлы Қазтуған (XV–XVI ғ.ғ.) – ұлы жырау, ойшыл. Еділ бойында (Астрахань облысының Красный Яр қаласының маңы) туылған. Ел билеген шонжарлар тұқымынан, батырлығымен көзге түскен. XV ғасырдың екінші жартысында қарамағындағы ел-жұртын бастап, Қазақ хандығының құрамына өткен.

Сүлейменов Асқар (1938–1992) – ойшыл, эрудит-стилист жазушы. Шымкент облысында дүниеге келген. Эстетикалық һәм философиялық білімі мен білігі шығармаларындағы оқшау қолтаңбасына негіз болған.

Шығармалары. Бірінші том

Сүлейменов Олжас (1936) – ақын, саяси және қоғам қайраткері, дипломат. Алматы қаласында дүниеге келген. Әкесі – Омар. Шығармаларын орыс тілінде жазады. Тіл мен тарих, тюркология проблемалары салаларында әлем ғалымдарының назарын аударып, қызу ғылыми пікірталастар туғызған іргелі зерттеулердің авторы. Еңбектері дүние жүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылған.

Сұлтанқожаұлы Майлықожа (1835–1898) – ойшыл, ақын-жырау. Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданында туған. Шығармаларының тақырыптық аясы кең. Қоғамдық құбылыстарды терең ашып көрсетіп, күрделі дүниетанымдық көзқарастар иірімдерін танытатын туындылар берген. Өсиеттік, ақылнамалық жырлары мол.

Т

Тіленшеұлы Шалғиіз (1465–1560) – ұлы жырау, ойшыл. Жайықтың шығыс бетінде дүниеге келген. Үш айлығында анасынан айрылып, нағашы әжесінің қолында тәрбиеленеді. Ер жетіп, атқа қонған кезінде Ноғайлы ханы Темірдің билерінің бірі болады. Бірақ билеушісінің ығына жығыла бермеген. Келіспеген тұстарында ашық та қатты айтып, елдікке шақырған.

Тілеуұлы Үмбетей (1706–1778) – ойшыл, жырау. Ерейментау өңірінен. Әкесі білімдар, шежіреші, күйші болған. Үмбетей Абылай хан тұсында ел сөзін ұстаған ірі өнер иелерінің бірі.

Токсары (Токсарид) (II ғ.) – ұлы скиф философы. Токсары еңбектері жайлы деректерді әйгілі замандасы, ірі ойшыл әрі сатирик-жазушы Лукиан шығармаларынан кездестіруге болады. Оның «Токсарид және достық» деген сол кезде кең тараған философиялық диалог формасында жазылған туындысы бар.

Толыбайұлы Қожаберген (1663–1763) – алаштың әйгілі абыздарының біріне айналған ұлы жырау, жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» дәуірінің әдеби ескерткіші саналатын «Елім-ай» жырының авторы. Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы «Гүлтөбе-Маманай» деген жерде дүниеге келген. Шығармаларында өз заманының ірі оқиғалары мен тарихи тұлғалары туралы мол деректер қалдырған. Оған ұзақ ғұмыр кешіп, атақты қолбасшы, ержүрек батыр, қара қылды қақ жарған хан биі ретінде ел билігіне белсене араласқаны, ел тағдырының ең бір шешуші шақтарында ат үстінде болғаны себеп болса керек. Кей деректерде қазақтың алғашқы конституцияларының бірі «Жеті жарғыны» түзушілер қатарында аталады.

Тонькөк (Тон-ұқық) (646–738) – көне түркі қағанатының бас қолбасшысы, қаған абызы (кеңесшісі). Көк түркілердің ақсүйектер әулетінен. Жастай Қытайда императорлар мектебінде дәріс алған. Одан соңалты-жеті жылдай мемлекет қызметін атқарады. 679 жылғы көтерілісте түркілерді қолдағаны үшін түрмеге отырғызылады. Қандастары арасында зор беделге ие болады. Соны өз мақсаттарына пайдаланбақ болған қытай билеушілерінің арам айласы іске аспай, арнайы тапсырмамен жіберілген Тонькөк келген бетте-ақ көтерілісшілер қатарына қосылады. Әйгілі әскербасы көне дүниенің кемеңгер көсемдерінің бірі болған. Оның терек ойлы сөздерінде зор отансүйгіштік пен көрегендік рух бар.

Торайғыров Сұлтанмахмұт (1893–1920) – ақын, ойшыл, ағартушы. Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Әкесінің аты – Әубәкір. Анасынан ерте айырылып, жетім өскен. Балалық шағының басым бөлігі, бүкіл саналы ғұмыры Павлодар облысының Баянауыл ауданында өткен. Троицк, Семей, Томск қалаларында білім алған. «Айқап» журналының хатшысы болған. Өлеңмен жазылған «Қамар сұлу» романының авторы.

У

Уәлиханов Шоқан (1835–1865) – ғалым, ағартушы, ойшыл, жиһангез. Ресей Жағрафия қоғамының толық мүшесі. Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде дүниеге келген. Кейін Көкшетау-ға көшіп барып, балалық шағы Сырымбет тауының баурайында өткен. Әкесі Шыңғыс – аға сұлтан болған адам. 1847–1853 жылдары Омбыдағы Кадет корпусында оқыған. Санкт-Петербург жоғарғы оқу орындарында дәрістер тыңдаған. Ф.М.Достоевский, П.П.Тянь-Шаньский, А.Майков, Г.Н.Потанин және басқа да орыс интеллигенттерімен дос болған. Дүниетанымдық ұстанымының негізінде демократиялық құндылықтар жатыр. Қырғыздың «Манас» эпосын алғаш зерттеп, әлемге таратушы. Еңбектері негізінен орыс тілінде жазылған.

Ш

Шоқай Мұстафа (1889–1944) – ел тәуелсіздігі үшін күрескен ірі тұлға. Ол бұл күресін шет елдерде жүріп те халықаралық деңгейде жалғастырған. Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі. Жиырмасыншы ғасырдың басында құрылған Түркістан автономиясының төрағасы. Бүкіл түркі дүниесіне кең танымал һәм ортақ құрметтелетін саяси қайраткер.

І

Ізтілеуов Тұрмағамбет (1882–1939) – ойшыл ақын. Фирдоусидің «Шахнамасын» қазақ тіліне аударған. Қызылорда облысының Қармақшы ауданында дүниеге келген. Ақын шығарма-шылығында тәрбие, үгіт-насихат тақырыбындағы жырлар молынан ұшырасады.

ПІКІРЛЕР

Ақын, зерттеуші, тәржімашы Ербол Шаймерденұлының «Қазақ афоризмдері» («Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан – бүгінге дейін») атты қабырғалы, сүйекті еңбегінде б.з.д. сақ, ғұн, үйсін дәуірінен бастап, Түркі қағанаты, Оғыз-қыпшақ, Ислам, Алтын орда, Қазақ хандығы дәуірлерінде ғұмыр кешкен дала данышпандарының ой-маржандары, тұңғыық сырлы толғамдары, сөз шолпандары, меруерт толқындары тақта-тақтасымен, десте-дестесімен жинақталған. Мұның өзі – ой мұхиты, сөз дариясы іспетті өзгеше бір алтын әлем, шексіз жарқын кеңістік. Сонымен бірге, ұлттық фольклордың әшекейлі бұйымдары, ақын-жыраулардың, ділмәр-шешендердің, сал-серілердің, импровизаторлардың, Алаш қайраткерлерінің тобықтай түйінді сөздері бар.

«Жақсы мінез, ізгі іс бірін-бірі көтеріп Алланың құзырына жеткізеді» деп Құран-Кәрімде жазылған. «Аталы сөз атан түйеге татиды» деп қазақ тегін айтпаған. Ендеше, Ербол Шаймерденұлының ұсынықтылығымен ретке, жүйеге түскен даналық қазынасының жөні бөлек. Ол жүздеген материалдардан жидек тергендей етіп сан мыңдаған афоризмдерді сүзіп тізген. Мыңдаған картотекалар жасап маңдай терін төккен. Абай айтқандай, «табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам» тәрбиелеуде осынау ұлы мұраның, даналық ойлардың мәні орасан зор.

*Серік Негимов,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.*

Қадым заманғы түркі ата-бабаларымыздың басқа жұрттан озық-артық айырмашылықтарын, адамгершілік, кісілік, көпшілдік қасиеттерін сипаттайтын, бүгінгі біздің жүрегімізде мақтан сезімін тудыратын өте ұтымды, терең ойлы афоризмдерді оқығанда бірден жазып алғың келеді екен.

Егер менің тұстастарым мен тетелестерім, Ербол Шаймерденұлының мына антологиясындағыдай, делебеңді қоздыратын, тіпті, деректі уәж, өрлік және асқақтыққа бөккен үлгі-өнеге нұсқаларды бала кезден оқып, біліп өссе, бүгінгі биігімізден әлдеқайда жо-

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ
ғары болар едік-ау?! Бүгінгі шәкірт балалар жол сілтер, жүрегі қаншыл ұстаздары жетелі болса, неден, кімнен үйренемін демей, өзіне керегін оңай табатын жағдайда. Соларға қызықпағанда, кімге қызығарсың?!

*Мұзафар Әлімбаев,
Қазақстанның Халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.*

Общеизвестно, что к традициям формирования и развития афористического способа мышления причастны лучшие умы человечества. При этом, если у одних афористика представляла собой лишь фрагмент в целостном созидании философской эпичес-темы, то у других всё творчество пронизано стилем, особой алгоритмической емкого изложения мысли.

Читая «шаймерденовскую афористику», облучаешься номадической пассионарностью пратюрков, покорявших не только территории и пространства, но и мощью души умы своих «мыслестрел» (М.М.Ауэзов). В целом, мыслестрелы кочевников всегда целенаправленно-центростремительны в своем изначальном глобальном этическом предназначении. Они пронзают многовековую толщу бытия социума, чтобы привить гармонию человеческим отношениям.

Книга Е.Шаймерденулы «Қазақ афоризмдері» («Ақыл-ой антологиясы»: с древних времен до сегодняшних дней»), – это действительно окно, через которое видно, на Что и Как мы должны опираться в минуты отчаяния, сомнений и выбора. Вкусив эту истине духовную эссенцию предков, обретаешь какую-то внутреннюю свободу.

Как ни парадоксально, но архисложно излагать очевидные достоинства энциклопедического не по формату, а по смыслу закодированных в лингво-матрицах афоризмов и пословиц, бережно собранных составителем сборника. Я бы сказал интеллектуалоёмких, не только одних чистых мыслей, не только одних наискреннейших чувств, а симбиоза мыслечувств, пульсирующих, как живая плазма. И явленных нам исключительно номадным духом Великой степи.

Моё обращение к проекту энциклопедической афористики Е.Шаймерденулы также продиктовано аналогиями, вызванными

чтением М.Павича, и особенно его «Хазарского словаря», «Ящичка для письменных принадлежностей», «Пейзажа, нарисованного чаем». Это моё читательское открытие. «Хазарский словарь», например, М.Павичем задумывался как книга, имеющая структуру словаря. Книга Е.Шаймерденулы «Акыл-ой антологиясы» это тоже своеобразный словарь, свод высоких образцов мыслей и этических норм, имеющих 25-вековую историю и столь необходимый нам, казахам, живущим в XXI веке. Сближает этих писателей и то, что их произведения допускают возможность чтения с любой страницы. Можно серьёзно, в хорошем смысле, мысленно «застрять», углубиться в текст, фрагмент, произвести собственную работу души в произвольной координате гипертекста. Самое ценное в бытии индивида, находящегося в эпицентре толерантной тюркской афористики, то что читатель-мыслитель, ощущая своё духовное родство, соавторство с творцом, обретает способность создавать собственные нарративы.

Книга Е.Шаймерденулы работает на метаидею – феномен номадности. Если сформулировать кратко, то это триединство полёта мысли, достигаемого особой метафористичностью языка, органичное интегрирование этических максим и жажда освоения нового Пути, новых духовных пространств. Это лишь то, что читатель эстетически выносит из книги.

Естественно, подобные фундаментальные, судьбосозидающие произведения не читаются захлеб, разом, за одну ночь, как детектив. В космос смыслов надо погружаться медленно: осваивая, переосмысливая и процеживая содержание не только отдельно взятых афоризмов и атомарных единиц протоследов данных контекстов. Перебирая чётки-афоризмы, переходя от эпохи к эпохе, читатель как бы вслушивается в процесс ненавязчивого рассказывания о деталях, тонкостях, перипетиях нравственного опыта личности и народа. В этой нарративности проявляется особая притягательность мировосприятия номада.

Резюмируя свои тезисы, сошлюсь на афоризм Б.Крутиера: «Анекдот расскажу товарищу, байку отдам врагу...», а казахскую афористику Е.Шаймерденулы возьму с собой в дорогу жизни как настольную книгу.

*Едилъхан Исмаилов,
философ-культуролог*

Ербол ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ
МАЗМҰНЫ

Шықтасылға қайтіп қана қиярсың <i>Ә.Кекілбаев</i>	3
Рухани ескерткіш <i>С.Қасқабасов</i>	10
Даналық дарағы <i>Е.Шаймерденов</i>	18

Бірінші бөлім
ОЙ – ҚАЗЫНА

БАҒЗЫ МӘДЕНИЕТ БҰЛАҚТАРЫ (АРҒЫ ҚАЗАҚ АРНАЛАРЫНАН)

(Б.з.д. V ғ. – б.з. VII ғ.)

Анақарыс (Анахарсис). Ақыл атасы – ақиқат.....	28
Токсары. Қиындықта қол ұшын бергеннен асқан берік достық жоқ.....	30
Тоныкөк (Тоң-ұқық). Жұқаны таптау оңай, жінішкені үзу оңай.....	31
Білге (Мерген). Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ.....	32
Күлтегін. Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.....	32

ОРТАҚ ҚАЗЫНА (VIII–XIV ғ.ғ.)

Қорқыт. Көп қорқытады, терең батырады.....	35
Әл-Фараби. Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.....	37
Жүсіп Баласағұн. Жақсы іс көп жасайды.....	39
Махмұд Қашқари. Тәрбие басы – тіл.....	45
Қожа Ахмет Иассауи. Қам көңілдің қайғысына дауа бол.....	48
Құтып. Тасыған қазан төгілер.....	54
Ахмет Игүнеки. Заман емес, адам ренжітеді.....	56
Саиф Сарайи. Тайып бара жатқанға таяныш бол.....	60
Майқы. Хан әділ болса, халық ынтымақты болады.....	63
Жириенше. Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі.....	64

ТӨЛБАСТАУ (XV–XVI ғ.ғ.)

Асан Қайғы (Асан Сәбитұлы). Бақыт қонған ерлердің әрбір ісі оң болар.....	66
Бәйдібек Қарашаұлы. Тәрде отырып теріс сөйлегеннен без.....	68
Қазтуған Сүйінішұлы. Арғымақтың баласы арыған сайын тың жортар.....	68
Шалғиіз Тіленшеұлы. Ақылсыз дастан ақылды дұшпан артық.....	70
Доспамбет. Дүниенің басы – сайран, түбі – ойран.....	72
Жиенбет Бөрітоғашұлы. Мұның, ханым, жөн емес!.....	73

ҚҰНАРЛЫ КӨМБЕ (XVII–XVIII ғ.ғ.)

Әйтеке (Айттық) Байбекұлы. Қара қылды қақ жарған – жақсылардың белгісі.....	74
Қожаберген Толыбайұлы. Қолдай жүр бір-біріңді қиындықта.....	75
Төле Әлібекұлы. Бірлік бар жерде – тірлік бар.....	76

Шығармалары. Бірінші том

Қазыбек Келдібекұлы (Қаз дауысты Қазыбек). Ашу – дұшпан, ақыл – дос	77
Бұқар Қалқаманұлы. Айыра алмай жат өлсін	80
Ақтамберді Сарыұлы. Әділдікке жан құрбан.....	84
Үмбетей Тілеуұлы. Сырт тазасы не керек	85
Байдалы Бекшеұлы. Қайрат деген қыран бар қайғыға тізгін бермейтін	86
Сырым Датұлы. Халық жетім болмайды – басшы болса данасы.....	88
Тоқсан Жабайұлы. Хас жақсының белгісі – қайғысын жаққа білгізбес.....	89
Шал Күлекеұлы. Пайданды жақсы болсаң көпке тигіз	90
Жанақ Сағындықұлы. Халық – қазына, хан – қақпа, батыр – қорған	95
Бөлтірік Әлменұлы. Жақсы деген кісінің алды-арты нұр болар	96
Абыл Өтембетұлы. Нар жолында жүк қалмас.....	97

ӨНЕРДІҢ АЛТЫН ҒАСЫРЫ (XIX ғ.)

Саққулақ Бапанұлы. Таразысы шешеннің – тындаушысы	98
Дулат Бабағайұлы. Иман – жанның сапасы.....	99
Махамбет Өтемісұлы. Батыр болмақ ойдан-ды	100
Шернияз Жарылғасұлы. Жалғыздың ісі оңалмас, көптің ісі жоғалмас.....	102
Мұхаммед-Қанафия Баһрамұлы (Сегіз сері). Ашылар жүрек құлпы сыр шерт-кен соң.....	102
Шортанбай Қанайұлы. Көп – жалғыздың саясы.....	105
Сүйінбай Аронұлы. Жаманның көкірегі – көр, көзі – соқыр.....	106
Біржан сал Қожағұлұлы. Жігіттік – бойға таққан бір гауһартас	107
Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Әлемге толса көкірегің – ашылар көзі сананың.....	108
Шоқан Уәлиханов. Адам – таңғажайып құбылыс	110
Қашаған Күржіманұлы. Сөз – құлақтың құрышы	116
Базар Оңдасұлы. Әр заманның өзіне лайық сөзі бар.....	118
Мұрат Мөнкеұлы. Мен қауіп еткеннен айтамын	119
Ақан сері Қорамсаұлы. Дүние адастырар қуғаннан соң.....	120
Абай Құнанбаев. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп	123
Жамбыл Жабаев. Елдің серті – ердің серті.....	136
Шәңгерей Бөкеев. Жүрекке дерттер толып жаздым қағаз	136
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Жан – сәуле, жүрек – айна	138
Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ақыл деген – өлшеусіз бір жарық нұр.....	142
Нұржан Наушабаев. Кішілік жоқ ақылда	153
Тұрмағамбет Ізтілеуов. Болады бақ пен малдың бірлік кілті	156

ЖАҢА ДӘУІР – ЖАҢА АРНА (XX–XXI ғ.ғ.)

Әлихан Бөкейханов. Жұрт қызметін таза атқар	159
Ахмет Байтұрсынұлы. Өзгеге емес, өзіне өкпеле	164

Міржәкып Дулатов. Оян, қазақ!.....	167
Мұстафа Шоқай. Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болмайды.....	170
Жүсіпбек Аймауытов. Халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз.....	171
Сұлтанмахмұт Торайғыров. Елге пайда – ерге абырой.....	172
Мағжан Жұмабаев. Жан көріністерінің ең қымбаты – ой.....	177
Мұхтар Әуезов. Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза.....	179
Бернияз Күлеев. Көңіл – дария, ой – дауыл.....	181
Ғабит Мүсірепов. Көркем сөз – жанның сәулесі.....	182
Бауыржан Момышұлы. Азамат жолы – ар жолы.....	196
Дінмұхамед Қонаев. Адам айнасы – адам.....	200
Мұзафар Әлімбаев. Ақиқатты тек ақылды көздермен ғана көруге болады.....	202
Шерхан Мұртаза. Рух азса – намыс тозады.....	205
Қадыр Мырза Әли. Адамның бір аты – пенде.....	210
Олжас Сүлейменов. Тауларды аласартпай, даланы биіктетейік.....	216
Мырзатай Жолдасбеков. Еліңнің тағдыры – өзіңнің тағдырың.....	221
Асқар Сүлейменов. Тәңірінің бір аты – шындық (тазару теоремасы).....	222
Әбіш Кекілбаев. Ақиқаттың мекені – жүрек.....	227
Нұрсұлтан Назарбаев. Бақыт бағасын білгеннің ғана басында тұрады.....	241
Жомарт Әбдіхалық. Мұрат біткеннің ұлысы – адамдар арасындағы жарастық.....	252
Сағат Өшімбаев. Адам бақытты болу үшін жаралған.....	257

Екінші бөлім АҚЫЛНАМА

Ақылнама (мақал-мәтел мәйегі).....	260
Тіл – бұлбұл, көңіл – бақша, ой – тас қорған (қара өлең қайырымдары).....	277
Дүние – бізге аманат (эпостағы емеурін).....	286
Ұяттан тәңіріден қорыққандай қорық (жылнама жолдарынан).....	289
Көкірек таза болмаса, көз тазасы не керек (би-шешендер сөздерінен).....	290
Бір сынаған жаманды екі қайта сынама (жыраулық өнер жауһарларынан).....	297
Жігіт жаман болмайды жақсыға ерген (айтыс айшықтары).....	299
Кеудесі жақсылардың – алтын сандық (ән мәтіндері маржандарынан).....	304
Анықтамалық.....	307
Пікірлер.....	321
Мазмұны.....	324

«Қазақ энциклопедиясының» Бас директоры
ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Б.Ө.ЖАҚЫП

ЕРБОЛ ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ
Шығармалары
Бірінші том

Редакторы Мауытов Н.К.
Корректоры Балқыбек Ә.
Дизайнері Арсланов Р.М.

ISBN 978-601-7472-20-7



Басуға 11.07.2013 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 20,5.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 8469.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС
050035, Алматы қаласы, 8-ықшамаудан, 19^а-үй.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-інде басылды.
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.